

Г. К. Ахметова, З. Ә. Исаева,
Н. С. Әлқожаева

ПЕДАГОГИКА

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі оқулық
ретінде бекіткен*

Безвозмездно
Тегін

ББК 74. 00
А 94

*Оқулық ҚР Білім және ғылым министрлігінің
оқу әдебиеттерін дайындау, шығару және сатып алу жөніндегі
ашық конкурсының қорытындылары бойынша шығарылды*

Пікір жазғандар:

педагогика ғылымдарының докторы, профессор **А.А.Бейсенбаева;**
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент **Х.Шалғымбаева**

94082M



Ахметова Г.К., Исаева З.Ә., Әлқожаева Н.С.

А 94 Педагогика: Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. –
220 бет.
ISBN 9965-30-140-9

Бұл оқулықта оқытылатын дәрістер жинағы жинақталған. Оқулық көлемінде педагогиканың жалпы мәселелері, тұлға дамуындағы құндылық бағдар, тәрбие теориясы кеңінен ашылып, оқыту теориясы және білім беру жүйесін басқару мәселелері ықшамдалып, педагогиканың қалыптасу, даму тарихы баяндалады. Оқулық педагогикалық мамандықтарға жатпайтын кәсіп иелеріне арналып жазылған.

А 4303000000-217
460(05)-06

ББК 74. 00

ISBN 9965-30-140-9

© Г. К. Ахметова, З. Ә. Исаева, Н. С. Әлқожаева, 2006
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2006



I. ӘДІСТЕМЕЛІК -ҰЙЫМДАСТЫРУ БӨЛІМІ

Бұл оқу құралы университет студенттерінің “Педагогика” курсы бойынша аудиториялық және аудиториядан тыс оқу, тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға, сонымен қатар мамандықтары педагогикалық мамандыққа жатпайтындарды кәсіби-педагогикалық даярлаудың бөлінбес бөлігі ретіндегі өзіндік білім алу мен өзін-өзі тәрбиелеуге бағытталған.

Қазіргі мамандарға қойылатын жоғары кәсіби талаптар жоғары оқу орындарында оқытуды түпкілікті тактикалық, стратегиялық тұрғыдан өзгертуді талап етуде. Бүгінгі таңда жоғары білім тек жаңа білімді игеру процесін ғана емес, адамның қабілетін дамытуды, жаңа идеяларды туындатуды, кәсіби және әлеуметтік рөлдерді белсенді орындауды ашып көрсетеді.

Жоғары кәсіби білім беруді реформалаудың негізгі бағыттарының бірі де студенттердің гуманитарлық мәдениетін қалыптастыру мен дамытуға бағытталған курстар болып табылады.

Болашақ мамандардың гуманитарлық мәдениетін қалыптастыру, біріншіден, мәдениеттің негізін құрайтын адамгершілік және өзара түсіністік әдебінен бастау алады.

1.1 Бұл курстың мақсаты – мәдениеті жоғары, мемлекеттік тілді таза меңгерген, сөйлеу мәдениеті қалыптасқан, қарым-қатынасқа түсе білетін, ізгі адамгершілік этикасын сақтайтын, инабатты мамандарды даярлауға және студенттердің ғылыми зерттеу жұмысын іске асыруға бағытталады. Сонымен қатар әлемдік деңгей талабына лайық, қоғам сұранысына, бәсекеге жауап бере алатын мамандарды даярлауды көздейді.

1.2 Курстың мамандарды кәсіби даярлауда алатын орны: бұл курс кәсіби білімдендіру бағдарламасы бойынша жоғары түпкілікті білім берудің әлеуметтік-гуманитарлық білім беру бөліміне жатқызылады және екінші курста оқытылады.

Дәрісте студенттер мынадай мәселелермен танысады:

- ғасырлар бойы тарихи қалыптасқан классикалық педагогикадағы және бүгінгі жаңашыл педагогтардың уақыт талабына сай жұмыс үлгілерін бүгінгі әлемдік педагогикадағы орнына, лайықтылығына қарай басшылыққа алып, қажетке жарату мәселесімен;

- нарық заңының талабына сай, қатал талғамына орай оқу орны мен студент қажеттілігін есепке ала отырып, әрбір студенттің болашағына қажетті білімді “өз білгенінше”, “студентке осынша білім қажет” деген дәрежеде үйретумен және оның жауапкершілігін қалыптастырумен;

- әрбір сабақтағы айтылатын мәселенің ғылыми негізін түсіне отырып, оны міндетті түрде ұлттық ұғыммен сабақтастыру, әрі әлемдік деңгейге жеткізу мәселесімен ;

- педагогикадағы теориялық зерттеу әдістерімен;

- кәсіби іс-әрекетке қатысты жеке қасиеттерді тәрбиелеу бағдарламасымен.

Семинар сабағында:

- теориялық және кәсіби ойлауды дамыту;

- ғылыми және кәсіби сөйлеу мәдениетін қалыптастыру;

- ұжымда шығармашылық түрғыда жұмыс істеу дағдысын дамыту;

- теориялық түрғыда ұсынылған ғылыми дағдысын қалыптастыру.

Семинар сабағында студенттерді өздігімен білім алуда қызығушылық пен қажеттілікке тәрбиелеу; шешім қабылдаудағы танымдық мүмкіндіктерін, инициативалық, шығармашылық түрғыдан ойлауын жетілдіру; семинар сабағында белгілі бір мақсат қойып, тапсырмаларды шешуді қалыптастыру; оқу-тәрбие тәсілдерін қолданудағы зерттеу дағдыларын сіңіру және өзіндік жұмыстың тәсілдері мен ұйымдастыру формасымен таныстыру; студенттердің оқу материалдарын таңдау және талдау қабілетін дамыту көзделеді.

1.3 Курстың мазмұнын меңгеру деңгейіне қойылатын талаптар:

- студент негізгі педагогикалық ұғымдарды, әдістерді (теориялық деңгейде пайдалану) меңгеруі тиіс;

- қоршаған шынайы ортадан педагогикалық жағдаятты, құбылысты, ситуацияны көре білуі және педагогика ғылымының тілінде сипаттай білуі тиіс;

- болашақ кәсіби іс-әрекет аймағында, педагогикалық білімді сауатты, дұрыс қолдана білуді, қазіргі кездегі білімдендіру технологиясын пайдалана отырып, жаңа білімді меңгеруі тиіс.

1.4 Қорытынды бақылау формасы – емтихан.

Болашақ мамандарды даярлауға шығармашылық тұрғыдан қарап, ізденісті күшейту мен білім берудің жаңа технологияларын қолдануға бағытталады. Оқу құралында педагогиканың негізгі ұғымдары ашылған. Жеке тұлғаның қалыптасуы, тәрбиесі, дамуы қарастырылады. Қазіргі кездегі тәрбие түрлері баяндалады. Сондай-ақ білім беру технологияларының инновациялық және дәстүрлі сипаттамалары беріледі.

Дәрістерде тұлғалық іс-әрекет тұрғысынан, әсіресе, тәрбиеге байланысты мәселелер жете қарастырылады және оның мазмұны оқу-тәрбие процесіндегі студент-оқытушы жүйесінің ізгілендіру тұрғысынан іске асырылуы арқылы сипатталады. Сонымен бірге әрбір дәрістің мақсаты, міндеттері, жоспарының мазмұны, негізгі ұғымдары көрсетіледі және де бақылау сұрақтары, өзіндік жұмыстың тапсырмалары мен рефераттардың тақырыптары ұсынылады. Дәрістерге негізгі, қосымша әдебиеттер тізімі беріледі. Оқу құралы 30 сағат дәріс, 15 сағат семинар (3 кредит), 45 сағат СОӨЖ арналған. Сағат саны дәрістер көлеміне байланысты бөлінген.



КІРІСПЕ

Бұл оқу құралын жазудың себебінің бірі де педагогика пәніне бетбұрыстың өзгешеленуінде. Алдымен, біз педагогиканы не үшін оқимыз деген сұраққа жауап беріп көрелік. Біріншіден, өмір бойы өзін-өзі оқыту, тәрбиелеу, өзін-өзі қалыптастырумен айналысқан адамды осы замандағы нағыз кәсіп иесі деп айтуға болады. Екіншіден, “адам-адам” жүйесінде жұмыс жасайтын көптеген мамандықтар, педагогикалық-ағартушы қызметтердің негізін салады. Заңгер, мәдениеттанушы, экономист, саясаттанушы немесе психолог болсын адам өзі өмір бойы “педагог” ретінде жұмыста, отбасында және т.б. орындарда рөл атқарады. Үшіншіден, білімнің рөлі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында ауқымдану салдарынан дамудың ең негізгі қозғаушы күші болып табылатыны белгілі. Төртіншіден, “педагогика” ғылымы адами мәдениет пен осы заманғы ғылыми білімнің бір бөлігі болып табылады және көптеген тарихи бай тәжірибелері бар, сондықтан әлемнің толық ғылыми бейнесін, маманның дүниетанымдық көзқарасын бастапқы педагогикалық тәжірибесіз қалыптастыру мүмкін емес. Бесіншіден, қазіргі заманғы білімнің сапасына сауатты міндеттер қоя білу үшін, білім жүйесін білу қажет.

Атап айтқанда, бұл пән бүгінде барлық факультеттерде оқытылып отыр. Қандай пән болмасын факультет ерекшелігін ескеруі тиіс екендігі бұлжымайтын қағида. Демек, педагогика пәні педагогикалық мамандықтарға жатпайтын мамандықтар иелеріне қалай берілуі тиіс деген сұраққа жауап беруге тырыстық. Мамандықтары педагогикалық мамандық болмағанымен де педагогикалық іс-әрекет атқаратынын әрбір адам байқай бермейді. Педагогика пәнінің нысанасы – тәрбие мәселесі. Яғни педагогика – адамдарды тәрбиелеумен тікелей айналысатын ғылым. Ата-ана балаларын, балалары бір-бірін, достарын тәрбиелеуге қатысатынын жоққа

шығаруға болмайды. Сіз қандай мамандық иесі болсаңыз да, адамдардың дұрыс өмір сүруіне және қоғамға қызмет етесіз. Демек, адамдармен тікелей, жанама қарым-қатынаста болатыныңыз анық. Адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасап, түсіністікте болуы өте күрделі мәселе. Осы тұрғыдан алар болсақ, қандай мамандық иесіне болсын педагогикалық білім қажет.

Оқу құралында адамдарға қажетті тәрбие түрлеріне, құндылықтар дүниесіне, қарым-қатынас мәселелеріне тереңірек тоқтау көзделген.

Адам баласы басқаны, дүниені түсіну үшін, ең алдымен, өзін-өзі түсінуі, бағалауы, тәрбиелеуі, білімдендіруі қажет. Оқу құралында студенттерге осы мәселелердің мәнін ашуға көмектесеміз.

Кеңес дәуіріндегі тәрбие мақсаты коммунистік идеологияға негізделген болса, бүгінде ұлттық идеологияға, толеранттыққа негізделуі тиіс болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, жоғары оқу орнының мақсаты да бүгінгі өзгерістерге сай ерекшеленуде, яғни білімді маман даярлаудан бұрын құндылықтар бойына сіңген бас әріптегі Адам бейнесін қалыптастыру бастапқы орынға ие болуда.

Қоғам дамуының үнемі өзгеруі және бүгінгі күні ізгілендірілуі адамдар бойында адамгершілік құндылықтарды қоғам сұранысына сай қалыптастыру өзекті мәселелердің бірі болмақ. Толыққанды адам келбеті әрбір адамның іс-әрекетінен көрініс табады. Демек, адамдар өзіндік біліміне, тәрбиесіне байланысты іс-әрекет жасайды. Адамдардың бойында адамгершілік мәдениетті қалыптастыру үшін оларға адамгершілік құндылықтарды меңгерту керек екені дау тудырмайтын қағида.

Берілген курста педагогика ғылымы мен тәжірибесінің әр түрлі бағыттары, әлеуметтік-педагогикалық мәселелер әсерінен балалар да ересектер қатарына теңеседі. Дәстүрлі оқыту мәселелерімен қатар тәрбие мен білім беруде, қазіргі кезеңдегі адамның педагогикалық бағдарын анықтауда өзіндік тәсілін таңдауда адамдармен немесе олардың талабымен отбасында, өндірісте, мектепте немесе жоғары оқу орнында, көшеде не топта теңеседі.

Осылайша, аталмыш курс мамандығы педагогикалық мамандыққа жатпайтын адамдар үшін де тағайындалған, тыңдаушылардың мамандығына және іс-әрекет тегіне тәуелді емес. Ол осы қиын процесте басқа адамдарға көмек беру тілегі және тәрбиелі, білімді тұлға болуға ұмтылу үшін тиімді.

Педагогикалық білімнің негізі аталған курста тыңдаушылардың қарым-қатынастағы қиындықты жеңуі, өмірлік жағдайлардағы тәрбиелеуші мақсатын саналы түрде таңдай білуі, өз

балаларын білімді етіп тәрбиелеуге дайын болу және педагогикалық іс-әрекеттер мазмұндалған.

Тәрбие мен білім беру аймағы қоғам мен мемлекеттің, тұлғаның өкілетті дамуы әрқашан әрбір адамның кең көзқарасын тудырды. Иә, жалпы кез келген адам кәсібіне тәуелсіз, педагогикалық іс-әрекет жасайды. Жоғары білім берудің басты міндеті – студенттің тұлға, маман, азамат ретінде қалыптасуында өзіндік ойлауы және ізденуі, сонымен қатар ғылым, техника, мәдениет және қоғамдағы өмірлік маңызды іргелі және қосымша шешімдерді қабылдауы. Барлық әлемде білім беру жүйесінің бағыттары мен стратегиялық бағдарларын өңдеу, білім беру, тәрбиелеу мәселелерімен тек педагогтар ғана айналыспайды, сонымен қатар, психологтар, экономистер, саясаткерлер, зангерлер, әлеуметтанушылар және көптеген басқа мамандар да айналысады. Сондай-ақ, қазіргі заманғы барлық білім берудің көптүрлі доктриналары, стратегиялары, жүйесі мен технологиялары ішінен ерекшелерін және әмбебаптарын бөліп алу қауіпті. Педагогикалық шығармашылық және жаңашылдық әрекет тұрақты идеялар мен үлгілерді дамыта отырып, үзіліссіз сіңіру мен байытуды көздейді. Әлем қаншалықты көп қырлы, соншалықты әр түрлі және педагогикалық дәстүрлі болып келеді. Бірақ осы процесс ішінде рухани интеграциялар әр түрлі адамзаттық қауымдастықтағы әлемдік білім беру кеңістігі мен жалпы білім беру-тәрбиелеу стратегияларының және идеяларының мақсатты бағытталған ізденісі болып табылады. Ал бұл педагогикалық әдістер мен технологиялар, тәрбиелеу мен оқытудағы заңдылықтар мен принциптер, негізгі категориялар мазмұны мен мағынасына тояттап және тұрақтап, педагогика ғылымының дамуына әсер етуіне сәйкес келеді.

Ұсынылып отырған курста ақпараттар бойынша материалдар мұқият таңдалып алынған, яғни қазіргі заманғы көп қырлы және әр түрлі бейнедегі әлемде, әртүрлі мәдени-тәрбиелеуші және білім беру дәстүрлері бар елде білім беру кеңістігіндегі әлемге сенімді ену әрбір білімді және мәдениетті адамдарға қажет.

Аталмыш курстың ерекшелігі тәрбиелеу мен білім берудің тарихынан, педагогиканың салыстырмалы, әлеуметтік, жалпы негіздерін жинақтаудан тұруында.

Курстың бірыңғай шеңберіне адамның тәрбиесі мен білімі, тарих бойындағы және қазіргі заман аясындағы педагогикалық қарым-қатынас, педагогикалық процеске тұлғаның қатысуы, отбасындағы

тұлғаның әлеуметтенуі мен дамуындағы педагогиканың өзекті мәселелері және пәнге арналған материалдар кірді.

Оқу құралында педагогикалық ой жеке пайымдаулар мен айтылымдар түрінде безендірілген, олар өзіндік педагогикалық қор ретінде берілген.

Тәрбие мәселесімен тікелей айналысатын педагогика ғылымы, сондықтан да біз бұл оқу құралында болашақ маман иелерінің бойына рухани-адамгершілік, имандылық қасиеттерін сіңіруді мақсат тұттық. Бала тәрбиесі ұзақ, шығармашылық процесс екені баршамызға мәлім. Сондықтан да бір оқу құралы көлемінде педагогика ғылымының қарастыратын тәрбие мәселелерін баяндау мүмкін болмаса керек.

Оқу құралы жоғарғы оқу орындарының педагогикалық мамандыққа жатпайтын мамандықтардың студенттеріне және педагог оқытушыларға арналады.



I бөлім ПЕДАГОГИКАНЫҢ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

I-дәріс. ПЕДАГОГИКА АДАМ ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАР ЖҮЙЕСІНДЕ

Байлықтың кілті – ғылым.

Мақсаты: Адам туралы ғылымдар жүйесіндегі педагогиканың орны мен рөлін, пәні мен міндеттерін, ғылым және өнер ретіндегі педагогиканы нақтылап, қоғамның дамуындағы мәнін ашып көрсету.

Міндеттері:

1. Болашақ маманды педагогиканың орны және рөлімен таныстыру, адам туралы ғылымдар жүйесіндегі біліммен қаруландыру.
2. Педагогикалық ғылымдар құрылымын ашу; басқа ғылымдармен байланысын сипаттау.
3. Бүгінгі таңдағы педагогикалық білімнің қажеттілігін негіздеу.

Жоспары:

1. Педагогиканың ғылым ретіндегі мәні.
2. Педагогика ғылымының пәні және оның атқаратын қызметі.
Негізгі категориялары.
3. Педагогика ғылымының жүйесі және басқа ғылымдармен байланысы.
4. Жоғары білімді маман қалыптастырудағы педагогикалық білімнің қажеттілігі.

Негізгі ұғымдар: педагогика, ғылым, тәрбие, білім, оқыту, мақсат, категориялар, принциптер, тұлға, іс-әрекет, қарым-қатынас, даму, қалыптасу, педагогикалық білім беру, болашақ маман, т.б.

1.1. Педагогиканың ғылым ретіндегі мәні

Адам көптеген ғылымдардың ғасырлар бойы зерттеу объектісі болып келеді. Өйткені ғылым адамға қызмет жасайды. Сондай-ақ, адам, қоғам іс-әрекетінің нәтижелілігі олардың адамгершілік қарым-қатынасына тікелей байланысты. Адамдардың жақсы өмір сүруіне мемлекет тарапынан жағдай жасалу олардың әділеттілік, еріктілік, қайырымдылық құндылықтарын қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл процестің өзіндік қиыншылығы, қарама-қайшылығы, көпжақтылығы байқалады. Әрине, дәріс, негізінен, белгілі курстар арқылы немесе «жоғарыдағы» адамдардың ниеттенуіне байланысты игеріледі. Жалпы әрбір адамның мақсатын өзінің қатысуынсыз іске асыруға болмайды. Сондықтан Қазақстанның әрбір азаматы жоғарыдағы мақсатты іске асыруға үлес қосуы тиіс. Егер де халық білімді, ақылды, мәдениетті, адамгершілікті, демократиялы, әділетті, кәсіби бағдарлы болса, соғұрлым қоғам өркениет деңгейіне көтеріледі. Демек, Қазақстанның болашақ иелерін сол тұрғыда тәрбиелеу қажет.

Осыған орай, еліміздегі жоғары білім беру тұжырымдамасында адамның дамуындағы оның өмірмен, адамдармен қарым-қатынасына зор назар аударылып отыр. Әр адам күшті, құрметті, іскер, сыйлы болуға, өмірде өз дегеніне жетуге тырысады. Сол себептен, әркім өзін-өзі құрметтеп, бағалай білуі қажет.

Әрбір адамның психология және педагогика саласынан ғылыми білімі болмайынша, бұл дәрежеге жету мүмкін емес. Педагогика ғылымы – өмір туралы ғылым.

Педагогика – өркениетті қоғамның даму тарихынан, жас ұрпақ тәрбиелеу тәжірибесінен бастау алады.

Педагогика ұғымы екі мағына береді: біріншіден, білімнің ғылыми аумағы, ғылым; екіншіден, өнер, қолөнер, педагогикалық іс-әрекет аумағы. Педагогика атауының түп-төркіні гректің *"пайдос"* - бала және *"аго"* - жетектеу деген сөздерінен шыққан. *"Пайдагогос"* сөзін тура мағынасында аударса, *"бала жетектеуші"* деген ұғымды білдіреді. Яғни, баланы өмірге жетектеу, оқыту, оны тәрбиелеу, жан мен тәннің дамуына бағыттау дегенді білдіреді. Ежелгі Грецияда қожайынның баласын мектепке жетектеп апарып, алып қайтатын құлды педагог деп атаған. Ал мектепте ұстаздық етумен басқа білімдар құлдар айналысқан /1/.

Барлық кезде педагогтар адамдарға олардың өздеріне табиғат берген мүмкіндіктерді пайдалануына көмектесудің, олардың

бойында жаңа адами сапаларды қалыптастырудың дұрыс та, таңдаулы жолдарын іздеді.

Жазу пайда болғанға дейін педагогикалық пайымдаулар ауызша тұрмыстық және біздің заманымызға дейінгі мақалдар, мәтелдер, афоризмдер, қанатты сөздер түрінде жеткен. Халықтық педагогиканың қайнар көздерін педагогиканың бірінші даму кезеңдерін біз ертегілерден, әндерден, мысалдардан және т.б. табамыз. Содан соң, жазу пайда болғаннан кейін олар құрғақ, басқаша формада болып, жазудың ережелері мен емілелеріне айналып, сипат алды.

Мындаған жылдар бойына қажетті білім негіздері жиналып қордаланды, ең өміршені, ең пайдалысы қалып, берік орныққанша талай педагогикалық жүйелер кезектесе өмірге келіп, уақыт сынынан өтті, жарамсыздары тарих сахнасынан кетті. Тәрбие туралы ғылым да дамыды, ол адам тәрбиесі туралы ғылыми білімдерді жинақтап, жүйелеуді өзінің алдына басты міндет етіп қойды /2/.

Орыстың ұлы ғалымы Д.И.Менделеев өзінің ғылымның мақсат-мүраты туралы ойын кез келген ғылыми теорияның негізгі және түпкі екі мақсаты бар, ол – алдағыны көре білу және пайда келтіру деп түйеді. Бұл ортақ ереже педагогикаға да тән. Оның мақсаты - адамдарға тәрбие, білім беру мен оқытып-үйрету заңдарын тану және осының негізінде педагогикалық тәжірибеге, алға қойылған мақсаттарға жетудің таңдаулы әрі тиімді жолдары мен әдістерін көрсету. Теория тікелей білім беру және тәрбие ісімен айналысатын ұстаздарды әр жастағы адамдар топтарын тәрбиелеудің, оларға әлеуметтік білім берудің ерекшеліктері туралы кәсіби білімдермен, әр түрлі жағдайда атқарылатын оқу-тәрбие процесіне болжам жасау, оны сол қалыптасқан жағдайға ыңғайлап жобалап, жүзеге асыру, оның тиімділігін бағалай білу шеберлігімен қаруландырады. Оқытудың, білім беру мен тәрбиелеудің ең жаңа технологиялары, тиімді әдістемелері де педагогикалық лабораторияларда сараланып, сарапталып дүниеге келеді /2/.

Педагогика – қоғам мен табиғаттың теңдесуін, өмірге қанағаттандыруда толық белсенді шығармашылық танытуға, рухани байлығына көмек беруді, адамды тәрбиелеуді зерттейтін ғылым. Педагогикалық білім адамды жан-жақты дамытудың тәсілдері мен жолдарын әмбебап оқытуды тұтасымен зерттейді.

Педагогика – басқа ғылымдар сияқты, дамушы ғылым, оның негізгі категорияларының ойлау аспектілері үнемі кеңейтілігі.

қарастырылып отырады. Ал педагогикалық шығармашылық тәрбие мен оқыту әрекетінің шектеусіз көп қырлы тәжірибесі барысында дамиды.

Ғылыми педагогика XVIII ғасырдың соңында пайда болды, яғни бұл кезең – бірінші ғылыми-педагогикалық жұмыстар мен жаппай мектептер пайда болған кез. Бұл жаңалықтар чех педагогы Я.А.Коменский атымен байланысты. Ол бірінші рет оқушылардың жүріс-тұрыс ережелерін, сонан соң өзінің ең ірі "Ұлы дидактика" атты еңбегін жазды. Оның барлық еңбектері бізге ешқандай мәнін жоғалтпай жеткен. Эксперименталды педагогика XIX-XX ғасырлардың тоғысында пайда бола бастады.

Педагогика – тәрбиелеудің қатынастары туралы ғылым, ол тәрбиелеудің өзара байланысының процесінде пайда болған, білім беру және оқыту өзін-өзі тәрбиелеу, өз-өзіне білім беру мен өзін-өзі оқытумен бірге жеке адамның дамуына бағытталған.

Педагогика ғылым ретінде төмендегі барлық белгілерді қамтиды. Ол өзінің басқа ғылымдардан айрықшалайтын түсінікті аппаратымен де ерекшеленеді.

Сонымен "педагогика" терминінің мағынасына не кіреді?

Біріншіден, педагогиканың "тұрмыстық" мағынасы айқындалады. Әрбір адам өзінің балаларын, отбасы мүшелерін, ұжым мүшелерін тәрбиелеуде және оқытуда өмір ағымында "педагог" рөлінде ойнайды.

Екіншіден, педагогиканың практикалық мағынасын анықтайды. Педагогика – адамзат әрекеттерінің аймағы, ол үлкен ұрпақтың кішіге берілген өмірлік тәжірибесімен байланысты. Бұл жерде халықтық (тұрмыстық) педагогиканың педагогикалық шеберлікпен және тәрбиелеу өнерімен өзара байланысы туралы айту жарасымды. Жоғары педагогикалық іс-әрекеттердің пайда болуын өнер деп атау кездейсоқ емес. Педагогиканың басқа кез келген ғылымдардан басты айырмашылығы осында. Оқытушыға тек қана білімді алып жүруші, студенттер үшін ақпараттардың көзі ғана болу қажет емес, ол әр түрлі рөлдерді ойнаушы – актер: мұғалім, тәрбиелеуші, педагогикалық процестің қатысушысы, жолдас, дос. Педагогикалық процесс – оқытушы тарапынан қателікті жіберткізбейтін әрекет, өйткені оқытушы қатесі өте қымбатқа түседі. Педагогиканың өнерге қатыстылығын күнделікті өмірден көріп жүрміз, сондықтан оқытушы студентке тек өзінің кәсіби күші арқылы ғана емес, сонымен қатар, өз тұлғасының ерекшеліктері тұрғысынан да әсер етеді (мінездік қасиеті, іске, адамдарға, қоғамға және т.б. қатынасы).

Үшіншіден, педагогика ғылым ретінде түсіндіріледі, сонымен қатар, ол – адамтанудың бөлігі. Педагогика танымы қоғамдық және жеке даралық, табиғаттың келеңсіз үйлесіміндегі адамның дамуы мен әсері тәсілдерін жетілдіреді. Сондықтан да педагогикалық ілімдер, теориялар, үлгілер, болжамдар және ұстанымдар тұтас және жүйелі білімнің іргесінде құрылады: олар психология, философия, тарих, әлеуметтану және басқа да адам туралы ғылымдарда "жетіледі".

Төртіншіден, педагогика өзіне оқыту мен тәрбиелеудің теориялық және практикалық аспектілерін қоса отырып, оқыту пәнін анықтайды.

Бесіншіден, педагогиканың мағынасы қазіргі заманғы жалпы мәдениет аясындағы гуманитарлық білімнің бөліміне енеді. Ол адамның педагогикалық мәдениетінің сапасында көрінеді.

1.2. Педагогика ғылымының пәні мен атқаратын қызметі. Негізгі категориялары

Педагогика – адамзат қоғамының даму тарихымен бірге өмір сүріп, дамып келе жатқан, адамдардың тәрбие, оқыту, білім беру деп аталатын саналы әрекетін зерттейтін ғылым. Тәрбие, оқыту және білім беру ісінде қоғам мен оның мүшесі болып табылатын жеке адам өзара мүдделес, мұраттас. Әрбір ата-ана дүние есігін енді ғана ашқан нәрестесін өзінің үлкен, саналы ғұмырының жалғасы, бүгінін ертеңге жалғастырушы деп біледі, ал қоғам, дәлірек айтқанда, оның саяси құрылымы, реттеушісі саналатын мемлекет, сол жас адамның тәрбиелі, тағылымды, білімдар және парасатты азамат болып өсуін өзінің қуаттылығының, мызғымас беріктігінің, өркениеттілігінің кепілі деп санайды. Осы ортақ мүдде, мақсат бірлігі, сан ғасырлық, тәжірибе, бұл саладағы алғашқы зерттеулер, тұжырымдар, қоғамдық құрылыстардың өзгеруі кезінде болмай қоймайтын сан қырлы, алуан салалы жүйелік өзгерістер педагогиканың биік мәртебелі, іргелі ғылым ретінде қалыптасуына негіз қалады.

Педагогика, түптеп келгенде, "мәңгілік" мәселелермен айналысатынына қарамастан, оның пәні нақты әрі айқын: бұл – оқу-тәрбие мекемелері жүзеге асыратын тәрбие беру қызметі. Педагогика өзінің бүкіл іс-қимыл әрекетін қоғамда пайда болған тәрбие мен білім беруге, оқытып-үйретуге қатысты өзекті мәселелерді жедел шешуге жұмылдырып, бағыттап отыратын қолданбалы ғылым ретінде қаралады. Педагогиканың даму

негіздері – адамдардың өмір салты, дәстүр-дағдысы, әдеп-ғұрпы, халықтық педагогикада берік орныққан тағлым тәжірибелерінің саң ғасырлық тарихы, философиялық, қоғамтану, педагогикалық және психологиялық еңбектер, тәрбие берудің әлемдік және отандық ағымдағы тәжірибесі. Арнайы ұйымдас-тырылған педагогикалық зерттеулердің деректері бірегей идеяларымен білім беру және ұрпақ тәрбиесі ісін байытып, жетілдіріп отыратын жаңашыл ұстаздардың тәжірибесі және қазіргі тез өзгеріп отырған жағдаймен үйлестірілген тәрбие беру жүйелері болып табылады.

Педагогика – кең ауқымды, сан салалы ғылым. Оның зерттейтін пәнінің күрделілігі сондай, жеке, тіпті, аса жан-жақты ғылымның өзі оның мәнін, барлық байланыстары мен құралдарын қамти алмас еді. Ақпарат-деректерді жинай отырып, ұзақ даму жолынан өткен педагогика бүгінгі таңда ғылыми білімнің сан салалы жүйесіне айналды. Сондықтан қазіргі заманғы педагогиканы тәрбие туралы ғылымның жүйесі деп атаған жөн.

Тәрбиелеу мен білім беру, тұтастай алғанда, баланы сан-салалы мазмұнда кемел өмірге баулитын, яғни оған тәрбие, білім беретін, рухани жағынан байып, жан-жақты толысып жетілуіне бағыт-бағдар жасайтын, жол көрсететін ерекше сала, осы бірегей өнердің мән-мазмұнын ашу үшін *"педагогика"* сөзі бірте-бірте кең ұғымда қолданыла бастады. Білім беру мен тәрбие өнеріндегі басты тұлға – ұстаз. Соның шеберлігі, қабілеті, терең білімі мен мол тәжірибесі кең ұғымдағы саналы азаматты қалыптастыруға қол жеткізеді. Әдетте, ұлы тұлғалар жөнінде сөз болғанда олардың ұстаздарының есімдерімен қатар аталуы ұстаздың, ұстаздық етудің биік мәртебесін, қадір-қасиетін көрсетсе керек. Уақыт өте, білімнің жинақталып, саралануы нәтижесінде **бала тәрбиесі** туралы ерекше ғылым пайда болды. Теория нақты фактылардан арылып, қажетті тұжырымдар жасалды, бұл саланың неғұрлым елеулі бағыттарын саралап, айқындады.

Педагогиканы осы түрғыда түсіну ХХ ғасырдың ортасына дейін сақталды. Соңғы онжылдықтарда ғана біліктілік, педагогикалық бағыт-бағдар тек балаларға ғана емес, ересектерге де қажет деген түсінік пайда бола бастады.

Педагогиканың осы заманғы ең қысқа, жалпы және сонымен қатар шартты түрдегі дәл анықтамасы – **бұл адамды тәрбиелеу туралы ғылым**. Өзіне білім беруді үйретіп, машықтандыруды, сондай-ақ адамды жан-жақты жетілдіріп, дамытуды қоса алған *"тәрбие"* өзінің әрекет аясын кеңейтіп, жаңа мазмұнға ие болады,

бұл педагогиканың бала тәрбиесі туралы ғылым деген тарихи атауына қайшы келеді. Сондықтан әлемдік педагогикалық лексиконда "андрогика" (гректің "андрос" – еркек және "аго"/2/ – жетелеу, жол көрсету деген сөздерінен) және "антропология" (гректің "антропос" – адам және "аго" – жетелеу, жол көрсету деген сөздерінен) деген жаңа терминдер жиі қолданылып жүр. Демек, адамды жетелеу деген ұғымды білдіреді. Жетелеу, оқыту, тәрбиелеу барлығы белгілі бір іс-әрекет арқылы жүзеге асырылады. Ал іс-әрекет тек нақты мақсат қойғанда нәтиже береді. Педагогика ғылымының да алдына қойған өзіндік нақты мақсаты бар. Негізінен алғанда, қоғамға қажетті, бойында ізгі қасиеттері бар адам тәрбиелеуді көздейді.

С.И.Ожеговтың сөздігінен «мақсат» сөзінің мағынасы бір нәрсеге талпынуды, оны міндетті түрде жүзеге асыруды білдіреді. Нәтижеге жетудің мазмұны, түрі, әдістері, құрамы мақсатқа байланысты. Нақты іс-әрекетті қайда және қалай жүзеге асыру керектігін мақсат көрсетеді. Мақсат болашақтағы қажеттілік моделі, керек нәтиженің бейнесі болып табылады. Болашақта жоспарланған нәтижеге мақсат алып келеді.

Педагогика ғылымында мақсат ұғымының маңызы зор. Тәрбие мен оқытудың мақсаттарын айқындаудың өте зор теориялық және практикалық мәні бар. Мақсатты ашық түсіну нақты нәтиже мен тиімді іс-әрекетке жеткізетіндіктен, кез келген педагогикалық процесс міндетті мақсатқа бағытталған үрдіс болуға тиіс. Сондықтан педагогика ғылымында **мақсаттылық** – педагогикалық іс-әрекет міндеттерімен байланысқан нақты мақсатты айқындау және таңдау процесі.

Негізінен кез келген процесс міндетті түрде іс-әрекет қозғаушысы ретінде мақсатқа ие болуы керек. «Мақсат» ұғымы философиялық категория болып табылады. Философияда мақсатты айқындау мен таңдауға идеалистік, имманенттік және материалистік – осы үш түрғыдан келу айқындалған. Алғашқылар мақсат күдіреті күштілер жаратылыспен анықталады, яғни құдай, рух десе, екіншілері, мақсат әрбір тұлғаның ішкі сұраныстарына байланысты дейді. Үшіншілер болса, тәрбие мақсаты қоғам сұранысына байланысты дейді. Әрине, біз соңғы көзқарасты жақтаймыз және сол түрғыдан қарастырамыз. Әрбір ғылым өз мәселелерін, алдымен, ұғымдық түсініктемелерге сай қарастырады. Олай болса,

педагогика ғылымының да өзіндік ұғымдары, яғни категориялары бар. Педагогикалық категория дегеніміз – ғылыми сараланған тұжырымдарды білдіретін негізгі педагогикалық ұғымдар. Дәлірек айтқанда, болмыстың жалпы белгісін, басты сипатын айқындайтын ғылыми ұғым. Негізгі педагогикалық категорияларға тәрбие, оқыту және білім беру жатады. Педагогика ғылымы, сондай-ақ, даму және қалыптасу, қайта тәрбиелеу сияқты жалпы ғылыми категорияларға сүйенеді және оларды өзіне негіз етеді.

Тәрбие - жеке тұлғаны қалыптастыру жолында мақсатты және ұйымдасқан түрде жүзеге асырылатын процесс. Педагогикада "тәрбие" ұғымы әлеуметтік мәні тұрғысынан кең және тар мағынада қолданылады.

Аға ұрпақтың өзінің жинақталып, сараланған тәжірибесін кейінгі ұрпаққа беруі тәрбиенің кең әлеуметтік мәні болып табылады. Тәжірибеге адамдарға белгілі білім, шеберлік, ойлау әдістері, адамгершілік, әдептілік, құқықтық нормалар – бір сөзбен айтқанда, тарихи даму процесінде жасалып, берік қалыптасқан адамзат баласының бүкіл рухани мұралары жатады.

Алдыңғы ұрпақтың тар жол, тайғақ соқпақтарында жинақталған өмірлік тәжірибелерін келер ұрпақ пайдаланып, байытып отырды, соның арқасында адамзат баласы жан сақтап, тіршілік етіп, бірте-бірте буыны бекіп, қатайды және осы заманғы даму деңгейіне жетті. Тәжірибе жоғалған жерде тәрбие қайнары тартылып, шөлге айналады, мұндай оқиғаларды тарих айғақтады. Тәрбие ісін дұрыс жолға қойған халық қана өз дамуында үлкен табыстарға қол жеткізетінін қоғам дамуының тарихи процесі айқын дәлелдеп отыр.

Тәрбие – тарихи ұғым. Ол адамзат қоғамымен бірге пайда болып, оның өмір сүруі мен дамуының ажырамас бөлігіне айналды және қоғам өмір сүріп тұрғанда ол да өмір сүретін болады. Сондықтан да тәрбие – жалпыға ортақ және мәңгілік категория.

Көптеген философтар қоғам өмірін басқарып, реттеп отыратын заңдарға талдау жасай отырып, тәрбие мен қоғамның өндірістік күштерінің даму деңгейі арасында объективтік байланыс бар екенін дәлелдеді. Тәрбие қоғам дамуына ықпал етеді, ал қоғам тәрбие беруге кең мүмкіндіктер жасайды, оның қоғам өмірінің маңызды саласы ретінде дамуына жағдай туғызады.

Тәрбиенің бағыт-бағдары, сипаты өндірістік күштердің даму деңгейіне және өндірістік қатынастардың сипатына сәйкес келеді. Сондықтан да тәрбие нақты тарихи сипатқа ие болады.

Қоғамдық-экономикалық формация нысанының өзгеруі тәрбие нысанының да өзгеруін туғызады. Қоғамдық қатынастардың өзгеруіне байланысты тәрбиенің мақсаты, міндеттері, нысандары өзгереді.

Таптық қоғамның пайда болуына байланысты тәрбие таптық сипатқа ие болады: Ол үстем тапқа қызмет ете бастайды, сол тап тәрбиенің бағыт-бағдарын, мақсатын, мазмұны мен нысанын белгілеп, толықтай басшылық етеді. Жақсы тәрбиеге көп адамның қолы жете бермейтін қоғамда ол адамдарға зорлық-зомбылық жасау, бір адамның екінші адамға үстемдік етуі, басып-жаншу құралына айналды.

"Тәрбие" ұғымының кең әлеуметтік мәнін зерделей отырып, біз оның нақты әлеуметтік, атап айтқанда, педагогикалық мәнін толық ашпай, жеңіл ғана түсінік беріп өттік. Бұл орайда мына жағдайды атап айтқан жөн: тәрбие берумен, жинақталған тәжірибені берумен тек арнайы құрылған оқу-тәрбие мекемелерінде еңбек ететін кәсіби мамандық иелері – педагогтар ғана айналыспайды. Қазір қоғамда өзінің күш-қуатын тәрбие беруге бағыттап отырған тұтас құрылымдар кешені: отбасы, бұқаралық ақпарат құралдары, әдебиет, өнер, еңбек ұжымдары, құқық қорғау органдары, т.б. жұмыс атқарады. Сондықтан жалпы тұрғыдағы "тәрбие" ұғымының мағыналық ауқымы тарылып, нақтылана түседі.

Тар әлеуметтік мәнінде тәрбие ұғымы қоғамдық құрылымдар (мектептер) тарапынан адамға оның бойында белгілі бір білім негіздерін, көзқарастар мен сенімдерді, адамшылық құндылықтарын, саяси бағдар-бағытты, өмір сүруге әзірлеуді қалыптастыру мақсатында нысаналы түрде ықпал етуді білдіреді.

Тәрбиені осы тұрғыдан ұғыну бірқатар елеулі сұрақтарды туғызады: қоғамдық құрылымдардың ішінде қайсысы басқаларына қарағанда тәрбие тағдырына жауаптырақ? Егер көптеген әлеуметтік құрылымдардың тәрбиелік ықпал ету мүмкіндіктері мен күштері оқу-тәрбие мекемелерінің болмашы ғана мүмкіншіліктерінен жоғары болса, тәрбие беруде әлі де жиі кездесетін сәтсіздіктерге мектеп пен педагогтарды кінәләу дұрыс па?

Тәрбие беру күштері көп болған жағдайда тәрбие беруге қатысты барлық әлеуметтік құрылымдардың іс-қимылын қатаң үйлестіру жолымен ғана ойдағыдай тәрбиеге қол жеткізуге болады дейтін түйінді ой айрықша дәлелдеуді талап етпейді. Тәрбиенің әсер ету күштері үйлестірілмей, жүйесіз әрекет еткен жағдайда адам бір жақты өте күшті ықпал қысымына ұшырайды. Жақсы

ұйымдасқан қоғамда тәрбие жолымен әсер етуді жоғары білікті педагогтар басқаратын оқу-тәрбие мекемелері үйлестіріп отырады.

Тәрбиенің тар педагогикалық мәні – бұл тәрбиеленушіге бағытталған ұжымның, тәрбиешілердің ұйымдасқан, нысаналы және басқарылып отыратын іс-қимылы, ол оқу-тәрбие мекемелерінде жүзеге асырылатын және бүкіл оқу-тәрбие процесін қамтитын алдын ала белгіленген сапаларды тәрбиеленушілерде қалыптастыру мақсатын көздейді.

Тәрбиенің тар педагогикалық мәні нақты тәрбие беру міндеттерін шешуге бағытталған тәрбие жұмысының атқарылу барысы мен нәтижесі болып табылады.

Педагогикада, өзге де әлеуметтік ғылымдарда да "тәрбие" ұғымы біртұтас тәрбие беру процесінің құрамдас бөліктерін айқындау үшін қолданылады. Айталық, мысалы, "адамгершілік тәрбиесі", "эстетикалық тәрбие".

Негізгі педагогикалық категорияларға кейбір ғалым-педагогтар "өзін-өзі тәрбиелеу", "өзін-өзі білімдендіру", "өзін-өзі жетілдіру", "педагогикалық процесс", "әлеуметтендіру" сияқты жалпылама ұғымдарды да ұсынады. Аталған ұғымдарды педагогика теориясының маңызды құрамдас бөлігі ретінде мойындай отырып, олардың өзіндік мәнін арнаулы мәселелерді зерттеу кезінде қарастыратын боламыз.

Жоғарыда айқындағанымыздай, тәрбие – жалпыға ортақ және мәңгілік категория. Бұл тәрбие барлық уақыт пен халыққа жарамды дегенді білдіреді ме? Әрине, жоқ. Солай десек те, жаңа әлеуметтік-экономикалық формация қираған ескі қоғам үйіндісі үстінде пайда болады: адамзат баласының қол жеткізген мәдени деңгейінде тарихи сабақтастық бар. Тәрбиенің барлық әлеуметтік-экономикалық формацияларға тән кейбір ортақ белгілері болады және олар сол қоғамның бүкіл тарихи дамуы барысында көрініп отырады деген сөз. Бұл орайда сіз осылардың қайсысын бөліп көрсеткен болар едіңіз деген сауал қойылса, дұрыс жауапты қиналмай табу үшін дәйекті тұжырымдар келтіріп көрелік.

1. Әрбір қоғамдық құрылыстың өзіне тән тәрбие мақсаттары, нысандары мен әдістері болады.

2. "Тәрбие" деген ұғымға кіретіндердің бәрі, атап айтқанда, алға қойылған мақсаттардың болуы, жиналған тәжірибені келесі ұрпаққа беру, тәрбиені ұйымдастыру, оның деңгейінің өндірістік күштер мен өндірістік қатынастардың деңгейіне сәйкес келуі барлық қоғамдық-экономикалық формаларда бірдей.

3. Тәрбиенің барлық тарихи түрлеріне ортақ нәрсе – жеке тұлғаның жан-жақты дамуына қамқорлық жасау.

4. Кез келген қоғамдық формацияда жас ұрпаққа белгілі бір білім құндылықтары, жалпы адами тәжірибе беріледі, оларды қоғамдық-өндірістік өмірде белгілі бір рөл атқаруға даярлайды, мінез-құлықтарын қалыптастырады.

5. Адамдар материалдық игіліктерді өндіре отырып, өзінің бүкіл өмір астарларын қайта жаңғыртады, өндіріс процесінде адам да әлеуметтік тіршілік иесі ретінде қалыптасады.

6. Тәрбие беру қызметінің мақсаттарындағы, нысандарындағы барлық принциптік айырмашылықтарға қарамастан, бұл қызметте саналы түрде көзделген мақсат болады, олар: белгілі сипаттағы жеке тұлғаны қалыптастыру, оны қажетті сапалық қасиеттерге (адамгершілік, парасаттылық, эстетикалық және басқа) баулу.

Педагогиканың келесі негізгі категориясы – **оқыту**. Бұл оқытушылар мен оқушылардың білімді, қабілетті болуға, дағдыларды бойға сіңіріп, игеруге, оқушылардың дүниеге көзқарасын қалыптастыруға, ақыл-ой күштері мен әлеуетті мүмкіндіктерін жетілдіруге, алға қойған мақсаттарға сай өзін-өзі білімдендіру дағдыларын орнықтыруға бағытталған ұйымдасқан, мақсатты және басқару арқылы жүзеге асырылатын өзара іс-қимыл жасау процесі. Оқытып-үйретудің негізін білім, қабілет және дағды құрайды.

Білім – бұл адамда объективтік ақиқаттың фактылар, түсініктер және ғылым заңдары нысанында бейнеленуі. Ол адамзат баласының ұжымдық тәжірибесі, объективтік ақиқатты танудың нәтижесі болып табылады.

Қабілет – игерілген білімдердің, өмірлік тәжірибенің және бойға сіңісті болған дағдылардың негізінде практикалық және теориялық іс-қимылдарды саналы әрі дербес түрде орындауға даярлық.

Дағдылар – қажетті іс-әрекеттерді орындау кезінде көрініс табатын, сан рет толассыз жаттығулар жасау жолымен мейлінше жетілдірілген практикалық іс-әрекеттің құрамдас бөліктері (компоненттері).

Ұстаз оқушыларды қандай да бір білім нысанымен хабардар ете отырып, оқыту барысында жолай, ал іс жүзінде аса тиянақты түрде мейлінше маңызды дүниетанымдық, әлеуметтік, идеологиялық, адамгершілік және басқа көптеген ұстаным-бағыттарды қалыптастыра отырып, оларға ұдайы қажетті бағыт-бағдар береді, сондықтан оқытып-үйрету тәрбиелік сипатта болады. Нақ осы сияқты кез

келген тәрбиеде барлық кезде оқытып-үйрету элементтері болатынын да мойындауымыз керек. Оқытып-үйрете отырып, тәрбиелейміз, тәрбиелей отырып, оқытамыз. "Тәрбие" мен "оқытып-үйрету" ұғымдары – бір-бірімен қабысып, өзара астасып жатқан категориялар.

Білім беру – тәрбиенің және оқытып-үйретудің нәтижесі. Тура мағынасында білім беру оқып үйренген пәндер туралы нақты, түпкілікті түсініктерді, бейнелерді қалыптастыру және олар арқылы тәрбиелеу болып табылады. Білім беру - бұл оқушылар алып, меңгеретін білімдердің, қабілеттердің және дағдылардың жүйеге келтірілген жиынтығы. XIX ғасырда білім алу адамның қалыптасуы ретінде түсінілді. Қазіргі кезде адамзат баласы жинақтап, зерделеген білім негіздері ұшан-теңіз, адам қаншама ұзақ уақыт оқып-үйренсе де, осыншалық білімнің бәрін бірдей игере алмас еді.

Белгілі бір деңгейде жүйелі білім алған, сонымен қатар қандай да бір нәрсенің себебі мен салдарын ашып көрсете отырып, жүйелі ойлай алатын адамды білімді адам деп атау қабылданған. Білімділіктің басты шарты – алған білімнің, ойлау қабілетінің қисындылығы. Бұл жүйеліліктер адам логикалық зерделеу жолымен білім жүйесінің осал буындарын өз бетімен қалпына келтіруге қабілетті болған кезде толық көрінеді.

Біз көптеген адамдардың керемет есте сақтау қабілетіне, аса көп білетініне тәнті боламыз. Адамдардың көп оқитынын, энциклопедиялық хабардарлығын көбіне білімдарлыққа саямыз. Бұл шындыққа сай келмейді, өйткені құбылыстың себеп-салдар байланыстарын аша алатын, өз пікірі, ұстанымы бар адам ғана **білімдарлық** деңгейіне жетеді. Мектеп немесе университет бітіргендердің бәрін бірдей білімді деуге келе бермейді. Сондай-ақ, жоғары білім алмаған адамды да білімсіз деуге болмайды. "Адамға айнымас берік ихтиқат, мәңгі өзгермес арман, дүниеге кемел көзқарас жасап беру ешбір мектептің қолынан келмейді. Бұл – адамның келешек өмірде өзін-өзі тәрбиелеп, жетілуі арқылы табылатын нәрсе. Ал келешекте жетілуге мықты негіз салу мектептің қолынан келеді" /3/, – деп ой түйеді Ж.Аймауытов.

Алған білімнің көлеміне және қол жеткізген дербес ойлау деңгейіне қарай білім беру бастауыш, орта және жоғары болып бөлінеді. Білім берудің сипаты және бағыты бойынша ол жалпы, кәсіптік және политехникалық болып дараланады.

Табиғат, қоғам, адам туралы ғылымдардың негізін оқытатын жүйе жалпы білім беру болып табылады, сондай-ақ дүниеге диалектикалық-материалистік көзқарасты қалыптастырады, адамдардың танымдық қабілеттерін дамытып, жетілдіреді. Жалпы білім адамды қоршаған дүниенің негізгі даму заңдылықтарын, әрбір адамға қажетті оқу және еңбек қабілеттерін, әр алуан практикалық дағдыларды түсінуге, қыр-сырын ұғынуға қол жеткізеді. Жалпы білімнің ауқымы мен бағыт-бағдарын мемлекет реттеп отырады, көпшілік дамыған елдерде жалпы (ол орта да) білім алу міндетті болып табылады.

Кәсібиге дейінгі бастауыш және кәсіби оқу орындарында, кәсіби-техникалық училищеде, орта кәсіби-техникалық училищеде, техникалық училищеде, шеберлер мектептерінде жоғары білікті жұмысшылар, ал орта және жоғары кәсіптік оқу орындарында халық шаруашылығының әр түрлі саласына арналған орта және жоғары білікті мамандар даярланады.

Политехникалық, білім беруде жастар осы заманғы өндірістің негізгі принциптерімен танысады. Олар күнделікті өмірде қолданылатын қарапайым еңбек құралдарын пайдалануға дағдыланады.

Педагогикада "қалыптасу" және "даму" деген ұғымдар жиі қолданылады. "**Қалыптасу**" – адамның барлық факторлардың – экологиялық, әлеуметтік-экономикалық, идеологиялық, психологиялық, т.б. факторлардың түгелдей ықпал-әсер етуімен әлеуметтік тіршілік иесі ретінде өсіп, жетілу процесі. Тәрбие - жеке тұлғаны қалыптастырудағы аса маңызды факторлардың бірі. Қалыптасу адамның тұлға ретінде кемелденуі, байыпты парасат деңгейіне жетуі болып табылады. Бұл жерде "қалыптасу" ұғымының, оның жиі қолданылатынына қарамастан, әлі де өзінің мәнін толық аша қоймаған, берік орнықпаған педагогикалық категория екендігін айта кеткен жөн. Оның мәні кейде тым тарылып, кейде шектен тыс кеңейіп отырады. Педагогикалық әдебиеттерде бұған дейін "қалыптасу" ұғымы көбінесе жеке адамға ықпал ететін әсерлер ретінде қолданылып келді.

Қалыптасып, орныққан анықтамаларды қорыта келе, мынадай тұжырым жасауға болады: **даму** – бұл процесс және адам организміндегі сандық, сапалық өзгерістердің нәтижесі. Бұл тұрақты, үздіксіз өзгерістер, бір күйден екінші күйге көшу, жай нәрседен күрделіге астасу, төменнен жоғарыға көтерілу арқылы көрінеді. Адами дамуда әмбебап философиялық заң әрекет етеді - сандық және сапалық өзгерістердің өзара бір-біріне өту процесі жүзеге асады.

1.3. Педагогика ғылымының жүйесі және басқа ғылымдармен байланысы

Педагогика ұзақ жылдар бойы ақпарат жинау барысында, педагогикалық ғылымдардың салалы жүйесіне айналды. Қазіргі заманғы ғылыми білім саралауға, оқытудың бөліну аймағындағы ағымға енеді. Оқу орындарының оқу-тәрбие процесіндегі оқыту, тәрбиелеу заңдылықтарын қарастыратын ғылыми базалық пән – жалпы педагогика. Ол ірі төрт бөлімнен тұрады: педагогиканың жалпы негіздері; оқыту теориясы (дидактика); тәрбие теориясы; білім беру жүйесін басқару. Соңғы жылдары бұл бөлімдердің ауқымды кеңеюіне байланысты жеке ғылыми пәндер бөлініп шықты.

Білім және тәрбие алушылардың жас ерекшелігін ескеруге байланысты – жас ерекшелік педагогикасы қалыптасты. Оның құрамына: бүлдіршіндер, мектепке дейінгі, мектеп, жоғары мектеп педагогикасы жатады. Бүлдіршіндер педагогикасы үш жасқа дейінгі балалардың тәрбие мәселелерін қарастырады. Мектепке дейінгі педагогика – мектеп жасына дейінгі балалардың жеке адам ретінде қалыптасу, даму, оларды тәрбиелеу, оқыту заңдылықтарын зерттейді. Мектеп педагогикасы мектеп оқушыларының білімі және тәрбиесі мәселесімен айналысады. Бұл кезең өте күрделі болып табылады. Жоғары мектеп педагогикасының ерекшелігі жоғары білім алуға байланысты оқу-тәрбие процесінің заңдылықтарын қарастырады. Сондай-ақ, ересектер педагогикасы немесе андрогогика бар. *Андрогогика* – ересек адамдармен жұмыс істеу туралы ілім.

Педагогикалық пәндер қатарына: әлеуметтік педагогика, арнайы педагогика, салыстырмалы педагогика, пенитенциарлық педагогика, этнопедагогика, педагогика тарихы және т.б. жатады.

Әлеуметтік педагогика өмір сүру ортасындағы тіршілік ететін тәрбиені оқытады, бәрінен бұрын көмекке зәру және тәуекелге бел буған адамдарды: маскүнемдер балаларын, нашақорларды, қылмыскерлерді, жалпы антиәлеуметтік ортадағы өсіп келе жатқан топтарды тәрбиелеу, оқытумен айналысады. Сонымен қатар дефектологиялық педагогика деген белгілі бір кемістігі бар адамдар тәрбиесімен айналысатын арнайы сала бар. Зағиптармен – көздері көрмейтін адамдармен – тифлопедагогика, есту кемістігі бар адамдармен – сурдопедагогика, ойлау қабілеті төмен адамдармен – олигофренопедагогика және тіл кемістігі бар адамдармен логопедия айналысады. Салыстырмалы педагогика әр түрлі

елдердегі білім беруді талдаумен айналысады. Пенитенциарлық педагогика бас бостандықтары шектеулі адамдардың тәрбиесі сұрақтарына жауап береді. Этнопедагогика – халықтық педагогиканы зерттейтін ғылыми пән. Педагогика тарихы педагогикалық ойлардың қалыптасып, дамуын қарастырады. Педагогика ғылымының ішкі жүйесі, қоғам мен ғылымдардың дамуын зерттейтін жаңа бөлімдерінің дамуы қазіргі күнде осындай сипатта.

Ғылымның тарихы педагогикалық ойлардың алғашқы түпнұсқаларының жалпы философиялық ілімнің шеңберінде дамығанына дәлел бола алады. Білім беру мен тәрбиелеу идеялары діни догматтарда, мемлекет туралы ілімде, заңдылықтық қисындарда, бұрынғы әдеби шығармаларда өз сипатын берген.

Ғылыми ілімнің тереңдеп, кеңеюіне байланысты іс-әрекеттердің шынайы сипаты, өзіндік жеке бөлімдегі педагогиканың безендірілген түрі, сараланған ғылымның кезеңі туды. Ары қарай, біздің бұрын көргеніміз сияқты, ішкі ғылыми саралану мен көптеген жеке педагогикалық ғылымдардың безендірілуі және олардың білім беру жүйесі жүріп жатты. Ақырында, ғылыми кіріспенің дәлелдеуі бойынша, ғылыми аралық синтез кезеңі туу үстінде. Адам мен табиғат туралы ғылыми дамудың жалпы тенденциялары осындай. Енді педагогиканың ғылыми аралық байланыстары туралы қазіргі заманғы көзқарастарды қарастырайық және оларға қысқаша түрде тоқталып өтейік.

Ішкі бөлінулері мен байланыстары қатарында педагогика басқа ғылымдармен байланысады. Академик Б.М.Кедровтың жіктеуі бойынша, ол медицина мен техникалық біліммен бірге практикалық ғылым тобына кіреді.

Педагогика интегративтік және практикалық бағдарлық сипатқа ие. Ол басқа ғылымдардың адам, табиғат, қоғам туралы ілімдерін өзінің пәні – тәрбиені оқытуда пайдаланады.

Педагогикаға бәрінен жақыны – психология. Екеуінің арасында бірнеше байланыс бар. Ең бастысы – осы ғылымдардың пәндерінің ұқсастығында. Психология адамдар дамуын, психикасын оқытса, педагогика тұлғаны дамытудағы басқару заңдылықтарымен жұмыс жасайды. Тәрбие ересектер мен балаларға білім беру мақсатына бағытталған (ойлау, іс-әрекет) психикалардың өзгеруі ретінде болмақ. Оның психологиялық білімдерді меңгермеген мамандарсыз жүзеге асуы мүмкін емес. Екінші байланыс жібі екі ғылым – оқытудың критерийлері мен көрсеткіштері және тұлғаны тәрбиелеумен айналысады. Оқушылар білімінің жылдамдық

деңгейі жадыларының өзгеруімен, білім қорларымен, практикалық мақсатта білімдерін оңтайлы қолдана білуі арқылы тіркеледі.

Философия табиғаттың, қоғамның, таным теориясының (гносиология) жалпы даму заңдары туралы білімді бере отырып, педагогиканың әдіснамалық іргесін құрады. Әлеуметтану педагогикаға әлеуметтік ортадағы тұлғаның қалыптасуы, қоғамдық топтар, әлеуметтік қатынастар туралы ілім береді.

Этика мен эстетика өнегелік және көркемдік тәрбиенің негізін құра отырып, мораль және табиғат эстетикасы туралы ілім береді. Экономика педагогиканы білім беруге әсер ететін өндірістік, экономикалық процестер туралы іліммен сусындандырады. Физиология – педагогика мен психологияның жаратылыстану саласы бойынша ғылыми қоры. Тұлғаны қалыптастыру үшін адамның ағзасын, өмірлік қамтитын жүйелерін, жоғары нервтік әрекеттерін білу қажет.

Кибернетика, күрделі динамикалық жүйелерімен бірге басқару теориясы, педагогиканың дамуында үлкен рөл атқарады, яғни педагогикалық жүйелерді басқару үрдістері тұрғысынан талданады. Информатика, жинақтау, ақпараттарды өңдеу туралы ғылым да педагогика үшін өте маңызды. Тіпті ақпаратты әдістер мен педагогикадағы технологияларды оқытатын педагогикалық информатика атты ғылыми бағыт пайда болды.

Педагогика бұдан да басқа ғылымдармен байланысты. Педагогикалық ілім пәнаралық сипатқа ие немесе адам педагогикамен қатар, адамның іліміне әсер ететін аралас ғылымдардың әдістерін, теорияларын, ақпараттарын пайдаланып, көптеген ғылымдарды оқиды. Бірақ та педагогика – мамандар білуге тиіс, өзінің пәні, жүйелік теориясы, ұғымдары бар жеке дара ғылым.

1.4. Жоғары білімді маман қалыптастырудағы педагогикалық білімнің қажеттілігі

Жоғары кәсіби білім беру саласында жастар көптеген әлеуметтік жағдайлармен бетпе-бет кездеседі және осы кезеңде өз алдарына өмірлік мәні бар маңызды мақсат қояды. Яғни жеке тұлғаның жаңа ортаға бейімделуіне байланысты қарым-қатынас, іс-әрекет процесі дамиды. Жоғарғы оқу орнының студенті, болашақ маман болып қалыптасудың қилы өткелдерінен өтеді: оқу, үйрену, білу, өзі-өзі тану, тәрбиелеу, т.б. Осы тұрғыдан алғанда, «Педагогика» курсы оқып-үйренудің мәні ерекше.

Педагогикадағы тәрбиелеу, оқыту ұғымдарының баламасы ретінде үйрету ұғымын алуға болады. Яғни адамдарды бір нәрсеге үйрету педагог қызметі арқылы іске асырылады. Белгілі бір маман иесін даярлауда оған сол мамандықтың іс-әрекеті үйретіледі, яғни оқытылады. Мұнда жоғары оқу орындарының оқытушылары бірден бір педагогикалық қызмет атқарады. Ал педагогтың негізгі қызметіне білім беру, тәрбиелеу, дамыту, ұйымдастыру, басқару және т.б. жатады. Бұл мәселелер педагогика ғылымы арқылы меңгертіледі. Өз білімін басқаға үйрету оңай еместігін баршамыз білеміз. Білім беру барысындағы заңдылықтар мен принциптерді ұстануды да педагогика ғылымы үйретеді. Әсіресе, маман қалыптастыруда, ең алдымен, оның бойында құндылық қасиеттерді, жоғары мәдениеттілікті қалыптастыру қажет. Демек, маман қалыптастыруда педагогика айрықша рөл атқарады. Оқу-тәрбие процесінде алдымен оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттарын айқындап алу шарт.

Тәрбие және оқыту мақсаттарын айқындау және енгізу – өте қиын да жауапты процесс. Оған дамудың болашағы байланысты, тәрбие және оқыту мақсаты қоғамның даму дәрежесіне, оның *құндылықтары мен (идеал) мұраттарына* байланысты. Сондықтан да белгілі қоғамдық қажеттіліктер, ең алдымен, мемлекет мақсаты білімдендіру мұратынан көрініс табады. Кез келген қоғам тұлғаның нормалық бейнесін қалыптастырған және қалыптастыруда. Өйткені бұлар білімдендіру мұратымен белсендіріледі. Философ-шешен және әскербасы (Афина, Спарта), монах-аскет және рыцарь (ортағасырлық батыс қоғамы), жан-жақты (әсіресе, эстетикалық) дамыған тұлға (Ренессанс дәуірі), буржуа-іскер және революционер-күресуші, коммунистік идеяны ұстаушы, т.б. басты мақсаты – рухани және үйлесімді дамыған тұлға (буржуазиялық және әлеуметтік қоғам). Адам тұлғасының нормалы бейнелері, қорыта келе, тәрбие процесінде тұлғаның «руханилығына» айналушы бағыттар.

Бәрімізге белгілі, неғұрлым экономика, қоғамның даму мәдениеті жоғары болған сайын, соғұрлым адамға, оның іс-әрекетіне қойылатын талаптар да жоғары.

Осыған орай, мемлекеттің дамуы тәрбие мен оқыту мақсаттарының байланыстылығынан туындайды. Мақсат әр түрлі болады: мемлекеттік, ұжымдық және топтық, салалық, тұлғалық. Мақсатты таңдау көптеген факторларға байланысты.

Педагогикалық мақсат төмендегі белгілі құрылымға ие:

- мемлекеттік мақсат;
- жеке білімдендіру жүйесінің мақсаты;
- жеке пән бойынша оқыту және тәрбиелеудің мақсаты;
- жеке тақырып немесе әрбір сабақ (дәріс, семинар сабақтар және т.б.) мақсаты.

Тәрбие мен оқытудың мемлекеттік мақсаты – нормативті мемлекеттік құжаттарда көрсетілген белгілі қасиеттері бар адамдардың тәрбиесі мен оқуына берілген қоғамның сұранысы (заказ). Мысалы, «Коммунизм өсіп келе жатқан жеткіншектерді тәрбиелеу мен оқу процесінде міндетті түрде моральдық қасиеттері арқылы айқындады. Қазіргі кезде Қазақстан қоғамында осындай мемлекеттік құжаттардың бірі – *білімдендіру стандарты*.

Білімдендіру стандартының жекелеген мақсаты әрбір білімдендіру сатысы үшін анықталған: бастауыш, негізгі, толық орта мектеп, кәсіби білімдендіру, жоғары білімдендіру. Осы білімдендіру деңгейлерінің өзіндік мақсаты бар және өзара байланысқан болуы мүмкін.

Сонымен қатар кез келген оқытылатын пән өзіндік оқыту және тәрбие мақсаттарына ие. Себебі, оның әрқайсысының (физика, химия, әдебиет және т.б.) нақты зерттеу аймақтары бар. Ал пәндегі әрбір сабақтың тақырыбы, дәріс немесе сабақтан тыс шаралар өзіндік нақты мақсатқа ие болуы керек.

Педагогика ғылымының даму тарихында қоғамның өзгеруіне, тәрбиелеу және білімдендіру процесінің қоғам талаптарына байланысты тәрбие мен оқу мақсаттары өзгеріп отырған және өзгеріп отырады. Мысалы, кеңес уақытында тәрбие мақсаты жеке тұлғаның жан-жақты және үйлесімді дамуын қалыптастыру болып табылды және осы мақсатта оқу жоспары мен бағдарламалар жасалды. Соңғы жылдары тәрбие мен оқыту дағдарысқа ұшырады, себебі бұл асыра сілтеушілік және орындалуы мүмкін емес еді. Ал мектеп бағдарламасының шексіз ізденуі мен оқу пәндері сандарының өсуінің соңынан қуу кесімді нәтижелерге әкеліп соқты.

Қазіргі кезде шетел, соның ішінде Еуропа және АҚШ тәрбие мен оқуға әр түрлі түрғыдан келуді көздеген. Тәртіптілік дағдыларын қалыптастыратын тәрбие мен оқытуға қазіргі кезде прагматикалық түрғыдан келу көзделуде. Бірақ мұндай түрғыдан келу өзіндік ішкі түрткілерсіз жалпы мәдениетті тұтынушы функционер қалыптастыру қаупін тудырады.

Бақылау сұрақтары:

1. Педагогика нені зерттейді?
2. Педагогиканың міндеттері қандай?
3. Тәрбие туралы ғылым қай кезде пайда болды ?
4. Педагогикалық ойдың негізгі даму кезеңдерін бөліп көрсетіңіз.
5. Я.А.Коменскийдің педагогикаға қосқан үлесі қандай?
6. Кең және тар мағынасында тәрбие дегеніміз не?
7. Тәрбиенің тарихи және таптық сипаты дегеніміз не?
8. Педагогикалық категорияларды талдаңыз.
9. Политехникалық білім беру дегеніміз не?
10. Педагогикалық теория қандай белгілері бойынша сипатталады?
11. Педагогика ғылымдарының жүйесіне сипаттама беріңіз.
12. Педагогика принциптері дегеніміз не?

СОӨЖ-дін тапсырмалары:

1. Педагогика – ғылым және өнер.
2. Қоғам дамуының жаңа кезеңіндегі тәрбие, оқыту, білім беру.
3. Әлеуметтік білім беруге сипаттама.
4. Педагогикалық ғылымдардың категориялық аппаратына ұғымдық, терминдік сөздік құрастырыңыздар.
5. Тәрбиеге тарихи әлеуметтік сипаттама беріңіз.
6. Педагогикалық білімнің жаңашылдық деңгейіне сипаттама беріңіз.
7. Андрогогика - педагогиканың негізгі саласы.
8. Жасөспірімдерді тәрбиелеудегі жаңа мәдени-әлеуметтік жағдайлар мәселесі.
9. «Қазақстан – 2030» бағдарламасының жетістігі мен болашағы – тәрбие мен білім беру.

Реферат тақырыптары:

1. Педагогика адам туралы ғылымдар жүйесінде.
2. Педагогиканың басқа ғылымдармен байланысы.
3. Педагогика ғылымының салалары.
4. Педагогиканың негізгі категориялары.
5. Педагогиканың зерттеу аймағы.
6. Педагогиканың ғылым ретінде қалыптасуы.
7. «Адам-адам» жүйесі.
8. Педагогика ғылымының құрылымы.
9. Педагогиканың мақсаттылық іс-әрекеті.
10. Педагогика – тәрбие туралы ғылым.

Әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Педагогика / Под ред. В.А. Слостенина. – М., 2000.
2. Подласый И.П. Педагогика. – М.: Владос, 1999. С. 10.
3. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 4-том. – Алматы: Ғылым, 1999.
4. Абай. Қара сөз. – Алматы: Ел, 1993.
5. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы, 1995.
6. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1994.
7. Антология педагогической мысли Казахстана. Сост. К.Б.Жарикбаев, С.К.Калиев. – Алматы, 1995.
8. Ахметова Г.К. Образовательный идеал в теории и практике подготовки педагогических кадров. – Алматы: Казак университеті, 2000.
9. Безруков В.С. Педагогика. Проективная педагогика. – Екатеринбург, 1996.
10. Бордовская Н.В., Реан А.А. Педагогика. – Санкт-Петербург, 2001.
11. Вульф В.З., Иванов В.Д. Основы педагогики. Уч.пос., изд. – 2-е. – М., 1999.
12. Гершунский Б.С. Философия образования. – М., 1998.
13. Гершунский Б.С. Философия образования в XXI веке (В поисках практико-ориентированных концепций образовательных концепций). – Москва: Совершенство, 1998.
14. Гессен С.И. Основы педагогики: введение в прикладную философию. – М., 1995.
15. Джуринский А.Н. Педагогика: история педагогических идей. – М., 2000.
16. Джуринский А.Н. Развитие образования в современном мире. – М., 1999.
17. Жумабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1993.

Қосымша:

18. Закон Республики Казахстан об образовании // Казахстанская правда, 1999, 11 июня.
19. Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю. Педагогический словарь. – М., 2000.
20. Козлова О.Н. Введение в теорию воспитания. – М., 1994.
21. Коротов В.М. Введение в педагогику. – М., 1999.
22. Куписевич Ч. Основы общей дидактики. – М.: ВЦ, 1986; Кузьмина Н.В., Реан А.А. Профессионализм педагогической деятельности. – С.-Петербург, 1993.
23. Кушин В.С. Общие основы педагогики. – Ростов-на-Дону.: Март, 2002.
24. Лихачев Б.Т. Педагогика. Курс лекций. – М., 1992.
25. Подласый И.П. Педагогика: Учебник для студентов высших пед.учеб.заведений. – М.: Просвещение: Гуманит.изд.центр «ВЛАДОС», 1996.
26. Радугин А.А. Психология и педагогика. – М.: Центр, 1996.
27. Селиванов В.С. Основы общей педагогики: Теория и методика воспитания. Под ред. Слостенина В.А. – М., 2000.
28. Сембаев А.И., Храпченков Г.М. Очерки из истории школ Казахстана (1901-1917). – Алматы: Мектеп, 1972.
29. Степаненков Н.К. Педагогика. – Минск, 2001.
30. Харламов И.Ф. Педагогика. 6-е изд. – Минск, 2000.
31. Шевченко Л.Л. Мир детства: педагогика взаимодействия. – М., 1998.
32. Юнг К. Проблемы души нашего времени. – М., 1993.

2-дәріс. ЖЕКЕ ТҮЛҒА ДАМУЫ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕ

*Білім іздеген - өсер,
Бүлік іздеген - өшер.*

Мақсаты: студенттердің жеке тұлға туралы және оның дамуына әсер ететін факторлар туралы білімдерін жүйелеу.

Міндеттері:

1. Жеке тұлға дамуы, тәрбиесі мен қалыптасуы ұғымдарын анықтау.
2. Жеке тұлға қалыптасуын философиялық-әдіснамалық тұрғыдан негіздеу.
3. Жеке тұлғаның дамуына әсер ететін факторларды айғақтау.

Жоспары:

1. Адам дамуы жеке тұлғаның әлеуметтену процесі ретінде
2. Тұлға дамуының негізгі заңдылықтары мен қозғаушы күші
3. Жеке тұлғаны қалыптастыруға әсер ететін факторлар

Негізгі ұғымдар: жеке тұлға, индивид, даму, тәрбие, қалыптастыру, жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуының факторлары; қозғаушы күштер, жеке тұлғаның қалыптасуының заңдылықтары.

2.1. Адам дамуы жеке тұлғаның әлеуметтену процесі ретінде

Тәрбиелеу барысында жеке тұлғаның әлеуметтік тәжірибені меңгеруі, оның жан-жақты үйлесімді дамуы ерекше мәнге ие. Жеке тұлғаның даму мен қалыптасу мәселелері әр түрлі аспектіде қарастырылады. Ерте кездегі грек ғалымдары жеке тұлғаның дамуына биологиялық, сонымен қатар әлеуметтік факторлар да әсер ететіндігіне мән берген. Жеке тұлға мәселесі көптеген (Э.Роттердамский, Я.А.Коменский, К.А.Гельвеций, Д.Дидро, А.Дистерверг, К.Д.Ушинский, В.Г.Белинский, Н.Г.Чернышевский, З.Фрейд, Д.Дьюи, П.П.Блонский, А.С.Макаренко, Л.С.Выготский, Э.И.Моносзон, Л.И.Божович, С.Л.Рубинштейн, В.В.Давыдов, т.б.) әр саладағы ғалымдардың зерттеулерінен орын алған.

Психология ғылымында “жеке тұлға” деген ұғымға әр түрлі түсініктер береді, олардың ойын қорытар болсақ: жеке тұлға дегеніміз – әлеуметтік қатынастар мен саналы іс-әрекеттің субъектісі ретіндегі индивид. Жеке тұлғаның ең басты белгісі – оның

әлеуметтік мәнінің болуы және оның әлеуметтік функцияларды (қызметтерді) (болмысқа, адамдарға, өзіне, еңбекке, жалпы қоғамға қатысты) атқаруы. Жеке тұлға, сондай-ақ, психологиялық дамудың белгілі бір деңгейіне ие (темперамент, мінез-құлық, қабілеттілік, ақыл-ой дамуының деңгейі, қажеттіліктер, мақсат-мүдделер).

Сонымен, тұлға дегеніміз – өзіндік сана қалыптастыру барысында – қарым-қатынас, іс-әрекет жасаудағы адамның әлеуметтік мәні.

Демек, жеке тұлға – бұл интегративті жүйе, оның маңызды белгілері ретінде саналылық, жауапкершілік, еркіндік, қадір-қасиет, т.б. көрініс береді. Жеке тұлға ұғымын анықтау барысында “адам”, “индивид” деген ұғымдардың айқындалуы қажеттілік болып табылады. Адам – бет-бейнесімен, келбетімен, саналы іс-әрекетімен, сөйлеу қабілетімен сипатталатын тірі организм. Яғни ол биологиялық мәнге ие болады. Ал “индивид” латын тілінен алынған және оның қазақша баламасы – “жекелік”. Бұл сөздің ұғым ретіндегі сипаты адамзат тұқымының қасиеттерінің ескерілмеген көрінісін берсе керек. Осы тұрғыдан алғанда, әрбір адам индивид болып табылады. “Жеке тұлға” ұғымы мен онымен байланысты бір тектес ғылыми категориялардың мәні де осында.

Адамның жеке қасиеттері өмір жолында дамып, қалыптасатын болғандықтан, жеке тұлғаның “дамуы” мен “қалыптасуы” ұғымдарының мәнін ашу педагогика үшін маңызды мәселе болып табылады.

Жеке тұлғаның дамуы, яғни оның әлеуметтік ұнамды қасиеттерінің қалыптасуы қоғам қолдауы мен әлеуметтік қажеттілікке байланысты іске асырылады. Әрбір адам өзінің өмір салты, құндылық бағыттарына сай іс-әрекеттерін бағдарлап отырады. Осыған орай, адамдардың тұрмыс-тіршілігі өзгермелі болады және қоғамнан өз орнын белгілейді. Яғни жеке тұлға тұрақты қасиеттер жиынтығымен ерекшеленеді.

Жеке тұлғаны қалыптастыру, тәрбиелеумен қатар әлеуметтендіру деген термин бар. Өйткені жеке тұлғаның өзі, оның сана-сезімі құндылықтарды, әлеуметтік тәжірибені, мәдениетті меңгеру процесінде үлкен рөл атқарады. Әлеуметтенуде тәрбиемен қатар алдын ала әдейі дайындықсыз, өздігінен туындаған ықпал арқылы адамның қоғамның толыққанды, толыққұқылы мүшесі болуы байқалады.

Жеке тұлғаның әлеуметтенуі, қоршаған ортамен байланыс орнатып, адамдармен қарым-қатынас жасауы – күрделі мәселелердің бірі. Өркениетке ұмтылу барысында елдің орнықты дамуының қамтамасыз етілуі үшін қоғамдағы адамдардың рухани-имандылық

дамуын басты кезекті міндет және жауапкершілік ретінде қабылдау қажет.

Жеке тұлғаға байланысты философиялық теориялар көптеген педагогикалық тұжырымдар мен тәрбиелік жүйелердің негізін құрайды.

Қоғамның даму процесі барысында тәрбиенің мазмұны өзгереді, педагогика тәрбие субъектісі ретінде адамды қарастырады, ал тәрбиелеудің ықпалы оның жетілуіне бағытталған. Бұл тәрбиелеу феноменіне негізгі анықтама береді, яғни педагог – тәрбиелеушілердің қайта көркею қызметі, тәрбиеленушілердің нәтижелі іс-әрекет жасауына игі әсер етуші. Ақыл-ойының өзгеруіне, дүниеге көзқарасына, психологиялық, мәнділік бағыты, жеке білімі және амалдары, сапа өсуінің себепшісі болады және оны жетілдіреді. Тәрбиелеудің мақсаты – жеке адамды және топ арасындағы тәрбиелеу жүйесін кең ауқымда қолдану.

Әлемдік әлеуметтік-тарихи тәжірибе тәрбиелеудің негізгі мақсатын анықтауға мүмкіндік береді, яғни жеке адамның жан – жақты дамуы мен үйлесімділігі, қазіргі қоғамда әлеуметтік және кәсіптік қызмет талаптарына дайындалу, жеке адам даярлау қабілеті және оның құндылығын қалыптастыру болып табылады.

2.2. Тұлға дамуының негізгі заңдылықтары мен қозғаушы күші

Жеке тұлғаның дамуы – объективтік шындықтың күрделі процесі. Бұл процесті терең зерттеу үшін қазіргі дамудың құрамдас бөліктерін, атап айтқанда, тән, психикалық, рухани, әлеуметтік және басқа салаларды жеке-жеке бөліп қарастырған дұрыс. Педагогика жеке адамның рухани даму мәселелерін оның білім берудің барлық басқа негізгі компоненттерімен байланысы тұрғысында зерттейді.

Жеке тұлға дамуының заңдылықтары ретінде ішкі және сыртқы жағдайды есепке алу; жеке тұлғаның іс-әрекеттегі өзін-өзі жетілдіруге байланысты белсенділігін ескеру; өзі қатысатын іс-әрекет мазмұны мен түрткіге байланыстылығы; көптеген факторлардың әсер етулері басшылыққа алынады.

Ал оның дамуының қозғаушы күші – қарама-қайшылық. Қарама-қайшылық ішкі, сыртқы және жалпы, жеке болып бөлінеді.

Ішкі қарама-қайшылық адамның өз-өзімен келіспеуі барысында туындайды. Мысалы, адамның өзінің ағзасының дамуы мен жеке

өзіндік потенциалына қанағаттанбауы барысында туындайтын қарама-қайшылықтар.

Сыртқы қарама-қайшылық адамның басқа адамдармен, қоғаммен, табиғатпен қарым-қатынасы барысында туындайды. Мысалы, жоғары оқу орнының талаптары мен студент тілегі арасында қарама-қайшылық туындауы мүмкін.

Жалпы қарама-қайшылық барлық адамдардың даму барысында туындайды. Яғни материалдық, рухани қажеттіліктер мен шынайы мүмкіндіктер арасындағы қарама-қайшылықтар.

Жеке қарама-қайшылық жеке бір адам үшін туындаған қарама-қайшылық. Қарама-қайшылықты шешу жоғары деңгейде іс-әрекет жасау барысында нәтиже береді. Қажеттілік қанағаттандырылған кезде қарама-қайшылық та жойылады. Қарама-қайшылықты шешу барысында адам дамиды, ал даму барысында жаңа қарама-қайшылықтар туындайды.

Жеке тұлға дамуына ішкі, сыртқы көптеген факторлар әсер етеді. Жеке тұлғаның дамуы дегеніміз – ең алдымен, оның ағзасындағы, қасиеттері мен сапасындағы сандық өзгерістер.

Жеке тұлғаның қалыптасуына қоршаған орта аса зор әсер етеді. Яғни адам және қоғам өміріндегі әлеуметтік-экономикалық, тарихи қалыптасқан жағдайлардың әсері. Қоршаған орта макро, мезо және микро болып бөлінеді. Макро-орта дегеніміз – адамға әлеуметтік-экономикалық ықпалдардың мол жиынтығы (өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастар деңгейі, өмірдің қаржы жағдайлары, мәдениеттің даму деңгейі, бұқаралық ақпараттар құралдары). Мезо-орта дегеніміз – идеологиялық және діни қатынастар, моральдық нормалар мен құндылықтар жататын адамдар және әлеуметтік топтардың өмір сүру ортасы. Микро-орта дегеніміз – баланың араласатын ең жақын ортасы. Жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуына белгілі бір мөлшерде табиғи немесе географиялық орта (климат), табиғат жағдайлары да әсерін тигізеді.

2.3. Жеке тұлға қалыптастыруға әсер ететін факторлар

Жалпы алғанда, жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуының негізгі объективті факторлары ретінде тұқымқуалаушылық, орта және тәрбие қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, тұқымқуалаушылыққа (биологиялық факторға) жалпы адамзаттық қасиетпен қатар жеке адамға тән қасиеттерді де жатқызуға болады.

Тұқымқуалаушылық немесе биологиялық фактор – ата-анасының балаға белгілі бір сапалық қасиеттері мен ерекшеліктерінің берілуі.

Тұқымқуалаушылықты таситын "ген" грек тілінен аударғанда туа біту дегенді білдіреді. Қазіргі ғылым ағзаның қасиеттері гендік кодпен шифрланатынын, ол ағзаның қасиеттері туралы ақпараттарды сақтап, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратындығын дәлелдейді. Тұқымқуалаушылық арқылы әр түрлі нышандар ойлау, сөйлеу, аурулар берілуі мүмкін. Ата-аналарынан балаға сыртқы бейнелер: дене бітім ерекшеліктері, көздің, шаштың, терінің түр-түсі беріледі. Қан ауруларының (гемофилия), қан диабетінің, ішкілікке салыну мен нашақорлықтың тұқымқуалаушылық сипаты бар. Адамның орталық нерв жүйесіндегі туа біткен ерекшеліктері денені тік ұстап жүру, тілдің дамуы, адамның ойлануы, еңбек етуге қабілеттілігі, музыкаға бейімділігі тағы толып жатқан нышан түрінде болады. Адам дамуы бүкіл өмір бойында жүріп жатады. Ол сан алуан дене күші мен психикасы жағынан, сандық және сапалық жағынан өзгерістерге ұшырайды. Дене күштері өзгерістеріне сүйек және бұлшық ет жүйесінің, ішкі органдарының, нерв жүйесінің өсуі мен дамуы жатады.

Психикалық өзгерістер, ең алдымен, адамның ақыл-ой жағынан дамуына, жеке басының барлық психикалық сипаттарының қалыптасуы мен қоғамда тіршілік ету үшін қажетті әлеуметтік салдарды алуына қатысты болып келеді.

Абай Құнанбаев айтқандай, "адамдардың біреуі жесем, кисем десе, екіншісі көрсем, білсем" дейді. Адам көп жағдайда өзін-өзі тәрбиелей отырып, өз білім деңгейін көтеруі тиіс. Адамның әрқашан да алдына қойған мақсаты, ерік-жігері оны жетістіктерге жетелейді.

Адамның басқа адамдармен қарым-қатынасынсыз рухани, әлеуметтік, психикалық дамулардың болуы мүмкін емес.

Сыртқы орта әсеріне географиялық, әлеуметтік, отбасындағы жағдайлар, мектеп, достары, микроаудандар жатады.

Бала кезде адамға үй ішіндегі жағдайлар көп әсерін тигізеді. Отбасында адамның даму негіздері қалыптасып, бағыт-бағдар алады. Тірі организм үздіксіз өзгеріп, қоршаған ортаға бейімделіп отырады. Климат ауыстырған кезде басқа климатқа кейбір адамдар тез бейімделіп, ал кейбіреулер өте қиындықпен бейімделуі мүмкін. Табиғаттын өзі де адамның түсінігіне, ішкі дүниесіне әсер етеді, нәр береді.


Климат пен барлық сан алуан табиғат жағдайларының және ресурстарының, географиялық ортаның адамның тіршілік ету салты мен оның еңбек қызметінің сипатына ықпал ететіндігі даусыз.

Биологиялық және әлеуметтік факторлар – бір-біріне параллель емес байланыссыз екі фактор. Олар тұлғаға кешенді түрде бірдей

әсер етеді. И.Шванцордың кестесі, осы тұрғыдан алғанда, белгілі бір қызығушылық туғызады. Бұл кестеде адам дамуындағы үш фактордың қарым-қатынасын суреттейді.

Биологиялық	Әлеуметтік	Биоәлеуметтік
Адам – табиғи тіршілік иесі. Тұлғаның рухани қасиетінің биологиялық негіздері болады: іс-әрекет пен даму туа біткен қабілеттері мен инстинктеріне және адам бейімделетін сыртқы талаптарға сай анықталады. <i>Тәрбие – табиғи дамуды тежейтін процесс.</i>	Адам биологиялық тірі жан болып туғанымен де, өмір барысында ортаға бейімделіп кетеді. (өзіне жақын әлеуметтік топ ықпалына). <i>Тәрбие – сыртқы орта әсерін реттеуші.</i>	Адам – биологиялық та әлеуметтік те жан. Биологиялық табиғатына психикалық процесс тән. Ал оның бағытталуын әлеуметтік орта әсері деп білеміз.

Жеке адамға әсер етуші факторлар кестесі



Іс-әрекеттің кез келген жағдайында анатомиялық-физиологиялық бейімділіктер жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуында ерекше орынға ие бола алады (мысалы, есту мүшелерінің құрылысы, ойлау қабілетіндегі ерекшеліктер, т.б.). Олар баланың қабілеттілігінің, іскерлігінің дамуының алғышарттары болып табылады.

Тәрбие мен білім беру барысында адамдардың табиғи қасиеттерін ескеру қажет, оның бейімділігі мен қабілеттілігін анықтай отырып, дамуларының тәсілдерін, формалары мен әдістерін айқындау керек.

Тәрбиенің зор күшін көптеген прогрессивті педагогтар мойындаған. Мысалы, ұлы чех педагогы Ян Амос Коменский табиғат адамға дүниеге келген сәтінде білім игеруге нәр береді, бірақ бұл тек тәрбие мен білім арқасында ғана дами алады деп тұжырымдаған. Белгілі педагог А.С.Макаренко педагогикалық теория мен тәжірибеде “қиын”, тіпті “тәрбиесі қиын” балалармен жұмыста тәрбиенің игілікті күшін дәлелдеген болатын.

Тәрбие – белгілі бір мақсатқа негізделіп отырып, жеке тұлғаны қалыптастыру процесі. Тәрбие мен білім беру адамның қоғамдық қажетті білім, білік, дағдылардың белгілі бір жиынтығымен қарулануын, оның қоғам өмірі мен еңбегіне дайындығын, осы қоғамдағы нормалар мен мінез-құлық ережелерін сақтауын, адамдармен қарым-қатынасын, оның әлеуметтік институттармен арақатынасын қарастырады. Қазіргі жағдайларда адамның ұзақ та арнайы ұйымдастырылған білім-тәрбиесіз өмірге араласуы өте қиын. Тек тәрбие ғана – жеке тұлғаның дамуының әлеуметтік бағдарламасын жүзеге асыратын, оның бейімділігі мен қабілеттілігін жетілдіретін шешуші күш.

Тәрбиенің оның мақсаттылығынан басқа ерекше өзгешеліктерінің бірі – оның осы бір әлеуметтік қызметті орындау үшін қоғамның арнайы дайындаған адамдары арқылы жүзеге асырылуы. Педагогиканың ұлы классигі К.Д.Ушинский жеке тұлғаның қалыптасуындағы тәрбиешінің ерекше орны туралы былай деген: “Тәрбиеші тұлғасының жас жанға әсері оқулықтармен де, моральдық нұсқаулармен де, жазалау мен мадақтау жүйесімен де алмастыруға болмайтын тәрбиелік күшті құрайды”.

Осылайша жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуының жемісті болуының шарты тарихи анықталған және әрдайым өзгеріп отыратын үш фактор: тума қасиеттері, қоршаған орта және тәрбие болып табылады.

Жеке тұлғаның қалыптасуында тәрбиеге шешуші мән бере отырып, өзара күрделі байланыста болып отырған мақсатты тәрбие мен баланың дамуының арақатынасының мәнін дұрыс түсіне білу керек.

Бақылау сұрақтары:

1. “Жеке тұлға” ұғымының мәнін түсіндіріңіз.
2. Жалпы адамзаттық құндылықтарды сипаттаңыз.
3. Жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуының негізгі теориялық-әдіснамалық тәсілдерін сипаттаңыз.
4. Дүниетанымның жеке тұлға қалыптастырудағы рөлі.
5. Жеке тұлғаның қалыптасуына әсер ететін негізгі факторлар.
6. Тәрбие мен дамудың өзара байланыстылығын дәлелдеңіз.
7. Жеке адамның дамуы дегеніміз не?
8. Дамудағы қозғаушы күштер не?
9. Сыртқы және ішкі қарама-қайшылықтарға нелер жатады?

СОӨЖ-дің тапсырмалары:

1. Ұсынылған арнайы әдебиеттерді талдаңыз.
2. Педагогикалық сөздігіңізге дәріс бойынша жаңа ұғымдарды ендіріңіз.
3. “Қазіргі кезде қалыптасып келе жатқан жеке тұлғаның дүние-таным” тақырыбына жоба құрыңыз.
4. Жеке тұлғаның дүниетанымдық бағдарларының бағыттарын анықтаңыз, кестеге түсіріңіз.
5. Адам қажеттілігі мен құндылық арасында қандай байланыс бар?

Реферат тақырыптары:

1. Жеке тұлғаның дамуы, тәрбиесі және қалыптасуындағы іс-әрекеттің және қарым-қатынастың алар орны.
2. Жас ерекшелігі, оның оқыту-тәрбие жұмысында ескерілуі.
3. Жасөспірімдердің жас ерекшеліктері, оларды тәрбие мен оқытуда ескеру.
4. Оқушылардың дербес ерекшеліктері, оларды оқыту-тәрбиелеу процесінде ескеру.
5. Баланың қабілеттілігі мен дарындылығы, оларды алдын ала болжау.
6. Акселерация және жеке тұлғаның әлеуметтік жетілу мәселесі.
7. Қазіргі жағдайлардағы жеке тұлғаның даралану және әлеуметтену мәселелері.

Әдебиеттер тізімі:**Негізгі:**

1. Педагогика/ Под ред. В.А.Сластенина. – М., 2000.
2. Педагогика и психология высшей школы,- Ростов., 1998.
3. Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1992.
4. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1993.
5. Смирнов В.И.Общая педагогика. – Москва, 1999.
6. Богословский В.В. Педагогика. – Алматы, 1992.
7. Сағындықұлы Е. Педагогика. Дәрістер жинағы. – Тараз, 1999.
8. Щербачев А.И. Психологические основы формирования личности. - М.,1967.

Қосымша:

1. Современная западная социология. Словарь. – М., 1990.
2. Кон И.С. Психология юношеского возраста. – М., 1979.
3. Сергеев Б. Қызықты физиология. – Алматы: Қайнар, 1982.
4. Табылдыев Ә.Т. Халық тағылымы. – Алматы, 1992.
5. Қоянбаев Р.М. Педагогиканы оқытудың кейбір мәселелері. – Алматы, 1978.
6. Есім Ф. Абай дүниетанымындағы Алла мен адам болмысы. – Алматы, 1994.
7. Сапарғалиева С. Көшпелілер дүниетанымындағы кеністік пен уақыт мәселелері. – Алматы, 2001.
8. Фомин Ю.Ф. Интегративный подход к формированию мировоззрения школьников/ Педагогика,1993, №4. С.26-30.

3-дәріс. ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӘДІСНАМАСЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

*Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз,
жаралып, жасалып қойған нәрселерді сезбекпіз,
көзбен көріп, ақылмен біліп.
Абай*

Мақсаты: болашақ маманның ғылыми мәдениетін қалыптастыру және ғылыми-педагогикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Міндеттері:

1. Педагогикалық зерттеулердің әдісі ұғымының мәнін түсіндіру.
2. Зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерін айқындау.
3. Таным объектісінің көзі ғылыми зерттеу әдістері екендігін сипаттау.

Жоспары:

1. Педагогиканың әдіснамасы ұғымына түсінік.
2. Педагогикалық зерттеулердің зерттеу әдістері.
3. Ғылыми-педагогикалық зерттеулердің құрылымы.

Негізгі ұғымдар: ғылыми зерттеу әдісі, абстракциялау (дерексіздендіру), теориялық, эмпирикалық зерттеу әдістері, эксперимент.

3.1. Педагогиканың әдіснамасы ұғымына түсінік

Ғылым тек жаңа білімдердің толықтырылуымен ғана дами алады. Игерілген білім, ең алдымен, әдіснамалық зерттеулерді таңдауға байланысты нақтыланады.

Әдіснама (грек сөзі *methodos* – зерттеу жолы немесе таным, теория, оқу және *logos* – сөз, ұғым): 1) теориялық және практикалық іс-әрекетті кұру және принциптер жүйесі мен ұйымдастыру тәсілі; 2) ғылыми таным әдісі туралы ілім; 3) қандай да бір ғылымда қолданылатын әдістер жиынтығы.

Әдіснама – зерттеу жұмысының сапасын бағалауға оның бағдарламасын кұруға, ғылыми білімдер жүйесін түзуге бағытталған іс-әрекет, сонымен қатар зерттеу объектісі мен пәнінің ерекшеліктеріне байланысты зерттеуді ұйымдастыру және принциптерін таңдау, мәселеге әр түрғыдан келу.

Педагогика ғылымының әдіснамасы – бұл таным процесі, формасы, әдістері, принциптері туралы ілім және педагогикалық құбылыстарды бейнелейтін білімдерді іздестіру мен оған әр түрғыдан келу жүйесі.

Теориялық білім педагогикалық шынайы құбылыстардың әдіснамасының негізі болады, сонымен қатар әдістеме арқылы іске асырылады. Ал теория – таным процесінің нәтижесі, әдіснама – танымға жетудің жолы. Таным теориясы таным іс-әрекетінің тұтас процесін, мазмұнын қарастырады. Ғылыми әдіснаманың үш деңгейі бар: философиялық, жалпы ғылыми, нақты ғылыми. Философия әдіснама ретінде зерттеушіні адам, қоғам, табиғат, сана дамуының жалпы заңдарын білуге, әлемнің тұтастығын қамтуға байланысты мәселелерден алатын орнын анықтаумен қамтамасыз етеді. Жалпы ғылыми әдіснама зерттеудің кейбір жалпы заңдары мен ұстанымдарын меңгеруге көмектессе, нақты ғылыми әдіснама ғылыми пәнге қатысты заңдылықтар мен ұстанымдарды меңгеруге көмектеседі. Қандай ғылым саласы болмасын, ең алдымен, философиялық ілімге сүйенеді. Ғылымды философиялық, аксиологиялық түсіну философия ғылымының мазмұнына кіреді, сондай-ақ ғылыми білім туралы түсініктердің қалыптасуына негіз болады. Дегенмен, маманның ғылыми-зерттеу мәдениетіне, әдіснамалық тұжырымына тек философия және оның гносеологиялық негіздері ғана ықпал етпейтіні белгілі. Зерттеушінің ғылыми білімді құру мен дамыту теориясы оның әдіснамалық тұжырымдамасын құрайды, сонымен қатар психологиялық-педагогикалық ғылымдарға және олардың тарихына сүйенеді. Яғни әдіснамалық тұжырымдамалар психологиялық-педагогикалық теориялар негізінде құрылады.

Ал әдіснамалық тұжырымдар ғылымның философиялық негіздері мен педагогика ғылымының қарастыратын мәселелеріне сай ажыратылады. Зерттеушінің әдіснамалық тұжырымы оның бұрын қалыптасқан психологиялық-педагогикалық тұжырымдары негізінде толықтырылады. Тіпті, кей кезде барлық ғылым жүйесі негізге алатын тұрақты ережелер, әдістемелік көзқарастар, ғылыми мектептердің негізгі бағыттары да өзгеріске ұшырап отырады. Сондықтан түрлі тұжырымдарға, көзқарастарға сын айтылып, талдау жасалу арқылы жаңа ой туындап, дәлелденіп, ғылыми мәселе шешімін табады. Әсіресе, ғылыми зерттеу жұмыстарымен алғаш рет айналысушылардың ғылыми талдау жүргізіп, ғылымдағы тұрақты философиялық және теориялық тұжырымдар мен

қорытындыларға сүйенбей, белгілі бір нәтиже алуларына мүмкіндік болмайды.

Демек, теориялық білім дегеніміз белгілі бір педагогикалық шынайы құбылысты талқылауға, қолдануға және түсіндіруге бағытталған ғылыми көзқарастар, тұжырымдар, түсініктер мен идеялардың жиынтығы болып табылады. Теориялық білім жеке адамды тәрбиелеу, оқыту және қалыптастырудың қалыптасқан тәжірибесін шығармашылық тұрғыдан қайта құрумен тікелей байланысты деуге болады. Сондықтан да ол педагогикалық тәжірибені қорытындылап, жеке адамның болашақта маман ретінде қалыптасуы мен дамуының алғышарты бола алады.

Сондай-ақ, теория өзара байланысты білімдер жиынтығы ғана емес, сонымен қатар алынған білімдердің белгілі бір зерттеу бағдарламасының тетігі деуге болады.

Теориялық білім негізінде зерттеуші өзінің не білетіндігін практикада көрсетеді және теорияны практикада дәлелдейді. Зерттеу болжамының практикада дәлелденуі теориялық білімнің ақиқаттығын көрсетеді. Философиялық білімдердің әдіснамалық даму сатылары уақыт өтуіне байланысты қорытындыланып, шығармашылық тұрғыдан қайта құрылып, қазіргі кезде жалпы сипатқа ие болып, ғылыми білімнің зерттелінетін саласына қатысты нақтыланатын диалектикалық-материалистік әдіснаманы ұйымдас-тырушы қызметін атқаруда.

Ғылымда әдіснамалық бөлімнің төрт деңгейін бөліп қарастырады: философиялық, жалпы ғылыми, нақты ғылыми және техникалық. Философиялық деңгейде танымның жалпы қағидалары және ғылыми аппараты құрылады. Жалпы ғылыми деңгейдің негізінде көптеген ғылымдарда қолданылатын тұжырымдамалар, әр мәселеге ғылыми тұрғыдан келу жүйесі жатыр. Яғни жүйелілік, жеке тұлғалық, іс-әрекеттік, мәдени, этнопедагогикалық және т.б. тұрғылардан келу. Нақты ғылыми деңгей – нақты бір ғылым саласында қолданылатын зерттеу әдістерінің, принциптерінің жиынтығы. Техникалық деңгейді зерттеуге қолданылатын әдістеме мен техника құрайды.

Қазіргі кездегі ғылымның әдіснамасы білімнің жеке бір сала ретінде дамуында оған нақты ғылыми деңгейде өткізілген зерттеулерге сүйене алады. Кей кезде әдіснаманың философиялық және нақты ғылыми деңгейлері теңесіп, олардың шынайы мүмкіндіктері мен шегін ғылыми зерттеулердің әдіснамалық негізі – материалистік диалектика ғана айғақтайды. Бұл мәселелер Т.Кунның

ғылыми революциялар теориясында, Ст.Тулминнің ғылыми білім дамуының тарихи мақсатында, К.Поппердің әдіснамалық тұжырымында және басқа да тұжырымдамаларда көп көңіл бөлінген, сонымен қатар олардың ғылым тарихымен тығыз байланыста болғандықтан, ғылымның неопозитивистік мақсатын сынаған. Қазіргі әдіснамалық және ғылыми-педагогикалық зерттеулер ғылыми білімдер жүйесінің жалпы құрылысынан ерекше орын алуда, сондай-ақ диалектикалық материализмнің дамуына өзіндік түрғыдан әсер етуде. Сондықтан да әдіснамалық зерттеулер түрлі философиялық мектептер мен бағыттар негізінде іске асырылып отыр. Дегенмен, ғылыми нәтижелер көбінесе ғылыми зерттеушінің философиялық бағыттылығына байланысты бола бермейді, олардың жалпы ғылым құндылығы ретінде педагогика ғылымы әдістемесінің дамуына үлес қосқандары абзал.

Әдіснама – әдістер туралы ілім және оларды зерттеушінің ойлау деңгейіне, таным процесінің дамуына жол көрсетуші ретінде қарастырған дұрыс. Педагогика ғылымы әдістерінің негізгі мазмұнын оқыту, тәрбиелеу, дамыту теориялары құрайтыны баршаға мәлім. Бұл аталған теориялар зерттеу әдісі қызметін атқарады және басқа теориялардың құрамдас бөлігі болып табылады. Таным процесіндегі әдістерге антикалық философияда-ақ үлкен мән беріліп, алғаш рет зерттеу нәтижесі мен ғылыми таным әдісі арасындағы байланыс айқындалған. Қазіргі кезде таным әдістері, олардың қалыптасып, даму процесі зерттеу объектісіне нақты әдістерді қолдануды меңзейді. Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістерінің дамуы мен жетілу процесі педагогика ғылымының дамуына зор әсер етуде.

Ғылыми-педагогикалық зерттеудің әр түрлі әдістері, сондай-ақ зерттеушінің ойлау қабілетінің шығармашылық түрғыдағы сипаты ғылыми зерттеулердің барлық әдістері мен олардың өзара байланысын бейнелейтін ортақ теория жасауда көптеген қиындықтарға әкеліп соғады. Сол себептен таным әдістерінің көптеген жіктемелері бар, оларды қолдану мақсатқа, объектіге, зерттеудің пәніне және де зерттеу әрекеттеріне, ғылыми іс-әрекет пен зерттеу болжамдарын жүзеге асыруға негізделіп бағытталады.

Зерттеушінің теориялық ойлауы мен зерттеу мәдениеті негізінде материалистік диалектика әдісі жатыр, ол ізденушіні ғылыми фактыларды жинақтауға, оны түсіндірудегі субъективті көзқарастар, біржақтылығынан оларды ажыратып, зерттеушіні зерттеу мәселесіне тарихи талдау жасауға, оның дамуының тенденциясы мен заңдылықтарын іздестіруге, таным мен болмыстағы қарама-

қайшылықтарды шешудің тәсілдерін ашуға итермелейді. Объективті заңдылықтар арқылы анықталатын білім мен шынайы ақиқаттың әр түрлі формаларының өзара байланысын анықтауға, қоғамдық және жаратылыстану ғылымдарын дамытатын ой-пікірлердің басқа да диалектикалық әдістерін терең түсінуге көмек көрсетеді.

Ғылымның қазіргі әдіснамасы, сондай-ақ педагогикалық әдіснама да теорияның негізін құрайтын, теориялық түсіндірмені талап ететін фактологиялық материалдың бастапқы эмпирикалық негізі; зерттеу объектісін суреттейтін алғашқы жорамалдардан, аксиомалардан, болжамдардан және теориялық ыңғайлардан тұратын, бастапқы теориялық негіз; теорияның логикасы мен құрылысы; эмпирикалық дәлелдері бар теориялық пайымдаулар жиынтығы; объект пен оның теориялық үлгісін суреттеумен байланысты педагогикалық теорияны қалыптастырудың әдіснамалық негізі сияқты компоненттерден тұрады.

Таным процесінде белгілі бір, нақты ғылымдарды (химия, физика, математика, тіл білімі) зерттеу жеке әдістер арқылы іске асырылады. Мұндай нақты ғылымдардың әдістерімен қатар жалпы ғылыми сипаттағы барлық ғылымдарда қолданылатын әдістер қатарына бақылау, теңеу, талдау және синтездеу, сұрыптау, өлшеу, эксперимент, индукция мен дедукция, т.б. жатады.

Ғылыми-зерттеу әдістері теориялық және эмпирикалық әдістерге бөлінеді. Яғни зерттеу әдісі – күрделі таным ережелері және олар зерттеудің таным операцияларының іске асуының белгілі бір тәртібін белгілейді, сонымен қатар түрлі әдіс-тәсілдердің жиынтығын құрайды. Зерттеу әдістерін педагогика ғылымының дамуының басты құрамды бөлігі ретінде қарастыруға болады. Ғылыми нәтижелердің дәлелділігі алғашқы мәліметтер мен ақпарат көзін алу жолдары мен әдістеріне, сондай-ақ зерттеу әдістерінің сенімділігіне байланысты болады. Педагогикалық зерттеу жұмысы белгілі ғылыми білімдерді дәлелдеуді көздемейді, ол жаңа білімдерді іздестіру, жүйеге келтіру процесі болып табылады. Яғни жалпы адамдардың зерттеу нысанасы, пәні және құбылыстардың мәнін ашу мен мазмұнын сипаттауға бағытталған әр жақты танымдық іс-әрекеттердің формасы.

3.2. Педагогикалық зерттеулердің зерттеу әдістері

Жалпы алғанда педагогикалық, зерттеудің үш кезеңі бар: теориялық, эмпирикалық, әдіснамалық.

Теориялық зерттеу әдістері. Ғылыми-зерттеу әдістерінің бірі де теориялық зерттеу әдістері болып табылады. Бұл әдіс зерттеушіге алғашқы мәліметтерді жинақтау мен талдауға көмектеседі.

Теориялық зерттеу әдістері:

Бірінші: зерттеу мақсатына сай ғылыми әдебиет көздерін жинақтау зерттеудің бастапқы құрамды бөлігін анықтайды. Ғылыми іс-әрекеттің алғашқы кезеңі де осыдан бастау алады. Зерттеу жұмысымен айналысушылар ғылымның өзі қарастырып отырған салада қандай мәселелер зерттелгенін анықтау мақсатында, зерттеу мәселесінің бұрын және қазіргі кездегі зерттелу деңгейін оған қатысты барлық мәліметтерді сараптап, алынған тақырып бойынша әдебиеттермен танысуы керек.

Зерттеу мәселесі туралы ғылыми әдебиеттерді білу зерттеушінің ғылыми мәдениетінің негізін қалайды. Зерттеу көзі болып отырған ғылым саласының жағдайын және оның дамуын айқындау барысында зерттеуші әр түрлі педагогикалық көзқарастар, тұжырымдар, ғылыми мектептер, отандық және шетелдік баспалардың ішінен өзіне керекті әдебиеттерді таңдап алып, көптеген авторларға ортақ және білімдендіру процесіндегі қазіргі заманға сай тенденцияларды анықтауы тиіс.

Алынған әдебиеттерді қарастыру барысында оларға талдау жасалып, салыстыру, саралау, жалпыға ортақ ғылыми әдістерді анықтау сияқты іс-әрекеттер іске асырылады.

Екінші: талдау және синтездеу. Талдау әдісінің эмпирикалық мәліметтерді механикалық түрғыдан бөлу; элементтердің тұтас құрамдағы өзара қатынас формаларын анықтау; білім құрылымының мәнін ашу; зерттеу нысанасының сипаты мен динамикасын айқындау сияқты түрлері бар. Талдау қарапайым сипатта болуы мүмкін және бұл талдауда элементтердің бір-біріне, тұтас сипатта бастапқы жүйеге қатынасы айқындалмайды. Сонымен бірге өзара қатынастық-логикалық түрде де болады және бұл талдаудың барысында элементтердің бір-біріне қатынасы көрініс береді. Талдау кезінде зерттеу нәтижелері бағдарламалар, жоспарлар, кестелер, жүйелер түрінде жинақталады, мұндай уақытта алшақтату тәртібі қолданылады, яғни күрделі пікір айтылған соң тиянақты жинақталған сөйлеу әрекеті іске асырылады.

Үшінші: абстракциялау (дерексіздендіру). Оның екі түрі бар: талдау барысында қорытындыға келу және жекеге бөлу. Талдау барысында қорытындыға келу көптеген бірдей заттар мен құбылыстардың жалпы, ұқсас белгілерін анықтауды білдіреді. Жекеге

бөлу – белгілі бір құбылысты зерттеу және талдау үшін зерттеушінің өзіне қажетті қасиеттерді бөліп алып қарастыру процесі.

Дәріптеушілік – абстракциялаудың (дерексіздендірудің) бір түрі және ол ғылыми танымның жеке әдіс-тәсілі ретінде қарастырылады. Дәріптеушілік үрдісі кезінде зерттеуші ойлау арқылы заттың барлық шынайы қасиеттерінен бас тартып, оның мазмұнына іс жүзінде мүмкін болмайтын жаңа түсінік, белгі ендіреді.

Төртінші: тұжырым жасаудың индуктивті және дедуктивті әдістері; бұл әдіс арқылы эмпирикалық деректерге қорытынды жасалады, жекеден жалпыға қарай және керісінше жалпыдан жекеге қарай логикалы салдар айқындалып, жүйеленеді.

Бесінші: ұқсастыру әдісі. Бұл әдіс заттар мен құбылыстардың жалпыға бірдей, ортақ екендігін айқындау барысында іске асырылады.

Алтыншы: теория жүзінде мүмкін жағдайдың, шынайы құбылыстың немесе заттың үлгісін жасау әдісі. Үлгілеу – зерттеу нысанасына ұқсастық қатынастағы басқа бір нысанамен алмастырылатын зерттеу әдісінің түрі. Яғни бірінші нысана – түпнұсқа, ал екіншісі оның үлгісі болады. Зерттеуші үлгіні зерттеу барысында, алған нәтижелерін ұқсастық және үйлесімділік заңы бойынша түпнұсқаға көшіреді. Үлгі және үлгілендіру әдісі түпнұсқаны зерттеу барысында қиын немесе мүмкін емес болғанда немесе түпнұсқаны зерттеуге мол қаражат шығынын талап еткен жағдайда қолданылады. Үлгі мен түпнұсқа арасында белгілі бір ұқсастық болады. Ұқсастық зерттеушінің үлгіні зерттеу кезінде алған мәліметтерін түпнұсқаға көшіруге мүмкіндік береді, ал көшіру үшін ұқсастықтың, талдау мен синтездің әр түрлі формалары пайдаланылады. Үлгінің түпнұсқадан айырмашылығы – оны зерттеу еш қиындық туғызбайды, дегенмен оның құрылымында үлгіге де, түпнұсқаға да тән негізгі сипаттар, өлшемдер болуы – қажеттілік. Үлгілендіру ауызша, логикалық, физикалық, математикалық, заттық бола алады. Үлгілеудің түрі зерттеу объектісінің күрделілігіне қарай таңдалып алынады.

Жетінші: болжау әдісі. Аталмыш әдіс зерттеушінің қатынасуымен педагогикалық жүйенің немесе білім беру жүйесінің іс-әрекетін сипаттауға бағытталады. Зерттеу жұмысының нәтижесінде алынған нақты ғылыми деректерді сандық көрсеткіштерге, графиктерге, кестелерге, сызбаларға, формулаларға, диаграммаларға, түсініктер мен заңдарға айналдыру зерттеушінің ойлау абстракциясының жоғары деңгейі мен дәрежесін бейнелейді.

Сегізінші: математикалық және статистикалық әдіс, ол педагогикалық құбылыстар мен олардың сапалық өзгерістері арасындағы сандық тәуелділікті анықтауға бағытталады. Математикалық және статистикалық әдіс арқылы нақты белгісі бар объектіні анықтап алып, оны белгісі жоқ басқа бір нысананан ажырату барысында тіркеу әдісі қолданылады. Бұл үшін шартты критерийлер қажет, мысалы тәртіпті немесе тәртіпсіз, өзіншіл немесе көпшіл деп қандай белгілерге немесе критерийлерге сүйенетінімізді анықтау керек. Ал тізбектеу әдісі деректердің, құбылыстардың, қасиеттердің, белгілердің жоғарылауын немесе төмендеуін анықтау үшін қолданылады.

Теориялық зерттеу әдістерінің аталған түрлері эмпирикалық деректерге, олардың теориялық білім жиынтығын құрастыруға ықпал етеді, сондай-ақ талдау жасалып, заңдылықтардың мәні ашылып, сыртқы және ішкі факторлар анықталып, олардың мазмұнын ашуға ықпал етеді. Эмпирикалық әдістер нысананы философиялық категория ретінде «құбылыс» деңгейінде қарастырса, теориялық әдістер оның «мәні» деңгейінде қарастырады. Зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістері ғылыми таным деңгейлері ретінде бір-бірімен диалектикалық тұрғыдан тығыз байланысты, сондықтан да жеке дамымайды.

Эмпирикалық зерттеу әдістері. Эмпирикалық зерттеу әдістерінің құрылымы өте күрделі, ол грек тілінде *empeiria* – тәжірибе деген ұғымды береді.

Алғашқы тобына бақылай отырып зерттеуді жатқызуға болады. Бұл мақсатқа сай заттар мен құбылыстарды зерттеу, мағлұматтарды іріктеп жинау, көзбен көргенді санамен қабылдау және ақпараттарға өзіндік тұрғыдан талдау жасау, зерттеу нысанасының сыртқы көрінісі мен қасиеттері, белгілері туралы мәліметтер жинақтау дегенді білдіреді. Бақылай отырып зерттеуге, алдымен, бақылаушының өзі, зерттеу нысанасы, бақылай отырып зерттеудің шарттары, сондай-ақ бақылай отырып зерттеудің құралдары – видеоаспаптар, аспап-құралдар, қажетті құрылғылар және өлшеу құрал-жабдықтары жатады.

Бақылаушы бақылау көзін, сондай-ақ қандай құбылыстарға көңіл бөлу керектігін анықтап алуы керек. Зерттеу барысында бұл зерттеу түрлерінің төмендегідей жіктелмесін беруге болады:

- педагог-зерттеуші бақылай отырып зерттеудің, оқу-тәрбие жұмысының тікелей басшысы; сонымен қатар ол тікелей куәгер болғанымен бейтарап адам; педагог зерттеу мүшесі ретінде

зерттеушілер тобына кіреді. Оның рөліне байланысты эмпирикалық фактыларды жинақтаудың техникасы мен әдісі таңдалады;

- жанама бақылай отырып зерттеу тікелей бақылай отырып зерттеуді толықтырады және ол зерттеушімен бірге және оның бағдарламасы бойынша жұмысқа қатынасушылар арқылы жүзеге асады. Зерттеуші біреу немесе бір нәрсе туралы жанама деректер жинақтайды;

- жасырын немесе елеусіз бақылай отырып зерттеу түйық теледидар желісі және сынып бөлмелерінде телекамералары бар мектептерде іске асырылады. Жасырын бақылай отырып зерттеу зерттеушіге құнды мәліметтер береді, егер оқушылар өздерін бақылап отырғанын білер болса, онда олар өздерінің іс-әрекетін қадағалап, басқаша бейне көрсетуге тырысады.

- үздіксіз бақылай отырып зерттеу оқыту процесін, екі-үш оқушының сабақтағы, ойындағы, сыныптан және мектептен тыс оқу-тәрбие процесі физикалық қолайлы уақыттағы мінез-құлқын зерттеу барысында іске асырылады;

- монографиялық бақылай отырып зерттеу бір адамды немесе бір затты бақылау кезінде қолданылады;

- дискретті (үзік-үзік) бақылай отырып зерттеу нысананы ұзақ уақыт бақылау барысында пайдаланылады.

- бақылай отырып зерттеу ұзақ уақытты қамтуы мүмкін, атап айтқанда, жарты жыл немесе бір жыл. Бақылай отырып зерттеу белгілі бір уақытта үзіліп, кейіннен қайтадан жалғастырылады;

- бір бағытты бақылай отырып зерттеу жалпы тұтастықтан зерттеу мақсатына сай бір құбылысты немесе деректі бақылау кезінде қолданылады;

- бақылай отырып зерттеу, іздеу көп деректер арасынан зерттеуші өзіне керек деректер мен құбылыстарды іздеген кезде қолданылады және мұндай зерттеу үшін біршама уақыт пен зерттеушінің аналитикалық жұмыс жасауы қажет. Бақылай отырып зерттеудің негізін педагогикалық құбылыстар мен деректердің сандық және сапалық суреттемесі мен өлшемдерінің тәртібі құрайды. Мұндағы өлшем – зерттеу нысанасын сипаттайтын белгілі бір өлшем шамасының бірлік ретіндегі басқа біртекті шамаға қатынасын анықтау процесі. Сандық бақылай отырып зерттеулер мен өлшемдер оларды математикалық өңдеуге жол ашып, теориялық болжамдардың эксперименталды тексеруін тиімдірек жүзеге асыруға мүмкіндік туғызады.

Педагогикалық эксперимент танымның эмпирикалық дейгейіндегі зерттеудің негізгі әдісі және ол құбылыстарды олардың өту барысының нақты тіркелген жағдайларында зерттеуге бағытталады. Эксперимент деп ғылымда едәуір қолайлы жағдайларда зерттеу мақсатына сай құбылыстарды жаңарту мен өзгертуді айтады. Эксперимент болжамды тексеруге, теорияның жеке қорытындыларын, фактыларды анықтауға және дәлелдеуге бағытталады. Эксперимент – ғылыми зерттеудің теориялық және эмпирикалық деңгейлері арасындағы байланыстырушы буын. Эксперименттің тағы бір мақсаты білімді жетілдіру, оқушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту тәжірибесін жаңаша бағытта құру.

Педагогикада эксперименттің бірнеше түрі бар: шынайы педагогикалық құбылыстарды эксперименттен өткізу. Өзіндік диагностикалық «карталар», қарастырылған сауалнамалардың мазмұнын сипаттайтын «бөлімдер», «сурет» қолданылады. Ол педагогикалық процесс барысында, яғни оқыту мен тәрбиенің күнделікті жағдайларында жүзеге асады; лабораториялық, практикалық және оқушылардың белгілі бір топтарын бөліп зерттеу кезеңінде іске асырылады. Екіншіден, қалыптасқан болжамды эксперименттік тұрғыдан тексеру. Ол зерттеу нысанасының педагогикалық жүйесінің бастапқы күйін белгілеп, көрсетеді. Бұл кезеңде тәжірибе арқылы теориялық болжамдар тексеріліп, болжамдар расталуы немесе жоққа шығарылуы мүмкін.

Келесісі – жаңадан ұсынылған үлгілер мен жобаларды іске асыру барысында пайда болған педагогикалық құбылыстарды эксперименттен тексеру. Эксперимент жүргізуді бақылаудың практикада тексерілген, теориялық тұрғыдан дәлелденген, зерттеу мәселесін дұрыс шеше алатын техникалық құрал-жабдықтарынсыз және өлшеу құралдарынсыз өткізу мүмкін болмайды.

Келесісі – сұрақ-жауап әдістері. Бұл әдіс ауызша (әңгімелесу), интервью (сұхбат), жазбаша (анкета) түрде жүргізіледі. Эмпирикалық зерттеу әдістерінің ретін құрастыру кезінде субъектінің өз іс-әрекетінің жағдайы, іс-әрекет ретінде қабылдайтын мағлұматтары есепке алынуы тиіс.

Сұрақ-жауап әдісінің мынадай түрлері бар:

а) Әңгіме-сұхбат, яғни ұйымдастырылуына және мазмұнына байланысты еркін диалог. Әдісті жүргізеден бұрын зерттеуші оған жоспар құрып, қажетті мәселелерді реттеп, сондай-ақ әңгіме-сұхбатты жазып алу құралдарын даярлайды (бейнетаспа, аудиотаспа, стенография).

ә) Сұхбат – әңгіме-сұхбаттың бір түрі. Зерттеушінің міндеті – зерттеу объектісінің әңгімесіне қолдау көрсету. Сұхбат зерттеушінің жоғары кәсіби білігіне және тәжірибесіне байланысты нәтиже береді. Талдау барысында сұрақ-жауап алынған адамның іс-әрекеті нысананың шынайы мазмұнын, жұмысындағы білімдендіру міндеттерін шешу барысында туындаған қиындықтарды, қарама-қайшылықтарды жеңудің тәсілдерін анықтауға бағытталуы тиіс.

б) Сауалнама (анкета). Яғни бұл – арнайы іріктеліп алынған танымдық сұрақтар мен олардың мүмкін деген жауаптарының нұсқаларының талапқа сай логикалық құрылысының жиынтығы. Анкетада сұрақтардың жауаптары болмаса, онда ол ашық сұрақтар деп аталады. Статистикалық сараптан өткізуді жабық сұрақтарға қарағанда ашық сұрақтарға жасау қиындық туғызады.

Сонымен қатар алдыңғы қатарлы жаңашыл-педагогтардың озық тәжірибелерін зерттеу болашақ ұрпақты оқыту және тәрбиелеумен тығыз байланысты болады. Тәжірибе - педагогтың ұзақ жылдар бойындағы педагогикалық процесс барысында жасаған іс-әрекеттерінің нәтижесінде жинақтаған шеберлігі, шығармашылық қабілеті. Ал оқушылардың интеллектуалды-даралық ерекшеліктері мен қабілеттері туралы мағлұмат беретін әдістің бір түрі – оқушылардың жазбаша, графикалық және шығармашылық жұмыстары. Сонымен эмпирикалық зерттеу әдісі ғылыми-зерттеу жұмыстарын іске асыруда жетекші рөл атқарады.

Ғылыми танымның үшінші кезеңі немесе ең жоғарғысы әдіснамалық кезең болып табылады. Танымның әдіснамалық кезеңі педагогика ғылымының категорияларымен, «белгісіз білімді білу туралы» білімдерді айқындаумен, сондай-ақ ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі ретінде белгілі теорияларды қолданумен байланысты мәселелерді шешуге бағытталады.

3.3. Ғылыми-педагогикалық зерттеулердің құрылымы

Ғылыми жұмыстың мақсаты іргелі және қолданбалы міндеттерді шешу болып табылады. Іргелі ғылым табиғат пен қоршаған әлемнің дүниежүзілік мәселелерін қарастырады, оның зерттеу пәні ретінде әлем мен жаратылыс құрылымының жалпы және ортақ заңдылықтары сипатталады. Қолданбалы ғылым, іргелі ғылым жетістіктеріне сүйене отырып, өмір-тіршіліктегі міндеттерді қарастырады. Ғылыми нәтижелер іс жүзінде қолданылады. Жалпы алғанда, зерттеу жұмысы зерттеу бағдарламасы арқылы іске асырылады. Ол негізінен жеті кезеңнен тұрады:

Алғашқы кезең зерттеу мәселесімен танысудан басталады, оның өзектілігі мен зерттелу деңгейін қарастырады. Ғылыми жұмыстың мақсаты, міндеттері, объектісі, пәні анықталады. Ғылыми жұмыстың өзіндік қарама-қайшылығы болуы тиіс, ол зерттеу жұмысын жүргізу барысында шешімін табуға тиіс.

Жұмыстың мақсаты зерттеушінің жұмыс қорытындысында алатын нәтижесін сипаттауы тиіс. Ал жұмыстың объектісі таным процесінің неге бағытталғандығын көрсетеді. Пәні — зерттеу объектісінің нақты қарастыратын бір бөлігі. Мақсат, объект, пәнге және болжамды дәлелдеуге байланысты ғылыми зерттеу жұмысының міндеттері айқындалады.

Екінші кезең әдіснама таңдауға байланысты: алдыңғы тұжырымдар, теориялық ілімдер, таным әдістері, тәжірибенің болжамдық нәтижесі, т.б. Қазіргі кездегі педагогикалық мәселелерді қарастыру барысында жүйелілік, кешенділік, тұтастық, жекелік, іс-әрекеттілік және т.б. тұрғыдан келу іске асырылады.

Үшінші кезеңде ғылыми жұмыстың маңызды бөлігі — болжам жасау іске асырылады. Зерттеудің болжамы дегеніміз — болашақта теориялық, тәжірибелік тұрғыдан дәлелдеуді қажет ететін, ғылыми тұрғыдан негізделген болжам жасаушылық.

Төртінші кезең зерттеу әдістерін таңдаумен сипатталады.

Бесінші кезең тәжірибені ұйымдастыру мен өткізу арқылы ерекшеленеді.

Алтыншы кезең зерттеу нәтижелерін өңдеу, талдау, безендірумен сипатталады.

Жетінші, соңғы кезеңде практикалық ұсыныстар жасалады. Осылайша, ғылыми зерттеу жұмысы өз нәтижесін көрсетеді. Бұл процесі іске асыру барысында зерттеушінің зерттеу мәдениеті қалыптастырылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Әдіснама ұғымын қалай түсінесіз?
2. Әдіснаманың деңгейлерін сипаттаңыз.
3. Ғылыми зерттеу әдісінің деңгейлерін түсіндіріңіз.
4. Зерттеудің эмпирикалық әдістерінің мазмұнын айқындаңыз.
5. Зерттеудің теориялық әдістерінің мазмұнын ашыңыз.
6. Ғылыми зерттеудің құрылымын түсіндіріңіз.

СОӨЖ-дің тапсырмалары:

1. Таным нысанасының ерекшелігіне байланысты ғылыми зерттеу әдістерінің сызбасын жасаңыз.
2. Ғылыми деректерге сипаттама жасаңыз.
3. Ғылыми ақиқат ерекшелігін сипаттаңыз.
4. Практиканың құрылысы мен формалары дегенді қалай түсінесіз?

5. Практика мен ғылыми таным арақатынасының қарама-қайшылықтары.
6. Дәріптеушілік мәселесін қарастырыңыз.
7. Шығармашылық пен ғылыми танымның өзара байланысын көрсетіңіз.
8. Ғылыми таным кезеңдері мен деңгейлерін сипаттаңыз.
9. Эмпирикалық зерттеулердің негізгі әдістерін атаңыз.
10. Маманның ғылыми-зерттеу мәдениеті тақырыбына эссе жазыңыз.
11. Берілген әдебиеттер тізіміндегі 3-әдебиетке талдау жасаңыз.
12. Әр түрлі авторлардың еңбектерінен педагогикалық зерттеу әдістерін салыстырып дәлелденіздер.
13. 2-3 авторефератты оқыңыздар (студенттердің таңдауы бойынша).
14. Таңдаған зерттеу тақырыптарыңыздың маңыздылығын қорғаңыздар. (Студенттердің таңдаған тақырыбының теориялық бөлімі).

Реферат тақырыптары:

1. Теориялық зерттеу әдістері.
2. Эмпирикалық зерттеу әдістері.
3. Педагогтың зерттеу мәдениеті.
4. Зерттеу жұмысының ғылыми аппараты.
5. Ғылыми зерттеу жұмысының негіздері.
6. Педагогикалық эксперимент.
7. Зерттеу жұмысына қойылатын талаптар.

Әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Сластенин В.А. и др. Педагогика. – М.: Изд. Центр "Академия", 2002, 576 с.
2. Исаев И.Ф. Профессионально-педагогическая культура преподавателя. – М.: Изд. центр "Академия", 2002, 208 с.
3. Асқаров Е.С., Балапанов Е.К., Қойшыбаев Б.А. Ғылыми зерттеу-лердің негізі: Оқу әдістемелік құрал. – Алматы, 2004.

Қосымша:

4. Исаева З.А. Формирование исследовательской культуры выпускника университета как педагогическая проблема // Формирование личности учителя. – М.: Прометей, 1994.
5. Ингекамп К. Педагогическая диагностика. – М.: Педагогика, 1991.
6. Введение в научное исследование по педагогике: учеб. пособие для студентов пед. ин-тов / Ю.К. Бабанский, В.И. Журавлев, Б.К. Розов и др.; Под ред. В.И. Журавлева. – М.: Просвещение, 1988, с. 91-106.
7. Краевский В.В. Место и функции эксперимента в педагогическом исследовании. – М., 1973.
8. Методологические проблемы развития педагогической науки / Под ред. П.Р. Атутова, М.Н. Скаткина, Я.С. Турбовского. – М.: Педагогика, 1985, с. 56-109.
9. Налимов В.В. Теория эксперимента. – М., 1971.
10. Проблемы методологии педагогики и методики исследований /Под ред. М.А. Данилова, Н.И. Болдырева. – М., 1971.
11. Рузавин Г.И. Методы научного исследования. – М., 1994.
12. Теория и практика педагогического эксперимента / Под ред. А.И. Пискунова, Г.В. Воробьева. – М.: Педагогика, 1979, с. 20-25.



II бөлім ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙЛАРДЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

4-дәріс. ПЕДАГОГИКАНЫҢ ШЫҒУЫ МЕН ДАМУ ТАРИХЫ

*Заман - ұстаз,
Адамның бәрі – шәкірт.*

Мақсаты: Педагогиканың шығу және қалыптасу тарихымен, тәрбие мәселесімен айналысқан педагогтардың негізгі идеяларымен, сол кездегі Ұлы ойшылдардың негізгі педагогикалық идеяларымен студенттерді таныстыру.

Міндеттері:

1. Педагогика ғылымының даму кезеңдерін айқындау.
2. Құлдық қоғамдағы тәрбие жүйесін сипаттау.
3. Ортағасырдағы және қайта өрлеу дәуіріндегі педагогикалық ойларды жүйелеу.
4. Жаңа дәуір кезіндегі педагогикалық идеялармен таныстыру.

Жоспары:

1. Педагогика ғылымының қалыптасу және даму кезеңдері .
2. Құлдық қоғамдағы тәрбие және мектеп.
3. Ортағасырдағы педагогикалық ойлар және оның сипаты.
4. Қайта өрлеу дәуіріндегі педагогикалық идеялар.
5. Жаңа дәуір кезіндегі педагогикалық идеялар.

Негізгі ұғымдар: тәрбие, оқыту, білім беру, педагогикалық ойлар, өркениет, мектеп, университет.

4.1. Педагогика ғылымының қалыптасу және даму кезеңдері

Тәрбие мәселесі дүниеде алғашқы адамдардың пайда болуынан бастау алады. Алғашқы қауымдық құрылыс кезінде тәрбие өте қарапайым болған. Өйткені ол кездегі адамдар бала тәрбиесіне қарапайым талаптар қойған.

Тарихтан білетініміздей, алғашқы қауымдық құрылыс кезінде бала үлкендердің іс-әрекетін қайталаумен ғана шектелген. Негізгі қалыптастырылған қасиет үйрену, дағды, салт-дәстүр болатын. Ал қолөнердің шығуы тәрбиені де күрделендірді. Еңбек бөлінісі таптық жіктеліске алып келді. Тәрбие қоғамдық-әлеуметтік жағдайға байланысты болғандықтан, таптық сипат алды. Үстем тап тәрбиесі (аристократтар), қарапайым халық тәрбиесі болып бөлінді, сол себептен тәрбиенің мақсаты өзгерді және оны іске асыратын әдіс-тәсілдер де өзгеріп отырды. Жалпы әр ұлттың тәрбие ерекшеліктеріне байланысты, адамзат тәрбиесі кеңейтілді. Ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда, әр түрлі елдердің ұрпақ тәрбиесі ертедегі өркендеу кезеңінен тәжірибе жинақтағанын көрсетеді.

Педагогика тарихында ежелгі өркендеу кезеңі шығыстық және батыстық деп екіге бөлінген. Б.э.д. I мыңжылдықта Қытайда ежелгі өркендеу дәуірі конфуцианистікке дейінгі кезең қалыптасқан. Білім үстем тап өкілдерінің балаларына берілді, олардың балалары алты түрлі нәрсеге үйренді: жазу, оқу, санау (санаудың тоғыз түрін), ауызша айтуға дағдылану, өлең оқу, жылнамаларды оқып-білу. Сонымен бірге әскери-дене тәрбиесі берілді. Онда бес түрлі садақпен ату әдісіне, бес түрлі атарба жүргізу әдісіне, қалқан мен семсерді қолдана білуге үйретілді. Сондай-ақ абыздар мектебі өмір сүрген.

Бұл мектептерде магия (сиқырлы күш), музыка, би, жалпы білім беретін пәндер оқытылды. Конфуцийлық кезеңде (б.э.д. I мыңжылдықтың 2-жартысы) білімді адам бейнесі гуманитарлық біліміне байланысты теориялық қорытындысында болды. Бұл кезең атақты Кун-фу-цзының есіміне байланысты аталған.

Қытай елінің атақты философы Кун-фу-цзы б.э.д. 551-479 жылдар аралығында өмір сүрген. Ол ата-анасынан ерте айрылып, 15 жасынан бастап білімге күштарлығын танытады, ал 50 жасында өз мектебін қалыптастырған. Кун-фу-цзы шәкірттері ұстазының және өздерінің ой-пікірлерін, қағидалары мен тұжырымдарын, «Әңгімелер мен пікірлер» («Лунь юй») деген конфуцийшылдық ілімнің негізі болған шығармаға жинақтаған.

Кун-фу-цзы жоғары жаратушы күш аспан деп танып, ол жерде әділеттіліктің болуын қадағалап отырады деп тұжырымдаған.

Ол, негізінен, адамдар арасындағы қарым-қатынас, тәрбие мәселелерін қарастырған. Осыған орай ол мынадай ұғымдарға көбірек көңіл бөлген: «тең орта», «адамгершілік» және «өзара сүйіспеншілік».

«Тең орта» – адамдардың сабырсыздық пен сақтықтың арасындағы іс-әрекеті. Өмірде мұндай «ортаны» ұстап, іс-әрекет жасау оңай емес, себебі адамдардың көпшілігі сабырсыздық көрсетсе, бір тобы сақ келеді.

Ал адамгершіліктің негізі – «сяо» – «ата-анасын құрметтеу және үлкен ағаларын сыйлау», жалпы алғанда, үлкендерді сыйлау. Кімде-кім шын жүректен адамгершілікке ұмтылса, ол еш уақытта жамандық жасамайды. Осы «өзара сүйіспеншілік» арқылы қарым-қатынас жасауды конфуцийшылдық әдептілік туралы ілімнің негізгі өзегі ретінде қарастырады. Бұл әдептілік қағидасы, бір сөзбен айтқанда, «өзіне қаламайтын нәрсені басқаға да жасама» дегенді уағыздайды. Аталған әдептілік қағидаларын «текті адамдар» («цзюнь-цзы») ғана басшылыққа алып, іс-әрекет жасайды деп санаған.

Конфуцийшылдар өздерінің шығармаларының көбінде осы «текті адамдарға» қарапайым адамдарды қарсы қояды. «Текті адам» заң мен парызды басшылыққа алса, қарапайым адам қалай тиімді орналасып, пайда тапсам деп ойлайды; «текті адамға» үлкен, маңызды шаруалар тапсыруға болса, қарапайым адамға ондай тапсырма бере алмайсың, оларға тек қана ұсақ-түйек тапсыруға болады; «текті адам» басқалармен келісімді жағдайда өмір сүрсе де, олардың артынан ермейді, өзінің жолын ұстайды, ал қарапайым адам жұртпен келісімді өмір сүрмесе де, солардың айтқанын істеп, артында жүруге дайын тұрады деген ой-пікірлерге тоқталған.

Кун-фу-цзының келесі бір тоқталған мәселесі білім, білу, оқу болды. Білу дегеніміз табиғатты емес, адамдарды танып-білу деп есептейді. Кейбір адамдарға «туа біткен білім» тән болғандықтан, олар басқалардан жоғары болады. Ал олардан кейін білімді оқу арқылы алғандар тұрады. Оқу, білім таңдамалы түрде болу керек. Оқығанда тек өмірде керекті, ең дұрыс деген қағидаларды білу керек те, қалғандарынан алшақ болу қажет. Білу дегеніміз тек қана өзіміз білмейтінді үйреніп, білу емес, сонымен қатар зерттеп отырған мәселелерді жан-жақты қарастыру тәсілі деп түсіндірген.

4.2. Құлдық қоғамдағы тәрбие және мектеп

Адам қоғамының дамуы барысында бір қоғамды екінші қоғам алмастырып отырады. Мысалы, алғашқы қоғамды құлдық қоғам

алмастырған. Оңтүстік Азияда Қытайға дейінгі ежелгі Шығыс жерінде бірнеше құл иеленуші мемлекеттер пайда болып, ежелгі мәдениетті дамытуға үлес қосқан. Қытай, Индия, Египет, Кіші Азия жерінде алғашқы мектептер ашылып, онда үстем таптың балалары оқытылып тәрбиеленген. Алғашқы кезеңде діни мектептер пайда болған.

Діни мектептермен қатар кейінірек кітап көшірушілер даярлайтын мектептер пайда бола бастаған. Сол дәуірден сақталған кейбір қолжазбаларда тәрбиенің мақсаты, оған қойылатын талап туралы, балалардың мінез-құлқы жөнінде құнды пікірлер тұжырымдалған.

Тарихи деректерге жүгінсек, Ежелгі Шығыс мәдениеті Ежелгі Греция мен Рим мәдениетіне тікелей әсерін тигізген. Ежелгі Греция бірнеше құл иеленуші ұсақ мемлекеттерден құралған. Олардың ішіндегі ірілері Аттика (орталығы – Афины) және Лакония (орталығы – Спарта) болып табылады.

Спартада құлдарды қатал қанауға негізделген егін шаруашылығы кәсіп етті. Құл иеленушілердің балалары 7-ден 18 жасқа дейін мемлекеттік тәрбие мекемелерінде тәрбиеленді. Бұл мекемелерде әскери-дене тәрбиесіне ерекше мән беріліп отырған, балалар денесін шынықтырумен қатар, аштыққа, суыққа, шөлге, қиындыққа шыдамдылық көрсетуге, әскери ойындарға үйренді.

Моральдық адамгершілік және саяси тәрбие беру мақсатымен ерлік және қажырлылыққа байланысты арнаулы әңгімелер жүргізіледі. Балалар анық және қысқа сөйлеуге үйренді. 18-20 жастағы жігіттер әскерге алынса, сонымен бірге қыз балаларға да әскери-дене тәрбиесін беруге көп көңіл бөлініп отырған.

Бай отбасылардың балалары білімдерін гимназияда философия, саясат және әдебиет сияқты пәндерді оқи отырып, мемлекеттік басқару ісіне байланысты білімдерін жетілдіріп отырған.

Қарапайым халықтың балалары қолөнерге үйренді, кейбіреулері сауатын ашумен ғана қанағаттанды. Ал құлдар тек «сөйлейтін құрал» ретінде бағаланды.

Ертедегі грек ғалымдары мен философтары өздерінің еңбектерінде тәрбие мен оқыту туралы өте құнды пікірлер айтып, өсиет қалдырған. Олардың бұл пікірлері педагогика ғылымының дамуына себеп болды. Атап айтқанда: Демокрит, Платон, Аристотель, Квинтиллиан және т.б. Олардың педагогикадағы жалпы көзқарастары:

1. Тәрбиенің мақсаты – белгіленген әлеуметтік функцияларды орындауға даярлау.

2. Жеке адам болып қалыптасу табиғат пен тәрбиеге байланысты.

3. Талап: бала тәрбиесін ерте кезеңнен қолға алу керек.

4. Қоғамдық тәрбие идеясын бекіту, яғни осындай ортақ ой-тұжырымдарын іріктеп алуға болады.

Демокрит (460-370). Демокрит өзінің атомдық теориясы негізінде жеке адам дамуының материалистік көзқарасын ұсынды. Ол тәрбиені барлық жерде, барлық уақытта алуға болады деп ой түйді. Демокрит үлкендерді үлгі тұтып, олардың айтуларымен тәрбиелеуге аса көңіл бөлген. Ол сезімдік танымды ақыл-ой танымына қарсы қоймайды. Ақыл-ой сезімдік таным арқылы алған ақпараттарын әрі қарай өрбітіп, қорытынды жасайды деген ой қорытады.

Жалпы таным процесінің ақиқатқа жетудегі қайшылықтарын, қиындықтарын түсінген Демокрит танымның субъектісі болу кез келген адамның қолынан келмейді, ол тек данышпандарға ғана тән деп есептейді. Данышпандар сабырлылық, үйлесімділік, симметрия, алаңсыз тыныштық, қызықпаушылық, әділдік, т.б. осы сияқты моральдық қағидаларға сүйеніп, философияға беріліп, елеусіз өмір сүруінің арқасында оның мәнін, табиғатын дұрыс түсініп-білуге мүмкіндік алады. Егер барлық адамдар осы моральдық қағидаларды басшылыққа алып өмір сүретін болса, онда заңның қажеті болмас еді деп түйеді Демокрит. Ол – заңды адамдар ойлап тапқан, заң сол тобырларды өз қолында ұстап тұру үшін қажет деген ойдың да авторы.

Платон (б.з.д. 427-347 жылдары өмір сүрген). Платон өзінің философиясы арқылы алғаш рет тәрбиенің теориялық негізін қалаған. Ол тәрбиені мемлекет тарапынан ұйымдастыру керек деп есептеді. Өзінің педагогикалық пікірінде ол Спарта және Афины тәрбиесін ұштастыруға тырысты. Платон мектепке дейінгі тәрбиенің қоғамдық болуын жақтады. 3 жастан 6 жасқа дейінгі кезеңде балалар уақытын тәрбиешілердің бас-қаруымен ойын алаңдарында өткізуі тиіс деп санаған. Мектепке дейінгі тәрбиеде Платон ойынның рөлін өте жоғары бағалады. Сонымен бірге балаларға айтылатын әңгіменің мазмұнын іріктеп, таңдап алуды талап етті. Платон қыз балалардың дене тәрбиесіне ерекше мән берді, жақсы үлгілер арқылы тәрбиелеуді жақтады. Мемлекет тарапынан тәрбие берудің белгілі жүйесін ұсынды. Ол білім берудің жоғарғы сатысына философияны, арифметиканы, геометрия, астрономия, музыка теориясын жатқызды.

Атақты Грек философы және ғалымы **Аристотель** (б.з.д. 384-322 жылдары өмір сүрген) мемлекеттің түпкі мақсаты барлық адамдарға тәрбие беру деп білді және тәрбие беруді мемлекеттік іс деп санады. Ол қоғамдық тәрбие мен отбасындағы тәрбиенің өзара байланысты болуын жақтады. Адамның туғаннан даму мүмкіндігі болады, ал даму тәрбиенің нәтижесінде жүзеге асырылады деген ой қорытқан. Аристотель барлық адамдарға тәрбие беру мемлекеттің мақсаты дегенде құлдарды ескермеді, оларды «сөйлейтін құралдар» деп санады.

Аристотель ең алғаш рет баланың дамуын белгілі кезеңдерге бөлді: 7 жасқа дейінгі, 7 жастан 14 жасқа дейінгі, 14-тен 21 жасқа дейінгі. 7 жасқа дейінгі дәуірде бала үйде тәрбие алады. Мектепке дейінгі тәрбиені ұйымдастыру жөнінде Аристотель құнды пікірлер ұсынды. Жас ерекшеліктеріне сай тамақтандыру, дене қозғалысының қажеттілігі, дене шынықтыру, баланың тәрбие алатын ортасын ескеру көрсетілді. Жеті жастан бастап ер балалардың мемлекеттік мектепке баруы, онда алдымен дене тәрбиесіне көңіл бөлінуі талап етілді.

Аристотель тәрбиенің әр түрлі салаларының байланысты болуын жақтады. Дене тәрбиесімен қатар оқуға, жазуға, сурет салуға, музыкаға үйрету қажеттігін атап өткен. Мектепте бала елеулі білім алуы керек: әдебиетті, грамматиканы, тарихты, философияны, математиканы, астрономияны, музыканы оқуы керек деп есептеді. Мұндай дәрежеде әйелдерге білім беру қажет деп санамады. Моральдық тәрбие беруде Аристотель моральдық дағдылар мен мінез-құлықты жаттықтыруға үлкен мән берді. Моральдық тәрбиенің үш көзі – табиғи нышандар, моральдық дағдылар және сананы дамыту керектігін айтты. Моральдық тәрбие беруде отбасының рөлін өте жоғары бағалады. Тәрбие жөніндегі Аристотельдің пікірлері кейінгі дәуірлерде педагогикалық ой-пікірлердің дамуына үлкен әсер етті.

Бұл кезеңдерде элементарлық (қарапайым) және грамматикалық мектептер түрі болған. Элементарлық мектептерде құлдардан басқа еркін халықтың балалары да оқитын болды және оларды оқу, жазу, санауға үйретті. Ал грамматикалық мектептерде латын тілінің грамматикасы, грек тілі, риторика оқылды. Кейінірек риторика мектептері пайда болды. Бұл мектептерде өте жоғары оқу ақысына риторика, философия, заң, грек тілі, математика және музыка сабақтары оқылатын болды. Осы мектепті бітірушілер жоғарғы мемлекеттік қызметтерді атқаруға қажетті дайындық алды.

Ежелгі Рим педагогтарының ең көрнекті өкілі **Марк Фабий Квинтиллиан** болды (б.э. 42-118 жылдары өмір сүрген). Ол – «Шешендікке тәрбиелеу туралы» деген еңбектің авторы. Квинтиллиан өз дәуіріндегі грек, рим философиясы және педагогикасымен жақсы таныс болды. Өз еңбегінде ол риторика мектебінде мұғалім болып істеген бай тәжірибесін қорытты.

Квинтиллиан балалардың табиғи нышандарын жоғары бағалады. Балалар мектепте тәрбиеленуі керек, мұғалім әр балаға ерекше көңіл бөлуі қажет деп есептеді. Мұғалімнің білімді, ұстамды, балаларға үлгі болуы және оларды жете білуі қажет деп санады. Квинтиллиан балалардың тілін дамытуға ерекше мән берді. Ол үшін ерте бастан олардың өзара сөйлесуіне көңіл бөлуді талап етті, тілді және музыканы оқыту баланың дұрыс сөйлеуін дамытады деп санады. Баланың логикалық жүйелі түрде ойлауын дамыту үшін математиканы оқытуды қажет деп есептеді.

Балаларға берілетін білімнің негізі берік болуын талап етті. Квинтиллианның педагогикалық еңбектері өте жоғары бағаланды.

4.3. Ортағасырдағы педагогикалық ойлар және оның сипаты

Орта ғасыр кезеңінде Қытай және Үндістанда, Таяу Шығыс пен Европада үлкендер мен балаларды оқыту шіркеу қарамағында болғандықтан, діни сипат алды. VIII ғ. арабтар Пириней түбегін жаулап алғаннан кейін Батыс Европада мұсылман мектептері ашыла бастады. Кордорф халифаты арқылы Пириней және Батыс Европада ежелгі Шығыс мәдениеті еніп, тарай бастады. Араб философы Ибн-Рошданның түсініктемелері арқылы Аворроес деген есіммен танымал Аристотельдің еңбектері етек алды. IV ғ. Рим империясы Батыс және Шығыс болып бөлінді.

Византия. Территориясы: Балқан түбегі, Кіші Азия, Жерорта теңізінің оңтүстік шығысы.

Батыс империясы бірнеше кіші мемлекеттерге бөлінді. Ал Византия атымен сақталып келген шығыс империясы 1000 жыл өмір сүрген. Византия мәдениеті діни сипатта болғанымен, ежелгі Шығыс мәдениетінің бірқатар элементтері сақталған. Шіркеулер қарамағындағы мектептер, кейбір мемлекеттерде тіпті жоғары мектептер болған. Бұл оқу орындарында діни әдебиеттер, философтардың, ежелгі Шығыс ақындарының еңбектері оқытылды. Мектеп пен білім беру әлемдік Рим мәдениетінен бастау алған. Мәдениет әр түрлі халықтардың құрамына байланысты этникалық негізде қалыптасқанымен, грек тілі сақталды. Византия мәдениеті

тінің даму тенденциясында білім беру мен білімділік әлеуметтік жоғарғы мәртебені айқындаған. Дәстүрлі әдеби-гуманистік білімін православие-христиандық дүниетаныммен ұштастырған және классикалық білім алған адам Византияда білімді жеке адам идеясы бар болып саналған.

5-7 жастан 2-3 жыл оқитын балалар білім беру жүйесінің элементарлы білім беретін мектептерінде оқыды. Ал грамматикалық мектептер орта білім беруді қамтамасыз етті. Аристократ және діни элитаның балаларының барлығы осы саты арқылы оқыды. Бұл мектептер жеке, мемлекеттік және діни сипатта болды. Оқытудың мақсаты оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, жалпы мәдениет мен шешендікке баулу болып табылады.

Аудиторизм – (константинопольдық мектеп IX ғ. ортасында Магнарва деп аталған) – жоғарғы мектеп. Бұл кезеңдерде жоғарғы заңгер, медицина, философия, т.б. мектептер болған. Олардың Батыс университеттерінен айырмашылығы – императорға тәуелді болуында. VII ғ. дейін грек және латын тілдерінде оқыды. Кейінірек мектеп оқушылары философия консулы, «шешендер» деп аталған және олар жабық корпорациялы жоғары дәрежедегі мемлекет қызметкерлері болды, оқытушылар киім кию ерекшелігімен ажыратылды. Оқытудың мақсаты мемлекеттік энциклопедиялық білімді адамдарды немесе шіркеу қызметкерлерін даярлау болып табылады.

Батыс Европада орта ғасырда білім беру құрылымы діни және зайырлы білім беру болып екі бағытта жүрген. Діни мектептер монастырлық, кафедралық, приходтық болып бөлінген, оқыту мерзімі мен жас ерекшелігі көрсетілмеген. Оқытудың мазмұнын құдайға құлшылық ету, шіркеу өлеңін айту және жазу құрады. Кейінірек «ерікті өнерге», құдай сөзіне үйретті. Зайырлы білім беру алдына рыцарьларды тәрбиелеу мақсатын қойды. Онда 7 жасқа дейін отбасында, 14 жасқа дейін қорғандарда паж ретінде тәрбиеленген, ал 14 жастан қарулы қорғаншы болса, 21 жастан рыцарьлар даярланды. Ат үстінде жүру, суда шомыла білу, сайыса білу, аң аулай білу, шахмат ойнай білу, найзашылыққа қалқан мен семсерді игере білу, өлең жазу және айту рыцарьларды анықтайтын жеті қайырымдылықты құраған.

Рыцарьлыққа феодалдың үлкен ұлын даярлаған. Ал қалған балалары отбасында, монастырлық мектепте, университетте білім алған. Қыздар тәрбиесі отбасында және монастырлық мектепте іске асырылған.

XII ғ. аяғында университеттер құрылған. Ортағасырлық университеттерді: дайындық, құдай сөзі, заңгер және медицина факультеттері құраған. Қала және ауыл балаларын оқытуда өзгешелік болды. Қалаларда гильдей және цех мектептері болды. Кейінірек бұл мектептер алғашқы қала мектептеріне айналды. Ауылды жерлерде приходтық мектептер болды, онда ертедегі еңбекке баулу көрініс алды.

4.4. Қайта өрлеу дәуіріндегі педагогикалық идеялар

Қайта өрлеу дәуіріндегі әлеуметтік утопистер және гуманистердің білім беру және тәрбие туралы (қайта өрлеу дәуірі (XIV-XVI)) ойлары төмендегідей сипат алған.

Франсуа Рабле (1494-1553).

Негізгі еңбегі: «Гаргон Тюа және Пантагрюэль».

Негізгі идеялары: шығармашылық белсенділік, өзіндік ойлауды дамыту, жан-жақты білім алу идеясын ұсынған. Тәрбиеге дене (жүгіру, күрес, секіру, шомылу, гимнастика, ат үстінде жүру, т.б.), эстетикалық (музыкамен айналысу, аспаптарда ойнай білу, өн айту) және адамгершілік (дін және еңбек) тәрбиесін қосады.

Мишель де Монтень (1533-1592).

Негізгі еңбегі: «Тәжірибелер».

Негізгі идеялары: білім берудің мақсаты – «өзін-өзі» танып-білу, әдемі өмір сүріп, әдемі өмірден қайту, сонымен бірге ақыл-ойды дамыту, балалардың кез келген тұлғаға, көзқарастарға сын көзбен қарауын, өзінше ойлауын қалыптастыру деп білген. Тәрбиелеуде азаматтық сезімдерге, ойын және дене тәрбиесіне аса мән берген. М.Монтень діни тәрбиеге қарсы болды және мұғалімнің моральдық қасиеті жоғары болуы, балаларға аса қайырымды іс-әрекет көрсетуі керек деп білген. Білім беру мазмұнына тарих, физика, геометрияны қосқан.

Томас Мор (1478-1535).

Негізгі еңбегі: «Жаңа Утопия аралы және мемлекеттің ең жақсы құрылымының қажеттілігі, қызықтылығы туралы алтын кітап».

Негізгі идеялары: барлық балаларға (қыздар және ұлдар) алғашқы білім беру және қоғамдық тәрбиені кең түрде іске асыруды жақтаған. Оқыту өз ана тілінде жүргізілуі тиіс және негізгі мектепте оқу, жазу, арифметика, геометрия, астрономия, музыка, диалектика, жаратылыстану, жер шаруашылығының теориясы пәндерін енгізу қажет деп санаған. Тәрбиеге дене еңбегін, ой еңбегін және өзіндік білім алуды қосқан.

Эразм Роттердамский (1466-1536).

Негізгі еңбектері: «Оқытудың әдісі туралы», «Ерте және лайықты бала тәрбиесі туралы» және т.б.

Негізгі идеялары: балаға діни, ақыл-ой, адамгершілік тәрбиесін беру қажет және оның физикалық дамуына да көңіл бөлу керек деп санаған. Ол бүлдіршінді, баланы қорғау керек деп педагогикаға сол кезде өзіндік жаңалық енгізген. Педагогикада екі жаңалық ашқан: а) алғаш рет әлемдік педагогикада тәрбиелеу әмбебап құбылыс екенін көрсетті және адамның универсалды іс-әрекеті оның дамуы мен қалыптасуының формасы екендігін көрсеткен; ә) әлемдік педагогикада бала әлемі, бүлдіршін әлемі деген ұғымдарды енгізген.

Роберт Оуэн (1771-1858).

Негізгі еңбегі: «Жаңа адамгершілік әлемі кітабы», «Адамзаттың мінезінің тууы туралы» және т.б.

Негізгі идеялары: тәрбиелеудің мақсаты өзіндік дара ойлауға қабілетті адамды қалыптастыру деп санаған. Ол – ақыл-ой, біліміне, адамгершілік тәрбиесіне аса көңіл бөле отырып, толыққанды адам қажетті тәрбие алғанда ғана қалыптасады деген ойдың авторы.

Европада қайта өрлеу дәуірінде педагог-ағартушылардың қолдауымен кітап басып шығару іске асырыла бастаған.

4.5. Жаңа дәуір кезіндегі педагогикалық идеялар

Бұл кезеңнің көрнекті өкілдері ретінде : *Ян Амос Коменский (1592-1670), Джон Локк (1632-1704), Жан Жак Руссо (1712-1778), Иоганн Генрих Песталоцци (1746-1827), Ф-В.А. Дистервег (1790-1866), т.б. атауға болады.*

XVII ғ.бастап XVIII ғ. аралықтарында педагогика ғылымының және мектептердің дамуына Ян Амос Коменский, Джон Локк, Жан Жак Руссо, Иоганн Генрих Песталоцци, Фридрих-Вильгельм Адольф Дистервегтің еңбектері мен идеялары үлкен үлес қосты.

Ян Амос Коменский (1592-1670) – чех гуманист-педагогы.

Негізгі еңбектері: "Ұлы дидактика", "Тілдер мен барлық ғылымдардың ашық есігі", т.б. Бұл еңбектері Я.А.Коменскийдің көзқарас бағыттарына қайта өрлеу сипатын береді.

Негізгі идеялары: жалпыға бірдей оқыту, ана тілінде оқыту, жүйелі білім беру, адам тек тәрбие арқылы ғана адам болады, білімділер – нағыз адамдар, көрнекілік принципін ұстану.

Я.А.Коменский алғаш сыныптық сабақ жүйесін, білімді тексеру жүйесін, емтиханды, тоқсандық оқыту жүйесін, демалысқа шығару жүйесін енгізген.

Мектептің негізгі мақсаты – ақылды адам тәрбиелеп шығару, ол үшін білім қажет деген ойды түйіндеген.

Өзінің "Ұлы дидактика" атты еңбегінде оқыту теориясының бірнеше принциптерін көрсеткен (көрнекілік, бірізділік, жас ерекшелігіне байланысты білім беру, т.б.). Я.А.Коменский оқудың 4 сатылы жүйесін ұсынған. 1-сатысы – туғаннан 6 жасқа дейінгі кезең. Оны "Ана мектебі" деп атайды. Бұл кезеңде баланың сыртқы сезімдері қалыптасады деп санады. 2-сатысы – 6-12 жасқа дейінгі "Ана тілі" мектебі. Бұл мектепте ішкі сезімдер дамиды (есте сақтау, қиялдау, қол белсенділігі). 3-сатысы 12-18 жасқа дейінгі латын мектебі (гимназия). Бұл кезеңде ой еңбегі дамиды, балалардың әр-нәрсені түсініп, ой елегінен өткізуі қалыптастырылды. 4-сатысы – 18-24 жасқа дейінгі жоғары білім беру, оны "Академия" деп атаған. Мектепке дейінгі тәрбиенің теориясын жасап, бағдарла-малар жазудың үлгісін берген.

Я.А.Коменский көптеген оқулықтар жазып, мектеп пен педагогиканың дамуына зор үлес қосқан.

Джон Локк (1632-1704).

Негізгі еңбектері: "Адам ақылы туралы тәжірибе", "Тәрбие туралы ойлар", "Ақылды тәрбиелеу", т.б.

Негізгі идеялары: ізгі қасиеттерді қалыптастыруда тәрбие шешуші рөл атқарады; дене тәрбиесі – басқа тәрбиелердің негізі; тәрбие мінез-құлық мәдениетіне негізделеді; ата-анамен бала достық қатынаста болуы тиіс.

Ол дұрыс ұйымдастырылған дене тәрбиесі балаларды ерлікке, табандылыққа үйретеді деген тұжырым айтады. Сондай-ақ, адамгершілік тәрбиесінің сүйенетін 3 принципін көрсетеді:

- табиғатқа сәйкестік;
- бала табиғатын, дара ерекшелігін ескеру;
- балаға сүйіспеншілік.

Ж.Ж.Руссо (1712-1778).

Негізгі еңбектері: "Эмиль немесе тәрбие туралы", "Жаңа Элоиза" және т.б.

Негізгі идеялары: тәрбиенің табиғатқа сәйкестігі, еркін тәрбиелеу, сонымен бірге тәрбиенің негізгі факторлары табиғат, адамдар және қоршаған заттар деп таныды. Ж.Ж.Руссо – адам еңбек арқылы өмір сүреді, еңбексіз өмір жоқ деген ойдың да авторы.

Тәрбие бағыты жөніндегі Ж.Ж.Руссоның негізгі педагогикалық талаптары баланы қадірлей отыра, оның қызығушылықтарына мән беру деп санаған.

Баланың жас ерекшелігін ескере отырып, тәрбиелеудің төрт кезеңін белгілейді:

- Туған күнінен екі жасқа дейінгі кезең (балалық кезең).

- 2 жастан 12 жасқа дейінгі кезең (баланың сыртқы сезімдерінің даму кезеңі).

- 12 жастан 16 жасқа дейінгі кезең (ақыл-ой және еңбек тәрбиесі).

- 15 жастан ер жеткенге дейінгі кезең (адамгершілік, ізгі қасиеттердің даму кезеңі). Руссо әрбір кезеңге байланысты қойылатын міндеттерді, оқытудың және тәрбиенің әдісі мен мазмұнын анықтаған. Қыздар отбасында тәрбиеленуге тиісті, оларды ана болуға даярлау қажет және эстетикалық, дене тәрбиесін беру керек, ал кең түрғыда ғылыми білім қажет емес деп санаған.

Ж.Ж.Руссоның педагогикалық көзқарасы сол кездегі феодалдық педагогикаға қарама-қарсы болды. Ол баланы құрметтеуді, сүйюді басшылыққа алды.

Иоганн Генрих Песталоцци 1746-1827.

Негізгі еңбектері: "Гертруда балаларын қалай оқытады", "Аналар кітабы", "Бақылау әліппесі"(азбука) және т.б.

Негізгі идеялары: оқуды еңбекпен ұштастыру; барлық адамдардың білімдендірілуі; бала тәрбиесінде отбасы жетекші рөл атқарады; тәрбие жай элементтерден басталып, бірте-бірте күрделенуі тиіс; оқыту бақылау мен тәжірибеге негізделеді; білім беру жүйелі түрде іске асырылуы тиіс.

И.Г.Песталоцци тәрбиенің мақсаты адамның барлық табиғи күштерін дамыту, қабілетін жетілдіру, жан-жақты тәрбие беру деп санаған.

Фридух-Вильгельм Адольф Дистервег (1790-1866).

Негізгі еңбектері: «Педагогикалық жылдық», «Неміс мұғалімдерінің білімін жетілдіруге басшылық» және т.б.

Негізгі идеялары: адамдарды ізгілікке тәрбиелеу; саналы адамдарды тәрбиелеу; оқыту адамдардың жан-жақты дамуы мен олардың адамгершілік қасиеттеріне әсер етеді, т.б.

Бақылау сұрақтары:

1. Алғашқы қауымдық құрылыстағы тәрбие түрлерін сипаттаңыз.

2. Антикалық әлемдегі жеке тұлғаның дамуы туралы идеялар (Демокрит, Платон, Аристотель, Квинтеллиан, т.б.).

3. Қайта өрлеу дәуірі өкілдерінің педагогикалық негізгі ойлары.
4. Жаңа дәуір кезіндегі педагогикалық идеялар.
5. Демокриттің педагогикалық ой-пікірлерін сипаттаңыз.
6. Платон және оның педагогикалық идеялары.
7. Аристотель тәрбие туралы.
8. Жаңа дәуір кезіндегі педагогикалық идеялар.

СОӨЖ-дің тапсырмалары:

1. Алғашқы қоғамдағы тәрбие.
2. Ежелгі Грециядағы білім беру мен тәрбие.
3. Сократ, Демокрит, Платон, Аристотельдердің педагогикалық ойларына сөзжұмбақ құрастырыңыздар.
4. Жаңа дәуір кезіндегі педагогикалық идеяларды сипаттаңыз.

Реферат тақырыптары:

1. Құлдық дәуірдегі педагогикалық ой-пікірлер.
2. Афины және Спарта мектептері.
3. Демокриттің педагогикалық ой-пікірлері.
4. Платон және оның педагогикалық идеялары.
5. Аристотель тәрбие туралы.
6. Франсуа Рабленің тәрбие туралы ойлары .
7. Томас Мордың «Жаңа Утопия аралы және мемлекеттің ең жақсы құрылымының қажеттілігі, қызықтылығы туралы алтын кітап» еңбегіндегі педагогикалық ойлар.
8. Эразм Роттердамскийдің негізгі педагогикалық идеясы.
9. Роберт Оуэн қабілетті адамды қалыптастыру туралы.
10. Жаңа дәуір кезіндегі педагогикалық идеялар.
11. Ян Амос Коменский - чех гуманист-педагогы.
12. Джон Локк ақыл тәрбиесі туралы.
13. Ж.Ж.Руссо бала тәрбиесі туралы.
14. Иоганн Генрих Песталоццидің жан-жақты тәрбие туралы ойлары.

Әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Сластенин В.А. и др. Педагогика. – М.: Изд. Центр «Академия», 2002, 576 с.
2. Коджаспирова Г.М. История образования и педагогической мысли. – Москва, 2003.
3. Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика – Алматы: Дарын, 2004, 448 б.
4. История педагогики. – М., 1995
5. Педагогическая энциклопедия. В 4-т. – М., 1964-1968.

Қосымша:

1. Антология педагогической мысли. В 3-т. – М., 1988.
2. Очерки истории школы и педагогики за рубежом. – М., 1998.
3. История педагогики: Учебное пособие для педагогических университетов / Под. ред. А.И.Пискунова. – М.: ТЦ «Сфера», 1998, 192с.
4. Истории В.А. История педагогики. – М., 1995.
5. Бержанов Қ., Мусин Е. Педагогика тарихы. – Алматы: Мектеп, 1983.

5-дәріс. РЕСЕЙ ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ

*Балаларды тәрбиелеу – еңбек әрі борыш.
Ф.М.Достоевский*

Мақсаты: Ресей педагогтарының негізгі педагогикалық идеяларымен таныстыру.

Міндеттері:

1. Ресей педагогтарының негізгі педагогикалық идеяларын жүйелеу.
2. Ресей педагогтарының педагогика ғылымына қосқан үлесін айқындау.

Жоспары:

1. К.Д.Ушинский, Н.К.Крупская, А.С.Макаренко және В.А.Сухомлинскийдің педагогикалық идеялары
2. XX ғасырдағы Ресейдегі педагогикалық ағымдар

Негізгі ұғымдар: тәрбие, оқыту, білім беру, педагогикалық ойлар, педагогикалық ағымдар, өркениет, университет.

5.1. К.Д.Ушинский, А.С.Макаренко, Н.К.Крупская, В.А.Сухомлинскийдің педагогикалық идеялары **К.Д.Ушинский (1823-1870).**

Негізгі еңбектері: «Балалар әлемі», «Ана тілі», «Педагогикалық антропология» және т.б. Ол «Отаныма неғұрлым көбірек пайда келтіру – менің өмірімнің бірден-бір мақсаты», – деп жазған.

Негізгі идеялары: әрбір елде халықтың мақсат-мүддесіне, мұқтажына сәйкес өзіндік ағарту жүйесі болуы керек деп санаған. Оқытуда жүйелілік, бірізділік принципін ұстануды қажет деп тапқан.

Тәрбиедегі халықтық идеяны жемісті түрде жүзеге асырудың төмендегідей жолдарын көрсеткен:

Ағарту ісі мен тәрбиенің демократиялық түрғыда құрылуы. Тәрбиеге – әрбір халық өзі қожалық етуі керек.

Тәрбие мен білім беру салалары қоғаммен байланыста қаралуы тиіс.

К.Д.Ушинский: «Адам өзінің жеке басының еңбегінсіз бір адым да ілгерілей алмайды, бір жерге тұрақтап, тұрып қалуға да тиісті емес, ол адам кері кетеді», – деген. Оның ойынша, педагогикалық талаптардың ең бастысы – еңбексүйгіштікке, еңбек ете білуге тәрбиелеу. Ой еңбегін дене еңбегімен ұштастырып отыруды талап еткен. Ағартушы-педагог дидактиканың негізгі мәселесі – формалды және материалдық білім мәселесін ғылыми тұрғыдан қарастырған. Мұғалімнің ең басты міндеті – тәрбиеленушілерді ой еңбегіне үйрету, бұл міндет – сол пәннің өзін оқытудан әлдеқайда аса маңызды сұрақтардың бірі деген ойдың авторы да К.Д.Ушинский.

К.Д.Ушинский оқытудың көрнекілігі мен жолдарын анықтаған. Оқыту жүйелілік, сатылылық, тиянақтылық сияқты дидактикалық принциптер қамтылған уақытта нәтиже береді деп санаған. Ол – өз өмірі мен қызметі арқылы халқына қызмет етіп, педагогика ғылымына зор үлес қосқан ағартушы.

Н.К.Крупская (1870-1939).

Негізгі еңбектері: «Халыққа білім беру және демократия», «Жұмыскер әйел», «Мектеп мақсаты туралы мәселеге байланысты» және т.б.

Негізгі идеялары: ұжымдық тәрбиені жақтады, бірыңғай мектеп жүйесін ұсынды, педагогика тек тәрбие мәселелерін шешпейді және оның мазмұнын талдайды деген көзқарасын білдірді. Халықтың оқу ағарту ісін ғылыми негізде жүргізудің жолдарын көрсетіп берді. Ол жеке пәндердің арасындағы тығыз байланыстың болуы политехникалық білім беруге маңызды екендігіне мән берген.

А.С.Макаренко (1888-1939).

Негізгі еңбектері: «Педагогикалық поэма», «Ата-аналар кітабы», «Балаларды тәрбиелеу туралы лекциялар» және т.б.

Негізгі идеялары: ұжымда тәрбиелеу, еңбек арқылы тәрбиелеу, отбасында тәрбиелеу, саналы тәртіп қалыптастыру. А.С.Макаренко балалар ұжымын педагогикалық тұрғыдан басқарудың принциптерін ұсынды. Еңбек тәрбиесінің әдістемесін жасау арқылы баланы отбасында тәрбиелеуге және саналы тәртіп қалыптастыруға болады деген ой тұжырымдаған.

Ол: «Жеке тұлғаны дамытудың жолдары - ұжымшылдық, еңбек сүйгіштік, жоғары адамгершілік, саналылықтың тұтас жүзеге асырылуы», – деп санаған.

В.А.Сухомлинский (1918-1970).

Негізгі еңбектері: «Жүрегімді балаларға арнаймын», «Ұжымды тәрбиелеу әдістемесі», «Оқушының рухани әлемі» және т.б.

Негізгі идеялары: баланы сүю – басқа адамның рухани әлеміне ықпал ету күші; баланы қорғау қажеттігі; тәрбиенің мәні баланы түсінуде; оқытуға үйрету қажет; тәрбиеге жеке дара тұрғыдан келу қажет; баланың өзіндік іс-әрекетін шығармашылық тұрғыдан дамыту – педагогикалық жүйенің өзегі; патриоттық, азаматтық тәрбие – жеке тұлғаның қажетті қасиеттерінің бірі. Тәрбиеге табиғаттың ықпалының зор екеніне мән берген. Баланы 6 жастан оқыту қажет деп шешкен. Оқыту баланың танымдық қызығушылығын, санасын дамыту процесі деген ойдың авторы да – В.А. Сухомлинский.

5.2. XX ғасырдағы Ресейдегі педагогикалық ағымдар

Синтетикалық-антропологиялық ағым. Бұл ағым – философия, өнер, ғылым және діндегі адам туралы мазмұндалатын білімдер жиынтығы. Адам табиғаты, жеке тұрғыдан, дамудың қозғаушы күші және оның туындау мәселесіндегі көп факторлы шарттардан тұрады. Бұл ағымның өкілдеріне М.Мак-Милан, М.Монтессори, О.Декроли, Я.Корчак, П.Ф.Лесгафт, А.Ф.Лазурский, М.М.Рубинштейн және т.б. жатады.

Аталмыш ағым Кеңестік дәуірде педалогия ретінде дамыған. Педалогияның әлемге танымал көрнекті өкілдері: Л.С.Выготский, П.П.Блонский, М.Я.Басов және т.б.

Жаратылыстану ғылымдары ағымы. Педагогика өзінің негізгі теориялық базасы ретінде қоғамдық ғылымдарды басшылыққа алмай, биология, психофизиология және медицина ғылымдарына бағытталады. Себебі, адам биологиялық феномен ретінде қарастырылады. Ресейде педагогиканы биологияландырумен В.П.Вахтеров, ал психологияландырумен А.П.Нечаев, Н.Е.Румянцев және т.б. айналысқан. Бұл ағымның көрнекті өкілдері (А.Бине, Т.Симон, В.Анри, В.Штерн, Л.Термен, С.С.Корсаков және т.б.) тәжірибелік педагогиканың дамуына аса мән берген. Педагогиканың ғылым ретіндегі тәжірибелік базасын құрудағы жаратылыстану ғылымдарының ағымы педагогикалық білімдерді кіріктіру мен саралауда қомақты үлес қосқан.

Әлеуметтік ағым. Бұл ағымды жақтаушылар әлеуметтік-тарихи білімге ғана бағытталып, педагогиканың теориялық фундаментіне ауқымды мән бермеді. Олар адамды тек қоршаған ортаның өнімі ретінде қарастырды. Өкілдері: Э.Дюркгейм, Г.Спенсер, М.Вебер, П.А.Кропоткин, Н.В.Чехов және т.б. Әлеуметтік ағым өкілдері жеке тұлға табиғатын қоғамдық табиғат пен «ұжымдық санадан» тыс деп қарастырған. Ағымды ұстанушылар жалпы және арнайы

білімнің теориялық мазмұнын дамытуға зор үлес қосқан. Бұл бағыт педагогика пәнінің ауқымдануы мен жаңа салаларының қалыптасуына мүмкіндік туғызды. Атап айтқанда, білім беруді әлеуметтендіру, салыстырмалы педагогика және т.б. (К.Манхейм, П.Масгрейв, Р.Беллино, Э.Гемахер және т.б.). Кеңес дәуірінде бұл ағымның дамуына мүмкіндік болмаған.

Философиялық ағым. Адам, ең алдымен, ой-санасы арқылы іс-әрекет жасау барысында нақтыланған. Яғни адамның «адамдығы» оның нені және қалай ойлауында. Адам табиғаты өмір сүру процесінде өзіндік тұрғыдан ашылады. Өкілдері: П.Наторп, А.Уайхед, Б.Рассел, У.Джеймс, Дж.Дьюи, С.Т.Шацкий, Г.И.Фадеев, И.И.Горбунов-Посадов және т.б.

Діни ағым. Бұл ағым өкілдері педагогикалық ойларды діни тұрғыдан түсіндіреді. Дін мекемелері педагогикадан діни догманы қатаң сақтауды талап етеді. Олар адамды Құдай сөзін орындаушы ретінде санайды. Оның өкілдері: Р.Штейнер, Н.А.Бердяев, И.А.Ильин, Е.Н.Трубецкой, В.В.Зенковский, В.С.Соловьев және т.б. Олар адамның әлеммен қарым-қатынасындағы діни мәнін ашты. Сонымен қатар жеке тұлғаны тәрбиелеу мен дамытуда өзіндік «Мен» ұғымын жоғары қойды.

Тоталитарлық ағым. Олардың негізгі идеясы – адамзат игілігі мен бақытын шектеуді мақсат ете отырып, әлемді құлдырату. Адамды жалпы идеологиялық ықпал мен тәрбиенің өнімі ретінде қарастырды. Бұл ағымның өкілдері: Дж.Джентиле, Ф.Ницше, Ж.Сорель, К.Цеткин, В.И.Ленин, Н.К.Крупская, А.В.Луначарский және т.б. Ағым өкілдері өз мүддесінен мемлекет мүддесін жоғары қойды және адам санасы еріксіз тұтастай идеологияға бағындырылды.

Бақылау сұрақтары:

1. К.Д.Ушинскийдің педагогикалық тұжырымдарының мәні.
2. Н.К.Крупскаяның тәрбие туралы ой-пікірлері.
3. А.С.Макаренконың негізгі педагогикалық тұжырымдары.
4. В.А.Сухомлинскийдің педагогикалық идеялары.
5. XX ғасырдағы Ресейдегі педагогикалық ағымдар.

СОӨЖ-дің тапсырмалары:

1. К.Д.Ушинский және оның педагогикалық идеяларына сөзжұмбақ құрастырыңыз.
2. Н.К.Крупскаяның педагогикалық ойларын сипаттаңыз.
3. А.С.Макаренконың педагогикалық ой-пікірлерін кестеге түсіріңіз.
4. В.А.Сухомлинскийдің педагогикалық ой-пікірлерін басқа педагог ғалымдармен салыстырып талдаңыз.
5. XX ғасырдағы Ресейдегі педагогикалық ағымдарды сипаттаңыз.

Реферат тақырыптары:

1. Я.А.Коменскийдің педагогикалық идеялары.
2. Жан Жак Руссо тәрбие туралы.
3. А.Дистервегтің оқу-тәрбие процесі туралы ойлары.
4. К.Д.Ушинский және оның педагогикалық ой-пікірлері.
5. Н.К.Крупская тәрбие мәселесі туралы.
6. А.С.Макаренконың педагогикалық ой-пікірлері.
7. В.А.Сухомлинскийдің педагогикалық идеялары.
8. ХХ ғасырдағы Ресейдегі педагогикалық ағымдар жүйесі.

Әдебиеттер тізімі:**Негізгі:**

1. История педагогики: ч.1; Учебное пособие для педагогических университетов / Под ред. А.И.Пискунова – М.: ТЦ «Сфера», 1998, 192 б.
2. Историн В.А. История педагогики. – М., 1995.
3. Бержанов Қ., Мусин Е. Педагогика тарихы. – Алматы: Мектеп, 1983.
4. Коджаспирова Г.М. История образования и педагогической мысли. – Москва, 2003.
5. Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика. – Алматы: Дарын, 2004, 448 б.
6. История педагогики. – М., 1995.
7. Педагогическая энциклопедия. В 4 т. – М., 1964-1968.

Қосымша:

1. Антология педагогической мысли. В 3т. – М., 1988.
2. Очерки истории школы и педагогики за рубежом. – М., 1998.
3. Антология педагогической мысли России ХУІІІ в. – М., 1985.
4. Гершунский Б.С. Россия: образование и будущее. – Челябинск, 1993.

6-дәріс. ШЫҒЫС МЕКТЕПТЕРІ ЖӘНЕ ШЫҒЫС ОЙШЫЛДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ДАМУЫ

*Білім мен даналық – адам көркі.
Ә.Науаи*

Мақсаты: Шығыс мектептері және шығыс ойшылдарының педагогикалық идеяларының даму тарихымен таныстыру

Міндеттері:

1. Шығыс мектептерінің қалыптасып дамуын мазмұндау.
2. Шығыс ойшылдарының педагогикалық идеяларын жүйелеу.
3. ХІХ ғ. екінші жартысы мен ХХ ғ. бас кезіндегі педагогикалық идеяларды суреттеу.

Жоспары:

1. Шығыс мектептерінің қалыптасып дамуы
2. Шығыс ойшылдарының педагогикалық идеялары
3. ХІХ ғ. екінші жартысы мен ХХ ғ. бас кезіндегі педагогикалық идеялардың дамуы.

Негізгі ұғымдар: педагогикалық ойлар, идеялар, мектеп, медресе.

6.1. Шығыс мектептерінің қалыптасып дамуы

VIII ғасыр ортасынан Орта Азияға ислам тарады. Ғалымдар араб жазбаларына дейін ежелгі түріктерде жазудың болғанын анықтаған. V ғасырда Орта Азияның алфавиттік негізі Орхон жазба ескерткіштері болған. Арабтардың ұлттық сана-сезімінің дамыған, мәдениетінің кең өркен жайған кезі – VII ғасыр.

Арабстанда жаңа ислам дінінің пайда болуымен де байланысты болған. Олар VII ғасырдың 2-жартысында үлкен Араб халифатына айналды. Араб мәдениеті араб халифаты сияқты көп ұлтты болды. Араб тілінің негізінде ежелгі шығыс мәдениеті мен антикалық мәдениет ұштастырыла дамып отырды.

Араб халифаты мектептерінде ұлдарға жазу, сызу, оқудан басқа құдайға сенуді оқытты. Мектептерде міндетті түрде Құран қасиетті кітабы оқытылды.

Мұсылман мектептері XIV ғ. екінші жартысынан Қазақстан бойынша зерттеле бастаған, бірақ олар туралы мәліметтер жоқтың қасы.

1892 жылы Торғай облысы Илецк уезінде 7 мұсылман мектебі болған, облыс бойынша 1890 жылы 11 мұсылман медресесі болған, кейбір құжаттар бойынша, 1885 жылы тек Түркістан уезінде 107 мектеп, 2 медресе болғаны көрсетілген.

Т.Тәжібаев өз зерттеулерінде мұсылман мектептерінде болыстықтарда: 2863 бала оқытылғаны, олардан 2067 ұл, 796 қыз бала оқығаны туралы мәлімет береді.

Архивтік деректерге сүйеніп, Жетісу облысы бойынша (1903 жыл) мұсылман мектептері туралы төмендегідей мәлімет берген:

Уездер және қалалар	Мектептер саны	Молдалар саны	Оқушылар саны		
			Ұлдар	Қыздар	Барлығы
Верный қаласы Верный уезі	60	66	1539	235	1774
Жаркент қаласы Жаркент уезі	13	19	367	43	410
Қапал уезі					
Лепсі қаласы Лепсі уезі	7	7	263	117	380
Пішпек уезі	38	69	901	93	994
Пржевальск уезі	3	3	86	-	86
Барлығы:	136	250	3764	645	449

Өзінің саяси-экономикалық жағынан тәуелсіздігін жоғалтып, Ресей империясының отарына айналған соң Қазақстанда оқу-тәрбие ұйымдарының, негізінен, екі түрлі жүйесі қалыптасқан. Оның бірі – ерте заманнан бері өмір сүріп келе жатқан мұсылманның конфессионалдық діни мектептері, ал екіншісі – патша өкіметінің қазақ балаларына арнап ұйымдастырған орыс тілінде оқытатын мектептері болатын.

Мектептердің бұл екі жүйесі мен түрлерінің алдына қойған мақсаттары мен міндеттері, бағдарламалық материалдарының ғылыми-практикалық деңгейі, сабақтарының түрлері мен мазмұндары, шәкірттерді оқыту әдістері мен қолданылатын көрнекі құралдары, мектеп үйлері мен оның жабдықталуы, оқулықтары мен көмекші құралдары, ұстаздарының білім дәрежелері, дүниетанымдары мен көзқарастары бір-бірінен түгелдей өзгеше болатын. Себебі, орта ғасырларда қалыптасқан о дүниелік танымдарды

уағыздайтын діни мектептер мен осы дүниелік өмір қажетін өтеуге арналған деректерді оқытатын орыс мектептері, бір-бірінен тым алшақ, әрі бір-біріне барынша жат оқу-тәрбие жүйелері еді. Бірі жастарды Шығыс халықтарының мәдени және рухани мұраларының табыстарымен таныстырса, екіншісі – Батыс халықтарының, оның ішінде орыс мәдениеті мен ғылымының табыстарымен таныстырып тәрбиеледі. Мұсылман мектептерінде, негізінен, діндар адамдардың балалары білім алса, орыс мектептерінде қазақ қауымының қызметке араласып жүрген атқамінерлерінің балалары оқыды.

Қазақ даласындағы мұсылманның дәстүрлі конфессионалдық діни мектептерінің тарихы тым әріден басталатыны жұртқа мәлім. Еліміздің оңтүстік аймақтарындағы қалаларда VIII-IX ғасырлардан бастап, көптеген діни мектептер, медреселер, мешіттер, кітапханалар болған. Ол оқу орындарында мыңдаған қазақ балалары оқып, білім алған. Алайда араб басқыншылары жергілікті түркі тілдес халықтардың балаларының өз ана тілдерінде оқуына жол бермеді.

Қазақстандағы медреселердің ең ескісі, әрі ең үлкені – Түркістан қаласының күншығысында Қаратау бөктеріне орналасқан айтулы Қарнақ /қазіргі аты – Атабай/ медресесі. (Медресе – араб сөзі, мадрас – мектеп, училище). Оны бітіргендердің білім дәрежесі кезінде Бұхара, Самарқан, Ташкент қалаларындағы медреселердің шәкірттерінен кем болмаған. Сол сияқты Түркістан, Шымкент, Сайрам, Әулие-Ата, Ақмешіт, Мерке, Семей, Ақмола, Қарқаралы қалаларындағы мешіт-медреселермен қабат XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, ауылдық жерлерде де көрнекті мешіт-медреселер ашыла бастады. Мешіт-медресе деп қосарлап атап отырған себебіміз, мешіттер тек қана намаз оқитын орын емес, оларды міндетті түрде балалар оқитын мектеп үйі ретінде де пайдаланған. Үлкен әйгілі мешіттердің жанында медреселері де болған.

XIX ғ. аяғында Ресей империясының кейбір отарларының экономикалық жағдайы бірсыпыра дұрысталып, ұлттық буржуазияның саны көбейіп, қоғамдық санасы оянды. Оларға орыстың 1905-1907 жылдардағы буржуазия-демократиялық төңкерісі де зор ықпал жасады. Сөйтіп, Ресейдің шеткі аймақтарындағы бұратана халықтар қазіргі заман мәдениеті мен ғылыми-техникалық өркениетке үмтылды, жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесін өмір талабына сәйкес қайта құру мәселелерін қолға алды. Бұл салада, әсіресе, еуропаша білім, тәрбие алған буржуазия зиялылары зор белсенділік танытты.

Олар қадими дін мектептерін еуропа педагогикасының ғылыми-әдістемелік жетістіктері негізінде қайта құру, мектептерде дін

сабақтарын тежеп, оның орнына жас ұрпақа өмірге қажетті дүниелік ғылымдардың негізін оқыту, үздіксіз дамып отырған ғылыми-техникалық жаңалықтарды, сауда-саттықтың, экономиканың негіздерін меңгеруге баулу заман талабынан туып отырған басты міндет, маңызды мәселе деп түсінді. Ұлт аймақ-тарында, ескі халық ағарту ісі, мәдениет мәселелері жиі талқы-ланып, ескі мұраларға сын көзімен қарайтын әр түрлі бағыттағы ағымдар мен қозғалыстардың саны көбейді.

1906 ж. тамыз айында Нижний Новгород қаласында мұсылман халықтарының Бүкілресейлік III съезі шақырылып, онда қабылданған талаптардың негізіне жадидтердің ұсынысы алынды. Мәселен, съезде мұсылман елдері мектептерінде сабақты оқушылардың өз ана тілінде жүргізуді, барлық мұсылман мектептеріне ортақ тұрақты оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларын жасауды және мұсылмандар үшін жалпыға бірдей міндетті бастауыш білімді жүзеге асыруды талап еткен қаулы қабылданды.

1905-1907 жылдардағы орыс революциясы ықпалының арқасында талқыланған келелі әлеуметтік-педагогикалық талаптар еді. Бұл қадими мектептер өкілдерінің қарсылығына қарамастан, жадидтердің заман мүддесінен туған талаптарының жеңісі болатын. Осы талаптар толық орындалмаса да, олардың күн тәртібіне еніп, съезде арнайы талқылануының өзі кезінде саяси-әлеуметтік маңызы өте күшті педагогикалық мәселе болды.

Қазақстанда алғаш жадид мектептерінің ішіндегі ең тәуірлерінің бірі Жетісу облысы, Қапал уезіне қарасты Қараағаш деген жерде /қазіргі Талдықорған облысы, Ақсу ауданы, Жаңа қоғам ауылы/ 1899 жылы ашылған ағайынды Маман мен Тұрысбек қажы Қыдырәлі ұлдарының медресесі болды. Оны жұрт кезінде Мамания медресесі деп атаған. Маманияда оқу мерзімі 5 жыл болып белгіленді. 1913 жылы онда 102 шәкірт оқығаны белгілі. Сол кезде Маман бай бастамасын Қырғызстанда /ол да Жетісу облысына жатады/ қолдаған адам белгілі Манап Шабдан Жантаев болды. Ол 1908 жылы Шар-су деген жерде жадид медресесін ашады. Оны қырғыз бауырлары құрметтеп Шабдания деп атап кетті.

Маман бай медресесінің қажетіне жылына 4 мың сомға дейін қаржы жұмсап отырған. Соның арқасында Маманияда оқу-тәрбие жұмыстарына қажетті кітаптар, оқулықтар, көрнекі құралдар жеткілікті болған. Медресенің көп бөлмелерден тұратын зәулім ағаш үйіне ол маңда тең келетін ғимарат болмаған. Өкінішке орай конфискацияның кезінде шолақ белсенділер медресенің үйін,

ондағы аса бай, әрі сирек кездесетін кітаптар мен оқулықтарды, көрнекі құралдарды түгелдей жойып жіберген. Тіпті, Маман байдың басына қойылған мәр-мәр құлпытасты да алып кеткен. Қазіргі кезде Қараағашта осыдан 90 жылға жуық бұрын қанатын кең жайып гүлденген рухани мұрадан көзге ілінетін бір белгі жоқ.

Мамания медресесінде оқушыларға берілетін білім дәрежесімен танысу үшін, оның архивте сақталған оқу жоспарын келтірейік. Мәселен, онда мынадай пәндер оқытылған:

1. Қазақ тілі /оқу, жазу/ - 1-кластан бастап оқытылды.
2. Есеп /арифметика/ - 1-кластан бастап оқытылды.
3. Иман-шарт – 2-кластан бастап оқытылды.
4. Құран 2-кластан бастап оқытылды.
5. Орыс тілі – 3-кластан бастап оқытылды.
6. Пайғамбарлар тарихы – тек 3-класта оқытылды.
7. Жағырафия – 3-кластан бастан оқытылды.
8. Зоология – 4-кластан бастап оқытылды.
9. Ислам діні тарихы – 4-кластан бастан оқытылды.
10. Татар тарихы – 5-кластан бастап оқытылды.
11. Хадис /пайғамбардың өсиеті/ – 5-кластан бастап оқытылды.

Орыс тілі мен есеп сабақтарын орыс ұлтының оқытушысы оқытқан.

Бұл оқу жоспарына қарағанда, жалпы жадид мектептері, оның ішінде Мамания медресесі, оқытудың ескі қадими тәсілдерінен біржолата құтылып шықты деп айтуға болмайды. Жадид мектептерінде де, ислам дінінің ықпалы өте күшті болған, оған көп орын берілгені анық. Дегенмен өмірге қажетті дүниелік пәндердің оқытылуы шәкірттердің санасына жаңа ұғым, жаңа түсініктердің ұялауына және практикалық дағдыларды меңгеруге көп септігін тигізді.

Ал, мамания медресесінде қазақша оқулықтардың жоқтығына байланысты қазақ әдебиеті жеке сабақ ретінде оқытылмаған.

1889 жылы миллионер Құсайыновтың қаржысына ашылған Хусайния медресесінде ХХ ғасырдың басында қазақтың белгілі ғалымы профессор Құдайберген Жұбанов /1899-1938/, т.б. бірталай зиялы азаматтары жоғары білім алып, ағарту мәдениет саласында жемісті еңбек етті.

Орынбор қаласында 1910 жылы Бағыбостан Ұлданқызы Момынова «Бағыбостан ханым» деп аталған қыздар медресесін ашқан. Онда 1920 жылға дейін 1212 қыз балалар оқып, олардың арасынан 347 қыз мұғалімдік мамандық алып шыққан.

Жадидтердің тағы бір көтерген маңызды мәселесі діни мектептерде баланың өз ана тілінде оқуына тыйым салу өте үлкен

мәдени кемшілік, әлеуметтік әділетсіздік деп дұрыс түсінгендігінде. Олар қадими мектептерде ғасырлар бойы түркі тілдес халықтардың балаларын зорлап түсініксіз араб не парсы тілінде оқыту өте үлкен педагогикалық қараңғылық екенін, ол баланың танымдық қабілеті мен психологиялық дамуына, ұлтжандылық сезімінің қалыптасуына кедергі жасайтынын айтып дәлелдеді.

Жадидтер, сол сияқты, қадими мектептерде дін оқуынан басқа дүниелік пәндердің оқытылмауы үлкен педагогикалық қателік екенін де атап көрсетті. Осы кемшіліктерді жою үшін діни мектептерде бала, жоғарыда атап көрсеткендей өз ана тілі мен әдебиетіне қоса өз халқының тарихы мен жағрафиясын міндетті түрде оқуға тиіс деп талап етті. Бұл ұсыныстар заман талабынан туған, қоғамдық-әлеуметтік маңызы күшті, прогресшіл ойлар, талаптар болды. Олардың идеялары мектеп оқытушыларына, медресе шәкірттеріне, зиялылар мен санлағы бар ата-аналарға кезінде үлкен ой салды. Бірақ ол пәндерді мектепте жеке сабақ ретінде оқыту Қазақстан мен Орталық Азия елдерінің ешбірінде жүзеге аспады. Сондықтан қазақ тарихы мен жағрафиясының оқулықтары да, оларды оқытқан маман мұғалімдері де ол кезде болған жоқ.

Қорыта келгенде, жадидтердің талаптары қоғамның экономикалық, саяси-әлеуметтік, мәдени және педагогикалық қажеттіліктерінен туған орынды, маңызды мәселелер болғанымен, патша өкіметі мен қадими мектеп өкілдерінің күшті қарсылығының арқасында және ұлттық буржуазияның экономикалық әлсіздігі мен саяси жағынан тәжірибесіздігінен кезінде ойдағыдай іске аспады.

Қазақ жеріндегі ең алғашқы орыс мектебін Жәңгірхан 1841 жылы 7 желтоқсанда Омбыда ашты. Алғашқыда онда 14 бала болды; ал кейіннен 60-қа жуық шәкірт оқыған. Олардың көбі ханның жақындарының балалары еді. Мектептің алғашқы оқытушылары Әминов пен К.Ольдекон болды. Мектепті үздік бітірген 8 бала 1845 жылы Орынбордағы Неплюев кадет корпусына оқуға түсіп білім алды. Жәңгір мектебін 1847 жылы оқу-ағарту министрлігі өз қарамағына алып, оған жылына 1404 сом қаржы бөліп, көмектесіп отырды. 1847 жылы ашылған Омбы кадет корпусында оқыған қазақ жастары аз болған. Бұл кадет корпусында Шоқан Уалиханов оқыған.

Орынбор қазақ мектебі 19 жыл өмір сүрді. Оның алғашқы түлектері Троицкіде ашылған қазақ мектебінде қызмет еткен. Ы.Алтынсарин Торғай бекінісінде оқытушылық қызметін бастаған. Бұл кезеңде ағартушылықпен айналысқан қазақ зиялылары педагогика тарихы мен мектептердің дамуына зор үлес қосқан.

6.2. Шығыс ойшылдарының педагогикалық идеялары Әл-Фараби (870-950).

Негізгі еңбектері: «Риторика», «Қайырымды қала тұрғындары», «Бақытқа жету жолында», «Поэзия өнері туралы», «Музыка туралы үлкен кітап» және т.б.

Негізгі идеялары: адамға ең алдымен тәрбие беру қажет, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауын даярлап шығарады. Тәрбиеге халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту деп өзіндік тұрғыдан анықтама береді. Иmandылық, адамгершілік, әдептілік жоғары ізгі қасиеттер деп санаған.

Махмұд Қашқари (1030-1090).

Негізгі еңбектері: «Диуани лұғат-ат-түрік», «Түрік тілінің синтаксистік жүйесінің негіздері» және т.б.

Негізгі идеялары: тілді зерттей отырып, білімді кеңейту; адам бойындағы ізгі қасиеттер тәрбие арқылы қалыптасады.

Жүсіп Баласағұн (1021-1075).

Негізгі еңбегі: «Құтты білік».

Негізгі идеялары: өз ана тілінде білім алу, терең меңгеру, ана тілінің көркемдік қуатын әлемге таныту. Адам дамуы, жеке адамның жетілуі, дамуы тәрбие жемісі деп санады. Тарихи тұрғыдан даму өзгерістерге әкеледі деген пікірін білдірген.

Мұхаммед Хайдар Дулати (1499-1551).

Негізгі еңбектері: Дулати «Тарихи Рашиди», «Джаханнама» және т.б.

Негізгі идеялары: тәрбие адамды ақылдылыққа, адамгершілікке үйретеді деп санай отырып, адамгершілік пен ақыл-ой тәрбиесі ұғымдарын алғашқылардың бірі болып қолданысқа енгізді.

6.3. XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. бас кезіндегі педагогикалық идеялардың дамуы. Бұл кезеңдегі педагогикалық ойлардың дамуына үлкен үлес қосқан ағартушы-педагогтар деп Ш.Уәлихановты, Ы.Алтынсаринді, А.Құнанбаевты, Ш.Құдайбердиевті, М.Жұмабаевты, т.б. атауға болады.

Шоқан Уәлиханов (1835- 1865).

Негізгі еңбектері: «Қазақ шежіресі», «Манас», «Жоңғар очерктері», «Қырғыздар туралы жазбалар» және т.б.

Негізгі идеялары: қазақ халқының білімінің сипаты гумандық, халықтық сипат алады деп санаған; әділетке білім мен ғылым ғана жеткізеді; көшпенділер прогресі оқу-ағарту барысында еркін дамыды.

Сондай-ақ, ол – қазақ халқы есігінде құлпы, жерінде абақтысы болмаған халық деген терең философиялық ойдың да авторы.

Ыбырай Алтынсарин (1841-1889).

Негізгі еңбектері: «Қазақ хрестоматиясы», «Мұсылманшылықтың тұтқасы», «Таза бұлақ», «Кел, балалар, оқылық,» т.б. көптеген әңгімелер жазған.

Негізгі идеялары: барлық адамдарға білім беру; адамдарды имандылыққа тәрбиелеу; мәселе шешімін ақылдан іздеу.

Ы. Алтынсарин ең басты нәрсе оқу-білімге, ғылымға қол созу деп санаған. Дүниенің кілті ғылымда деп түсінді, халықты толықтай білімдендіру керектігіне аса мән берген. Ол үшін мектеп ашу керек, сондай-ақ кәсіпке бейімдеу керек дей отырып, ана тілде білім алуға және оқулықтар қажеттігіне баса көңіл аударған. 1864 жылы Торғайда қазақ мектебін ашқан.

Абай Құнанбаев (1845-1904).

Негізгі еңбектері: «Қара сөздері», «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», т.б.

Негізгі идеялары: гуманистік тәрбие беру; барлық адамды оқыту, тәрбиелеу; тәрбиені имандылыққа негіздеу; ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстау.

Абай тәрбие құралына, ең алдымен, үлгі-өнегені жатқызады, тәрбиеде өзін-өзі тәрбиелеу, есеп беру, сынай қарау, жауапкершілікті болу, өзін-өзі бағалау ең маңызды деп санаған. «Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге», «Ғылымды іздеп, дүниені көздеп, екі жаққа үңілдім» деген ойлардың авторы да – Абай. Ол ақыл-ой, еңбек, отбасы, имандылық, эстетика тәрбиесін жете қарастырған.

Шәкәрім Құдайбердиев (1858-1930).

Негізгі еңбектері: «Үш анық», «Қалқаман- Мамыр», «Еңлік - Кебек», «Мұсылмандық шарты», т.б.

Негізгі идеялары: тәрбие гуманистік, демократиялық, имандылық тұрғыдан берілу керек; ұлттық білімді жетілдіру; рухани жан дүниені байыту.

Ақиқат, шындықты жете танып, оны құнарлы оймен, құнды сөзбен жеткізе білуге аса мән берген.

Тәрбиеде өмір сүріп жатқан қоғамды ескеру, бала табиғатын ескеру, ұлттық өнегені ескеру қағидаларына сүйенуді ұсынады.

Жамбыл Жабаев (1846-1945).

Негізгі еңбектері: «Заман ағымы», «Өркенің өссін, еңбекшім», «Тарих тағылымы», «Өлеңдер мен поэмалар» және т.б.

Негізгі идеялары: патриоттық сезімді тәрбиелеу, тәрбие қоғамды дамытатын күш деп санаған, ол адамгершілік, ақыл-ой, дене тәрбиесін, патриоттық, идеялық-саяси тәрбиені еңбек тәрбиесінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырған. Тәрбиенің негізгі категориялары: ақылдылық, даналық, адамгершілік, ұлағаттылық пен парасаттылық деп санаған.

Ахмет Байтұрсынов (1873-1937).

Негізгі еңбектері: «Жаңа емле ережесі», «Маса», «Қырық мысал», «Малшы мен мысал» және т.б.

Негізгі идеялары: қазақ алфавитінің негізін қалаған; қазақ тілі әдістемесінің негізін салған; халықты оқуға, білімге, өнерге, бостандыққа, теңдікке шақырған; қазақтарды надандық шырмауынан шығарудың бірден-бір жолы ғылым-білімге ұмтылу, оқу-ағарту жұмысымен айналысу деп санаған.

Жүсіпбек Аймауытов (1889-1931).

Негізгі еңбектері: «Психология», «Тәрбиеге жетекші», «Жан жүйесі және өнер таңдау», «Сабақтың комплекстік жүйесінің әдістері» және т.б.

Негізгі идеялары: қазақ болмысы, ұлтаралық қатынастар, дала шаруасының санасы, әйел теңдігі, адамгершілік нормалары, таптық қоғам өмірі, өтпелі кезеңдегі билік нысаны сияқты күрделі теориялық ұғымдарды қолданысқа енгізген. Ғылым-білімді ұлғайтады; ғылымсыз білім тым құрғақ, білімді орнына жұмсау керек. Білімді орнына жұмсайтын не? Ол – «тәрбие». Білімнің адамзат игілігіне жұмсалуды, жұмсалмауы тәрбиеге байланысты деп тұжырым жасаған. Тәрбиесіз білімді адам сол білімін адамзаттың игілігіне де, сорына да жұмсайды... Тәрбие, оқу, білімді жағымсыз қылықтардан құтылудың құралы деп санаған.

Мағжан Жұмабаев (1893-1938).

Негізгі еңбектері: «Педагогика», «Мен жастарға сенемін», т.б.

Негізгі идеялары: ұлттық тәрбие беру; дүниеде теңіз терең емес, адамның жаны терең.

Мағжан Жұмабаев балаға тумай жатып тәрбие керек деп тұжырымдаған. Сондай-ақ, бала дүниеге келгеннен бастап, жас ерекшелігін ескере отырып, тәрбие берілуі тиіс деген ойды да нақтылаған. Және де білім де, тәрбие де өз ана тілінде берілу керек деп санаған. Ұлттың ұлт болуындағы бірінші шарт – тілдің болуы дейді. «Тіл – адам жанының тілмашы» (М.Жұмабаев).

Төлеген Тәжібаев (1910-1964).

Негізгі еңбектері: «Психология және К.Д. Ушинскийдің педагогикалық психологиясы», «XIX ғасырдың екінші жартысындағы

Қазақстандағы халық ағарту ісі мен мектеп», «XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірлер», «Абайдың философиялық, психологиялық және педагогикалық көзқарастары», «Абай Құнанбаев жастарды тәрбиелеу туралы» және т.б.

Негізгі идеялары: тәрбиеде аға ұрпақ тәжірибесін қолдану нәтижелі болады; тәрбиелеу процесіне барлық ғылымдар араласады; оқу орындары, ең алдымен, оқу-тәрбие процесін дұрыс ұйымдастыруды алға қоюлары тиіс.

Ібіней Сембаев (1905-1989).

Негізгі еңбектері: «Қазақ кеңес мектептерінің тарихы туралы очерк», «Қазақстандағы Кеңес мектептерінің даму тарихы», «Ұлы ағартушы демократ Абай Құнанбаев» және т.б.

Негізгі идеялары: мектеп – тәрбие ошағы; ұлттық мектептерде алдыңғы қатарлы педагогтардың педагогикалық ой-пікірлерін, тәжірибелерін қолдану қажет деп санаған.

Қартбай Бержанов (1924-1976).

Негізгі еңбектері: «Педагогика тарихы», «Ағарту ісін дамытудағы орыс-қазақ достығы», «Қазақстан мұғалімдерінің қоғамдық және мәдени ағартушылық ісі тарихынан», «Тарихи педагогиканы зерттеу», «Тәрбие мен оқытудың бірлігі», «Кластан тыс жұмыстарда көркем өнер арқылы оқушыларға эстетикалық тәрбие беру», «5-8 класс оқушыларына интернационалдық тәрбие беру»

Негізгі идеялары: халықтар достығы интернационализмді тәрбиелейді; тәрбиеде адамгершілік және еңбек тәрбиесі басты рөл атқарады.

Бақылау сұрақтары:

1. Орта ғасырдағы Қазақстандағы педагогикалық ойлар және мектептің дамуы (мұсылман мектептері, медресе).
2. Ш.Уәлихановтың адам және қоғам туралы ойлары.
3. А.Құнанбаевтың педагогикалық көзқарастары.
4. Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары.

СОӨЖ-дің тапсырмалары:

1. М.Жұмабаевтың педагогикасындағы тәрбие мәселесі.
2. Абай - ғұлама ақын.
3. Шәкәрім Құдайбердиевтің педагогикалық ой-тұжырымдары.
4. Ы.Алтынсариннің ағартушылық қызметі.
5. Шетелдерде білім беру жүйесі.
6. Қазақстандағы білім беру жүйесі.
7. А.Байтұрсыновтың ағартушылыққа қосқан үлесі.
8. Жаңа кезеңдегі педагог ғалымдар.
9. Т.Тәжібаев – ағартушы ғалым.
10. Тәуелсіз Қазақстандағы педагогика ғылымының дамуы.

Реферат тақырыптары:

1. Мұсылман мектептері және медреселер.
2. Ш.Құдайбердиев – философ, ағартушы.
3. М.Жұмабаев және оның педагогикалық ой-пікірлері.
4. А.Байтұрсынов - қазақ алфавитінің негізін қалаушы.
5. Қазақстанда халыққа білім беру. (Кенес дәуірі).
6. Халықтық педагогика – педагогика ғылымының негізі.
7. Үш бәйтерек педагогикасы.
8. Т.Тәжібаевтың педагогикалық көзқарастары.
9. Қ.Бержанов – педагог ағартушы.

Әдебиеттер тізімі:**Негізгі:**

1. Абай шығармаларының II томдық жинағы. II том. – Алматы, 1977.
2. Алтынсарин Ы. Мұсылманшылықтың тұтқасы. Шариат - үл-Ислам. – Алматы, 1991.
3. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. – Алматы, 1988.
3. Әлімбаев М. Халық - ғажап тәлімгер. – Алматы, 1994.
4. Ғабдуллин Б. Шокан, Ыбырай және Абай дін туралы (шаманизм, ислам, атеизм, деизм, антиклерикализм). – Алматы, 1998.
5. Дорженов С.Б. Инабаттылық иірімдері. – Алматы, 1994.
6. Европа ғалымдарының қазақ мәдениеті туралы ой-пікірлері. – Алматы, 1992.
7. Яссауи Қожа Ахмет Диуани Хикмет: Ақыл кітабы. – Алматы, 1993.
8. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы, 1994.
9. Қазақ. – Алматы, 1993.
10. Қазақ халқының тәлім-тәрбие тарихынан. – Алматы, 1992.
11. Қайқаус Қабунама. – Алматы, 1992.
12. Құдайбердіұлы Шәкәрім. Мұсылмандық шарты. – Алматы, 1993.
13. История педагогики. ч. I Учебное пособие для педагогических университетов / Под ред. А.И.Пискунова. – М.: ТЦ Сфера, 1998, 192с.
14. Историн В.А. История педагогики. – М., 1995.
15. Бержанов Қ., Мусин Е. Педагогика тарихы. – Алматы: Мектеп, 1983.
16. Мусульманские мектебы и медресе в Казахстане. – Алма-Ата, 1981, 279 с.
17. Антология педагогической мысли в Казахстане /Сост. К.Б.Жарықбаев, С.К.Қалиев. – Алматы: Рауан, 1995, 512с.
18. Ситдыков А.С. Педагогические идеи и просветительская деятельность Ы.Алтынсарина. – 2-е изд. – Алма-Ата: Мектеп, 1968, 148с.
19. Тәжібаев Т.Т. Педагогическая мысль в Казахстане во 2-ой половине XIXв. – Алма-Ата, 1965, 164с.
20. Ильясова А.Н. Становление и развитие педагогической теории Казахстана (1900-1960 гг.). – Алматы: РИК, 1997, 282с.
21. Қазақстан Республикасының Білім беру туралы заңы. – Алматы, 1998.

Қосымша:

1. Адамгершілікке тәрбиелеу әліппесі: Мұғалімдерге арналған оқу құралы. – Алматы, 1988.
2. Аймова Г.Н. Адамгершілік прогресс және дін, мораль. – Алматы, 1973.
3. Акназарова Х.З. Ислам діні және өмір шындығы. – Алматы, 1977.
4. Алаш мирас. Народное наследие. – Алматы, 1993.
5. Ата салтын – халықтық қалпың. – Алматы, 1995.
6. Арнольд А.И. Культура и современность. – М., 1973.
7. Аханов Б. Дін және еркін ойшылдық. – Алматы, 1993.
8. Кенжеахметұлы С. Жеті қазына. – Алматы, 1997.
9. Күйеу келтір, қыз ұзат, тойынды қыл. – Алматы, 1994.
10. Табылдиев Ә.Т. Тағылым. – Алматы, 1995.
11. Белухин Д.А. Основы личностно-ориентированной педагогики. – М., 1996.



III бөлім ТӘРБИЕ ТЕОРИЯСЫ

7-дәріс. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОЦЕСС ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТӘРБИЕ

Баланың балалығын тыйдым дегенше,
ер жеткендегі даналығын тыйдым деңіз.
Ж.Ж.Руссо

Мақсаты: тәрбиенің тұтас педагогикалық процесс ретіндегі мәнін ашу және қазіргі қоғамдық даму кезеңіндегі тәрбие формасы, құралы, әдістері, мазмұнын сипаттау.

Міндеттері:

1. Педагогикалық процесс жүйесіндегі тәрбиенің мәнін ашу.
2. Тәрбие процесінің мәні мен ерекшеліктерін сипаттау.
3. Тәрбие процесінің мазмұны және тәрбие заңдылықтары мен принциптерін анықтау.
4. Тәрбие түрлері мен құралдарын, түрін айқындау.
5. Жоғарғы оқу орындарындағы тәрбие жұмыстарының мазмұнын ашу.

Жоспары:

1. Тәрбиенің мәні мен сипаты.
2. Тәрбие процесі және оның мәні. Тәрбие процесінің ерекшеліктері.
3. Өзін-өзі тәрбиелеу және қайта тәрбиелеу.
4. Тәрбие процесінің мазмұны. Тәрбие заңдылықтары мен принциптері.
5. Тәрбие әдістері, құралы және формасы.
6. Жоғарғы оқу орындарындағы тәрбие жұмыстарының жүйесі.

Негізгі ұғымдар: тәрбие, тәрбие процесі, қоғамдық және отбасылық тәрбие, ата-ананың педагогикалық белсенділігі, диагностика әдістері, әрекеттестік формалары.

7.1. Тәрбиенің мәні мен сипаты

Тәрбие, білім беру, оқыту – ішкі жан дүниеге түрткі болатын, жағдай жасайтын, оларды іске асыратын сыртқы жағдайлар. Сондықтан да философтар, психологтар адамның жан-дүниесін тәрбиелеудің қозғаушы күші бар екенін көрсетеді. Тәрбиелеу мен өзін-өзі тәрбиелеу арақатынасынан тәрбиелік қарым-қатынас өрбиді. Тәрбиелік қатынас – өзара қарым-қатынастың бір түрі, ол адамды тәрбие, білім беру, оқыту арқылы дамытуға бағыттайды.

1993 жылы қабылданған тәлім-тәрбие тұжырымдамасында “тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынас дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру” деп анықтама берілген, ал “Қазақ педагогикалық энциклопедия сөздігінде” “тәрбие – қоғамдық, өндірістік және мәдени өмірдің белсенді қатынасуымен даярлауды мақсат етіп қойған, жеке адамды қалыптастырудың жүйелі процесі” деген анықтама береді. Қазіргі заманда жастармен жұмыс жасаудың жаңа әдістерін, концептуалдық жолдарын және формаларын іздестіру керектігі – қоғам талабы. Қазіргі тәрбие туралы тұжырымдамалар жалпы адами құндылықтар мен барлық салалардағы әрекеттің өркениетті формаларына сүйенгенімен, өзіндік тұрғыдан ерекшеленеді. Барлық тұжырымдамаларда:

- гуманизм идеясын;
- тәрбиені мәдени контексте жүзеге асыруды;
- ашық тәрбиелік жүйелерді құруды;
- тәрбиені отбасында қайта қарауды;
- индивидуалдылықты дамытуды және қолдауды;
- тәрбие әдістерін және оны ұйымдастыру формаларының икемділігі мен альтернативаларын есепке ала отырып, жүзеге асыру қажеттігі туындауда.

Психологиялық-педагогикалық ғылымда тұлға мәдениетінің даму проблемалары жаңа бағытта қарастырылуда, яғни ол оқу-тәрбие процесіне теориялық және тәжірибелік тұрғыдан ендірілуі тиіс.

Гуманистік тұрғыда білім беру мекемелерінде жеке адам тұлғасына қарай шешуші қадам жасайды, ол өзіндік даму процесі

барысында педагогтар жүзеге асыратын индивидтен алшақ абстрактілі жоспарлар мен бағдарламалар жасайтын құрал ретінде емес, субъектіге айналды. Мұндай мекемелерде әрбір адамның индивидуалды өмір мақсаттарын, талаптары мен мүдделерін жоғары санайды, өз дамуында өзін тану үшін жағдайлар жасайды. Мұндай оқу орындарындағы оқытушылар шәкіртті болашақ өмірге дайындап қана қоймай, дамып келе жатқан тұлғаның психикалық ерекшеліктеріне сәйкес әр өсу кезеңінің жақсы өмір сүруін қамтамасыз етеді.

Бұдан бірнеше жыл бұрын иллюзия болған: мемлекеттің тез демократизациялануы көптеген өркениетті мемлекеттердегідей экономиканың және мәдениеттің, соның ішінде білім мен тәрбиенің де жоғарғы деңгейге көтерілуін қамтамасыз етеді.

Мемлекет мәдениеті мен байлығы бір критериймен, яғни тәрбиеге байланысты өзгере де, өлшене де алады. Тәрбиелеуде отбасы, мектеп, орта жетекші рөл атқарады.

Әрине, сабақ үстінде әр оқытушы шәкірттің жоғарғы рухани ұмтылыстарын көрсету үшін көп нәрсе жасай алады. Егер де отбасы, қоршаған әлеуметтік шындық сабақтағы өткенді дәлелдесе, ал үлкендермен қарым-қатынас адами қасиеттерді бекітсе, онда оқу орындарының тәрбиесіне осы да жеткілікті болар еді. Дегенмен оқу орындарынан тыс ортаның жағдайы, моральдық принциптердің жоғалуы адамның рухани дүниесіндегі қажеттіліктерді өтемейді. Еркін рынок үрлық, пара беру, ұйымдасқан қылмыстық сияқты рецидивтермен көрінеді. Кәсіпкерліктің артында шеткі эгоизм престижі түсініледі, мақсатқа барлық тәсілмен жету заңдылығы дәлелденеді, ақиқаттық, әділеттілік емес, қандай жолмен алынса да, байлық, ақша, «әдемі өмірдің» алдыңғы қатарға шығу қаупі бар. Былайша айтқанда, өтпелі кезең біздің балаларымызды жартылай порнографиялық «өнермен» танысуға мүмкіндік берді. Жақсылық пен зұлымдық арасындағы шекараның жойылуы кезеңінде өсіп келе жатқан ұрпақтың алдында өз жауапкершілігін түсінетін үлкендердің қоғамы оларды өзін тану кезінде қолдаусыз және жәрдемсіз қалдырмауы тиіс.

Ұстаз, ата-ана, кез келген ересек адам рухани бағыт беруші міндетін өзіне арта отырып, мәселені шешуге маманды араластыруы қажеттілік болып отыр. Ол – педагог-психолог мамандар.

Балалардың өз қабілеттері мен таланттарын әрі қарай дамыту мүддесі мен дайындығы сияқты факторды ескермеу мүмкін емес. Әрине, бұл фактор отбасы және оқу орындары тәрбиесінің

нәтижесінде қалыптасады. Дегенмен, біріншіден, ол қоғам мәдениетінің әсер етуі нәтижесінде пайда болады.

Енді қазіргі кездегі тәрбиенің қолданылып жүрген бірнеше әдісіне тоқталып өтелік:

- Тәрбие жалпы адами құндылықтарға сүйенеді (бұл бағдарламаның негізін салушылардың бірі – В.А.Караковский). Тәрбиеде негізгі құндылықтарды айырып көрсету: Жер – барлық тірінің ортақ үйі, отбасы өз ұрпақтарын тәрбиелейді, туған жер – әр адамның Отаны, физикалық / ой / рухани еңбегі, білім құндылығы, мәдениет құндылығы, бейбітшілік құндылығы, адам құндылығы – мұның барлығы әлемде адамға бағытталған.

- Тәрбиелеудің гуманистік және демократиялық сипаты: өзара әрекеттесу идеясы бірін-бірі түсінуді, бір-бірін сыйлауды, оқытушының бала тұлғасына бағытталуы тұрғысынан келуді түсінеді.

Мәдениеттанулық әдіс, тәрбиені мәдениетті игеру процесі тұрғысынан қарастырады. Мәдениет – тұлға мүмкіндіктерінің ең жоғарғы деңгейі. Мәдениет көрсеткіштері: білімді пайдалана алу, дүниетаным қалыптасуының деңгейі. Өркениетті адам әлемі – мәдениет әлемі, мәдениетті ұрпақтарға қалдыру тәжірибесі, адамның шығармашылық белсенділігі. Мектепте оқушылар мәдениеттің негізін игерулері керек, яғни білім мәдениетінің гармониясы, шығармашылық әрекеттер мәдениеті, сезім мәдениеті. Ал, жоғарғы оқу орындарында кеңейтіліп, дамытылады. Білім мәдениеті: білімдерді қабылдау қабілеттілігі, білімді пайдалану, материалмен жұмыс жасау қабілеттілігі. Творчестволық әрекеттер мәдениеті: алған білімдердің негізінде жаңаны құру. Қатынас және сезім мәдениеті: бір нәрсеге адекватты жауап беру, өзін-өзі ұстай алу, сезімдерін білдіру, жанжалсыз қатынасқа түсу қабілеттілігі.

Қазіргі тәрбиеде ұстанатын идея – күш көрсетпеу идеясы. Яғни бұл – адамның жалпы әлемге, табиғатқа, тірі нәрсенің бәріне, басқа адамдарға жақсылық пен зұлымдық позициясынан қатынасын сипаттайтын этикалық түсініктер.

Күш көрсету – белгілі пайданы иемдену мақсатында бір топ адамдардың екінші біреулерге күш қолдануы. Біздің түсінігіміздегі күш көрсетпеу – саяси, экономикалық, эстетикалық, этикалық және жекелік проблемаларды және жанжалдарды шешуші әдіс ретінде күш қолдануды жоққа шығаратын, адам мен оның өмір сүру құндылығын қабылдау негізінде жатқан идеологиялық этикалық принцип.

Психологиялық-педагогикалық тұрғыдан бұл тұжырымдама педагогика мен психологияның гуманистік теорияларында көрініс тапты. Көбінесе мұнда Вентцель К.Н., Маслоу А., Роджерс К., Руссо Ж-Ж., Сухомлинский В.А., Толстой Л.Н., Амонашвили Ш., т.б. көзқарастары көрініс береді.

Күш көрсетпеу концепциясы педагогикада «бостандық» түсінігімен байланысты. Гуманистік бағыттағы педагогикада бостандық ұғымы негізгі болып табылады. Бостандық – баланың өзіндік іс-әрекеті. Тұлға дамуындағы биологиялық приоритеттерден шығатын еркін тәрбиелеу өкілдері осы позицияны ұстанады. Мысал ретінде М.Монтессориді келтіруге болады. Оның тұжырымдамасы бойынша, баланың еркін көріністеріне мектеп мүмкіндік беру керек. Ұстаз бала қызметіне араласпауы тиіс. М.Монтессори ойынша, кедергі жасамаған жағдайда тәрбиенің барлық сипаты, бостандық әрекеті және жеке шығармашылық еңбегі көрініс береді.

Бостандық саналы түрде таңдау жасауды білдіреді. Қазіргі замандық гуманистік педагогика мен психология бостандық таңдау жасау мүмкіндігі деген ұғымға негізделеді. К.Роджерс бойынша, оған тек өзін тыңдау, өзін қабылдау, басқалардың ойын емес, өз тәжірибесін бағдарға алу, сонымен қатар басқаларды түсініп қабылдау арқылы жетуге болады.

Сонымен, бостандық мәселесіндегі әр түрлі тәсілдерді сараптау барысында бұл ұғымның педагогика ғылымында вариативті болып келетіні көрінеді, авторлардың бастапқы концепцияларын дәлелдейді.

Бұл жерде күш көрсетпеуге байланысты өзара шарттас екі блокты көрсетуге болады:

1. Өсіп келе жатқан ұрпақта күш көрсетпеу рухын тәрбиелеумен байланысты мәселелер, оларға үш бағытты жатқызуға болады:

- табиғатқа және барлық тірілерге қатынасы;
- адамдарға, соның ішінде өзіне адамгершілік қатынасын, тұлғааралық және жекелік жанжалдарды зорлықсыз жолдармен шешу қабілеттілігін, басқа адамды қабылдау мен түсіну қабілеттілігін дамыту.

2. Білім беру және тәрбиелеу процесінің ізгілендірілуі, үлкендер мен балалардың өзара қатынасымен байланысты мәселелер:

- үлкендер мен балалар қатынасы жүйесінің әр түрлі деңгейдегі білім беру орындарындағы жұмыс жасау формалары мен әдістерінің ізгілендірілуі;

- күш көрсетпеу идеясының негізінде жасалған педагогикалық қызметтің жаңа формалары мен әдістерін жасау және ендіру;
- орта маманданған және жоғары оқу орындарында келешек педагогтарды дайындауды реформалау.

Екінші топтағы мәселелерге ерекше көңіл бөлу керек. Егер педагогиканың өзі авторитарлы позицияларды ұстанатын болса, балада күш көрсетпеу қатынасын тәрбиелеу мүмкін емес. Сондықтан оқу-тәрбие процесінің өзі гуманизацияланған болу керек.

Жоғары педагогикалық білім беру сапасын көтерудің жаңа жолдарын іздестіру, қазіргі жүйені әлемдік педагогикалық тәжірибеге интеграциялау жоғарғы педагогикалық мектептің білім берудің көп деңгейлі жүйесіне өту қажеттілігіне алып келді. Оның қазіргіден ерекшелігі – педагогикалық білім беруде адам қалыптастырушы және мәдениет танытушы функциялардың қайта жасақталуы.

Көп деңгейлі жүйеге өту кезінде пайда болатын осы және басқа да мәселелерді шешудің жиынтық тәсілі педагогикалық білім берудің жаңа философиясын жасауды көздейді. Оның негізінде адамның тұтас образы жатыр.

Тұлға мәдениеті – тұлғаға жалпыадамдық ұлттық мәдениетпен гармонияда өмір сүруге мүмкіндік беретін сипаттардың жиынтығы (білім, қасиет, әдет, ойлағанға жету әдістері, құндылықтық бағдарлар).

Қоғам дамуының әр кезеңі, әр уақыты тұлға мәдениетінің мазмұнына жаңа өз акценттерін енгізеді. Адамға өзінде әлеуметтік және биологиялық индивидуалдылық ретінде адекватты қатынасты қалыптастыру маңыздырақ.

Өзін анықтаушылық мендікті, позициялық анықтаушылықты, оны жүзеге асыру бағдарламасын көздейді. Бұл механизмнің жүзеге асуын қамтамасыз ететін негізгі шарт – өзін анықтау сфераларының болуы. Мұндай сфера төртеу – адам, қоғам, табиғат және адам қызметінің интеграцияланған өнімдері. Тәрбие адамның өзімен гармониясын басқа адамдармен, қоғаммен, табиғатпен, адам қызметімен гармониясы арқылы қамтамасыз етуі керек.

Ұлы ғұлама ойшыл әл-Фараби “Бақытқа жету жолында” деген еңбегінде: “Тәрбие дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерді дарыту,” – деп өзіндік тұрғыдан пайымдаған. Яғни жан-жақты дамыған және қоғам талабына сай адамды қалыптастыруда белгілі бір мақсатқа сәйкес жүйелі әрі саналы түрде әсер ету болып табылады. Өткен ғасырдың

алғашқы ширегінің өзінде Ж.Аймауытов “Тәрбие” атты мақаласында “тәрбиеге әсер беретін нәрсе өскен орта, ата-ананың тәрбиесі. Соңғысы күшті болмаса, бара-бара адамды замандас, жолдастың азғырып, не түрлі жаман мінезді жұқтыратыны белгілі,” – деп жазған болатын.

Тәрбиелік қатынас арқылы тәжірибе алмасу, оны үйрену, үйрету, пайдалана білу жүзеге асады. Осының барысында түрлі құралдар қолданылады. Тәрбиелік қатынас “субъект-субъектілік” “субъект-объектілік” болып жіктеледі. Тәрбиелік қатынаста сыртқы жағдай (тәрбие, білім беру, оқыту) ішкі дүниемен (өзін-өзі тәрбиелеу, өздігінен білім алу, өздігінен оқу) сәйкестенеді. Осындай әрекеттесуден адам дамиды, яғни тұлға жетіледі. Рухани бай тұлға адамзат санасынан туындаған дүниелік құндылықтарды бойына жинақтап, сол арқылы дүниеге тұлғалық мәндегі объект деп қарайды. Өмірге осындай дүниелік қатынастан, өмірге қанағаттанбаудан тұлға ізденіске түсіп, өзін-өзі дамытады. Өмірдегі жағымсыз қылықтарға (екіжүзділік, өтірікшілік, т.б.) қанағаттанбаушылық тұлғаның рухани қалыптасуының белгісі, тәрбиеліліктің белгісі болып табылады. Тәрбиелеу барысында біз жеке адам бойына ізгі қасиеттер жиынтығын сіңіруді көздейміз, соған байланысты қызмет көрсетеміз.

Жеке адамды тәрбиелеу қызметтеріне мыналар жатады:

- жалпы адамзаттың гуманитарлық доминанттар деңгейін игеру немесе меңгеру;
- этикалық және эстетикалық мөлшерлерде қоғамды меңгеру, яғни негізгі әлеуметтік және кәсіптік қызметі, жеке құндылығы және амалы;
- тәрбиелеу процесіндегі жеке адамның иерархиялық сапасын және деңгейін игеру.

Тәрбиелеуші – тәрбиенің субъектісі, екі жақты процесс, яғни тәрбие өзінің белсенділігі арқылы іске асырылады және өз қабілеті мен өзін-өзі тәрбиелеу арқылы жетістікке жетеді.

Тәрбие – бағытталған процесс, әрбір негізгі мақсат оның мазмұны мен әдістеріне сәйкес және ол жеке мазмұны мен бағыты арқылы анықталады.

Педагогикалық ғылымда тәрбие дәстүрлі түрғыдан анықталады: ақыл-ой, мінез құлық, адамгершілік, эстетикалық, еңбек, дене шынықтыру бағыттары қазіргі кезде құқықтық, экономикалық, экологиялық, имандылық және азаматтық тәрбиемен толықтырылады. Тәрбиелеу процесінің толық және жеке бағыты әр

түрлі деңгейде іске асырылады: социумдық деңгейде, әлеуметтік институттарда, жеке әлеуметтік топтарда, жеке өзара және өзіндік тәрбиелеу деңгейінде.

Тарихи жинақталған тәрбие түрлері ішкі мәдениет түрлеріне қарай дамиды. Бірінші, тарихи тәрбиелеу түрі үлкендердің балаларға арналған және негізгі міндетті, топтық мінездемесіне дәл келеді.

Тәрбиенің мақсаты тәрбиенің белгілі әдістемесі арқылы шешіледі, оның құрылымын құрастырушылар педагогтар мен тәрбиешілер болып табылады. Тәрбие әдістерінің классификациялық шарты және тәрбиелеу үлгісінің түрлері мен бағыты тәрбиелеу ортасына, тәрбиелеушінің жасына және тәрбиелеушінің жеке қасиетіне немесе тұлғасына байланысты болады. Осы берілгендермен байланысты тәрбие процесін контекст ретінде қарастыруға болады, ол жетістікке жету үшін әдістердің тиімділік жүйесін жетілдіру болып табылады.

Жоғары оқу орындарында білім беру процесінде барлық тәрбие түрлері практикада іске асырылады, әсіресе кәсіби білім беретін университеттерден нақты тәжірибені көруге болады. Оқу жоспарында пән блоктары негізінде тәрбие түрлері мамандық бойынша берілген:

- Адамгершілік, эстетикалық, дене шынықтыру, құқықтық, азаматтық және экономикалық тәрбиелер (гуманитарлық блок)
- Ақыл-ой, экологиялық тәрбие (табиғи-ғылыми блок)
- Еңбек тәрбиесі кезінде, тәжірибе кезінде, аудиторияда, сонымен қатар өзіндік жұмыс орындаған кезде.

Тәрбие әдісін жіктеген кезде үш үлкен топқа бөлуге болады:

- студенттердің дүниеге көзқарасын және құндылық бағдарын тұжырымдау әдістері;
- мотивацияны ынталандыру әдістері;
- жеке адамның шығармашылық икемділігінің дамуы және оның сапасын арттыру әдістері.

Педагогикалық қарым-қатынас жасаудағы тәрбиелеушілік әдістер, білім берудегі белсенділік әдістері (семинар-дискуссия, контекстік білім, оқыту мәселелері және т.б.) студенттердің қызығушылығын арттыру және құнды шешімдер қабылдау барысында іске асырылады. Тәрбиелеуде педагогтар үлкен рөл атқарады. Тәрбиеші білім беру барысында тәрбиенің төмендегідей артықшылықтарын анықтай алады:

- жеке адамның қоғамдық ортадағы адамдарға гуманистік құндылық бағдарының қалыптасуын;
- демократизм және толеранттық қатынасын;
- ұлттық санасы мен ұлттық ойының ерекшелігін;
- жеке адамның креативтік мәнін ашу қабілеттілігін.

Ал бұл – жеке адамды тәрбиелеуде басты қызмет атқаратын қасиеттер жиынтығы. Тәрбие түрінің қайсысында болмасын, тәрбиелеуші бұл қасиеттердің қалыптасуына ерекше мән береді.

7.2. Тәрбие процесі және оның мәні. Тәрбие процесінің ерекшеліктері

Жалпы білім беру мекемелерінің оқу-тәрбие процесі тұтас педагогикалық процесс болып табылады. Педагогика ғылымында тәрбиеге әлеуметтік және педагогикалық тұрғыдан қарайды. Ол туралы біз жоғарыда айтып кеткенбіз. Біз оның құрылымдық компоненттеріне жекелеп тоқтайық.

1. Тұлға қалыптастырудағы мақсатты бағыт жүйесі, яғни іс-әрекеттің мақсаты болғанда ғана ол тәрбие процесі бола алады.

2. Арнайы ұйымдастырылған тәрбие жүйесі. Демек, тәрбие жүйесінде бір ғана әдісті пайдалану мүмкін емес, бірін-бірі толықтырып отыратын бірнеше әдіс-тәсілдер арқылы нәтижеге жету.

3. Тәрбиеленуші мен тәрбиешінің өзара байланыстылығы. Мұнда тәрбиеші мен тәрбиеленушінің кері байланысынсыз нәтиженің болмайтындығы анық. Сондықтан да тәрбие процесінде ол екеуінің арасында ізгілікті, сыйласымдылық қарым-қатынастың болуы шарт. Тәрбие процесінің мәні педагогикалық жағдаяттардың шешімін табуға және оның себептерін айқындауға тікелей байланысты. Яғни педагогикалық іс-әрекеттің нәтижелілігі тәрбие процесі мен оның салаларын дұрыс ажыратып, сол тұрғыдан әрекет етуге тәуелді. Қазіргі таңда бұл мәселе төмендегідей жіктеледі:

- Педагогикалық диагностика, яғни тәрбиеленушінің тәрбиелілік деңгейін анықтап, соған сай үйлесімді тәрбие процесін іске асыру міндеттерін айқындау.

- Бағыт-бағдарлы жоба құру. Тәрбиені іске асыруды жоспарлай отырып, оның мазмұнын, формасын, әдістерін анықтау.

- Ұйымдастырушылық, яғни жоспарланған іс-әрекетті іске асырудың тәсілдерін, жүргізілу жолдарын белгілеу.

- Нәтижені бақылау және бағалау. Тәрбие процесінің іске асырылуын бақылай отырып, нәтижесін бағалау.

Ал тәрбие процесінің ерекшеліктеріне келер болсақ, жоғарыда айтып өткендей, тәрбие мен оқыту – өзара байланысты тұтас іске асырылатын процесс. Бірақ олардың іске асырылуындағы ұқсастықпен қатар айырмашылықтар да бар. Алдымен ұқсастығына тоқталар болсақ:

- тәрбие процесі құрамына оқытудың элементтері енеді, мысалға белгілі бір ережені орындауды талап етпестен бұрын, оны орындауға үйрету қажет;

- оқыту процесі оқытушы мен оқушы қарым-қатынасын ұйымдастырудан тұратын болса, іс-әрекет барысында оқытушы тәрбиелеушілік қызметті де атқарады;

- оқыту мен тәрбиелеу процесінде бірдей әдістер қолданылады (түсіндіру, бақылау, т.б.).

Екеуінің айырмашылығы: оқыту барысында әр түрлі ғылымдардың негізін меңгерту көзделсе, тәрбие процесінде оның жеке қасиеттерін қалыптастыру көзделеді.

Сонымен тәрбие процесінің сипаты:

- мақсатты бағытталуы (мақсат нақты, анық болса, нәтиже де тиімді);

- мақсаттың бірлігі (тәрбиеленуші мен тәрбиешінің қызмет-тестік көрсеткіші);

- ұзақтылығы (нәтиже оқыту процесіндегідей бірден көрінбейді);

- көп факторлылығы (тұлғаға жағымды, жағымсыз көптеген факторлар әсер етеді);

- тәрбие процесінің үздіксіздігі (бір рет іске асыру деген мүлдем болмайды);

- кешенділігі (мақсат, міндет, мазмұн, әдіс түрлерінің тұтастығы);

- вариативтілігі (тәрбиеленуші жеке ерекшеліктерімен, әлеуметтік тәжірибесімен ерекшеленеді);

- қарама-қайшылығы (тәрбиенің қозғаушы күші).

Қорыта келе, өзіміз көріп отырғандай, оқыту мен тәрбие тұтас процесс болғанымен, олардың өзіндік ерекшеліктері де бар.

7.3. Өзін-өзі тәрбиелеу және қайта тәрбиелеу

Тәрбие мақсатының педагогикалық процесс пен қоғам қажеттілігіне қарай өзгеріп отыратыны баршамызға мәлім. Қоғам мүшелерінің бәрінде ортақ, бірегей мінез-құлық, қасиет болмайды. Адамдар тұлға ретінде өзіндік жеке ерекшеліктерімен дүниеге

келмейді. Әрбір адамның жеке тұлға ретінде қалыптастырылып, тәрбиеленуі оның өзіндік іс-әрекеттеріне де тікелей байланысты. Ол үшін әрбір адам өзін-өзі үнемі жетілдіріп, тәрбиелеп отыруы тиіс. Біз тақырыпқа байланысты алдымен өзін-өзі тәрбиелеу мәселесін қарастырайық. Өзін-өзі тәрбиелеу дегеніміз – адамның өзінің теріс қылықтарын жойып, жағымды қасиеттерін жетілдіруге байланысты саналы, мақсатты іс-әрекеті.

Тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуінде «мен» ұғымының мәні зор. Әрине, тәрбие барысында адамдарды бірдей, инкубаторлық тұрғыдан тәрбиелеу тіпті де дұрыс емес. Біз тәрбие процесін оның баршаға бірдей ерекшеліктерін ескере отырып жүргіземіз. Бірақ оның әрбір жеке тұлға жекелік қасиеттеріне сай қабылдап, бойына сіңіреді. Біз тәрбие процесінде адамдардың өз қоғамына сай тәрбиеленуін басшылыққа аламыз. Көптеген жағдайда адамдар тәрбиесі қоғаммен, ортамен үйлеспей жатады. Мұндай жағдайда әрбір жеке адам өзін-өзі тәрбиелеумен саналы түрде айналысуы тиіс. Бұл процесс педагогикалық процесте өзін-өзі тәрбиелеу процесі деп аталады. Мұның құрамына: өзін-өзі бақылау, өзін-өзі аңғару, өзін-өзі басқару, өзін-өзі бағалау, т.т. жатады.

Ал тәрбиеде белгілі бір себептерге байланысты көлемді ауытқушылықтар болған жағдайда қайта тәрбиелеу процесі іске асырылады. Ол:

- жеке тұлғаның мінез-құлқындағы ауытқушылықтың басты себептерін анықтау;
- тәрбие процесінде туындап отырған мәселелерді айқындау;
- қиындықты жеңу жолдары мен әдіс-тәсілдерін жобалау;
- таңдалып алынған әдістеме ықпалын бақылау;
- жобаланған жоспардың іске асуын қадағалау (тәрбиеленушінің белсенділігін есепке алу);
- таңдалған әдіс нәтиже бермеген жағдайда жаңа әдіс таңдау;
- талап қоюды нақтылау.

Қайта тәрбиелеу процесіне психолог, кейде медицина мамандары да араласа алады. Дұрыс ұйымдастырылған тәрбие процесінің қашанда өз нәтижесін берері хақ.

7.4. Тәрбие заңдылықтары мен принциптері

Тәрбие іс-әрекеті тәрбиенің заңдылықтарын есепке алған жағдайда нәтижелі болады. Сонымен тәрбиенің негізгі заңдылықтары:

1. Тәрбиенің іс-әрекет процесінде іске асу заңдылығы. Тәрбие процесіндегі қарым-қатынастың сипатына байланыстылығы.

2. Тәрбиенің тұлғаның қоғаммен, басқа адамдармен қарым-қатынасына тәуелді болу заңдылығы. Қарым-қатынас жағымсыз болса, тәрбие нәтижесі де төмен болады.

3. Тәрбие мен өмірдің байланысты болу заңдылығы. Өмірден алған тәжірибе ең жақсы тәрбиеші қызметін атқарады.

4. Жеке тұлғаны тәрбиелеу педагогикалық іс-әрекеттің қатар жүру заңдылығына сай іске асырылады. Тәрбиешінің сөзі мен ісінің бірлігі. Тәрбиеленуші тәрбиешінің ақыл-кеңесін өз тәжірибесінен тексереді.

5. Тәрбие мазмұны тәрбиеленушінің өмір сүріп отырған тарихи кезеңіне тәуелді болады. Тәрбие мазмұнын анықтау үшін сол кезеңдегі ғылымның, мәдениеттің жетістіктерін есепке алу керек.

6. Тәрбиенің мазмұны, әдістері, формасы тәрбиеленушінің жас, жыныс және дара ерекшеліктеріне сай жүргізіледі.

7. Тәрбие тәрбиеленушінің тәрбиешіге қарым-қатынасына тәуелді. Бір-біріне деген сенімділігі тәрбиенің нәтижелілігін арттырады.

8. Тәрбие тәрбиешінің кәсіби біліктілігіне тәуелді.

9. Тәрбиенің нәтижелілігі оған қатысушылардың (тәрбиеші, сынып жетекшісі, жоғары оқу орнында куратор, психолог, ата-ана, оқытушылар) іс-әрекеттерін келісіп іске асыруларына да тәуелді.

Өзіміз көріп отырғандай, тәрбие заңдылықтары тәрбие процесінің нәтижесін суреттейді. Тәрбие заңдылықтарымен қатар, принциптерін де тәрбие процесінде ұстану қажет.

Мұндағы тәрбие принциптері дегеніміз – тәрбие процесін жүзеге асыру барысында ұстануға тиісті талаптар. Бұл талаптар, яғни принциптер төмендегідей:

- Тәрбиенің өмірмен, қоғаммен байланыстылығы. Яғни тәрбие қоғам сұранысын есепке алып отыруы тиіс.

- Тәрбиенің міндеттілігі тәжірибеде іске асырылуы тиіс.

- Кешенділік принципі. Тәрбие принциптері тұтастықта жүзеге асырылады.

- Барлық принциптердің тепе-теңдігі. Принциптердің маңыздысы, маңызды емесі болмайды. Барлығын тең түрғыда ұстанады.

- Тәрбиенің ізгілік принципі. Адамдарды құрметтеу, сыйлау, бір-біріне мейірімді бола отырып, талап қоя білу. Өзін басқаның орнына қоя білу.

- Жағымды қасиетке сүйену принципі. Тәрбиеленушінің жағымды қасиетін тауып, соған сүйене отырып тәрбиелеу.

- Тұлға дамуына бағытталу принципі. Барлық тәрбиеленушілердің өзіндік ерекшеліктері бар: жынысы, жас, темпераменті,

жинақтаған тәжірибесі, мінез-күлқы, даралығы. Сондықтан тәрбиеде мұндай ерекшеліктер міндетті түрде ескерілуі қажет.

Сонымен аталған принциптерді тұтас ұстанып, тәрбие процесінде жүзеге асырар болса, тәрбие жұмыстары қажетті нәтиже береді.

7.5. Тәрбие әдістері, құралы және формасы

Тәрбие әдістері дегеніміз – тәрбие мақсатына және нәтиже алуға жетуге байланысты қолданылатын тәсілдер. Мақсатқа әр түрлі жолмен жетуге болады. Тәрбиенің нәтижелілігі таңдаған әдіске тікелей байланысты. Тәрбие әдістері жалпы түрде қарастырылады. Өйткені барлық адамдармен (оқушылармен, студенттермен, үлкендермен, т.б.) тәрбие жұмысы жүргізіледі; барлық бағыттағы (адамгершілік, дене, еңбек, ақыл-ой, т.б.) тәрбие мәселелерін шешуге қолданылады; бірнеше міндеттерді іске асыруда пайдаланылады. Тәжірибеде қолданып жүрген тәрбие әдістерінің:

- сендіру;
- жаттықтыру;
- мадақтау;
- жазалау;
- үлгі көрсету түрлері әдістерді классификациялаудың базалық негізі бола алады.

Сендіру әдісінің негізгі қаруы – сөз, ақпараттандыру, адам санасына әсер ету.

Жаттықтыру әдісі – іс-әрекеттің көп рет қайталануы арқылы қалыпты әдет қалыптастыру.

Мадақтау әдісі – жағымды іс-әрекетін бағалау арқылы жеке адамды белсендендіру. Ол мақтау, сый көрсету, жақтау, алғыс білдіру сипатында іске асырылады.

Жазалау әдісі адамның қатесін түсіндіруге, жауапкершілігін арттыруға бағытталады. Қоғам талабын орындау керектігін үйретеді. Әрине, жазалау әдісіне педагогикалық тұрғыдан денеге зақым келтіру, яғни ұрып-соғу, балағаттау жатпайды.

Үлгі көрсету – сөз бен істің бірлігі. Адам тек сөзімен ғана емес, ісімен тәрбиеленушіге үлгі-өнеге көрсетуі тиіс.

Ал тәрбие құралына келер болсақ, ол – әлеуметтік тәжірибе жиынтығы. Мақсатты шешу барысында тәрбиеленушіге әсер ететін нәрсенің барлығы тәрбие құралы бола алады. Бірақ тәрбие құралдары нақты тазалық, эстетикалық, экономикалық, этикалық,

құқықтық талаптарға жауап беруі тиіс. Әдістер мен құралдардың жиынтығы тәрбие формасын анықтайды. Қазіргі кездегі энциклопедиялар мен сөздіктерде «форма» ұғымының бірнеше мағынасы берілген: ол – тәрбие процесінің ішкі көрінісі; тәрбие жұмыстарының ішкі көріністерін сипаттайтын тәрбие құралдары мен ұйымдастыру тәсілдерінің жиынтығы; тәрбиеленушінің жеке және ұжымдық іс-әрекетінің ұйымдастырылуы. Сонымен форма дегеніміз – тәрбиелеу процесіндегі тәрбиеші мен тәрбиеленушінің қарым-қатынас бейнесі.

Тәрбие жұмыстарының формасы төмендегідей қызметтерді атқарады:

- ұйымдастырушылық;
- реттеушілік;
- ақпараттандырушылық.

Тәрбие жұмысының формасы уақыт мерзіміне, тәрбиеленушінің іс-әрекет түріне (оқу, еңбек, спорт, көркем сурет), педагог ықпалына, ұйымдастырушы субъектілерге (оқытушы, тәрбиелеуші, ата-ана), нәтижеге, қатысушылардың санына байланысты сипатталады және басқа формадан ажыратылады. Мысалы, санына байланысты жеке, топтық, ұжымдық болып бөлінеді. Тәрбие жұмыстарының мазмұнына сай тәрбие формасы таңдалады және жүргізіледі.

7.6. Жоғары оқу орындарындағы тәрбие жұмыстарының жүйесі

Білім беруді адамның әлеуметтік тұрғыдан есеюі және өзіндік даму процесі ретінде қарастырап болсақ, алдымен, адамның әлеуметтенуі, сонан кейін студенттерге әсер етудің арнайы ұйымдастырылған жүйесі.

Жастардың көпшілігінің тәрбие деңгейінің төмендігі, олардың жеке басының өзіншілдігі, рухани жұтаңдығы, саясаттан алшақтығы қоғам бейнесінен көрініс береді.

Тәрбие барысында жоғары оқу орындарының студенттерінің жоғары мәдениетінің қалыптасуына және болашақ мамандардың әлеуметтік және мәдени біліктілігінің дамуына, олардың маман, азамат ретінде қалыптасуына әсер ететін ортаны құрастыру көзделеді.

Жоғары білімді азаматтардың мәдениеті дегеніміз – әрбір жеке тұлғаның оңтайлы жоба құруға бағытталған ақыл-ойының жетілуі,

жағымды қарым-қатынасы, азаматтық жауапкершілігі, адамгершілік құндылық қасиеттерінің маман тұлғасынан көрініс беруі.

Жоғары мәдениеттің құрамдас бөліктеріне:

- адамның рухани-дүниеге көзқарастық бағыттары: қажеттіліктері, қызығушылықтары, әрекет себептері, құндылық бағдарларының жоғары шығармашылық еңбекке бағытталуы;

- Қазақстанда, әлемдік қауымдастықта өз әлеуеті негізінде экономикалық дамуға және басымды жағдайға тұлғаны бағыттайтын ұлттық қасиет, патриотизм;

- рухани-адамгершілік және материалдық мәдениет құндылықтарын меңгеру: іргелі ғылымдар саласындағы танымдық мәдениет; экономикалық, азаматтық, саяси, құқықтық, дене, экологиялық мәдениет және негізгі өнерлерін жатқызуға болады.

Жоғары мектептегі тәрбие жұмысының бағыттары рухани-адамгершілік, қоғамдық-саяси және құқықтық, патриоттық және ұлтаралық, мәдени-эстетикалық және этномәдени, парасаттылық, ақыл-ой, ғылыми зерттеушілік, экологиялық, экономикалық, салауатты өмір салты тұрғысында іске асырылады. Оларды қысқаша қарастырып көрелік.

Рухани адамгершілік. Маманның рухани-адамгершілік мәдениеті оның жеке тұлға ретіндегі табысты түрде өз іс-әрекеттерінде іске асырылатын әлеуметтік мәні бар қасиеттер жүйесінің жетілуінен және дамуынан көрінеді. ЖОО осы бағытта мақсатты, жоспарлы тұрғыдан мамандардың адамгершілік бейнесі мен дүниеге көзқарасын қалыптастырады.

Қоғамдық-саяси және құқықтық. Маманның қоғамдық-саяси және құқықтық мәдениеті оның өмірге белсенді көзқарасымен, идеялық-саяси көзқарастары мен сенімдерімен, Қазақстан Республикасының заңдары мен заң актыларын білуімен сипатталады. Осы мақсатта студенттермен оларға қоғамдық өмір туралы, оның дамуы туралы, қазіргі заманның күрделі мәселелерін түсіндіруге, саяси мәдениет қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар (дәрістер, әңгімелер, кештер және т.б.) жүргізілуі тиіс.

Патриоттық және ұлтаралық. Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпыұлттық санасын, отанға сүйіспеншілігін қалыптастыру, мемлекеттік рәмізді, тілді құрметтеуге, толеранттыққа тәрбиелеу көзделеді.

Мәдени-эстетикалық және этномәдени. Бұл бағытта жеке тұлға бойына қажетті мәдени құндылықтар ақпарат жүйелері, кітапханалар, жетекші мамандар, барлық саладағы оқытушылар

арқылы сіңіріледі. Сондай-ақ, маңызды іс-әрекет педагог мамандардың оқудан тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруы арқылы жүзеге асырылады.

Парасаттылық. Бұл тәрбиенің мазмұнына адамның бүкіл танымдық қызметтерін дамыту арқылы парасатты дамыту енеді: түйсік, қабылдау, ес, ойлау, қиял, сөйлеу сияқты психикалық процестер; тәрбиешілердің жеке парасаттылық қабілеттерін және танымдық мүмкіндіктерін дамыту; студенттердің санасын оның шығармашылық әлеуетін қалыптастыру.

Ақыл-ой тәрбиесі. Білім алу мен оқыту арқылы іске асырылады. (пікірсайыс, ойын, дебат және т.б.)

Ғылыми-зерттеушілік. Алдымен студенттер теориялық білімдерін практикада қолдануға машықтанады. Оқу барысында олар ғылыми-зерттеу жұмыстарын іске асырады. Студенттерді ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу арқылы олардың ғылыми-зерттеу мәдениеті қалыптасады.

Экологиялық. Экологиялық тәрбие саласында жалпы ақпараттандыру мен студенттердің техникалық білім алуымен қатар қоршаған ортаны қорғауды басқару және экологиялық саясатты жасау мен оған белсене қатысу саласындағы түрлі оқуларды іске асыруға баса көңіл аударылады.

Экономикалық. Экономикалық тәрбие жүйесі студенттердің екінші кезектегі жұмыспен қамтамасыз етуге жәрдемдесу, ЖОО қызметіндегі жұмыс орнын анықтау, кәсіпкерлік және коммерциялық әрекеттерді дамыту, жастардың коммерциялық бірлестіктерін ұйымдастыру бағытында жүргізіледі.

Салауатты өмір салты. Студенттердің денсаулығының кепілі де салауатты өмір салтын ұстануларынан басталады. Қоғамда дені сау адамды тәрбиелеуде бұл тәрбиенің орны ерекше. Ол белгілі орындарда, яғни спорт алаңдарында, сауықтыру орындарында іске асырылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Тәрбие процесін түсіндіріңіз.
2. Тәрбиенің әлеуметтік мәні неде?
3. Тәрбие заңдылықтарын сипаттаңыз.
4. Тәрбие принциптерін атап көрсетіңіз.
5. Тәрбие әдістерін сипаттаңыз.
6. Тәрбие құралына не жатады?
7. Өзін-өзі тәрбиелеу және қайта тәрбиелеуді түсіндіріңіз.

СОӨЖ-дің тапсырмалары:

1. Белгілі бір педагогикалық ситуацияға тәрбие әдісін, құралын, формасын таңданыз.

2. Берілген анықтамаларды басшылыққа ала отырып, өзіндік тұрғыдан анықтама беріңіз.
3. Тәрбие процесіне сызба құрыңыз.
4. Әдебиеттерге талдау жасаңыз.

Реферат тақырыптары:

1. Қазіргі кездегі тәрбиенің мәні.
2. Тұлға қалыптастырудағы тәрбие әдістерінің алатын орны.
3. Тәрбие заңдылықтары мен принциптері.
4. Өзін-өзі тәрбиелеу.
5. Қайта тәрбиелеу.
6. Тәрбие формасы.

Әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Педагогика/ Под ред. В.А.Сластенина. – М., 2000.
2. Педагогика и психология высшей школы. - Ростов., 1998.
3. Қоянбаев Ж.Б. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1992.
4. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1993.
5. Смирнов В.И. Общая педагогика. – Москва, 1999.
6. Дайрабаев Е., Дайрабаева А. Педагогика пәнінің негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2005.
7. Вайндорф-Сысоева М.Е., Крившенко Л.П. Педагогика. - М., 2005.
8. Богословский В.В. Педагогика. – Алматы, 1992.
9. Әл-Фараби атындағы университеттің тәрбие тұжырымдамасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2001.
10. Щербачев А.И. Психологические основы формирования личности. – М., 1967.

Қосымша:

1. Современная западная социология: Словарь. – М., 1990.
2. Кон И.С. Психология юношеского возраста. – М., 1979.
3. Сергеев Б. Кызыкты физиология. – Қайнар, 1982.
4. Ә.Т.Табылдиев Халық тағылымы. – Алматы, 1992.
5. Қоянбаев Ж.Б. Педагогиканы оқытудың кейбір мәселелері. – Алматы, 1978.

8-дәріс. ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНІҢ МАЗМҰНЫ

*Тегінде адам баласы адам баласынан
ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады.
Одан басқалардан оздым демектің бәрі де ақымақшылдық*
Абай

Мақсаты: жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде жеке тұлғаның құндылық бағдарын айқындау, сонымен қатар студенттерді адамгершілік және имандылық тәрбиесінің теориялық негізімен және жеке адам қалыптастырудағы маңызымен таныстыру.

Міндеттері:

1. Жалпы адамзаттық құндылықтар мен жеке тұлғаның құндылық бағдарын айқындау.
2. Адамгершілік тәрбиесінің мәнін ашу және адамгершілік қасиеттерді жастардың бойына сіңіруге мүмкіндіктер туғызу.
3. Иmandылық идеяларының дамуын көрсету, “Иmandылық” ұғымын ғылыми түрғыдан негіздеу; ХІХ ғ. екінші жартысындағы ағартушылар мұраларындағы имандылық идеяларымен таныстыру.
4. Экономикалық, құқықтық тәрбие мазмұнымен таныстыру.

Жоспары:

1. Жалпы адамзаттық құндылықтар. Жеке тұлға және оның құндылық бағдары.
2. Адамгершілік тәрбиесі және оның мазмұны.
3. Иmandылық тәрбиесінің қоғамдық мәні.
4. Білім берудегі экономикалық тәрбие.
5. Құқықтық білім және тәрбие.

Негізгі ұғымдар: адамгершілік, құндылық, құндылық бағдар, имандылық, иман, ізгі қасиеттер, рухани жазба мұралар, экономикалық тәрбие, құқықтық тәрбие.

8.1. Жалпы адамзаттық құндылықтар. Жеке тұлға және оның құндылық бағыттары

Жалпы адамзаттық құндылық бағыттары адамның мінез-құлқының ең маңызды қозғаушы күші болып табылады және оның іс-әрекетінің себеп-салдарын анықтайды. Құндылық бағыттары субъектінің іс-әрекетінің мотивін анықтайтын болғандықтан, олар сол іс-әрекетті таңдау мен оның жүзеге асу барысына да әсер етеді.

Осылайша құндылық бағыттары адам, оның қажеттіліктері мен қоршаған ортасы арасындағы байланыстырушы буын ретінде сипатталады. Яғни, жеке тұлғаның құндылық бағыттарының әлеуметтік-этикалық мазмұнын қамтамасыз ететін іс-әрекеттің алуан түрлерінің интеграциясы, факторы болып табылады.

Жеке тұлғаның құндылық бағыттарын оның дүниетанымымен байланыстыруға болады. Өйткені, жеке тұлғаның құндылық деңгейі оның дүниетанымына тікелей байланысты. Дүниетаным ұғымының түбірі – дүние. “Дүние” араб тілінен аударғанда өмір, тіршілік сөздерінің мәнін береді. Ал жалпы алғанда оны қоршаған орта, табиғат, әлем ретінде қабылдауға болады. Дүниетанымның екінші құрамы – “таным” ұғымы. “Таным” – философиялық ұғым, ол қоршаған ортадағы материалдық шындықтың адам санасында бейнеленуін көрсетеді. “Дүниетаным – философия және сол сияқты ол да бүтінге, жан-жақтыға, соңғыға, ақырғыға қарай бет алады, ол тек космос туралы білімдерден ғана емес, сонымен қатар бағалаудан, субординацияға ұшыраған құндылықтардан, өмір формаларынан тұрады” (Г. Мейер). Философияның өзі де – дүниетаным, яғни бүтіндей дүниеге, адамның осы дүниеге қатынасына деген көзқарастар жиынтығы.

Көптеген ғалымдар (В.Т.Афанасьев, Л.П.Буюева, В.В.Журавлев, А.Н.Леонтьев, В.П.Тугаринов, Ә.Нысанбаев, Ж.Әбділдин, М.Орынбеков, т.б.) дүниетаным мәселесін әр түрлі аспектіде қарастырып, оны қоғамдық сананы саралау тұрғысынан зерттеу қажеттігін ескерткен. Дүниетанымға қысқаша энциклопедияда “жеке адам және оның қоғамдағы орны, сана-сезімдік қалпы туралы ұғымдардың жиынтығы” деген анықтама берілген. Яғни ол сана ядросы ретінде сипат алады. Дүниетаным адамдардың іс-әрекетінің ерекшелігін анықтайтын өмір принциптерінен тұрады және болмысты тану әдісі ретінде қабылданады. Дүниетаным ұғымына кеңірек тоқталар болсақ, ол – дүниеге нақты тарихи маңызы бар көзқарастың, табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтарына, өмірдің әлеуметтік-экономикалық құрылысына, адамның белсенді өмір көзқарастарын анықтайтын қоғамдық-саяси қатынастар жүйесіне қатысты ғылыми негізделген сенімдердің органикалық бірлігі, тұтастығы. Ал ғылыми дүниетаным – қоғамдық сананың ең жалпы және жоғарғы формасы. Дүниетаным негізінде дүниеге көзқарас, демек дүние туралы белгілі бір білімдердің жиынтығы топтастырылған. Дүниетаным түрлі білімдерді игеру процесінің және күнделікті көзқарастарды меңгерудің нәтижесінде қалыптасады,

сонымен қатар қоғамның жаңаруы, қоғамдық білім және жаратылыстану ғылымдарының дамуы нәтижесінде жетіледі. Жаңа ғылыми фактылар, қоғамдық білім және жаратылыстану ғылымдарының жаңалықтары, өмірді жаңартудың жаңа қоғамдық тәжірибесі қалыптасқан көзқарастар мен ойлау стереотиптерін толықтырып, нақтылайды және өзгеріске ұшыратады.

Адамның дүниетанымдық көзқарасы оның тікелей өмірлік тәжірибесінен бастау алады және соған негізделеді. Жеке тұлғаның дүниетанымдығы онда өмір үндестігі мен қарама-қайшылығы көрініс тапқан кезде ғана әсерлі және тиімді болып келеді.

Жеке тұлғаның дүниетанымдығы, дүниетанымдық білімдер мен сенімдер дүниетанымдық көзқарастардың кең көлемге ие болуы және тереңдеуі қажеттігінен тұрады. Ал қажеттілік дүниетаным сапасы ретінде сипат алады. Сенім мен арман-мұрат жеке тұлғаның дүниетанымдығының тағы бір элементінің негізін құрайды, ол – қызмет-әрекеттің бағыты мен дүниеге деген қатынасты айқындайтын жалпы принциптер. Ең соңғы дүниетаным элементі – дүниетанымдық сенім, принциптер мен арман-мұраттарға сәйкес қызмет-әрекет етуге деген эмоционалды-жігерлі даярлық.

Жеке тұлғаның дүниетанымдық тұрғыдан даму мәселесін жетілдіруді психология ғылымы айқындайды. Жалпыадамзаттық құндылықтардың тұлғаны қалыптастырудың негізі екендігі ғылымда дәлелденген.

Жеке тұлғаның дүниетанымдығы – ақиқаттың жалпы көрінісінің жоғарғы деңгейімен суреттелетін әлеуметтік мәдениет пен интеллектуалды және эмоционалды-жігер сипаттарын топтастыратын феномен. Яғни жеке тұлғаның дүниетанымдығы жалпы қорытындыланған білімдер мен оларды пайдалану біліктілігі, олардың ақиқаттығы мен нәтижелілігіне деген сенім, нұсқауларды қажет ету, жалпылама принциптер мен арман-мұраттар, қызмет-әрекетке деген даярлық сияқты компоненттер өзара байланысты болып келеді.

Л.И.Божовичтің тұжырымдауынша, жеке тұлғаның дүниетанымдығы – біршама кешіктіріліп келетін құбылыс, ол адамның жеткіншек шағында пайда болады, оның қалыптасуы негізі жалпы тәрбиелілік бағыттылық, дүниетану мен дүниені сезіну жүйесі ретінде көрініс береді.

Ал Б.Г.Ананьевтің пайымдауынша, қалыптасып келе жатқан жеке тұлғаның өзіне деген қатынасының қалыптасуы, жеке тұлғаның басқа қасиеттерімен салыстырғанда, ең соңғысы болып табылады.

Ал құндылық бағыттары – жеке тұлғаға қатысты ішкі және сыртқы арақатынастың түрлі деңгейі мен формаларынан тұратын, жеке тұлғаның қоршаған дүниені, өзінің өткен өмірін, бүгінгісі мен болашағын, сондай-ақ өзіндік “Мен” деген сезімнің мәнін ұғынудың ерекше формалары; жеке тұлға дамуының когни-тивті, эмоциялық-себеп-салдарлы және тәрбиелілік саласының бірлігі мен арақатынасын білдіретін интегралды жеке тұлғалық қасиет. Құндылық бағыттары – адамгершілік сананың өте тиянақты және терең көрінісі, ол тек жекелеген іс-қылықтар мен оның себеп-салдарында ғана емес, мінез-құлық пен іс-әрекеттің бүкіл барысында көрініп, сананың жалпы бағыттылығында жеке тұлғаның бастапқы өнегелілік ұстанымын іске асырады. Мақсат пен міндеттерге сәйкес барлық тәрбиелік ықпалдардан тұратын болғандықтан, құндылық бағыттар – жеке тұлғаның тәрбиелілігінің интегралды көрсеткіші.

Құндылықтың пайда болуы адамдардың қажеттілігін қанағаттандыратын іс-әрекетпен байланысты. Құндылық іс-әрекеттің мақсаты ретінде іске асырылады. Философия ғылымында құндылықты қоғамның тарихи құбылысы, субъект пен объектің іс жүзінде өзара әрекеттесу кезеңі деп қарастырады. Құндылық адам мен оның қажеттілігінің қоршаған ортамен арасындағы байланыстырушы буын ретінде рөл атқарады. Олай болса, адамға қатысты және оған пайда әкелетін, адам қоғамының дұрыс бағытта дамуына және жеке тұлғаның толық жетілуіне әсер ететін себептердің бәрі құндылықтар болып табылады.

Психологтар “құндылық” ұғымының жеке адамдарға қатысты жеке мәнін сипаттауға тоқталады. Сонымен “құндылық дегеніміз – тарихи айқындалған қоғамның немесе топтың адамдарына шындық, мақсат және идеал ретінде пайдалы және қажетті құбылыстардың, қасиеттердің, табиғат пен қоғамдық құбыластардың түйіні. Құндылық – тек өмірдегі бар нәрсе емес, оны жүзеге асыру, ол үшін күресу қажеттілігі. “Құндылық” ұғымын көптеген авторлар айқындалған қасиеттерді бөліп шығару арқылы сипаттайды. Маңыздылық, пайдалылық, сүйкімділік, абырой сияқты қасиеттердің айқындалатындығын түсіндіреді.

Кейбір зерттеушілер құндылықты адамның мінез-құлқында көрінетін жалпы әлеуметтік бағыттылық деп түсіндірсе, тағы бір зерттеушілер оны жеке тұлғаның қандай да бір әлеуметтік құндылықтарға субъективті қатынасы ретінде қарастырады.

Д.Н.Узнадзе құндылық бағыттарды, бір жағынан, құбылыстардың белгілі бір семантикалық сипаттамасының, объектінің субъект үшін маңыздылығының санада көрініс тауып, санада бекемделу формалары ретінде қарастырса, екінші жағынан, іс-әрекетке әзірлік формасы ретінде, тиісті жағдайларда жүзеге асатын сана мен іс-әрекет процестерінің бірлігі ретінде қарастырады.

Дүниетаным дүние туралы жалпы мағлұматтардың жиынтығы ғана емес, сонымен қатар қоғамның саналы мақсат-мүдделері мен адамгершілік, әлеуметтік, гуманистік құндылықтарды – өмірдегі мінез-құлықтың бағытын таңдауы, оның қоғам мен өз-өзіне деген жауапкершілікті қатынасын анықтауы. Дүниетанымдағы құндылық бағдар – сананың қайнар бұлағы, ол адамның мәдениетті, өркениетті қалыптасуынан және оны дамытуға талпынған іс-әрекетінен көрінеді.

8.2. Адамгершілік тәрбиесі және оның мазмұны

Келешектің жас ұрпақтың үлесі екеніне ешкім дау айтпас, бірақ олардың келешегі ақпараттық технологияның, ғаламдануға кірігу заманы екенін ұмытпағанымыз дұрыс. Сондықтан да болашақ ел иелерін өз және келешек замандарында өмір сүре алатындай білім беріп, тәрбиелеу қажеттігі де – талқыға салынбайтын мәселелердің бірі. Еліміздің тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуының сипаты халықтың рухани, адамгершілік, имандылық көзқарасына, жастар арасындағы білім мен тәрбиеге байланысты.

Жастарды адамгершілікке тәрбиелеу дегеніміз – олардың бойында болуға қажетті ізгі қасиеттерді сіңіру. Бұл ұғымға педагогикалық энциклопедияда: “Адамгершілік – мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін қалыптастыру, адамгершілік сезімдерді дамыту, моральдық сананы мақсатты бағытталған түрде қалыптастыру немесе мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді, мінез білімдерін, моральдық қасиеттерді қалыптастыру процесі” деп анықтама берілген болса, Қазақ педагогикалық энциклопедия сөздігінде: “Адамгершілік тәрбиесі – мақсатқа негізделген көзқарасты, сенімді, парасатты, мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін қалыптастыруға және адамгершілік сезімді, ұлттық сананы, қарым-қатынасты дамытуға бағытталған жалпы адамзаттық тәрбиенің құрамдас бөлігі” деген анықтама беріледі. Яғни адамгершілік тәрбиесі тәлім-тәрбиенің ықпалды әсерімен моральдық сананы қалыптастырудың, этикалық білімділікті, адамгершілік сезімді дамытудың сара жолы болады деген қорытынды жасауға болады. Бұл тәрбие адамдардың

адамгершілік нормалар мен ережелерді меңгеруіне, олардың бойында адамгершілік мінез-құлық дағдылар мен әдеттерді, іскерліктерді сіңіруге бағытталған педагогикалық процесс ретінде көрініс береді. Негізінен алғанда, адамгершілік тәрбиесін үш түрлі – функционалдық-әлеуметтік, теориялық және практикалық салада қарастырған дұрыс. Адамгершілік тәрбиенің әлеуметтік қызметі болашақ ұрпаққа жинақталған тәжірибені жеткізу болса, теориялық аспектісі білім саласын теориялық жағынан дамытуды қамтамасыз ету болып табылады. Ал оның практикалық қызметіне адамгершілік тәрбиесі бойынша жұмыс мазмұны мен әдістемесін жетілдіруді жатқызуға болады.

Философиялық сөздікте: адамгершілік адамдардың оқиғаларға баға беріп, өзінің мінез-құлық бағытын таңдауына, моральдық ұғым-дарға, әр түрлі құбылыстарға байланысты олардың бастан кешіре-тін мақұлдау немесе айыптау сезіміне негіз болады деген тұжырым жасалған. Қазақ Ұлттық энциклопедиясында: “адамгершілік – адам бойындағы гуманистік құндылық, әдеп ұғымы (кісілік, ізгілік, имандылық тәрізді ұғымдармен мәнделес)” деген түсінік беріледі. Қазақ тілінің сөздігінде: “адамгершілік тәрбиесі – ізгілікке, инабаттылыққа баулудың жолы” деп түсіндіреді.

Л.И.Божович адамгершіліктің қалыптасуы адамгершіліктің дамудың өзіндік сапалық нормаларының жетілуіне біртіндеп айналуы деп есептеген және адам қабілетінің сыртқы мінез-құлыққа емес, ішкі мінез-құлыққа бағдарлануы адамгершілік дамуының ең жоғарғы деңгейі болып табылады деген өз ойын білдіреді.

Конт “адамгершілік – адамдармен қарым-қатынас жасағаннан пайда болатын игілік сезімі, бір жағынан, жалпы тілектестік-ниеттестік сезімі, ал екінші жағынан, адамдармен іштей және жалпы түрде қатынас жасау мүмкіндігі, адамзатты жануарлардан ерекшелендіретін, тек адамға ғана тән қасиеттер жиынтығы” деп түсіндірсе, А.С.Макаренко адамгершілік мәселесін мектеппен байланыстырып, “...мектеп қай заман өзгерісі болмасын, өз ұрпағын оң шешімдер қабылдап, өз қылығын саралай білетін және басқалардың да дұрыс мінез-құлық танытуын талап ететін, белсенді қоғам мүшелерін тәрбиелеп шығаруы тиіс” – деп тұжырым жасағанда адамгершілік тәрбиесінің тұлға қалыптастыруда белсенділік көрсететінін атап өтеді.

Педагог В.А.Сухомлинский еңбектерінде адамгершілік тәрбиесін беруде теория мен практиканы бірлікте қарастыру керектігіне мән берген және адалдық, адамгершілік сезімдерін тәрбиелеу процесінің

негізін айқындайтын теориялық ереже ұсына отырып, адамның адамгершілік қасиетінің көрінісі мейірімді, қайырымды, кішіпейіл болу, адамдарға деген сүйіспеншілік, адамдарды сыйлау, адамдардың жан күйзелісін түсіне білу, сондай-ақ қуанышын бөлісе білу, т.б. деп атап көрсетеді.

Ал Ж.Аймауытовтың “Психология” атты оқулығында берілген “дәрігер адамның денесін сауықтыратын болса, тәрбиеші адамның ақылын, мінезін, жанын сауықтырады” деген тұжырымы – адамның жаны мен тәнінің таза болу қағидасы адамгершілік тәрбиесінің нәрі іспеттес. Адамгершілік тәрбиесі мәселелері психологтардың (Б.Г.Ананьев, Л.И.Божович, П.М.Якобсон, т.б.) зерттеулерінде де қарастырылды. Олардың пайымдауынша, адамгершілік тәрбиесі құрылымында адамдарға тек әлеуметтік талап қана емес, сонымен қатар психологиялық талаптар да қойылуы тиіс. Психолог ғалым Б.Г.Ананьевтің “тәрбие мақсаттары, әсіресе жеке тұлғаның адамгершілігін дамыту мақсаты адамның ішкі күшқуатының көптүрлілігіне сай келетін тәрбиелеу жүйесі арқылы ғана жүзеге асады” деген ойын адамгершілік тәрбиесінің қоғамдық іс атқаратындығының кепілі ретінде қабылдауға болады.

Ал П.М.Якобсон болса, адамгершілікті жеке тұлғаның бағыттылығы ретінде зерттеп, оның мынадай салаларында көрініс беретінін айтады:

- жеке тұлға қызығушылықтарының ерекшеліктерінде;
- адамның алдына қоятын мақсаттарының ерекшеліктерінде;
- жеке тұлғаның бағдарында, яғни әлеуметтік және жеке өмірінің маңызды құбылыстарына қатынасында.

Адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру жүйесінде адамгершілік әдеттер мен адамгершілік мінез-құлық маңызды орын алады. Әдет – адамның қажеттілігіне айналып, кез келген жағдайларда іске асырылатын тұрақты мінез-құлық түрі. Қоғам үшін құнды адамгершілік әдеттерді қалыптастыру оқушының адамгершілік нормаларын ұғынуын және өзінің ішкі түрткілерін, мотивтері мен сезімдерін саралауын қажет етеді. Оқушының адамгершілік мінез-құлқы оның қоғамға, адамдарға, өзіне, дүниеге және табиғатқа деген қатынастарын сипаттайтын қылықтарынан, сонымен бірге тұрақтылыққа, орнықтылыққа апаратын адамгершілік әдеттерінен тұрады. Б.Т.Лихачевтің пайымдауынша, адамгершілікте барлық иман жүзді адамдарға тән ортақ рухани бастама бар, оның өзі өмір сүру принциптерінде көрініс табады, олардың негізгілері ретінде автор мыналарды бөліп көрсетеді: сенімділік, адамгершілік шешімдер

қабылдау және оны іске асыру әрекетін таңдау бостандығы, рухани және әлеуметтік жауапкершілікті тұлға ретінде өзіне деген адалдығы, адамгершілікке, имандылыққа жат келеңсіз қылықтарға белсенді рухани қарсылық, өмір шындығы негізінде құндылықтарды қайта өзгерту қабілеттілігі, басқаша айтқанда, адамгершілік ойлаудың икемділігі, оралымдылығы, адамдар арасында рухани бастаманы кең өрістетудің жалғыз құралы ретінде ұжымдыққа ұмтылу. Адамгершілік мәнін осы тұрғыдан қарастырсақ, нағыз адамгершілігі бар адам деп ресми моральдық нормалармен шектелетіндерді емес, адамгершілік принциптеріне сай адам болып, олардың орнығуы үшін өзіне де, сыртқы кедергілерге де төтеп бере алатын адамдар тобын жатқызуға болады.

Я.А.Коменский де адамгершілік мәселелерден сырт қалмаған, ол өзінің “Ұлы дидактика” және “Ана мектебі” еңбектерінде бұл мәселені кеңінен талдаған. Я.А.Коменский адамгершіліктің ең маңызды белгісі деп: дінді, гуманизм мәдениетінің ережесін жатқызды. Ізгілікті Я.А.Коменский жанның күші, сабырлылық, әділдік, мейірбандық, жомарттық, адамдарға жақсылық жасау дайындығы, шыншылдық, сыйластық деп түсінді. Мәдениет ережесіне тазалықты, сыпайылықты, әсемдікті және үлгі болуды жинақтады. Я.Коменский адамгершілік тәрбиесінің толық жүйесін іске асырды. Осы құралдардың арасында ең бастысы ата-ана, мұғалімдер, достар деп санады. Олар әр кез балаға дұрыс жол көрсетіп отыру қажет деді және балалардың өмірлік жолын түзеп, мысалдар келтіру арқылы өз тәрбиесінен үлгі көрсетуі, өзін-өзі дамытуда көмек көрсетуі тиіс деді. Сонымен қатар балаларды қоршаған жаман ортадан, жаман әңгіме-айтыстардан, іс-әрекеттерден, мақсатсыз уақыт өткізуден сақтауға және баланы ұрып-соғып тәрбиелеуден аулақ болуға кеңес береді.

Д.Локк болса адамгершілікке тәрбиелеу үшін мынадай принциптерге сүйенудің қажеттігіне тоқталады: табиғи ақылдылық, қаталдық пен балаға деген сүйіспеншіліктің болуы, дарындылық пен қызығушылығын танып, бағыт беру. Сонымен қатар Д.Локк баладағы жаман әдеттердің пайда болғанының, қайдан шыққанының себебін іздеу, өтірік айту себептерін терең ұғыну керек, тек сонан кейін тәрбие мәселесіне кірісу қажет деген ойын білдіреді.

Ж.Ж.Руссо ойынша, тәрбие үш фактордың ықпалы арқылы жүреді: табиғат, адамдар және заттар. Өмір сүруді үйрету, адам болу – педагогиканың негізгі принципі, оған рухани-адамгершілікті, жанашырлықты, сыйлаушылықты, еркіндікті, еңбексүйшілікті

қосады. Ал Ж.Ж.Руссоның тәрбие принципі – адамгершілік және еркіндік. Оның ойынша, бала әрқашан да өз іс-әрекеттерінде еркіндікті сезінуі тиіс. Оның талаптарын ол талап қойып жатқандықтан емес, оған керек болып жатқандықтан орындау керек, яғни адамгершілік тәрбиесі – ол жүрек тәрбиесі, сезім, эмоция, жақсылыққа деген сүйіспеншілік, адамгершілік тәрбиесінің қасиеті ретінде Ж.Ж.Руссо адамдармен араласуды айтады.

Егер Я.А.Коменский “адамгершілік – тәлім-тәрбие беруде маңызды жол бағыттау, үлгі беру” десе, Д.Локк “адамгершіліктің әдет болуын,” Ж.Ж.Руссо “тәрбиелік нормасы жасөспірімнің гипорболизделген тәжірибесінен оны жақсы іс-әрекеттер мен сезімдерге бағыттайды” дейді.

И.Г.Песталоцци тәрбиенің қандай түрі болса да, халықтың тәрбие идеясына сүйену керектігін ұсынады. Ж.Ж.Руссо негізін қалаған адамгершілік тәлім-тәрбие мәселесінің әлеуметтік жағынан көзқарасын И.Песталоцци әрі қарай дамытады. Оның адамгершілік тәлім-тәрбиесіндегі мақсаты – жеке тұлғаның дамуы толық жеке тұлғаның қалыптасуына кедергі жасайтын ішкі қарама-қайшылықтардан арылу, тұлғаның барлық жағынан тәрбиеленуін қамтамасыз ету. Осындай адамгершілік тәрбиесін беру жолының кең ауқымдылығы халықтың өзінің жақсы қасиеттерінен туындайды, яғни халықтың шыншылдық сезімі, әділеттілігі, қарапайымдығы, даналығы болып табылады. Оқу-тәрбие процесінде адамгершілік қасиетті қалыптастыруда И.Песталоцци баланың жүйелі еңбек әрекеттеріне сүйенеді. Оның ойынша, оқушыда адамгершілік қасиеттер оның еңбек етуі барысында дамиды. Оның басты мақсаты – тәрбие беру. Ол үшін адамгершілікке тәрбиелеу мен үйлесімді дамуды қамтамасыз ету үшін оқытудың маңызы зор, адамгершілік тәрбиесіз оқудың еш пайдасы жоқ деген қорытынды жасайды. Оқушы бойында адамгершілік тәрбие халықтың жақсы қасиеттері мен жақсы жақтары негізінде қалануы керек және ол әңгімелесу, пайдалы әдістерді үйрену, баланың өзіне тән ерекшелігін зерттеп білу арқылы тіл табысу (И.Песталоцци бірінші рет балаларды зерттеп-білу тәсілін, терең және әр қайсысымен тіл табысу жолдарын қарастырды) керектігін айтты. Ж.Ж.Руссоның тәуелсіз тәрбие түсінігінің біржақтылығына көңіл аудармастан, И.Песталоцци диалектикалық біртұтастықтың бостандығы мен мектеп, отбасы мен қоғам арасындағы адамгершілік тәрбие берудегі өзара қарым-қатынасты қарастыруда отбасын баланың адамгершілік

тәрбие алудағы бастамасы деп есептейді. Оның адамгершілік тәрбие теориясы бүгінгі күнде өз құнын жойған жоқ.

Фурьенің пікірінше, адамгершілікке тәрбиелеуде оқушының бойында еңбексүйгіштік, ұйымшылдық дамып қалыптасады және адамгершілікке тәрбиелеу жолында оқу мен тәрбиені біріктіру ойы жүзеге асып, ары қарай дамып, қазіргі күнге дейін қолданылуда.

XVIII ғасыр соңында А.Н.Радищев феодалдық тәрбие жүйесіне үлкен сын айтты. Ол демократиялық педагогиканы қолдап, оның әрі қарай дамуына жол ашты. Ол адамгершілік тәрбиенің мағынасын ашып айту үшін белгілі бір концепциялық тұжырымдар айтқан. Бұл концепция әр тұлғаның өмірі материалды факторлармен, табиғи заңдылықтармен белгіленеді, бала қоршаған орта мен тәрбиеге байланысты қалыптасады, ол жаман да, жақсы да болып туылмайды деп тұжырымдады. Сонымен, адамгершілікке тәрбиелеу тәсілінде ол адамның өзін-өзі құрметтеуін, сыйлауын және намысшылдығын қалыптастырып, оны дамыту идеясын ұсынды. Ата-анаға баланы тәрбиелеуде оны қорқытып, күш қолдану емес, керісінше, оны өз қалауынша ерікті, ыстық ықыласпен тәрбиелеу қажеттігін айтты.

В.Г.Белинский мен А.Герцен адамгершілікке тәрбиелеудің жаңа жүйесін ойлап тапты. Бұл жүйе: әділеттілік, ұлтын сүю, басқаларға жанашырлықпен қарау. Адамгершілікке тәрбиелеуде В.Г.Белинский тәрбиелеушіні қолбасшы емес, ақын емес, егінші емес, жай адам ретінде көру керек деп айтқан. В.Г.Белинскийдің әділеттілігінің басты ерекшелігі оның адам ар-намысын балағаттауды көргендегі аяныш сезімінен байқалады, оның пікірінше, адамның халқына, жұртына деген сүйіспеншілігі – бүкіл адамзатқа деген махаббаты. Ол баланы әлеуметтік тұлға деп санайды, сондықтан оны адамгершілікке тәрбиелеуде отансүйгіштік, әділеттілік сезімін қалыптастыруды маңызды деп есептеді. В.Г.Белинский мен А.Герцен адамгершілік тәрбиені ақыл-ой, еңбек және денсаулық тәрбиесімен, қоғамдық өмірге дайындаумен тығыз байланыстырады.

Н.Г.Чернышевский мен Н.Добролюбов тәрбиелеу теориясына терең түсіндірме жасады, әлеуметті тәрбиелеу маңызының мәселесін тереңдетті, баланың жеке қасиеттерін ескеру жаңа тұлғаның қалыптасуына бастау болды. Мұндай адам халық еркіндігі үшін бүкіл өмірін, жанын қиятын тұрақты адам болатынын айтты.

Н.Г.Чернышевский өзара байланысты жігер, ой-сезімдеріне әсер ету арқылы, ішкі сеніміне байланысты адамды адамгершілікті еткісі келді. Ол есті өзімшілдіктің қағидалары теориясын жасады, онда ішкі еркіндігі, адамгершілігі бар тұлғаның қалыптасуы ерекше

орын алды (мұнда тұлғаның қалыптасуы – мәжбүрлеу емес, мықты табиғи күштерге арқа сүйеу). Адам адамдық нормаларын және ережелерді сыртқы қоғамдық қажеттілік нәтижесінде емес, ішкі қайырымдылыққа, әділеттілікке, бекзаттыққа және оның қажеттілігін терең түсінушілікке қызығушылықпен атқарады деген ойын білдірген.

В.Сухомлинскийдің айтуы бойынша, адамдардың әрекеті, негізінен, оның сөздерінен және көзқарасынан байқалады. Сөз – жүрекке тиетін жанасу, ол нәзік, хош иісті гүл де, жақсылыққа сенім беретін су да, өткір пышақ та бола алады. Дана және мейірімді айтылған сөз қуаныш әкеледі, сөзбен өлтіруге де, тірілтуге де, жарақаттауға да болады. Адамның әсерленгіштігін, батылдығын сақта және бағала, адамға өз әрекеттерімен уайым-қайғы әкелме деген ұлағатты даналық сөзінде терең философиялық мән жатыр.

Адамгершілік, мораль қоғамдық санада нақты тарихи қоғамдық қатынастан туындайды, ол адамдардың рухани азығы және де адамдар қарым-қатынасындағы белгілі қағида, нормалардың шындық әлеммен байланысы. Адамгершілік – қоғамдық ойға сүйене отырып, рухани дамуға, адамдардың сана-сезіміне әсер етеді, оларды қоғамда қалыптасқан адамгершілік заңдылығына тәрбиелейді. Нақты адамдық адамгершілікке жалпы қоғамдық мораль әсер етіп отырады.

Адамның танымдық санасы – оның эмоциялық аймағымен байланысты күрделі құбылыс. Ол алғашқы танымдық мәселелерден басталып күрделене түседі. Адамгершілік қасиеттің негізі – адамгершілік сезім, ар-ождан, іс-әрекет, т.б. болып табылады.

Жалпы адамдар адамгершілік идеалы жолында өзін-өзі іздейді, өзінің мәнін түсінуге тырысады. Ал адамдық сананың негізгі элементтері ретінде ерік-жігер, талап, тілек, өмірдің адамдық мәнін түсіну көрініс береді.

Адамгершілік іс-әрекетте өз арыңмен келісу, еріктің мықтылығы керек. Рухани адамгершілік тәрбиесіне келер болсақ, ол біртұтас педагогикалық процесс ретінде іске асырылады. Біртұтас процестің нәтижесінде тұлғаның мақсаты, адамгершілік сезімі, ар-ожданы, ерік-жігері, дағды-әдеті, қоғамдық мінезі қалыптасады.

Адамның адамгершілік түйсігі – оның эмоциялық танымы мен мінезіне де байланысты болатын күрделі құбылыс. Адамгершілік қасиеттер басқа да қоғамдық таным түрлерімен байланысты және ол, әсіресе, құқықпен тығыз байланысты. Адамгершілік тәрбиесі оқушылардың өзін-өзі дұрыс ұстауын қамтамасыз етеді, сонымен

қатар ізгі қасиеттерді қалыптастыру мақсатында түрлі педагогикалық теориялар мен шарттар құрастырылады.

Рухани адамгершілік тәрбиесі біртұтас педагогикалық үрдіс ретінде оқушылардың бар өміріндегі: танымдық, жастық қарым-қатынасқа қарай, нормаларға сай жүзеге асырылуы керек. Бұл тәрбиенің негізгі шарты болып эмоциялық сезімдер, уайым, шындық адамгершілік қатынастар мен олардың бір-бірімен байланысы, адамгершілік сезімдердің тұтас түсінігі бейнеленеді. Адамгершілік түсінігі адамгершілік шарттарына бағынышты болады және де баланың өз адамгершілік қатынастарындағы белсенді үрдіс болып табылады.

Сыртқы және ішкі қарама-қайшылықты игеру адами қасиеттердің тұлға бойына қалыптасуына әсер етеді. Педагогикалық үрдістегі рухани адамгершілік тәрбиенің бала өміріндегі қарама-қайшылықтарды, сұрақтарды, мәселелерді шешуде маңызы зор.

Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі – адамдық тәрбие, ол тұлғаның қоғамдық бағалы қасиеттері мен сапалары, қарым-қатынастарында қалыптасады.

8.3. Имандылық тәрбиесінің қоғамдық мәні

Имандылық тәрбиесі бүгінгі таңда қоғам қажеттілігінен туындап, өзекті мәселелердің құрамына енуде. Бұл дәріс барысында студенттер ХІХ ғ. екінші жартысындағы ағартушылар мұраларындағы имандылық идеялармен танысады.

Имандылық ұғымы ерте кезден бастап қолданыста болған, оны көне жазба мұраларға көз жіберту арқылы дәлелдеуге болады. Анығырақ айтар болсақ, халқымыздың халық болып қалыптасу кезеңінен бастау алады. Бұл ұғым көпшілік түсінігінде діни ұғыммен суреттеледі. Бірақ имандылық ұғымы таза діни ұғымды білдірмейді. Тұрмыстық өмірде иман жүзді, иманды, т.б. ұғымдар пайдаланылған және әлі де пайдаланылуда. Енді жеке-жеке талдап көрсек, иман жүзді деп бойында адамгершілік қасиеттер, кеңпейілділік, жанашырлық, инабаттылық, ізеттілік, т.б. да қасиеттері бар адамдарды айтсақ, иманды адамдарға да қасиеттерді бойына сіңірген және оны сеніммен ұштастыра білетін адамдар тобы жатқызылады. Бұл қасиеттердің бірі де таза діни ұғымға жатпаса керек. Яғни бұдан имандылық адам бойындағы ізгі қасиеттердің жиынтығы деген ой түйіндеуге болады. Біздің әрқашан да болашақ ұрпақты өзінің тарихын, халқын, жерін, бір сөзбен айтқанда,

рухани құндылықтарын сүйеге, қорғауға, сақтауға, бағалауға үйретуіміз қажет екені – дәлелдеуді керек етпейтін қағида.

Рухани құндылықтарды бағалаудың бірден-бір көзі аталмыш имандылық идеяларды насихаттау болып табылады. Енді осы идеяның генезисіне тоқталар болсақ, алдымен, мұсылмандар заңдарының жинағы, тарихи деректердің бірі, жазба мұралар ретінде қарастыруға болатын – Құран және Хадистер жинағы. Мұнда халыққа тәлім-тәрбие берерлік өнегелі, ұлағатты дана сөздер жинақталған. Мысалы, Құранның Ғалақ /1-5/ сүресінде: “оқыңдар, ол – Мұхаммед Пайғамбарға жіберген алғашқы аят. Оқу – аса ардақты” деп келтірген. Сондай-ақ, Құранда “Біреудің намысына, абыройына, адамгершілігіне дақ түсіретін бейнеде ойнау, мазақтау, сондай-ақ біреуді қорлау, ғайбаттау, жала жабу, күншілдік істеу, өсек айтуға тұжырымды түрде тыйым салынсын” деп бұйрық беріліп, жаман іске қарсылық көрсеткен. Адам бойындағы ең жаман қасиет адамды қорлау, зәбірлеу, намысына, ар-ұятына дақ түсіру екенін бәріміз де мойындаймыз. Өзіміз көріп отырғандай, бұл істерге “Құранда” да мән беріліп, шек қойылған, демек бұл да – адамзатқа қажетті игілікті өнеге.

Келесі имандылық идеясының бастау алар бұлағы – Хадистер жинағы. Мұнда әрбір жақсы-жаман қасиеттерге байланысты түсініктер енгізілген. Әсіресе, Мұхаммед Пайғамбардың: “Өзімнен кейінгі қалатын ұрпағымды ойласам, үш нәрседен қорқамын:

1. Құлқынның құлы боп, жолдан таяудан.

2. Нәпсіқұмарлыққа салынып, лас істерге ұрынудан.

3. Ілім-білім бола тұрып, қараңғы наданның ісін істеуден” /1.6/ деген сөздері көңілге қонарлық. Тіпті, қазіргі қоғамның бейнесін көрсетіп тұрғандай. Оқу, білім, ғылым – адам өмірінің, тіршілігінің мәні, мазмұны екенін Хадистерде анық берген. Мысалы: “Тіпті, Қытайда болса да білім алуға ұмтылыңдар, неге десеңіз, білім алуға әрекеттену – әрбір мұсылманның парызы” /2.6/, – деген екен Мұхаммед Пайғамбар. Бірде ол: “Бір сағат білім үйрену – бір кеш бойы құлшылық етуден жақсы, бір күн бойы дәріс алу – үш ай непіл ораза тұтқаннан жақсы” /2.7/, – деп, білім алуға, дәріс тыңдауға шақырады. Хадистердің тағы біріндегі: “Перзенттеріңізге ізет-құрмет жасай отырып, ақыл-әдеп үйрету керегін ұмытпаңыздар” /2.12/, – деген ескерту жалпы педагогика саласында жеке адамды сыйлау, адамның өзін-өзі сыйлауы принципімен үндесіп жатыр. Сонымен қатар “Күлтегін”, “Білге қаған”, “Тоныкөк” дастандарының имандылық идеяларға қосатын үлесі мол. Халықтың

кеменгер ойшылдары Қорқыт ата, әл-Фараби, Қожа Ахмет Яссауи, Махмұд Қашқари, Ахмет Йүгнеки, Өтебойдақ Тілеуқабылұлы, т.б. шығармалары имандылық идеясының қалыптасуының алғышарты болады десек қателеспейміз. XV ғасыр мен XIX ғасырдың бірінші жартысында, хандық дәуірде өмір сүрген Асанқайғы, Ж.Баласағұн, Қазтуған, Мұхаммед Хайдар Дулати, Ө.Тілеуқабылұлы, Қадырғали Жалайыр, Шалкиіз, Доспамбет, Ақтамберді, Шал ақын, Дулат Бабатайұлы, т.б. ақын-жырау және ойшылдар шығармаларының ұрпағымыздың бойына отансүйгіштік, ұйымшылдық, еңбексүйгіштік, үлкенді сыйлау, әдепті, елгезек, кішіпейіл, мейірімді болу сияқты имандылыққа жатқызып отырған қасиеттерді сіңіріп, ұялатуда үлкен маңызы бар. Әсіресе, XIX ғ. екінші жартысында бұл ұғымдар Ыбырай, Абай, Шәкәрім мұраларында насихатталады. Жоғарыда аты аталған ортағасырлық ғұлама ойшылдар имандылық идеясының теориялық негізін қалаушылар қатарына жатады. Және бұл еңбектерді қарастыру барысында олар осы Құран және Хадистердің мазмұнына қанық екен, тіпті еңбектерін Құран, Хадистерге сүйене отырып жазған деген ой түйіндеуге болады. Профессор Ә.Дербісәлиевтің "Бағзы заманнан күні кешеге дейін шығыстың ақын-жазушылары, шежірешілері, тарихшылары Құраннан дәйектемелер алып, оны өз мақсатына пайдаланып келеді" /3.231/ деген пікірі бұл ойды дәлелдей түседі.

Имандылыққа тәрбиелейтін рухани шығармалар.

VIII-IX ғғ. жазылған рухани мұраның бірі — Қорқыт ата тағылымдары, нақылдары тұнып тұрған тәлім-тәрбие болады. Оның "Анадан өнеге көрмеген қыз жаман", "Менмен, тәкаппар адамды тәнірі сүймейді", "Ақылсыз балаға ата дәулетінен қайран жоқ", "Қонағы жоқ қараша үйден күлазыған түз артық" деген нақыл сөздері үлкеннен ғибрат алуды меңзейді, жастарды тәкаппарлықтан сақтандырып, ақылды, көпшіл, қонақжай болуға шақырады. Қорқыт ата батырлардың ерлігін жырлай отырып, халыққа, туған елге, дәстүрге деген сүйіспеншілік, өмірге күштарлық, ақылдылық, ғашықтық сезімдерін жеткіншектерге үлгі етумен бірге, имандылық қасиеттерінің негізін қалыптастыруға көмектеседі. Қорқыт негізгі өзінің ойын аталмыш жазба мұраларға сүйене отырып қорытындылаған.

Әл-Фарабидің де ғылыми ой-толғаныстарына толы трактаттарында ("Мемлекет қайраткерінің нақыл сөздері", "Азаматтық саясат", "Бақытқа жету жолында", "Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат", т.б.) оның тәлім-тәрбиелік

көзқарастары жоғарыдағы жазба деректерге сай баяндалған. Ол шәкірттерді тәрбиелеуде ұстаздың рөлі зор екендігін айта отырып, шәкірттерден шыншылдықты, сыпайылықты, әділдікті талап ету үшін бұл қасиеттердің, алдымен, ұстаздың өз бойында болуы керектігін атап көрсетеді. Ғалым адамның белгілі бір мінез-құлыққа ие болуына себепті нәрсе әдептілік деп біледі. Әл-Фараби: "тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен әсерлерді дарыту деген сөз" /4.215/,– деп анықтама береді.

Адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы, адам бойындағы түрлі жақсы-жаман қасиеттер туралы Ж.Баласағұнның атақты "Құтты білік" поэмасында кеңінен баяндалған. Ұлы ойшыл осы шығармасында жоғары мұратты қоғамға лайықты қағидаларды сипаттай келе, адамның мінез-құлық нормалары мен ережелерін, әр түрлі қоғамдық дәрежедегі жіктерді басқарудағы міндеттері мен қызметтерін белгілеп берді. Сонымен бірге "Егер бала тәртіпсіз болса, оған әкесі де кінәлі" деп бала тәрбиесіндегі ата-ана рөлі мен жауапкершілігін көрсетеді.

"Үш нәрседен жүр алыс, сақ, байқағын,
Бірі - қыңыр, қисық болса, айтарым.
Бірі – жалған, сұғанактық - үшінші,
Үшеуінің түбі - қорлық түйіні" /5.6/ – деп,

мейірімді, көпшіл, кешірімді болып, тәкаппарлық пен жаман әдеттен бойды аулақ ұстап, жақсылық жасаудан аянбау жөнінде жастарға өсиет айтады.

Ғұлама: "Өзіңді адал ұста, адамдық – киелі,
Бекеттер – адал, адалдықты сүйеді.
Отыратын өз орныңды білгейсің,
Кішік болып, жұртты көзге ілгейсің.
...Өзіне деген кісілік – тіршіліктің белгісі,
Кісілерге кісілік – кісіліктің белгісі!" – дей отырып,

ұрпақты адамдық, ілтипаттылық, кішіпейілдік, әдептілік, сыпайылық, т.б. асыл қасиеттерге баулуға аса зор мән бергенін көруге болады. Демек, бұдан Баласағұнның адам бойындағы қайырымдылық, әділеттілік, шыншылдық, парасаттылық, кішіпейілдік сияқты асыл қасиеттерді жоғары бағалайтынын байқауға болады.

М.Қашқаридің атақты "Диуани лұғат ат-түрік" /6/ еңбегінде әдеп, тәлім-тәрбие, моральдық ой-пікірлер қомақты орын алған.

М.Қашқари адам бойындағы жақсы-жаман қасиеттерді талдайды. Ол жаман қасиетке дүниеқорлық, мансапқорлық, опасыздық, қорқақтықты және т.б. жатқыза отырып, қатты сынайды, ал ізгілік, ерлік, ақ ниеттілік, қонақжайлық сияқты асыл қасиеттер иманды адамның бойынан табылады деп атап өтеді.

Қожа Ахмет Яссауи өзінің "Даналық кітабында" иманды адам болу үшін ақыл-парасатқа, шыдамдылыққа, достық пен махаббатқа қол жеткізу керектігін, сонымен қатар азға қанағат тұту кемтар, ғаріп адамдарға қамқорлық көрсету барысында қалыптасатынын айтады. "Рақым болып ғаріптерге, шапағат еткін", "Жалған сөйлеп имансыз кетпе, достарым...", "Адамды сыртқа тастап, арам көздер... Дүние үшін иманы мен дінін сатар" /7.2/ деп, сарандық, залымдық, дүниеқорлық сияқты жаман қасиеттерді сынайды.

Ал Ө.Тілеуқабылұлының "Шипагерлік баян" атты еңбегі – жастарды имандылыққа тәрбиелейтін құнды еңбектердің бірі. Өз заманына сай жазылған бұл еңбекте діни уағыздар да кездеседі, сонымен қатар адам санасынан орын алатын ұлағатты ой-түйіндер де аз емес, әсіресе еңбектің өн бойы имандылыққа толы. Ойшыл Ө.Тілеуқабылұлының түсінігінде "имандылық – ой мен дененің тазалығы". "Көңілінде жақсы, ұнамды ойлар болғанмен, ісінде жалғандық, жамандық болса, ол – һарам іс, адамның ойымен қатар ісі де таза болса, ол – халал" /8.45/ деп, адамның ойы мен ісінің бірлігін талап ете отырып, адам баласы рухани ішкі жан дүниесінің таза болуымен ғана иманды, иман жүзді бола алады деп пайымдайды. Яғни Ө.Тілеуқабылұлының ой-пікірлері бойынша, имандылық қасиетті бойына сіңірген адам оны өзінің сөйлеген сөзінен, бет-бейнесінен, іс-әрекетінен және бүкіл болмыс-бітімінен байқатады.

Имандылық тәрбиесін беруге өзіндік үлес қосқан ойшыл ғұламаның бірі – Мұхаммед Хайдар Дулати. Ол елбасшысына қойылатын талаптарды талдап берген, оның пікірінше, елді басқарудың ең негізгі қасиеті – халық сеніміне ие болу, әділ, ізгілікті, қайырымды болу. Сонымен қатар бұл қасиеттер имандылық қасиеттер екенін айта келе, оған қарсы сүрқия қасиет – құмарлық деп көрсетеді. Және құмарлықтың он жеті түрін мәлімдеген. Соның бірнешеуіне талдау жасап көрсек, ғалым құнаһар адамдар деп, біріншіден, ата-тегінен, шыққан діні мен ділінен бейхабар адамдарды, екіншіден, ар-намысын жоғалтып, әділетсіздік жасағандарды, үшіншіден, жетім-жесірлерді желеп-жебемейтіндерді, төртіншіден, ысырапшылдықты, бесіншіден, ата-ананы сыйламауды,

оларды пір тұтпауды, алтыншыдан, өтірікшілдікті, суайттықты, жалған ант беруді, жазықсыз адамға жалған айып тағуды, тағы бір түрі – зинақорлықты, ойнасқорлыққа салынуды көрсетеді. Имандылық осыларға қарсы тұра алатын қасиеттер болып табылады.

Ойшыл Қадырғали Жалайырдың имандылық идеясын дамытуға қосқан үлесі де ауқымды. Ғұлама өзінің “Жылнамалар жинағы” /9/ атты еңбегінде имандылық қасиеттерінің жекелеген көріністеріне, қырларына тоқталып, мән берген. Қ.Жалайыр да М.Х.Дулатиді жақтап, жетім-жесірлердің мал-мүлкін жемеуді, қолдағы барды ысырап етпеуді, ұрыс даласынан қашпауды, тәнін таза ұстауды имандылық қасиеттерге жатқызады.

Ұрпақ тәрбиесіне үлкен үлес қосқан Қожа Ахмет Яссауидің “Диуани Хикмет” атты кітабы философиялық ой-тұжырымға толы. Яссауи бір жаратушы күш бар деп сеніп, қиянатсыз, адамгершілікті, иманды адамдарды тәрбиелеу керектігін айтқан. Абай да оны қостай отырып, “Құдай – хақ, иман – парыз” деп, “жақсылық пен жамандықты жаратқан – құдай, бірақ жаманшылықты жасатқан құдай емес немесе ауруды жаратқан – құдай, ауыртқан ол емес. Сонымен қатар, құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең, оқыт. Иман, обал, сауап бар жерде әділет бар” деп ұлағатты сөздер айтып, халқымызды білімге, әділетке, имандылыққа шақырған.

Жас ұрпақтың құлықтық және имандылық тәрбиелерінің негізіне, оның ішкі-сыртқы сезімі мен санасына, жан дүниесінің рухани жетілуі мен көңіл күйлеріне бір қалыпты әсер ететін имандылық идеяларын кеңінен қолдану керек. Яссауидің хикметтеріне көз салсақ, ол да адамның бойында имандылық қасиеттерді қалыптастыруды көздегенін байқаймыз.

Қожа Ахмет Яссауидің еңбегі ізгілік, имандылық тұрғысында жазылған мұра деп айта аламыз.

Ойшыл ғалым Ж.Баласағұн тәрбие мәселесіне өзіндік үлес қоса отырып, білім алуға, жақсылық жасауға шақырған. Ол:

*Жақсылық білімдіден елге жетеді,
Білімдінің даңқы шартарапқа кетеді...*

– деп білім, тәрбие арқылы рухани өміріміздің толығып, толысатынын айтады. Ж.Баласағұн: “Адам өмірін екі нәрсе ұзартады, бірі – жақсы ісі, екіншісі – жақсы сөзі,” – деп өте тамаша айтып кеткен. Ал адамның мінез-кұлқы оның ақыл-ойы мен білімділігін

көрсетеді дегенді де Ж.Баласағұн өзінің “Құтты білігінде” айтып өткен.

Ойшыл-ғұламалардың ата-ананы қадірлеп, қастерлеу жайлы айтқан тағылымдары Құран және Хадистермен ұштасып, үндесіп, сабақтасып отырады. Сондықтан да бұл ғалымдар Құранды оқып, оны еңбектеріне тірек еткен деп толық айтуға болады.

XIX ғ. екінші жартысындағы ағартушылар мұраларындағы имандылық идеялары. XIX ғ. екінші жартысындағы ағартушылар қатарына жататын педагогтар – Ыбырай, Абай, Шәкәрімнің де имандылық тәрбиесін беруге қосар үлестері мол.

Ыбырай Алтынсарин ислам дінінің оның қажеттіліктерін көрсету сияқты мұсылманшылдықты айыптайтын әрекеттер жасаған жоқ. Ол бүкіл әлемді, табиғатты жаратушының болғанына шек келтірген де емес. Бірақ ол ислам дінін уағыздаушы, насихаттаушы, таратушы адамдардың арасында дүмше молдаларға, сауаты жоқ солақай діндарларға ашық қарсы шықты. Ыбырай ғылым, біліммен бірге діннің ғылыми негізін, тарихын жақсы білген. Алтынсарин “Мұсылманшылықтың тұтқасы” кітабының кіріспесінде “Имансыз еткен жақсылықтың пайдасы жоқ... Мәселен, біреу намаз оқыса да, ол намаздың керектігіне көңілі дұрысталмаса, әлбетте ол намаз болып табылмайды,” – деп адамның не нәрсеге болса да берік сенімі жүректен терең орын алмаса, ол нәтиже бермейді деген қорытынды жасайды. Ыбырай мұсылмандықтың бес парызының бірі ораза тұту, намаз оқу болса, оны да жұртты алдау үшін емес, құдай алдындағы парымызды өтей салып, жұртқа мұсылман болып көрінейінші деген айла-әрекетпен іске асырудың өзі күнә деп түсіндіреді. Және көңілдегі жақсылық-жамандық ниеттер сол адамның іс-әрекеті арқылы сыртқа көрінеді. Қашанда иман мен дін мәнін шын көңілдің адалдығымен насихаттағанда ғана ол құдайдың сүйген құлы болады, онсыз тілдің ұшымен дінді өтірік насихаттау күпірлік деп түсіндіреді.

Ыбырай осы кітаптың “Намаз турасында” деген бөлімінде: “намаз ішінде он екі парыз бар, оның алтауы – тысқары, алтауы – ішкері парыз. Тысқары парыздардың (денені тазалау, намаз оқитын жерді пәк ету, денені жабу, денені дұрыс қимылдату, қолды, аяқты, басты қимылдату) бәрі тән тәрбиесіне арналады, ал ішкі парыздар – ой-пиғылды намазға арнап, беріліп оқу жан тәрбиесіне арналады,” – деп тән мен жанның тәрбиелік бірлігінің намаз оқу үстінде іске асатынын айта келіп, құран сөзіне түсінік береді де, “жақсылық пен жамандық құдайдан деп иланбақтың мәні – Алла ісіне сенуден

туған наным... Бірақ құдай тағала ешкімді жамандық жолға бұйырмайды, мынау жамандық, мынау жақсылық деп көрсетіп, адам баласына қай жолға түссе де ықтияр береді,” – деп адамның жамандық, я жақсылық іс-әрекетін Алла тағала істетті дейтін молдалардың жақсылық, жамандық іс-әрекет жөніндегі көзқарасын сынауы Абайдың жиырма сегізінші қара сөзіндегі “...Әуелі иманды түзетпей жатып, қылған ғибрат не болады? Жоқ, сен жақсылық, жамандықты жаратқан құдай, бай қылған құдай емес деп нанып-ұқсаң болар, әйтпесе жоқ” деген пікірмен астасып жатыр.

Ыбырай: “Білім дегеніміз – өзімізді қоршаған шындықты танып-білу”, – деп философиялық тұжырым айтқан. Білімді, оқыған, шындықты жақтайтын, инабатты, имандылық қасиетті адамдарды алға сенім жетелейді. Болашаққа сенімі мол адамдарды құдай тағала жақтайды деген көзқараста болды. Өйткені сол кездегі қоғамдық-әлеуметтік жағдайда халықтың сана-сезімі, ұғымдары, көзқарастары дінмен тығыз байланысты болды. Оны тез арада өзгерту мүмкін емес еді.

Абай иманды этикалық, адамгершілік мәселесімен ұштастырып, “...иман дегеніміз – ар мен ұят. “Ұят кімде болса – иман сонда”, “кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы жоқ” /10.169/ деп түйді. Иман туралы Абайдың бұл ойлары Хадистерде айтылған насихаттармен үндесіп жатады. Ұлы ойшыл Абай “көкірекке сәуле, көңілге сенім керек” дей отырып, ұрпағымызды сенімділікке шақырады. Махаббат, ғашықтық сезімін Абай имандылық сенімімен бірлікте қарады. Сонымен қатар махаббат сезімі тек имандылық қасиеттері бар адамдарда болады деп қарастырады. Бұл көзқарас қазіргі кездегі жастардың жауапсыздығына, махаббат сезімін аттап, жеке материалдық жағдайын шешуге тырысқан жастар ісіне мүлдем қарама-қайшы. Демек, имандылық қасиеттерінің аяққа тапталуы пәк махаббат сезіміне де кері әсерін тигізуде. Бір сөзбен айтқанда, махаббат – адамдық өлшемнің белгісі. Абай “махаббат – адамның жарамсыз қылықтарын тазартатын күш” деп түсініп, соған сенген. Ұрпақ тәрбиесіне мән берген ұлы ақын оларды шынайы, таза, пәк сезімге тәрбиелеу керектігін ескертеді.

“Абай – адамның жақсысы адамға пайда келтірген адам” /11.202/ дейді, ал бұл – Хадистерде берілген “хайру н-нас мән нанфағу н-нас” деген пайғамбар сөзі.

Тағы бір айта кететін нәрсе – “Құранда”, “Хадистерде” және көптеген ғалымдарымыз жас ұрпақты білімділікке, ақылдылыққа, адамгершілікке, имандылыққа шақырады.

Оны Абай ғұламаның насихаты білімді болу деп көрсетті. Абайды біз қашанда гуманизмнің көзі дейміз. Абайша Алла ісіне сеніп, мұсылман болудың шарты – адамға адамшылық жасау. Зерттеліп отырған имандылығымыздың да тобықтай түйіні – осы адамға адамшылық жасау. Тағы бір сөзінде Абай “Алла – мінсіз әуелден, пайғамбар – хақ” десе, тағы бірде “Алланың, пайғамбардың жағындамыз, ынтамызды бұзбастық – иманымыз” дей отырып, олардың үлгі-өсиеттерін жақтайды, ол осы дінді бұрмалап, өз қажеттілігіне жұмсаған дүмше молдалар мен сопыларды Ыбырай сияқты сынға алған. Абай өлеңінің тағы бір шумағында:

*Мұмин болсаң, үйреніп сен де ұқсап,
Құран, рас, алланың сөзі-дүр ол.
Тәуіліне жетерлік ғылымның шақ, - дейді.*

Бұл шумақта Абай “мұсылман болсаң, сен Құранды біл, ол – Алла сөзі, сол арқылы ғылымның мазмұны толығады” деп көрсеткенін байқаймыз.

Әрине, ең алдымен, адам өзіне-өзі сенуі керек, тек сонда ғана нағыз сенім пайда болады. Ол сенім, Құранда көрсетілгендей, адасудан сақтандырады.

Абайдың дін, иман, сенім туралы ойларын зерттеу барысында оның Құдайға, Аллаға, дінге, сенімінің барлығы көрінеді. Абай: “Тұлғаны туралыққа тұрақтандыратын күш – екеу: дін мен сенім. Дін мен сенімді медет тұтқан адам ғана бұл дүниеде ұлағат атқа ие болады. Осы екеуі аманатқа лайық істің түйіні – халықтың берекесін орнату және бүлікшілік пен бақытсыздыққа арандатушыларға тоқтам салу” /11.162/, – деп атап өткен. Яғни оның “тек белгілі діні мен сенімі бар адам ешқашан жамандық жасамайды. Сенімі мол адамға сен, тек солар ғана жамандықты, арандатушылықты тоқтата алады” деп отырғанын көреміз. Ал өзінің:

*Заман ақыр жастары
Қосылмас ешбір бастары
Біріне-бірі қастыққа
Қойнына тыққан тастары
Саудасы - ар мен иманы
Қайрат жоқ бойын тыйғалы.../12.181/*

деген өлең шумақтарында “ақырзаман адамдарының бірліктері жоқ болғандықтан тірліктері де жоқ, бір-біріне ойлағандары – қастық, ар мен имандарын саудаға салады” деп осындай күннен

сақтандырып, жастарды бірлікке, еңбекке, ар-ұятқа, имандылыққа шақырады.

Ұлы ақын өзінің 4-қара сөзінде: “Әуелі құдайға сиынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, күр тастамайды” /11.443/, – деп, “құдайға сеніп қана қойма, өзің еңбектен, өз қайратыңа сүйеніп, еңбек етсең ғана ішіп-жейсің” деген ойды келтірген.

Құранда сөз болған тән азығы мен жан азығын Абай 7-қара сөзінде айтып өткен: “Жас бала да анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі ішсем-жесем, ұйықтасам деп туады. Бұлар – тәннің құмары. Біреуі білсем екен демелік...” /12.444/. Демек, не нәрсені де білуге талпынады, қол созады, талаптанады дей келе, “...Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса, денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды. ...өрісімізді ұзартып, құмарланып жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді” /12.444/ деп тән және жан азығының арақатынасын ашып көрсеткен. Демек, жан азығы рухани қазынамыздың жиынтығы, атап айтқанда, имандылық тәрбиесін беруге қажетті рухани құндылығымыз, байлығымыз болып табылады. Абайдың он екінші қара сөзінің астары Құранда жатқан сияқты. Айталық, ол “Кімде-кім жақсы-жаман ғибадат (күлшылық) қылып жүрсе, оны ол ғибадаттан тыюға аузымыз бармайды, әйтеуір жақсылыққа қылған ниеттің жамандығы жоқ қой дейміз. Лакин (бірақ), сондай адамдар толымды ғибадатқа ғылымы жетпесе де, қылса екен. Бірақ оның екі шарты бар, соны білсе екен. Әуелі – иманның иғтиқатын (нану, сену) махкемлемек (берік, мықты, сенімді айтады) керек, екінші үйреніп жеткенше осы да болады ғой деп тоқтамай, үйрене беру керек. Кімде-кім үйреніп жетпей жатып, үйренгенін қойса, оны құдай ұрады, ғибадаты ғибадат болмайды. Уалакин (бірақ та), кімде-кім иманның неше нәрсе бірден кәмәлат табатұғынын білмей, қанша жерден бұзылатұғынын білмей, басына шалма орап, бірәдар атын көтеріп, оразашыл, намазшыл болып жүргені көңілге қылаң бермей тұрып, жырттысын салғанға ұқсайды. Күзетшісіз, ескерусіз иман тұрмайды, ықыласымен өзін-өзі аңдып, шын діни шыншылдап жаны ашып тұрмаса, салғырттың иманы бар деп болмайды” /12.448,-450/. Демек, Абайдың айтуынша, өзінің белгілі сенімі, иманы болмаса басқаға иман айту, білім үйрету мүмкін емес дегенді білдіреді. Ал осы ой Құранда әрқашан ғибадат қылсаң, жақсылыққа қыл, оның өзіндік сауабы бар деп көрсетілген.

Абай өз шығармаларында “адамға мейірбандық көрсету, сұлулыққа ұмтылу – жоғары имандылық қасиетінің белгісі, көрінісі” деп айтудан жалықпаған. “Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың” /10.183/ деп ойшыл ақынның түйгені Ы.Алтынсариннің “Құдай тағала жақтайды” деген ойымен астасып жатқандай.

Абай жолын қуған Шәкәрім ойлары тарихтың өн бойында қалыптасқан қазақ халқының жан-дүниесінен, ұлт санасындағы наным-сенім мен негізгі ұғым-түсініктен хабар беретін поэтикалық және философиялық-педагогикалық құбылысты игеру болды.

Шәкәрім өзіне дейінгі ойшыл ғұламалар, ағартушылар бағыттарына талдау жасайды. Шәкәрімнің “Иманым” деген үлкен тақырыпты қамтитын циклды өлеңдері – шығыс үлгісінде жазылған философиялық еңбек. Онда ол: “... адам бойындағы асыл қасиеттер деп ержүректік, қайтпас қайсарлық, ақыл мен күш, ептілік, елге, жерге отбасына мейірлілік шапағаты аталады” деген ой түйіндейді.

Ш.Құдайбердіұлы: “... Үждан қатыспаған жерде адамдар өздері үйренген ғылыммен түрлі қару жасап, улы газдар тауып, басқа адамдарды аң есебінде атып, әлсізді қолданып, жердің бетін адам қанымен бояғаннан басқа іс бітірмейді” /13.-288/, – деп үжданы жоқ адамдар имансыз, зұлым адамдар екенін айтады.

Имандылық, иман туралы Шәкәрім өзінің “Мұсылмандық шарты” еңбегінде көптеп жазған. Шәкәрім де Абай, Ыбырай сияқты, алдымен, Құран сөзіне құлақ салған. Айталық, ол: “Иман деген Алла тағаланың барлығына, бірлігіне, онан басқа Алла жоқтығына, Құран сөзінің бәрі шындығына ықыласпен нанбақ. Иман айтқанда “Лайлаһайлалла Мұхаммед расул алла” дейміз” /14.7/, – деп оның мағынасына (Бір құдайға, Мұхаммедке сену) тоқталып өткен. Шәкәрім халықты “әрқашан шын ықыласпен нанып иман айтып жүру” /14.8/ керектігіне шақырған. Ол: “Осы иманды әрқашан айтып, салақ болмай жүру керек” /14.8/, – деді.

Шәкәрім: “...Құранның сөзіменен ғибадат құлшылық қылмақ дұрыс болған. ... өзге дін, өзге шарифатпен жүру дұрыс емес. Құранның сөзі бұрынғы кітаптардың кемін толықтырып, кейінгі заманына қарай біржолата бекітіп айтылған” /14.12/, – деп Құран сөзіне құлақ асуды құптаған. Шәкәрім Құранның мазмұнына қанық болған, өйткені ол “Құранда не жақсы, не жаман, өмірге керекті барлық өсиет-өнеге, заң-ережелер берілген, оны әркім өзінің иманына байланысты таңдап алады” дейді.

Шәкәрім иманды адам қатарына жауапты адамды қосады, ол салақтыққа қарсы болды, "...салақ кісінің иманын берік деп айта алмаймыз" /14.19/ деді, ол "өздеріңізді-өзіңіз қорлап, мінездемеңіз һәм жаман ат қойып, лақап қылып шақырмаңыз ит, доңыз, кәпір дегендей. Иманды болған кісіге ол бек жаман атақ" /14.28/ деген құран сөзін құптаған. Бұдан біз "әр адамның өзін-өзі сыйлауы, балағат, жаман теңеулерге теңеуі иманды кісіге жатпайды" деген ойды байқаймыз. Шәкәрім де адам бойындағы жақсы-жаман мінездерге тоқталып өткен. Ол ынсаптылық, әділдік, қайырымдылық, кешірімділік, сабырлылық – иманның белгісі, бұл жақсы мінезге жатады деп көрсетеді.

Шәкәрім халқымызды ғылым-білімге шақырған, құран сөзін құптап, ғылым, білімді мақтанбақ, яки біреуді қор, біреуді зор қылу үшін үйренбе, оның басқаға пайдасы тиетіндей етіп үйреніп, оқып біл дегенді айтты. Құранда сөз етілген ата-ананы сыйлау, аманатқа қиянат жасамау, денені таза ұстау, баланың міндеттері туралы мағлұматтарға тоқталып, Шәкәрім оларды түгелімен дерлік қоштаған. Ал бұл игі істер имандылыққа бастайды деп көрсеткен. Абайдың, Шәкәрімнің біз қарастырған мұраларында имандылық идеяларды дамыта түскені көрінеді. Иманды адам қатарына Абай мен Шәкәрім білімді, салауатты, салихалы, ар-ожданды, ұятты, шыншыл адамды, қорыта келгенде, адамға адамшылық жасауды жатқызған. Өзіміз көріп отырғандай ойшыл-ғұламалар және ағартушылар ойлары Құран, Хадистермен үнемі үндесіп, сабақтасып отырған.

Кеңес үкіметі кезеңдерінде имандылық тек діни көзқараста қаралып, ғылымнан бөлініп тасталды, бірақ адам өмірінде, күнделікті тіршілікте белгілі бір дәрежеде жүргізіліп отырды.

Тәуелсіздік туы желбіреген елімізде имандылыққа тәрбиелеу мәселесін қарастыруға мүмкіндік алдық. Көптеген ғалымдар бұл мәселені адамгершіліктің астарында қарады. Шындығына келсек, имандылықтың ауқымы кең, керісінше, адамгершілік – имандылықтың құрамдас бір бөлігі. Имандылық ағаш болса, адамгершілік және тәрбиенің басқа бағыттары оның бұтақтары іспеттес. Адамгершіліктің қысқаша анықтамасы – ол моральдық қасиеттердің жиынтығы, яғни дүние жүзі мойындаған белгілі бір ізгі қасиеттердің бірлігі. Ал имандылық әрбір ұлттың, халықтың салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырымдары мен жөн-жоралғыларына, жалпы өзіндік ерекшеліктеріне байланысты туындайтын қасиеттерден тұрады. "Имандылық – әр халықтың салт-дәстүріне, әдет-ғұрыптарына, күнделікті өмір сүру тәсілдерінде кездесетін жөн-жоралғыларына

байланысты және адамгершілік қасиеттерді сеніммен ұштастыра отырып, ұрпақ бойында ұлттық ерекшелігіне байланысты туатын ізгі қасиеттер жиынтығы". Демек, ол – адамдық қасиет сапасының бір белгісі, адамның сана-сезімі мен ар-ұжданына қайшы келмейтін, елінің, халқының, ұлтының мақсатын көздейтін, тарихи прогреспен ұштасып отыратын құндылықтар дүниесінің жиынтығы.

Тәуелсіздік таңы атқан халқымыз үшін түпкі негіздердің біріне жалпыхалықтық сыйластық және әр халықтың ерекшелігін түсініп, бағалауды, екіншіден, халқымыздың руханилығын дамытып, имандылығын арттыруды жатқызуға болады. Әрбір ұлттың рухани байлығы оның ұлттық үйлесімділігімен және жалпыхалықтық құндылығымен бағаланады. Ата-баба салтында имандылық қасиетін қадір тұтқан, өйткені бұл қасиетті жоғалтуды ұлтты жоғалтумен бірдей деп түсінген. Демек, иманды адамға өз ана тілін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын білетін және оны қадірлей білетін ұлтжанды адамдарды жатқызуға болады деген ой қорытуға болады.

Ұлттық ерекшелігімізді ескере отырып, имандылық ұрығын себу, ұлттық мәдениетімізді көтеру – ұлы іс.

Ұлттық әдеп, мәдениет халқымыздың болашақ ұрпағын кішіпейіл, адам сыйлағыш, ақылға тоқтағыш, еңбексүйгіш, шыншыл, ақ жүректі, үлкенді сыйлайтын, отансүйгіш, т.б. ізгі қасиетті етіп тәрбиелеуге аса көңіл бөлген. Бұл аталған қасиеттің бәрін біз иманды адам бойынан таба аламыз. Халық мұрасының танымдық, тәрбиелік мәні – шексіз, шектеусіз терең дүние және ол – тұтастай алғанда, жас ұрпақ үшін ғана емес, адам өмірінің барлық кезеңі үшін мәнді, адамзаттың рухани қуатының қайнары. Оның ішінде тікелей имандылық идеяларына бағышталған, сәбидің жан дүниесінің қалыптасуына, рухани марқаюына негізгі ұйытқы болатын шығармалар – жоғарыда айтылған Құраннан бастап, ерте кездегі ойшыл-ғұламалармен қатар қазірге дейін зерттеп келген тарихшы, әдебиетші, философ, педагог ғалымдарымыздың еңбегі, шығармалары, халық туындылары.

Демек, имандылық, жоғарыда айтып кеткендей, адамдық ізгі қасиеттердің жиынтығын құрайды және адамның адамшылық іс-әрекетіне қайшы келмейтін өз елінің мақсатын көздей отырып, ел арасында толеранттық сыйласымдықты сақтау барысында жеке тұлға бойында рухани-адамгершілік мәдениетті қалыптастыруға зор ықпал етіп, үлесін қосары анық. Яғни имандылық адамның сана-сезімін оятып, іс-әрекеттердің себеп-салдарын анықтай отырып, соған байланысты әрекеттерді реттеуге, оның нәтижелі-

лігіне үлес қосады. Сондықтан да имандылық адам мен оның қажеттілігін қоршаған ортамен байланыстырушы құндылық дүниесі ретінде рөл атқарады. Олай болса, адамға қатысты және оған пайда әкелетін, адам қоғамының дұрыс бағытта дамуы мен жеке тұлғаның толық жетілуіне байланысты іс-әрекеттердің, қасиеттердің бәрі имандылықтың мазмұнын анықтайды, ал ол құндылықтар дүниесінің құрамын толықтырады.

8.4. Дәріс, білім берудегі экономикалық тәрбие

Білім беру, бір жағынан, ұлттың интеллектуалды потенциалының даму және тереңдеуінің факторы болса, екінші жағынан, ол – адам мүмкіндіктерінің іске асырылуының алғышарты.

Білім беру теорияларының негізін У.Петти, А.Смид, Д.Рикардо, Дж.С.Милль, К.Маркс сынды классиктер құрастырған. Өз еңбектерінде білімнің халық үшін маңыздылығын дәйектеп, оқу, үйрену арқылы қоғам дамиды, адам еңбегі, қабілеті капиталдың бір элементі деген негіздеме жасаған. Олардың тұжырымы бойынша:

- адам сапасы – қоғам дамуының ұйытқысы;
- адамның маңызды сапалары білім беру мен тәрбие арқылы қалыптасады;
- адам қабілеті капитал ретінде сипатталады.

Бұл туралы адам капиталы теориясының негізін қалаушылардың бірі Т.Шульцтің пайымдауынша, «егер білім қоғамға, өндіріске әсер етсе, мұның өзі ел экономикасы үшін өте маңызды, яғни ол – капитал формасы», демек, адамның, қоғамның дамуы тікелей білімге байланысты.

Кез келген экономикалық категория – экономикалық қатынастар жүйесіндегі белгілі бір таптардың қисынды бейнесі. Демек, адам капиталы экономикалық категория ретінде іскерлікті, дағдыны, т.б. қабілеттерді қалыптастыру үрдісінде құрастырылатын экономикалық қатынастарды көрсетеді. Сондықтан да адам капиталын экономикалық іс-әрекеттің объектісі және нәтижесі болып табылатын экономикалық игілік ретінде сипаттауға болады. Ал туа біткен қабілеттерді табиғат сыйы деп қабылдап, болашақты қамтамасыз ететін экономикалық, әлеуметтік, рухани тұрғыдан өсудің факторлары ретінде қарастыруға болады. Білім берудегі экономикалық-әлеуметтік қатынастар жүйесінің негізгі құрамды бөлігі – адам капиталы. Адам капиталының дамуы қоғамдық-әлеуметтік өмірдің дамуына алғышарт бола алады.

Жалпы алғанда, білім беру дегеніміз – оқыту, тәрбиелеу, үйрету іс-әрекетінің нәтижесі, оқытылған пәндер бойынша нақты, түпкілікті түсініктерді, білім, білік дағдыларын қалыптастыру жүйесі. Шетел ғалымы Эдвин Дж.Долан оқыту, білім беру ақыл-ой арқылы тәжірибеде көрініс береді, адам қабілеттерінің сипатын көрсетеді деген өз ойын білдіреді. Отандық ғалымдар білім, дағды, іскерлік, жинақтаған тәжірибе адам капиталының құрамдас бөлігі деген ой қорытады. Ғылыми әдебиеттерде кеңінен тараған анықтамаларды қордалау барысында білім беру ұғымына «жүйеленген білімді, іскерлікті, дағдыны игеру процесі және нәтижесі, адамды қоғамдық өмірге даярлау мен тәрбиелеу жолдарының жиынтығы» деген түсінік беруге болатынын көреміз. Яғни білім беруді белгілі бір нәрсеге қол жеткізу, адамды мәдениеттілікке, адамгершілікке, имандылыққа, т.б. ізгі қасиеттерге баулу деп түсінуге болады. Ал динамикалық тұрғыдан, білім беру – ұрпақтан-ұрпаққа жинақталған әлеуметтік маңызды тәжірибені қоғамдық тұрғыдан ұйымдастырылған түрде үнемі жетілдіру процесі. Бұдан оның оқытудың, тәрбиелеудің, дамытудың динамикалық процесі екенін көре аламыз.

Экономикалық білім мен тәрбие беру барысында студенттер қоғамның экономикалық саясатын, өндіріс, айырбас, бөлісу және тұтыну ауқымындағы негізгі ұғымдарды меңгерулері тиіс. Экономикалық білімдер теориясы қоғам өмірінің материалдық негізін түсіндіреді, адам және оның экономикалық қатынастарын реттейді. Ал экономикалық тәрбиенің мақсаты – қоғам сұранысын қанағаттандыратын экономикалық сана қалыптастыру. Яғни қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы адамның шешуші рөлін ұғынулары, қоғам және тұлғаның мүддесіне сай қоғамдық өндіріс пен еңбекке жаңаша қатынастарды қалыптастыруды үйренулері тиіс. Экономикалық тәрбиеде жастардың ұлттық кіріс, қаржы, еңбекақы, өзіндік құн, пайда, ақша және т.б. ұғымдардың мәнін түсіне отырып, өзіндік тұрғыдан іс-әрекет жасауға даяр болулары көзделеді. Әсіресе, ақша қатынасын жақсы білулері шарт. Бұл мәселеде А.С.Макаренко «Ер жетіп, өмірге аяқ басқан адамның өзіндік қаржы қоры туралы тәжірибесі болуы және ақшаны жұмсай білуі керек» деп өзіндік тұрғыдан қаражат тауып, оны жоспарлы жұмсай білудің қажеттігіне мән берген. }

Қоғамдық тұрғыдан ұйымдастырылған білім беру процесі әлеуметтік институт ретінде сипатталады және қоғамда жан-жақты, күрделі қызметтер атқарады. Ғалым А.Панкрухин білім беру қызметін материалды емес қызмет категориясына жатқызады және оның нәтижесі ретінде клиенттің мүлдем жаңа сфера

бойынша білім, дағды, іскерлікке ие болуын немесе тұлғаның өзгеруін, оның дамуын, бар потенциалдың көтерілуін бейнелейді. Көптеген отандық ғалымдар білім беру қызметін оқу орындарының сұранысты қанағаттандыруға бағытталған оқыту, басқару, тәрбиелеу, қаржы-шаруашылық іс-әрекеттерінің нәтижесі ретінде қарастырады.

Білім беру қызметі қызметтің жалпы қасиеттерімен қатар төмендегідей маңызды қасиеттерге ие:

- білім беру қызметі өндіруші мен тұтынушының тікелей өзара еңбек ынтымақтастығында өндіріледі және өткізіледі;

- білім беру қызметі сапасының өзгеру бейімділігі жоғары, бұл жағдай орындаушы тұлға және «бастапқы материал» – оқушының мінез-құлқының өзгеруімен түсіндіріледі;

- білім беру қызметі индивидке жан-жақты, кешенді әсер ету арқылы тұтынушының сапалық тұрғыда өзгеруіне әкелетін қызмет, яғни білім беру қызметінің нәтижесінде индивидтің дүниетанымы, кәсіптік біліктілігі, интеллект дәрежесі, әлеуметтік ортадағы қарым-қатынасы, т.б. көлемді өзгереді;

- білім беру қызметінің нәтижесі уақыт легімен сипатталады, яғни нәтиже бірден көрінбейді;

- білім беру қызметі адамның іргелі құқықтарының бірі – білім алу құқықын қамтамасыз етумен байланысты.

Білім беру қызметінің жеке және қоғамдық игіліктерін Г.Беккердің «жалпы» және «арнайы» адам капиталы ілімі қисынында қарастыруға болады. Білім берудің жеке игілік деңгейі – арнайы кәсіптік білім, ал оның қоғамдық деңгейі – жалпы, іргелі білім мен дағдыны қалыптастыратын жалпы орта білім.

Экономикалық білім беру саласында қандай да болмасын игілік өндіру тиімділігі ресурстарды оптималды бөлу мәселесі ретінде шешіледі. Соған байланысты мемлекеттің білім беру саясатына әсер етуші басты принциптерді білу қажет. Экономикалық білім мен тәрбие арқылы жеке адамдардың экономикалық мінез-құлқы қалыптасады.

Тұлғалар арасындағы экономикалық қатынастардың дамуы және сандық тұрғыда артуы білім беру қызметі рыногын қаржыландыру ерекшелігіне негізделеді.

Экономиканың қазіргі даму сатысында білім беруді тек тұтыну-дың объектісі ғана емес, сондай-ақ инвестицияның объектісі ретінде қарастыру кеңінен орын алуда. Бұл түсінік көп жағдайда адам капиталы теориясымен тығыз байланысты.

Ал білім беру сферасын реформалау – қоғамдық укладтың және білім беру педагогикасының өзгеруінен туындаған процесс. Білім

беру мазмұнындағы өзгерістер білім берудің әлемдік тенденцияларымен үндес. Яғни білім берудің қай саласы болмасын адам мүддесіне қызмет жасайды.

8.5. Құқықтық білім мен тәрбие

Тұлғаны тәрбиелеу мен білімдендіруде маңызды рөл атқаратын – құқықтық тәрбие мен білім. Яғни қоғамның әрбір азаматының ҚР заңдарын білуі және оны сақтауға тәрбиеленуі аса қажет. Көптеген жеке адамдар өз құқықтары мен заңды білмегендіктен тығырыққа тірелетіні де шындық. Сол үшін де жастардың бүгінгі күні құқықтық санасын тәрбиелеу өзекті мәселелер қатарынан орын алуда. В.А.Сухомлинский «қандай да бір құқықтық тәрбие болмасын, егер ол белгілі бір мақсатпен ұйымдастырылып, жеке адамның мұқтаждығына негізделсе, екіншіден, ұжымдық жұмыстарға шығармашылықпен қатысса, соғұрлым алдыңғы буын ағалардың әлеуметтік-құқықтық жетістіктерін, тәжірибелерін қабылдап, өз мінез-құлықтарын қалыптастырады» деген ойын айтқан.

Оқу орындарының оқу-тәрбие үрдісінде құқықтық тәрбие мен білімге аса назар аударған дұрыс.

Құқық – қоғамдағы ең негізгі және маңызды қатынастарды реттейтін, қоғамға пайдалы, қажетті қатынастардың дамуына жол ашып, қорғап, ал қоғамға зиянды қатынастарды шектеп, тыйым салатын құрал. Сонымен қатар ол азаматтардың бостандығын, қоғам алдындағы міндеттерін жариялап, оларды жүзеге асыруға заң жүзінде кепілдік береді.

Құқық нормалары мен ережелері адамдардың іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарының қоғамдық мүддеге, белгіленген ережеге, қабылданған заңдарға сай болуын талап етеді. Сол талаптарға сай өмір сүру үшін, ең алдымен, оларды білу қажет. Бұдан құқықтық тәрбиенің мақсаты туындайды, яғни ол – жас ұрпақты қоғамның заңдары мен нормаларын бұлжытпай орындау мен сыйлауға, елін, жерін, оның байлығын қорғауға тәрбиелеу. Ол үшін:

- жастарға мемлекет, оның құрылымы, құқық және құқықтық нормалар туралы білімдерді меңгерту;
- мемлекет рәміздерін, заңдарын сыйлау мен қорғауға тәрбиелеу;
- өмір сүру дағдыларын заң, ережелерге сай құрастыруларын дағдыландыру;
- адам және оның құқын, таңдауын құрметтеуге үйрету қажет.

Әсіресе, болашақ заңгер мамандарды тәрбиелеуде құқықтық тәрбиенің маңызы зор. Ертеңгі заң қорғаушылардың адамгершілік

құндылық қасиеттерінің қалыптасуы да, алдымен, тәрбиеге байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, құқықтық білім беруді адамгершілік тәрбиемен ұштастырып, байланыстырып отырған дұрыс. Яғни ұлттық, құқықтық, адамгершілік сананы қалыптастыру қажет, ол – қоғамдық сананың ерекше түрі.

Бүгінде әлемдік деңгейде адамдардың құқығын қорғайтын «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы» бар. Бұл, өзіндік тұрғыдан, бүкіл әлем азаматтарының құқын қорғайтын бірден-бір құжат болып табылады. Сондай-ақ, құқықтық тәрбие мен білімді халық тағылымдары арқылы да берген дұрыс деп ойлаймыз. Этнограф ғалым Ш.Уәлихановтың қазақ халқын «есігінде құлпы, жерінде абақтысы болмаған халық» деп сипаттауында философиялық үлкен мән бар. Сонымен қатар құқықтық мәселелерді педагогикалық тұрғыдан қарастырып, шешуге тырысып көру керек. Мысалы, елімізге эфтаназия қажет пе, қажет емес пе? Әрине, заң тұрғысынан белгілі, ал адамгершілік тұрғысынан қалай болмақ? Бұл және де басқа мәселелер туралы қоғамдық пікір туғызып, өзіндік ой-пікірлерін үнемі дамыту барысында құқықтық тәрбие де, білім де дамиды.

Бақылау сұрақтары:

1. Адамгершілік тәрбиесінің мәні.
2. Тұлға қалыптастырудағы адамгершілік тәрбиенің маңызы.
3. Рухани адамгершілік ұғымын қалай түсінесіз?
4. Имандылық тәрбиесінің генезисі.
5. Имандылық анықтамасы.
6. Ағартушылардың имандылық идеялары.
7. Имандылық тәрбиесінің құрылымы.
8. Экономикалық тәрбиені қалай түсінесіз?
9. Құқықтық тәрбиенің мәнін түсіндіріңіз.

СОӨЖ-дің тапсырмалары:

1. Берілген әдебиеттерден адамгершілікке берілген анықтамаларды талдаңыз.
2. Адамгершілік тәрбиесіне арналған авторефераттарды талдаңыз.
3. Жазба мұралардағы имандылық идеясының мәнін ашыңыз.
4. «Имандылық - рухани құндылықтар көзі» тақырыбына жоба құрыңыз.
5. Экономикалық тәрбиені халық дәстүрімен байланыстырыңыз.
6. «Менің құқым» тақырыбына эссе жазыңыз.
7. Дене тәрбиесінің мазмұнын сипаттаныз.
8. Еңбек тәрбиесі туралы не білесіз?

Реферат тақырыптары:

1. Адамгершілік тәрбиесінің бүгінгі мен кешегісі.
2. Адамгершілік тәрбиесінің теориялық негізі.
3. Адамгершілік тәрбиесінің тарихи генезисі.
4. Жастарды адамгершілікке тәрбиелеудің педагогикалық шарттары.

5. Құран - жазба дерек ретінде.
6. Құран, Хадистердегі имандылыққа тәрбиелейтін тағылымдар.
7. Абайдың имандылық идеясы.
8. Ыбырай имандылық туралы.
9. Шөкәрімнің имандылық тәрбиесі туралы ойлары.
10. Имандылық тәрбиесінің зерттелу деңгейі.
11. ЖОО-ндағы экономикалық және құқықтық тәрбие.

Әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Таңдамалы хадистер аудармасы. – Алматы: “Берен”, 1994, 110 б.
2. Раушанов Е. Хадистер. – Алматы: Мұраттас, 1991, 48 б.
3. Әлем (альманах) //Бас редакторы Сейдімбек А. – Алматы: Жазушы, 1991, 494 б.
4. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1973, 448 б.
5. Баласағұн Ж. Құтты білік. /Көне түркі тілінен аударған және алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986, 614 б.
6. Қашқари М. Диуани лұғат ат-түрік. – Алматы, 1996, 237 б.
7. Қожа Ахмет Яссауи. Диуани Хикмет: Ақыл кітабы /М.Қаратаев, З.Ахметов, т.б.– Алматы: Мұраттас, 1993, 260 б.
8. Сүлейменұлы М. Шипагерлік баян және оның заманымызға жалғасып қолымызға келіп түсуі жайлы аз ғана сөз //Ө.Тілеукабылұлы. Шипагерлік баян. –Алматы: Жалын, 1996, 433-434 бб.
9. Жалайыри Қ. Шежірелер жинағы. – Алматы: Қазақстан, 1997, 128 б.
10. Құнанбаев Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. II т. – Алматы: Қазақстан, 1977, 183 б.
11. Абай. Шығармаларының I томдық толық жинағы. – Алматы: Қазақстан, 1968, 516 б.
12. Абайдың дүниетанымы мен философиясы. – Алматы: Ғылым, 1995, 181 б.
13. Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары. – Алматы, 1988, 288 б.
14. Құдайбердіұлы Ш. Мұсылмандық шарты. – Алматы: Қазақстан, 1993, 75б.
15. Әбенбаев С. Тәрбие теориясы мен әдістемесі - Алматы: Дарын, 2004.
16. Дайрабаев Е.Б., Дайрабаева А.Е. Педагогика пәнінің негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2005.

Қосымша:

1. Алтынсарин Ы. Мұсылманшылықтың тұтқасы. Шариат-үл – Ислам. – Алматы: Қазақстан, 1991, 79 б.
2. Бәширова Ж.Р., Әлқожаева Н.С. Иман - тәрбие негізі. - Алматы, 1997, 58 б.
3. Құран (және оның қазақша мағынасы). – Алматы, 1993, 604 б.
4. Қайқаус Қабуснама (аударған Т.Айнабеков). – Алматы, 1992, 156 б.
5. Дәулиева Ф. Білім беру саласының экономикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004.
6. Қоянбаев Ө. Жастар және праволық тәрбие. – Алматы, 1988.

9-дәріс. ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ

*Жамандығын жаманның өулетінен іздеме,
Адамдығын адамның дәулетінен іздеме.*

Мақсаты: Отбасының қалыптасып, дамуын сипаттай отырып, ондағы тәрбиенің мазмұнымен, құқықтық негіздерімен таныстыру.

Міндеттері:

1. Отбасының қалыптасуын және оның тәрбие факторы ретіндегі сипатын ашу.
2. Отбасы тәрбиесінің құқықтық және оны ұйымдастырудың негіздерін баяндау.

Жоспары:

1. Отбасының қалыптасуы және оның тәрбие факторы ретіндегі сипаты.
2. Отбасы тәрбиесінің құқықтық негіздері.
3. Отбасының тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы рөлі.

Негізгі ұғымдар: отбасы, отбасындағы тәрбие, неке, отбасындағы құқық, отбасы мүшелері.

9.1. Отбасының қалыптасуы және оның тәрбие факторы ретіндегі сипаты

Республикамыздың президенті Н.Ә.Назарбаев “Қазақстан – 2030. Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы” атты халыққа жолдауында: “Біз бүгінгі кезеңнің міндеттерін – біздің ұрпақтың келер ұрпақтар алдында орасан зор жауапкершілік жүгін саралайтынын: әкелер мен аналардың, аталар мен әжелердің өз балалары мен немерелері алдындағы жауапкершілігін күнделікті есте ұстауға тиіспіз”, – деп қазіргі отбасының әлеуметтік, мәдени, қоғамдық қызметі белсенділігінің маңызын жоғары бағалап, Республикамыздағы отбасылардың алдына қомақты міндеттер жүктейді.

Педагогикалық ойдың даму тарихында отбасы мәселелері Батыс және Шығыс елдері философтары, әлеуметтанушылары, педагогтары, психологтары және т.б. ғалымдардың зерттеу нысанасы болды. Жалпы алғанда, жас ұрпақты тәрбиелеу – ортақ мұрат, оларды сапалы біліммен қаруландырып, тәрбиелі азамат етіп шығару – әр

қоғамның көкейіндегі басты арманы. Ал баланың білім мен тәрбиенің негізгі қайнарын әуелі мектептен, одан соң белгілі бір оқу орындарынан алатыны баршаға мәлім. Сол сияқты жастарды отбасы өміріне даярлау да өмір баспалдағына байланысты, оларға мектеп жасына дейінгі кезеңдерінен-ақ «отбасы» деген тақырыпта әңгіме кұрып, әр затты өз уақытында түсіндіріп, олардың жас ерекшелігіне байланысты тақырыпты күрделендіре түсіп, ұғындырып, санасына кұйып отырған жөн.

Отбасы ұғымының баламасы ретінде баспасөзде, қоғамдық өмірде жанұя деген сөз де қолданысқа енген. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «жанұя» сөзіне «неке мен қандас туыстыққа негізделген шағын топ» деп анықтама беріледі. Оның мүшелері тұрмыстың ортақтығы, өзара көмек және рухани жауапкершілік арқылы байланысқан. Қоғам мен бүкіл қоғамдық қатынастардың жүйесімен тығыз байланысты бола тұрса да, жанұя – қоғамдық өмірге қарағанда, адамдардың белгілі дәрежедегі дербес, сырлас тобы. Жанұя адам баласының тарихи дамуының барысында қалыптасқан және үздіксіз даму үстінде. Ол – алғашқы қауымдық кұрылыстың ыдырауы кезінде пайда болған әлеуметтік топ және шаруашылық негіздерінің бірі және ол қоғаммен, оның көп салалы қатынастарымен, рухани байлығымен тығыз байланыста өмір сүрген.

Қоғамнан, өзін қоршаған табиғи орталықтан тыс жанұя жасалмаған.

Отбасы өмірі материалдық және рухани үрдістермен сипатталады. Табиғи-биологиялық және шаруашылық-тұтыну қатынастары оның материалдық жағын кұраса, рухани жағын кұқықтық, адамгершілік және психологиялық қатынастар кұрайды.

Неке дегеніміз – ерлер мен әйелдердің бір-біріне, балаларына, қартайған ата-аналарына, сондай-ақ қоғамға қарым-қатынасы жөніндегі міндеттер мен кұқықтарын тудыратын, қоғам қабылдаған одағы.

Некеге және отбасы өміріне даярлық жасау қажеттігіне себепкер факторлар: отбасын кұру үрдісінің күрделілігі, отбасы өмірі мен қызметінің өзгеруі, отбасындағы шаруашылық-экономикалық қарым-қатынастардың жаңа сипаты, ерлі-зайыптылар, ата-аналар мен балалар, туған-туыстар арасындағы қарым-қатынастар жүйесінің күрделенуі, ерлер мен әйелдердің жаңа рөлі. Отбасын кұруға қажетті білім мен қабілеттілікті игеру – жеке адамның жан-жақты дамуының маңызды саласы.

Некеге түруға әлеуметтік даярлықтың мәні: жалпыға бірдей міндетті білім алу, белгілі бір мамандыққа ие болу, еңбек жолының басталуы, экономикалық тәуелсіздік, азаматтық және психологиялық жағынан жетілу, адамның отбасын құруға даярлығының болуы керек.

Болашақ отбасы үшін, болашақ балалар үшін жауапкершілікті, бір-бірінің алдында белгілі бір міндеттемелер алатындығын жастарға түсіндіріп, некенің адамгершілік және құқықтық негіздерін түсіну дұрыс және бақытты отбасын құрудың елеулі шарттарының бірі екендігін ескерген жөн.

Некеге түру адам өміріндегі жаңа маңызды кезең болып саналады. Некеге дейін қалыптасқан үйреншікті өмір салты өзгеріп, бір-бірін танып, білу кезеңі басталып, “Біз” деген ортақ сезім пайда болып, ерлі-зайыптылар өмірінің алғашқы жылдарындағы оқу, жұмыс және бос уақытты өткізу жолдарын үйренуі керек.

Жас жұбайлар қарым-қатынасындағы үйлесімділік шарттары: жас жұбайлар құнды бағдарларының бір-біріне сай келуі, отбасылық өмірге адамгершілік және психологиялық жағынан дайын болу, ержүректілік пен нәзіктіліктің үйлесімділігі, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі шектей білу, өзіне-өзі сын көзімен қарау, ерлі-зайыптылардың бір-біріне деген төзімділігі, отбасы өмірін ұйымдастыру жауапкершілігі, өзара түсіну қасиеті, некеде сүйіспеншілік сезімін сақтап, қамқорлықпен қарау, бір-бірінің жеке-дара мүдделеріне, талғамдарына, әдеттеріне, жеке басының ерекшеліктеріне құрметпен қарау, ерінің, әйелінің әке-шешесімен, туған-туыстарымен әдепті қарым-қатынас жасау сияқты қасиеттердің барлығы жастардың бойынан табылып, оның бәрін іс жүзінде қолдануы керек.

Отбасының тәрбиелік мәселелері, біріншіден, ғасырлар тоғысында тұлғаны тәрбиелеу міндеттеріне, екіншіден, оның өмір сүру барысындағы отбасы тәрбиесінің үрдісіне, үшіншіден, қазіргі тәрбие құралы мен оның құрылысына байланысты.

Халық тарихына тереңірек үңілсек, ұрпақ тәрбиесі әр елдің қай кезеңде болсын өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Бұл мәселе ғасырлар бойы жинақталған халық тәжірибесіне, даналығына сүйенгенде өзіндік жемісін беріп, шешімі табылып отырған. Қай халық болмасын ұрпақ тәрбиесінің өз ұлтына тән, оның тектілігін сақтайтын қағидалары мен ережелерін өздері жасаған. Халқымыз қашанда ұрпақ өсіру мәселесін алға қойған. Ол үшін отбасын құру заң ретінде қалыптасқан. Отбасы – адамдардың өзара қарым-

қатынаста болатын тұрақты тобы. Қазақ отбасылары ата-аналарының құдаласуы арқылы іске асырылып отырған. Әрине, ер жеткен ұлдарына отбасын құруға байланысты қалыңдық таңдауға ерік берген. Феодалдық сарқыншақтардың әсерінен күштеп отбасын құруға мәжбүрлеу де – тарихи шындық. Сондай-ақ, халқымыз отбасын құруда аса тұрақты болған. Неке суын ішіп, жеке шаңырақ құрған отбасылар мәңгі бірге болатын. Қоғамның өзгеруіне байланысты ажырасу мәселесі күн тәртібінен орын алды. Әрине, бұған белгілі бір себептер бар, дегенмен біздің бүгінгі жастарымыздың бойында отбасы қажет ететін қасиеттер қалыптаспаған сияқты. Отбасы аса жауапкершілікті, төзімділікті, түсінушілікті, адамгершілік қасиеттерін талап етеді. Міне, сондықтан да жастарды осындай қасиеттерге халықтық педагогика негізінде тәрбиелеуге болатындығына сеніміміз мол. Статистикалық мәліметтер бойынша, көбіне жастар студенттік кезеңдерінде отбасын құрады. Сонымен қатар тағы да статистикалық мәліметтерге жүгінсек, осы кезеңде отбасын құрушылар арасында ажырасу мәселесі де басым. Яғни студент жастардың отбасын құруларына әлі де болса тәрбие жетіспейді. Әрине, бұл мәселе тікелей жоғары оқу орындарының міндеті емес, бірақ тәрбие мәселесі педагогикалық үрдістің құрамдас бөлігі екендігіне ешкім дау тудырмас. Отбасының негізгі қызметі – тұқым өсірушілік. Қазақ отбасылары бұл мәселеде алдыңғы қатарлы ұлттар тізбегінде болған. Қазір бұл мәселе артта қалып, демографиялық өсуге кері әсер етуде.

Ұрпақ тәрбиесі қай заманда болмасын әр халықтың басты міндеттерінің бірі болған және бола бермек. Ұлттық тәрбие деп отырғанымыз – рухани құндылықтардың жиынтығы.

Ұлттық тәрбиені іске асыруда қазақ халқының ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесінің үлесі мол. Ойшыл ғалымдар, ақындар, шешен-билер, жыраулар, ағартушылардың мұралары жастарды рухани мәдениетке, өмір сүру дағдыларына, сонымен бірге отбасын құруға тәрбиелейді. Отбасына тәрбиелеудің дамуына мән беретін болсақ, сонау ерте кездегі Қорқыт ата тағылымына мән бергеніміз дұрыс. Оның еңбегіне отбасындағы әке мен ананы құрметтеу, ондағы жарасымды қарым-қатынас, ұл және қыз тәрбиесі арқау болған. Қорқыт атаның нақыл сөздері, қағидалары – педагогикалық, философиялық ойлардың нәтижесі. Мысалы, “Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман”, “Атасыз ұл ақылға жарымас, анасыз қыз жасауға жарымас”, “Есекті жүгендегенмен жылқы болмас”, “Қорқаққа

қылыш жұмсаудың қажеті жоқ”, т.б. Қорқыт шығармаларында отбасындағы әйел-ананың орны туралы сөз қозғалады: “ол әйелдің төрт түрі болады, оның басы – күт әйел, соңы – қанағаты жоқ жүт әйел, одан қалса ығыр қылатын кесір әйел, тірлігін ұқсатпайтын салақ әйел. Жақсы әйел – ерінің бар-жоғын білдірмей, елге аға болады”. Әйел ерге қорған, отбасының тірегі болса, ол көшпелі өмір салтынан туындаған қағида еді. Қорқыт ойларының қорытындысы “өмір барда өлім бар, өзгеру бар, өмір жоқ, сынбас темір жоқ, бәрі де өзгереді, ұмыт болады, тек мәңгі бақи өлмейтін, ұмытылмайтын нәрсе – адамның өміріндегі істеген игілікті ісінің нәтижесі” дегенді аңғартады.

Ұлы күйші, кемеңгер жыраудың ғибрат сөздерінің тағылым берерлік өнегесі зор. Қаншама заман өтсе де, тәрбие негізі әйелдерге байланысты екенін нұсқаған даналық сөздерінің ұқтырар сыры мол. Тарихи болмысы ғаламға мәлім Қорқыт атаның нақыл, ғибраты, аңыз болған сөздері – күллі адамзатқа мәңгілік өмір іздеген игі тілегімен бірге халқымыздың ежелгі тарихын, әдет-ғұрпын, байырғы тәлім, тағылым жолдарын танытатын рухани қазына.

Әл-Фараби болса, қоғам дамуы тікелей отбасының дамуына байланысты деп санаған. Жүсіп Баласағұн отбасы тәрбиесіндегі қызды тәрбиелеуге аса мән берген. Оның негізгі ойы “елді тәрбиелегің келсе қызды тәрбиеле, ерді тәрбиелегің келсе ұлды тәрбиеле” деген халқымыздың нақыл сөзімен ұштасып, үйлесіп жатқандай.

Ғұламаның тектілік, адамгершілік қасиеттің туа бітетіндігі мен қалыптасатындығы жайлы толғаныстары да аса маңызды. Ойшыл әр адамға тән туа біткен қайырымдылық пен зұлымдықты, яғни тумасынан қайырымды немесе зұлым адамдарды, сондай-ақ тәрбие мен өмір барысында пайда болатын, жастық шақта қабылданған қайырымдылық пен зұлымдықтың ара-жігін ажыратуды сөз етеді. Ж.Баласағұн қайырымдылық әміршілердің бойына туа біткен қасиет деп біледі, әйтпесе дүние быт-шыт болып, оның бір бөлігін қайғы басқан болар еді деген тұжырымға келеді. Азғындап туған адамдарды биологиялық ауытқудың, табиғат қатесінің нәтижесі деп білді. Философ бақыт пен қайырымдылық ұғымына тоқтала келіп, “адам шапағаты арттағы ұрпақтарға тисе, мұра болып қалса, оның рухани өлмейтіндігі сөзсіз” деген тұжырым жасайды. Баласағұн бала тәрбиесін отбасында бер, “ай маңдайлы ұл-қыз туса, үйінде өсір, бөтен жерге қалдырма” деп өсиет еткен. Баласағұнның

бұл тағылымдары ойлары білім мен тәрбиенің сабақтастығын жоғары бағалағандығының дәлелі. Бала жас кезінен білім мен өнерге, еңбекке араласуы арқылы оның жаны мен тәні сабақтас жетілуі тиіс. Тәрбие мен білім берудің жүйесі парасатты ұрпақ өсірудің мәнін ашады. Егер баланың жаман аты шықса, ізгі жандарға қауіп төнеді делінеді. Халықтың имандылығының кепілі балалардың ата-анасы мен аға ұрпаққа деген құрметінен көрінеді. Сондықтан да әкесін аман сақтап қалу үшін жанын қиған ұлдың өлімі ең бақытты өлім болып табылады. Баласағұнның ұстазнамалық тұжырымдамасында осындай сұңғыла ойлар жатыр.

Ж.Баласағұнның “Құтты білік” атты кітабы сол кездегі түркі тілдес халықтардың дүниетану тақырыбында алғаш жазылған ескерткіші еді. Мұнда адамға білімнің қажеттігі, оның тірліктегі мәні, бақыт туралы, адам іс-әрекетінің оны мен терісі, тілден келетін пайда мен зиян, ел билеуші әкімдерге қажетті асыл қасиеттер, әртекті жұртшылық өкілдерінің тілін таба білу, т.б. хақындағы ой-талғамдар, сондай-ақ отбасы мен неке, ұл мен қыздың өнегелі тәрбиесі, бала мен ата-ананың қарым-қатынасына байланысты мәселелер жан-жақты сөз болған. “Құтты білік” еңбегі – халықтың құт, ырысы, ұрпақтарға, адамға бақыт берген, құт әкелетін білім.

Әсіресе, XV-XIX ғасырлардағы ақын-жыраулар мұраларында отбасы тәрбиесіне аса мән берілген. Мысалы, Бұхар жырау отбасында ерлі-зайыптылардың бір-бірін сыйлауы береке бірліктің басы деп білген. Отбасының бақыты көбіне әйелге байланысты, сондықтан өмірлік жарынды дұрыс таңда деген оймен “қылығы жаман қыздан без”, “салақ әйелден сақтан” деп насихаттаған.

Өзімізге белгілі Асан қайғы адам баласының бүкіл жүріс-тұрысына, мінез-құлқына байланысты көптеген мәселелерді қарастырған. Ол адам өмірінің мәні мүмкіндігінше жақсы өмір сүру, бір-бірлерімен жанжалсыз, түсіністікте болу болып табылады деген өз ойын айтқан болса, Ақтамберді жырау достықтың да, сыйластықтың да нышаны отбасынан басталады деген. Ақтамберді ақын ерлі-зайыптылардың татулығы өмірдің рахаты деп бағалай келе:

“Мінезді болса алғаның,
Одан артық жар бар ма?
Екі жаман қосылса,
Күнде жанжал, күнде шу.
Үяларлық ар бар ма?
Өз мінезін білген жігіттің
Тәлімінде мін бар ма?” –

деп алған жарың әдепті, мінезге бай болса, сонда ғана отбасында береке, бірлік болады, өзіңе де сын көзбен қара, жаман мінезің болса түзетуге тырыс деген өсиет қалдырған.

Адамгершілік қасиет отбасы мүшелерінің бір-бірін қадірлеуімен, әсіресе баланың қартайған әке-шешелеріне ерекше құрмет көрсетуімен сипатталады. Осыны ойға азық, тілге тірек ете ете отырып, көпті көрген атақты жырау:

“Меккені іздеп нетесің,
Меккеге қашан жетесің?
Әзір мекке алдында,
Пейіліңмен сыйласаң
Атаң менен анаңды” –

деп ата-ананы шынайы сыйлаудың өзі Меккеге барғанмен бірдей екенін түсіндіріп, яғни ата-ананы құрметтеу керектігін меңзейді.

Сондай-ақ, Шал ақын Ақтамберді жырауды қолдап “Ата менен анаңды құрметтесең, Мекке болып табылар үйің іші” деп алыстағы Меккені өз үйіңнен табуыңа болады деген болатын. Бұл туралы ойшыл Платон: “Кімде-кімнің үйінде қартайған әке-шешесі немесе ата-енесі сияқты қымбатты “қонағы” болса, ол үйлеріне басқа олардан артық сыйлы қонақ болады деп ойламай-ақ қойсын. Оларды құрметтеген, қамқорлық жасаған адамдардың отбасының береке-бірлігі орнында, қартайған ата-аналары отбасының құты болып табылады”, – деген болатын.

Белгілі Үмбетей жырау да өз шығармаларында отбасы мәселесіне ерекше тоқталып өткен. Ол “Ұрысқақ болса – ұлың жау, керіскек болса – келін жау” немесе “Қойныңдағы қатының жаман болса, қаңтардағы мұзбен тең, кей сорлының қатыны – күндіз ауру, түнде сау, арқаңа артқан түзбен тең” деген нақыл сөздері арқылы ер жігіттің басына кесір болып жабысатын отбасындағы әйелді сынайды.

Ал Шал ақын болса:

“Кез болса, ер жігітке жақсы қатын
Жақсы қатын шығарады, ердің атын,
Жаман болса, өз қылған істерімен
Еріне қалдырады жаман атын” –

деп ер бақыты отбасына, алған жарына байланысты деген ойын жеткізген. Осылайша, ақын-жыраулар жар таңдау мәселесінің маңыздылығын баса көрсеткен.

Шал ақын өзінің “Әйел туралы” толғауында “Қарауыл дейтін бір қатын болады, танертең тұрады, түндікті оңынан ашады, кетіп бара жатқанды адал алады”. Мұнда ақын тек қарауылдық қызмет атқаратын, өсек-өтірік айтып, күнін босқа өткізетін әйел туралы айтады. “Екінші әйел қыналы бармақ дейтін, аз нәрсені көптей қылады, киіміне кір жүкпайды, асына қылшық тұрмайды, дүниесінің бәрі таза болады, ерінің бары-жоғын білдірмейді.” Бұл – ер жігіттің қайсысының болса да, армандайтын жары, жақсы әйел бейнесі. “Үшіншісі – ашып атар, жатып ішер, басқурма етік көркілдек, сиыр жапасы сырпылдақ, сормандай ерге жолығады”- деп мұндай әйелі бар еркектің соры бес елі дегенді меңзейді. Ақын толғау соңында “Екі қатын алғанның дауы үйінде, жаман қатын алғанның жауы үйінде, жақсы қатын алғанның тойы үйінде, жаман қатын алғанның соры үйінде” деп қорытады. Халқымыз да жақсы әйел туралы “Жақсы болса әйелің, бірінші – иманың, екінші – жиғаның, үшінші – ырысыңның тұрағы” деп отбасылық өмірдің тұғыры әйел екеніне аса мән берген.

Дүние жүзіне мәлім ақын Абай атамыз әйел қасиеті туралы шығыс халқының “Масфұт” атты ертегісін өз өлеңдеріне желі еткен. Мұнда иесіз үйде қарақшылар өлтіргелі жатқан шалды ажалдан арашалап құтқарған Масфұттың ерлігін суреттейді. Жігітке риза болған шал үш түрлі жемісі бар гүл сыйлайды да :

Ағын десең – ақылың жаннан асар,
Сары десең – дәулетін судай тасар.
Егер қызыл гүлді алсаң таңдап,
Үрғашыда жан болмас сенен қашар, –

деп таңдауға мүмкіндік берген екен. Жігіт іштей өзі ойланып, байлық бір жұталса, жоқ болады, бір кісілік ақыл өзімде де бар, ендеше сұлуды жолдас етейін деп, қызыл гүлді алған екен. Шал: әйелді жолдас етуді неге қаладың?- дегенде, жігіт: “Хан да, кара да анадан шықты, әйел сөзіне құлақ салмас жан болмайды. Ханды қаһарынан қайтаратын, ердің ашуына арашашы, ақылшы болатын, үйдің де, түздің де береке-бірлігінің ұйытқысы – әйел. Соны ойлап, әйел қауымымен дос болуды қаладым,” – деп жауап берген екен. Демек, отбасы дүниенің ортасы демекші онда тыныштық болса, дүниеде де тыныштық, ал егер отбасында жанжал болып, тыныштық кетсе, дүниеде де тыныштық кетеді.

Ақын бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөліне аса мән берген. Отбасы берекесі әйелге, анаға байланысты екенін, бірақ кейбір

әйелдердің өз міндеттерін толық іске асырмайтынын, тазалық сақтамайтынын, көрпе-төсегінің кір болып, есіктен төрге дейін шашылып жататынын сынаған. Ақын отбасының екі мүшесінің де жұбайлық өмірді үлкен саналылықпен, жауапкершілікпен бастауларын, ол үшін бір-бірінің ішкі дүниесінің үйлесімділікте болуы керектігін ескерткен.

Ұлы ойшылдар әл-Фараби, Шоқан, Абай, Ыбырай халқымыздың білімі мен тәрбиесіне аса зор мән беріп, өнеге-өсиет қалдырған. Мәселен, әл-Фараби тәрбиелеу деген ұғымға халықтар бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту деп анықтама берген.

Ал Абай өзінің барлық ақыл-ой, санасы, көзқарасы, пікірімен тәрбиенің өте зор күдіретті, күшті екенін философиялық, психологиялық тұрғыдан дәлелдеген.

Ы.Алтынсарин өзі өмір сүрген саяси-әлеуметтік тарихи дәуір туғызған. Көкейкесті мәселе – халықтың ой-санасын оятумен, адамгершілікке тәрбиелеу ісімен шұғылданған.

Отбасылық өмірдің бастамасы қыздар үшін келін болудан басталса, ұлдар күйеу бала болады.

Келін – өз отбасынан кетіп, болашақ жарын тауып қосылған қыз бала. Келін – отбасының жаңа мүшесі. Келін – ұрпақ жалғасының өзегі. Халқымызда “Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан” деген сөз бар, мұнда келін түскен үйде жамандық болмаса, келінді жақсы деп бағалау, ал керісінше болса, жаман деп бағалау қалыптасқан. Сондай-ақ, “Жақсы жерге түскен келін – келін, жаман жерге түскен келін – келсап” деген де сөз бар, бұл келіннің келін болуы сол отбасына байланысты екенін аңғартады. Отбасы қай кезеңде болсын болашақ ұрпақты тәрбиелеу мәселелеріне жауапты болған. Бүгінгі таңда да отбасына бұл мәселе аса жауапкершілікпен жүктелуде және осыған байланысты ата-аналардың білімденуі мен рухани мәдениет деңгейінің жоғары болуы – дау тудырмайтын мәселелердің бірі.

Бала тәрбиесі, отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынастардың қалыптасуы мен дамуына септігін тигізетін адамдардың жақындығы, туыстық қатынастар, тұрмыстық өмірі олардың белгілі бір тұрақты әлеуметтік институт ретінде анықталатынын көрсете алады. Мұндағы отбасына анықтама берер болсақ, ол – әрбір азаматтың әлеуметтену жолындағы алғашқы қадамдарын жасайтын бастапқы ұя. Яғни ол балаға адамгершілік, моральдық, ізгі іс-әрекеттер туралы түсініктер береді, оларды тәрбиенің

алғашқы түрлерімен таныстырады, еңбекке баули отырып, өз-өзіне қызмет етуге машықтандырады. Бала ең алғашқы тәрбие тетіктерін ата-ана арқылы қабылдап, олардың көшірмесі ретінде іс-әрекет жасай отырып, бірте-бірте өзіндік көзқарастарының қалыптасуы барысында мінез-кұлқы, өмір сүру салты арқылы дүниетанымдық, адамгершілік, әлеуметтік-саяси құндылықтарға ие болады.

Қазіргі кездегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге және қоғам меншіктерінің жекешеленуіне байланысты қоғамда әлеуметтік тұрғыдан теңсіздіктің туындауы да бала тәрбиесіне әсер етуде. Яғни біз бала тәрбиесінде олардың әр түрлі жағдайға тез бейімделулеріне бағдар беруге тиіспіз. Ауқатты отбасындағы баланың өзін қоршаған әлеммен таныс болуын және басқа адамдарды құрметтей білу сезімінің қалыптасуын, қоршаған адамдарға деген жөнсіз наразылық эгоизмінің туындауынан қорғап, керісінше, ауқаты төмен отбасындағы балалардың өздерін ешкімнен кемсінбей, рухани байлықтарының артуын қадағалап, өмірге шынайылықпен қарауларын қамтамасыз ету керек. Демек, барлық отбасының балалары шынайы байлық пен жалған байлық арасын ажырата білгендері дұрыс.

Демократиялық қоғамда ата-ананың бала тәрбиесінде қандай тәрбие түрін (демократиялық, авторитарлық, жартылай авторитарлық, гуманистік) қолдану керектігін нақты шешіп алуы қажет, ол үшін ол өз баласын жақсы білуі, оның жеке ерекшеліктерін ескергені абзал.

9.2. Отбасы тәрбиесінің құқықтық негіздері

Отбасы тәрбиесінің ата-ананың әлеуметтік-жауапкершілік қызмет-әрекеті екендігі құқықтық негізде анықталған. Айталық, 1989 жылы 20 қарашада қабылданған “Бала құқығы туралы конвенция” – БҰҰ Бас Ассамблеясының құжаты аса маңызды. Онда: “Балаға дене жағынан және ақыл-ойының жетілмегендігінен, арнайы қорғау мен қамқорлық, соның ішінде туылғанға дейінгі және туылғаннан кейінгі тиісті құқықтық қорғау керек”, – деп көрсетілген. Яғни туылмай тұрып-ақ белгілі бір құқықтарға ие бола алады. Оның алғашқысы оның туылуға, өмірге келуге құқы бар. Әйтсе де көптеген ата-аналар бала құқығына қол сұғуларын тоқтатпақ емес.

Конвенцияда баланың өмір сүру, тіршілік ету және салауатты даму құқығы жарияланады және баланың жеке тұлғалық дамуында өзінің дербестігін, даралығын сақтау құқығына ие екендігіне де аса

көңіл бөлінген. Сонымен бірге ата-ана алдындағы баланың борышы да ескеріледі. Егер ата-ана “баланың мақсат-мүддесі үшін оның қажетін” орындамаған жағдайда өз құқықтарынан айрылатындығын да ескертеді. Конвенцияға қол қойған мемлекеттер төмендегі міндеттерді орындауы тиіс:

- ақысыз және бәріне міндетті бастауыш білім енгізу;
- орта және кәсіби білім алуға жағдай жасау және жоғары білім алуға жол ашу.

Ал Конвенцияның 28-тарауында “мектептегі тәртіп баланың адами қадір-қасиетіне құрмет көрсететін әдістер арқылы жүргізілуі тиіс” деп ерекше атап өтілген. Мұнда БҰҰ Бас Ассамблеясының 1989 жылы 20 қарашада қабылдаған “Бала құқығы туралы декларациясы”; “Адам құқықтарының жалпы декларациясы” ж.т.б. көптеген халықаралық құжаттар ҚР Конституциясының ішкі отбасылық қатынастарды, баланың отбасы мен қоғамдағы тәрбиесін, сонымен қатар ағартушылық мәселелерін қамтитын тарауларына негіз болды. ҚР Конституциясының 27-тарауына назар аударсақ:

1. *Неке мен отбасы, аналық, әкелік және балалық мемлекет қамқорлығының аясында.*

2. *Балаларды қорғау мен тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы және міндеті.*

3. *Кәмелетке толған және еңбекке жарамды балалар еңбекке жарамсыз ата-аналарына қамқорлық жасауы тиіс.*

ҚР Конституциясында бекітілген жанұя тәрбиесінің құқықтық принциптері “Неке және жанұя туралы” заңда (17. 12. 1998 ж.) нақтыланған. Мұнда қазіргі заманғы отбасы құқығының бір некелік, некеге түрудың бостандығы мен еркіндігі, ажырасу еркіндігі, ерлі-зайыптылардың жанұя қатынасындағы тең құқығы сияқты негізгі қағидалары сипатталған. Бұл құқықтар отбасы өміріндегі, отбасы ұжымындағы өзара байланыстың терең демократияға жол ашуын көздейді. Ал 52-тарауда баланың жанұялық тәрбиесіне, оның құқықтары мен мақсат-мүдделерін қорғауға байланысты баптар көрсетілген: “Баланың өз ата-анасы тарапынан тәрбиеленуіне, оның тілек-қалауларының орындалуына, жан-жақты дамуына, адами қадір-қасиетінің сыйлануына құқығы бар” ...Бала ата-ана билігіне тәуелді объект ретінде емес, өзіндік құқық субъектісі ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасының “Білім беру туралы” заңында (07. 06. 1999 ж.) елдегі білім беру, тәрбиелеу процесін мемлекеттік-құқықтық реттеудің мәселелеріне ерекше көңіл бөлінгенін көруге

болады. Ата-анамен қатар басқа да құқық өкілдері, заң орындары болашақ ел иелерінің өмір сүруі мен білім алулары үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасай отырып, олардың жеке тұлғасының интеллектуалды, дене-күш және адамгершілік, ізгілік қасиеттерінің дамуын қамсыздандырулары абзал.

9.3. Отбасының тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы рөлі

Отбасы тәрбиесі туралы алғашқы педагогикалық ойлар, түсініктер және негізгі идеялар жоғарыда айтылғандай халық педагогикасында негізделген. Педагогиканың ғылым ретінде қалыптасып, дамуы барысында отбасы тәрбиесі де ғылыми-теориялық, әдістемелік тұрғыдан дамып, ғылыми мазмұнға ие болған.

Мысалға, К.Д.Ушинский, Л.Н.Толстой, П.Ф.Лесгафт және басқалар бала тәрбиесін ұйымдастыруда олардың жеке-дара ерекшеліктерін, машықтарын, дене-күш және психологиялық даму деңгейін ескеру керектігіне аса мән берген. Ал Н.К.Крупская, А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинский бала тәрбиесі теориясының негізін салған. Қазіргі таңда бұл мәселелерді зерттеуші ғалымдар еңбектерінде баланың отбасындағы өзара қатынастарындағы іс-әрекеттерін ұйымдастыру, салауатты өмір салтын құру, білім беру мекемелері мен отбасы арақатынасы, т.б. мәселелер қарастырылуда.

Отбасындағы тәрбие, ондағы барлық құрылымдық элементтер бір-бірімен тығыз байланысты, себебі олардың көздеген мақсаттары мен міндеттері бір, сонымен бірге іс-әрекеттерінің жалпы әдіс-тәсілдері, бағыты нақтыланған. Ал отбасындағы тәрбие субъектілері – ата-ана және бала, олардың әлеуметтік мақсаты, міндеті, педагогикалық әдіс-тәсілдері. Тәрбиені ұйымдастырылған мақсатқа сай, тек іс-әрекет арқылы жүзеге асыруға болады. Яғни отбасы тәрбиесінің маңызы да ата-ананың басшылығымен, бақылауымен әр түрлі іс-әрекетке (оқу, еңбек, ойын, эстетикалық, т.б.) балаларды араластырумен сипатталады.

Отбасы тәрбиесі – күрделі жүйе, оған тұқымқуалаушылық, отбасы мүшелерінің денсаулығы, материалдық-экономикалық, әлеуметтік жағдайы, отбасының құрамы, тұрғылықты мекен-жайы, отбасындағы балаға деген сүйіспеншілік ықпал етеді. Әрбір отбасының негізгі қызметіне ұрпақ жалғастыруды, қоғамға сай тәрбиелеуді жатқызуға болады. Сонымен, отбасы дегеніміз-туысқандық байланыста болатын, бірлесіп, әлеуметтік тұрмыста өмір сүретін адамдардың жиынтығы. Әр ұрпақтан құралса да

отбасындағылардың туысқандығы мен рухани жағынан тілегі, мүддесі бір. Балалар мен ата-аналардың қуаныш-реніші үштасып жатады. Балалардың тату болуы, береке-бірлігі, ең алдымен, ата-ана мүддесінің мәні мен мағынасында, әке мен шешенің бір-біріне, баласына, олардың ағайын-туыс, жолдастарына қалай қарайтындарына байланысты.

Отбасы тәрбиесі – ата-ананың жас ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие беріп, бір-бірімен адал достай сырласып, үлгілі тәрбиесімен ерекшеленіп, жан-дүниесі таза, тек қана жақсылыққа үмтылып, кез келген адамға көмектесіп, еліне, жеріне қызмет жасауды үйрету.

Бала отбасында орындауға тиіс міндеттерін нақты білуі және іске асырып отыруы шарт. Ол баланың жауапкершілігін және өзінің қажеттілігін сезінуі тиіс. Бала іс-әрекетінің сипаты арқылы ата-ананың ұйымдастыру, бағыттаушы рөлдерін; ата-ана мен бала арасындағы өзара қатынастың сипатын; бала тәрбиесіне әсер ететін отбасының мақсатты адамгершілік бағыттарын; баланың отбасындағы араласатын іс-әрекетінің әртүрлілігін; ата-ананың тәрбие құралдарын, әдіс-тәсілдерін пайдалана білу қабілеттерін; баланың белсенділігін, қалыптасқан дағды-машықтарын байқауға болады.

Әрбір ата-ананың өзінің тәрбие жұмысының сапасын балаларының жұмыс уақытын, күн тәртібін ұйымдастыруынан көруге болады. Яғни уақытты дұрыс, тиімді бөлу, пайдаланулары арқылы іс-әрекеттерінің нәтижесі көрінеді. Сондай-ақ, отбасында бірлесе демалысты ұйымдастырудың да мәні зор екенін ұмытпаған жөн. Айта кетер болсақ, педагогикалық мәдениеті төмен, психологиялық климат шиеленіскен отбасыларда бос уақыттың педагогикалық мәні болмайды, ол тек көңіл көтеру мақсатында ғана іске асырылады. Педагогикалық процестің қызметіндегі іс-әрекеттің маңызы, оның жеке адамның өз болашағын анықтаудағы мақсаттылық сипатын көрсете алуы, ал оның нәтижелілігі баланың өзіндік белсенділігінде.

Отбасы мүшелерінің арасындағы өзара қарым-қатынас педагогикалық процестегі тәрбие тетіктері болады да, олар жеке тұлғалық мәнге ие болады, сондай-ақ көзқарастардың дамуына, балалардың мінез-құлқына, олардың басқа да адамдарға деген қатыстарына өз әсерін тигізеді. Отбасындағы қарым-қатынас сипаты қалыптасқан әдет-ғұрыптармен, тәрбие-нұсқауларымен, ата-аналардың өзіндік тәжірибелерімен, темперамент ерекшеліктерімен, ерлі-зайыптылардың эмоционалдық деңгейімен, олардың адамгершілік, ізгілік, имандылық қасиеттерімен және педагогикалық мәдениетімен бейнеленеді.

Бакылау сұрактары:

1. Отбасының педагогикалық процесінің құрылымын ашыңыз.
2. “Отбасының педагогикалық процесінің компоненттері және олардың арақатынасы” сызбасын жасаңыз.
3. Педагогикалық процестің заңдылықтары мен принциптерінің отбасындағы бала тәрбиесінің нәтижелілігіне ықпал-әсерін көрсетіңіз.
4. Отбасының педагогикалық процесі дамуының қозғаушы күші неде?
5. Отбасының педагогикалық процесінің дұрыс ұйымдасқаны туралы қандай көрсеткіштер арқылы білуге болады?
6. Отбасының педагогикалық процесінің негізгі сипаттарын (өзгермелі) зерттеу үшін диагностикалық әдістер жиынтығы керек екенін дәлелдеңіз.

СОӨЖ-дің тапсырмалары:

1. Өз отбасыңызға педагогикалық сипаттама беріңіз.
2. Бала тәрбиесінде жиі жіберілетін кемшіліктерді талдаңыз.
3. Отбасында кездесетін ситуацияларды ойластырыңыз.
4. Отбасында сіз қандай қызмет атқарасыз? Жазып көріңіз.
5. “Менің отбасым” тақырыбына шығарма жазыңыз.
6. Отбасы мәселесімен айналысып жүрген ғалымдардың көзқарасын қарастырыңыз, талдаңыз.

Реферат тақырыптары:

1. Отбасы тәрбиесінің құқықтық негіздері.
2. Толық емес отбасылардағы бала тәрбиесінің қиыншылықтары.
3. Отбасы шежіресі мен оның бала тәрбиесіндегі орны.
4. Халық педагогикасы тәсілдері, оларды қазіргі отбасы тәрбиесінде қолдану.
5. Оқушылардың танымдық тілек-қалауларының дамуындағы жанұяның орны.
6. Ата-ана мен баланың арақатынасы.
7. Отбасының баланың өнегелілік тәрбиесіндегі орны.
8. Отбасындағы баланың эстетикалық тәрбиесі.

Әдебиеттер тізімі:**Негізгі:**

1. Смирнов В.И. Общая педагогика в тезисах, дефинициях, иллюстрациях. – М.: Педагог.общ-во России, 2000, 416 с.
2. Мустаева Ф.А. Основы социальной педагогики. – М.: Акад.проект, Екатеринбург: Деловая книга, 2002, 416 с.
3. Куписевич Ч. Основы общей дидактики. – М.: Высш.шк., 1986, 368 с.
4. Психология воспитания/Под ред. В.А.Петровского. – М.: Аспект Пресс, 1995, 152 с.
5. Азаров Ю.П. Семейная педагогика. – М.: АиФ, 1993, 605 с.
6. Радугин А.А. Психология и педагогика. – М.: Центр, 1996.
7. Педагогика и психология высшей школы. – Р. –и/Д., 2002.
8. Подласый И.П. Педагогика: Учебник для студентов высших пед.учеб. заведений. – М.: Просвещение: Гуманит.изд.центр ВЛАДОС, 1996, 432 с.
9. Педагогика/Под редакцией П.И.Пидкасистого. – М.: Росс.пед. агентство, 1996, 602 с.

10. Харламов И.Ф. Педагогика. – М.: Юристъ, 1997, 512 с.
11. Педагогика/Под ред. Ю.Бабанского. – М.: Просвещение, 1999.
12. Слостенин В.А. и др. Педагогика. – М.: Школа-пресс, 2001.

Қосымша:

1. Абай шығармаларының I томдық толық жинағы. – Алматы: Қазақстан, 1968, 516 б.
2. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. – Алматы: Жазушы, 1988, 316 б.
3. Алтынсарин Ы. Мұсылманшылықтың түтқасы. – Алматы: Қазақстан, 1991, 79 б.
4. Бәшірова Ж.Р., Әлқожаева Н.С. Иман - тәрбие негізі. – Алматы: КазНИИЭО АПК, 1997, 58 б.
5. Дорженов С.Б. Инабаттылық иірімдері. – Алматы: Қайнар, 1994, 162 б.
6. Диваев Ә. Тарту. – Алматы: Ана тілі, 1992, 254 б.
7. Кенжеахметұлы С. Жеті қазына. – Алматы: Ана тілі, 1997, 128 б.
8. Молдабеков Ж. Тектілік - өнеге ажары // Ұлт тағылымы, 2000, №3, 106-107 бб.
9. Сағындықұлы Б.М. Ғаламның ғажайып сырлары. – Алматы: Ғылым, 1997, 296 б.
10. Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие. – Алматы: Білім, 1995, 225 б.



IV БӨЛІМ

ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ОҚЫТУ ҮРДІСІ ЖӘНЕ ОНЫ БАСҚАРУ

10-дәріс. ДИДАКТИКА – ОҚЫТУ ТЕОРИЯСЫ

*Асырауын тапса, адам болар,
Оқуын тапса, білім қонар.*

Мақсаты: Жоғары оқу орындарында оқыту процесінің және педагогикалық технологиялардың мәнін ашу. Білімден-дірудегі заңдылықтар мен қағидаларды және оқыту әдістемелерін түсіндіру.

Міндеттері:

- 1 Дидактика ұғымының мәнін ашу.
- 2 Педагогикалық процестегі оқытудың мәнін, атқаратын қызметін анықтау.
- 3 Оқыту заңдары, заңдылықтары мен принциптерін, формасын, құралдарын, әдістерін сипаттау.
- 4 Оқыту технологиясының мазмұнын ашу.

Жоспары:

1. Дидактика – оқыту теориясы.
2. Оқыту – педагогикалық процестің құрамдас бөлігі. Оқытудың атқаратын қызметі.
3. Оқыту заңдары, заңдылықтары және принциптері. Оқыту формасы, құралдары, әдістері.
4. Оқыту технологиясы.

Негізгі ұғымдар: педагогикалық процесс, дидактика, оқыту процесі, тәрбие процесі, оқытудың қызметі, студенттердің танымдық іс-әрекеті, прагматизм, ақыл-ой әрекетін қалыптастырудың кезеңдік теориясы, оқытудың заңдылықтары мен принциптері.

10.1. Дидактика – оқыту теориясы

Жоғарыда айтылғандай, тұтас педагогикалық процестің компоненттері оқыту мен тәрбиелеу болып табылады. Екеуі өзара байланыста, тұтастықта жүргізіледі. Дегенмен, бұл компоненттердің өзіндік ерекшеліктері де бар. Педагогикалық процесте оқыту процесі ерекше орынға ие. Оқыту барысында білім, білік, дағды және жеке қасиеттер қалыптастырылады. Оқыту процесінің теориялық негізін, оның заңдылықтарын, принциптерін, әдістерін және т.б. мәселелерін педагогиканың өзекті саласы – дидактика қарастырады. Дидактиканы дамытуда Я.А.Коменский, И.Г.Песталоцци, И.Ф.Гербарт, Д.Дьюи, К.Д.Ушинский, П.Ф.Каптерев, М.А.Данилов және т.б. үлкен үлес қосты. Бұл ұғымды алғаш рет ғылыми тұрғыдан ендірген неміс педагогы – Вольфганг Ратке (1571-1635). Дидактика гректің *didaktikos* – оқытушы, үйретуші деген сөзінен шыққан.

Дидактика ғылым ретінде төмендегідей мәселелерді қарастырады:

- Не үшін оқытамыз (оқыту мен білім берудің мақсаты)?
- Кімді оқытамыз (оқыту субъектілері)?
- Оқытудың қандай стратегиялары тиімді (оқыту принциптері)?
- Неге оқытамыз (білім беру, оқыту мазмұны)?
- Оқытуды қалай ұйымдастырамыз (оқытуды ұйымдастыру формасы)?
- Оқытуға қандай құралдар қажет (оқулықтар, оқу құралдары, компьютерлік бағдарламалар, дидактикалық бағдарламалар және т.б.)?
- Оқыту нәтижесінде неге қол жеткіземіз (оқыту нәтижелерін сипаттайтын көрсеткіштер мен өлшемдер)?
- Оқыту нәтижелерін қалай бақылауға және бағалауға болады (оқыту нәтижелерін бақылау, бағалау әдістері)?

Оқыту теориясы әдетте дидактика деп аталады. Дидактика сөзінің мәні гректің *didasko* – «үйретемін», «оқытамын» деген ұғымынан бастау алған.

Дидактика «нені оқыту», «қалай оқыту» мәселелерімен шұғылданатындықтан, бұл оқыту теориясы тұрғысынан ұғынылып оқыту процесіне қатысты оқушыға білім беру, оқыту заңдылықтарына байланысты ақыл-ой тәрбиесінің негіздері жүйесінен қарастырылады.

Оқыту технологиясы негіздері білім беру мазмұнын айқындайтын оқу жоспары, оқу бағдарламасы, оқулық пен оқу құралдарын, әдістеме саласындағы білім, тәрбие беру жүйесіндегі заңдылықтарды бір-бірімен бөлмей бірлікте қарайды.

Дидактика оқу орындарында оқытылатын барлық пәндерге қатысты ортақ заңдылықтар мен ережелерді талқылайды. Сондай-ақ, оқытудың негізгі мазмұнына байланысты мәселені меңгеру әдістері мен оны ұйымдастыру түрлерін анықтайды. Былайша айтқанда, дидактика оқыту принциптерін, оқытуды ұйымдастыру әдістері мен түрлерін білдіреді. Сонымен қатар дидактика жеке пәндерді оқыту ерекшеліктеріне ерекше зейін қояды. Жеке пәндерді оқыту, білім беру, тәрбиелеуді пәндік дидактика немесе сол пәннің әдістемесі деп те атаймыз. Дәлірек айтқанда, жеке пән әдістемесі жалпы дидактикаға сүйенсе, жалпы дидактика тиісті деректерді жеке пән әдістемесінен алып пайдаланады. Дидактиканың негізгі категориялары – білім беру, оқыту, сабақ жүргізу, оқу, оқыту принциптері және мұның құрамды бөлімдеріне тиесілі міндеттері, мазмұны, түрлері, әдістері, құралдары оқытудың нәтижелі түрде жүзеге асуына негіз болып табылады. Дидактика – үнемі дамып, өркендеп отыратын сала. Өйткені білім беру мен оқытуды терең зерттеп, оны меңгермейінше ғылымды жетілдіріп, өмір талаптарын орындап, уақыт мәресінен шығу мүмкін емес.

Оқыту – танымдық іс-әрекеттің психологиялық-педагогикалық негіздері. Оқыту – ұстаздар мен шәкірттердің бірлескен әрекеті. Оқыту үрдісінің логикасын оның құрылымы анықтайды. Ал құрылымды танымдық іс-әрекеттің кезеңдері бойынша сипаттасақ, ол көбінесе мына жүйеде болады:

- танымдық міндеттерді жете түсіну;
- жаңа деректер мен түсініктерді қабылдау;
- ұғыну – жаңа деректер мен түсініктерді көңілге қондырып, ойлану;
- білімдік мағлұмат атқарылған іс-әрекетке байланысты дағдыны қалыптастырып, оны бекітуді жетілдіреді;
- меңгерген материалдарын өмір практикасында жүзеге асырып, іс жүзінде нақты қолдана білу;

- оқушының ұғым-түсінігі мен атқарған іс-әрекетінің қандайлық дәрежеде екендігін талдап, меңгерген дағдысын тексеру, бағалау.

Танымдық ұғым-түсінікті және онда қойылған міндет айқын болса, оқушы өздігінен ізденіп, тиісті сауалдың шешімін табуға ынталы кіріседі де, оқыту процесіндегі заңдылықтар тиісті ретімен жүзеге асады. Сабақ барысында жаңа деректермен танысып, түйсінуі, қабылдауы оны ұғынуға жол ашады. Өйткені қабылдау – адамға тікелей әсер ететін заттың, немесе құбылыстың санада бейнелену процесі болса, ал түйсінуді сананың сыртқы әлеммен байланысы тұрғысынан түсінеміз, былайша айтқанда, түйсік – сезім мүшелеріне әсер еткен құбылыстардың шартты бейнеленуі.

Оқушыны жаңа материалдармен таныстыру олардың тікелей қабылдауына мүмкіндік туғызатын болса, бұл процесс таныстыру, бақылау, практикалық жұмыстар арқылы немесе оқытушының жанама түсіндіруі, эвристикалық тұрғыда іздену, оқулықтар бойынша атқарылатын жаттығу, тапсырманы орындау бойынша жүзеге асады.

Меңгеру – білімдік мағлұматты түсініп, ондағы заңдылықтар мен деректерді жинақтап, тиісті қорытындыға келу. Меңгеру процесінде оқылған материалдар туралы ойластырып, келтірілген деректер мен дәлелдерді көңіліне бекітеді. Зейін қойып, есіне берік сақтайды. Дәлірек айтар болсақ, бекіту – оқушының алған білімін берік ұғынуына мүмкіндік беретін тиімді тәсіл. Осыны ескергендіктен, тәжірибелі мұғалімдер сабақтағы жаңа материалдарды оқушының тиянақты меңгеруі кезінде де, өткен сабақты пысықтау, қайталау кезеңдерінде де бекіту тәсілін түрлендіре отырып пайдаланады. Білімді бекіту саласындағы істер белгілі деректер мен дәлелдерді еске сақтаумен ғана шектелмейді, тиісті бағдарлама бойынша өтілген материалдарды белгілі бір жүйеге келтіру үшін де, шашыранды емес, жинақты болу үшін де бір жүйеге келтіру үшін де қолданылады.

Оқыту процесіндегі танымдық қағида – нақты аңғарудан абстрактілі (дерексіз) ойлауға және одан практикаға көшу ақиқатты танудың диалектикалық реалды жолы екендігі – ежелден айтылып келе жатқан шындық. Бұған оқыту жүйесі тұрғысынан қарайтын болсақ, нақты аңғару – түйсіну мен қабылдау, абстрактілі (дерексіз) ойлау – мәнін түсініп, мәселенің болмысын ұғыну, ал практикаға көшу білімді іс-әрекетте қолдану арқылы процесті тексеріп, бағалау болып шығады.

Оқу процесін жүзеге асыруда мотивтің мәні зор. Мотив дегеніміз – әрбір тұлғаның объективтік мұқтаждығы мен ынтасынан туындайтын талпыныс. Олай болса, оқушының білуге, ұғынуға, оқуға деген ынталы мұқтаждығын демеп, талпынысын қолдап, іс-әрекетке пейіл сала кірісіп, қойылған міндетті тиісті деңгейде атқаруын қадағалау керек. Демек, шәкірттің білімге деген мұқтаждығы мен ынтасы мотивацияға негіз болса, олардың бұл талпынысын оқытушы терең сезіне отырып, оқытатын сабағының қызықты да тартымды болуына зейін қоюға тиіс. Ол үшін тақырыпқа үйлесімді көрнекілік, техникалық құралдар, ойын, компьютер, т.б. ретті түрде қолданылуы керек.

Әрине, оқушының көздеген өзіндік мақсатына, перспективасына ұмтылдыратын мотивтер тұлғаны ешбір уақытта бейжай қалдырмайды. Өзінің болашағы үшін таңдаған мамандыққа, кәсіпке байланысты пәндерге шәкірттер ерекше назар салып, оған ынталы ықыласпен қарайды. Олардың талпыныс мотивтері бұл саладағы сұрақтар мен мәселелерді өзінше шешуін, атқарған іс-әрекетінің жүйесіндегі табысынан қанағат табуын, ертеңіне деген ізденісі мен сенімін жетілдіре түседі. Осы тұрғыдан оқудың психологиялық сипаты – танымдық мотивтер оқушының жаңа білімді игеріп, оны ұғыну тәсілдерін тереңдетіп, өздігінен ізденуге кеңірек жол ашумен қатар, алған білім-түсінігін өмірде қолданып, жүзеге асыруға құлшындырады. Ал әлеуметтік тұрғыдан қарағанда, мотивтер оқудағы белсенділікке, ынталылыққа, жауапкершілікке және борышын терең сезінуіне мұрындық болады. Сондай-ақ, мотивтердің жүзеге асуы оқушының тәлім-тәрбиесін, оқу саласындағы беделін өсіріп, дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына игі ықпал жасайды.

Оқытушының назарында болатын басты мәселенің бірі – мотивтер оқушының жас ерекшелігіне байланысты өзгеріп отырады. Тұлғаның перспективті талабына, көзқарасының жетілуіне орай, тиісті пәндерді меңгеруіне байланысты мотивтер жаңа арна тауып, тиісті бағдарда өркен жая түседі.

10.2. Оқыту – педагогикалық процестің құрамдас бөлігі. Оқытудың атқаратын қызметі

Тиісті ғылым салаларына қарай оқу пәндерінің мазмұны сандық және сапалық параметрлері бойынша әр түрлі болып келеді. Оқу курсы үшін базалық білімдер таңдалып алынады, курстың қолданбалы аспектілері мамандықты ескере отырып

жасалады, яғни мамандандыру курстары, сонымен қатар орындалатын оқу тапсырмалары тиісті түрде құрастырылады. Базалық білім курсты оқытуға арналған негізгі педагогикалық мақсаттардың жиынтығы болып табылады.

Педагогикалық теориядағы басты қағида: оқыту – білімдендіру мен тәрбиенің құралы. Олай болса, тәрбиелей отырып оқыту барысында шәкірттің өркені өсіп, аңғарғыштығы мен байқағыштығы, зейіні жетіліп, қиялы қанат жайып әр жақты дамиды. Ой-түсінігінің өрістеуі негізінде іс-әрекетке, еңбекке, әлеуметтік қарым-қатынасқа дағдылану бастау алады.

Тәрбиелей отырып оқыту, ғылыми-теориялық тұрғыдан қарағанда, шәкірттің дүниетанымына, ақыл-ойына, адамгершілік сеніміне, мінез-құлық сипаттарының қалыптасуына ықпал етеді. Сондай-ақ, меңгерген білімі өмір ақиқаттарын ұғынып, ондағы құндылықтарды танып, оны өз өресіне лайық тұтына білуге жол ашады, тәлімдік мүмкіндіктің арнасын кеңейтеді. Былайша айтқанда, оқушы қабілетінің дамуы білімін тереңдетіп, тәлім-тәрбиені бойға сіңіріп, имандылық қасиеттерінің құлшынысын жебей түседі.

Оқыта отырып тәрбиелеу – оқушының ғылыми-танымдық көзқарасы мен білімін және оны дұрыс ұғына білуін қалыптастырумен қатар шәкірттің тәлім-тәрбиелік, танымдық санасын жетілдіріп, адамгершілік түсініктің беки түсуіне игілікті әсер ететін, мүмкіндігі уақыт талабына орай үнемі өрістеп отыратын құбылыс.

Сонымен, тәлімдік мүмкіншіліктерін ескере келіп, оқыту мен білім берудің тиісті мақсаттылық бағдары болуы талап етіледі. Оқытудың тәрбиелік сипаты – оның ғылыми мазмұнына да тәуелді. Тәрбиелей отырып оқыту тұлғаны жан-жақты дамытып, ақыл-есін, адамгершілік танымын, әлеуметтік түсінігін жетілдіреді, тұлғаның дүниетанымын, моральдық сенімін бекітеді және рухани көркеюіне ықпал етеді. Тұжырымдай айтсақ, оқыту оқушыны білімі түсінікпен қаруландырып, тәлімдік өнегені ұғынып, оны өмірге үйлесімді жүзеге асыруға бағдарлайды.

Оқыту процесінің атқаратын қызметіне келер болсақ, ол білімдендіру, дамыту, тәрбиелеу, ұйымдастыру қызметтерін атқарады.

Білімдендіру қызметінде оқыту процесінде білім, білік, дағдының қалыптастырылуы көзделеді. Білім – нақты айғақтарды, мәліметтерді, ұғымдырды, ережелерді, заңдарды, теорияларды, формулаларды есте сақтау.

Білік – ережелерге сүйене отырып, кез келген іс-әрекетті жүзеге асыра білу немесе білімді тәжірибеде қолдана білу.

Дағды – саналы іс-әрекеттің автоматтандырылған компоненті.

Тәрбиелеу қызметі әлеуметтену процесінің табиғи жағдайына байланысты туындайды. Оқыту процесінде алынған білімдеріне сай олардың көзқарастары, ғылыми дүниетанымы, құндылық дүниесі, адамгершілік қасиеттері қалыптастырылады.

Дамытушылық қызметі тұлғаны әр жақты дамытуды, яғни ойлау, сөйлеу, іс-әрекет және т.б. қасиеттердің дамуын көздейді. Бұл мәселеде дамыта оқытуға байланысты П.Я.Гальперин, В.В.Давыдов, Л.В.Занков, Д.Б.Эльконин және т.б. жүйе құрған.

Ұйымдастырушылық қызметі оқыту процесінің тиімді нәтиже беруіне байланысты ұйымдастыру жолдарын белгілейді. Педагогикалық мақсаттан туындайтын оқыту процесі ұстаз тарапынан меңгертіліп, шәкірт тарапынан игерілуге тиісті, ғылыми таным-түсінік, білімдік біліктерді жүзеге асыру жолындағы іс-әрекет болып табылады.

Оқыту процесінің логикасын оның құрылымы анықтайды да, негізгі мақсатқа байланысты тиісті міндеттер туындайды. Білім беру саласында оқыту процесінің міндеттері қоғамның дамуындағы ғылыми-практикалық қажеттіліктің деңгейіне байланысты белгіленеді.

Оқыту міндеттерін шешуде ғылыми-білімдік таным түсініктерді түйсіну мен қабылдау, оны ұғыну мен ойлану, дәлелді де дәйекті деректерді көңілде бекіту және өмірде жүзеге асыра білу салаларымен шарттас.

Оқыту процесінің мақсатына байланысты міндеттерді шешудегі ұйымдастыру ісінде оқушыны оқыту объектісі деп білсек, екінші жағынан, ол – субъекті. Осы орайдан оқыту процесінде ұстаздың шәкіртімен ынтымақтастығы тек білімді меңгерумен ғана шектелмей, шәкірттің творчестволық еңбегінің өрістеуіне жол ашады. Өзара бір-бірімен іштесе байланысқан білім-тәрбиелік мазмұн және оның формалары мен әдістері негізінде тиісті нәтижеге жетудегі қозғаушы күш – қойылатын талаптың шәкірттің мүмкіндігіне үйлесімділігіне тәуелді. Оқыту, білім алу және дамуға байланысты заңдылықтар мен принциптер және оның әдістемелік жолдары дидактика саласына байланысты қарастырылды.

Сонымен, оқытудың басты қызметі – адам баласын білім байлығының негіздерімен қаруландырып, оны өз бетімен дамытып, игерген білімін өмірде қолдана білуге бағдарлау, әрбір тұлғаны өздігінен ізденіп, өздігінен еңбектене алуға дағдыландыру. Мұндағы басты талаптар:

- білімнің негізгі идеяларын түсіну, оны танымдық ұғымға айналдыру;
- меңгерген білім арқылы ойын дамытып, өздігінен ізденудің жолын ашу;
- білімнің жүйелілігі, қисындылығы, бірізділігі, түсініктілігін қамтамасыз ету;
- меңгерген білімнің шеңберін кеңейтіп, жаңа білімге деген құлшынысқа жол ашу.

Демек, қазіргі кезеңдегі білім берудегі басты шарт тұлғаны өздігінен іздене білуге, уақыт талабына үйлесімді шешім таба білуге қалыптастыру болуға тиіс.

10.3. Оқыту заңдары, заңдылықтары және принциптері. Оқыту формасы, құралдары, әдістері

Қазіргі таңда оқу орындарының жаңарып қайта құрылуына байланысты оқыту, білім беру тұрғысындағы басты мақсат та, міндет те алдыңғы саптағы дамыған елдердің деңгейіне сәйкес белгіленген мемлекеттік стандарт дәрежесінде ғылым негіздері меңгеріліп, уақыт талабына үйлесімді тәрбиеленген адамдарды қалыптастыру болып табылады. Жас ұрпақтың қалыптасуы шәкіртке берілетін ғылыми білімнің мазмұнына тәуелді деп білсек, оның жүзеге асуы оқыту арқылы орындалады және белгілі бір заңдарға, заңдылықтарға және принциптерге сүйенеді.

Яғни оқыту процесі белгілі бір заңдар, заңдылықтар мен принциптерді ұстану арқылы іске асырылады.

И.Г.Песталоцци өз кезінде, белгісізден белгіліге, түсініксізден түсініктілікке өту заңын ұсынған. Неміс педагогы Э.Мейман өзіндік тұрғыдан төмендегідей заңдылықтарды ұсынады:

- жеке адамның табиғи ерекшеліктері дамытылады;
- алдымен баланың өмір сүруге қажетті қабілеттері дамытылады;
- балалардың дене және рухани дамуы біркелкі дамымайды.

Оқытудың жалпы заңдылықтары:

- оқыту мақсаты;
- оқыту мазмұны;
- оқыту сапасы;
- оқыту әдістері;
- оқытуды басқару;
- оқытуды белсендендіру.

Оқытудың жеке заңдылықтары:

➤ жеке дидактикалық (оқыту нәтижелері қолданылатын әдістер, құралдар және оқытушының кәсіби біліктілігіне және т.б. байланысты);

➤ гносеологиялық (оқыту нәтижесі студенттің танымдық белсенділігіне байланысты);

➤ психологиялық (оқыту нәтижесі әр студенттің қабылдау, меңгеру деңгейіне байланысты);

➤ әлеуметтік (индивидтің дамуы, оның басқа да индивидтермен қарым-қатынасына байланысты);

➤ ұйымдастырушылық (оқыту нәтижесі оны ұйымдастырушының студенттерді қызықтыра алуына, белсендендіруіне байланысты).

Оқыту принциптері:

- оқытудың ғылымилық принципі (оқытылатын ғылымның тілі мен қисыны, бүгінгі күн талабына сай ғылымның негізгі теориялары мен ұғымдары, ғылымның нақты әдістері, қоғамдық және табиғи құбылыстардың ғылыми-танымдық әдістері);

- көрнекілік принципі. Я.А.Коменский бұл принципті “Дидактиканың алтын ережесі” деп атаған.

Көрнекілік принципінің құралдары: нақты объект; көлемді құралдар (модель, макет, муляждар және т.б.); көркем сурет (картиналар, фотосуреттер, диафильмдер, т.б.); аудио, видеоаппараттар және т.б.

- жеткіліктілік принципі;

- саналылық, белсенділік принципі;

- жүйелілік, бірізділік принципі;

- өмірмен байланыстылық принципі;

Оқыту ісінің табысты болуы білімдік негіздер мен оның күрделі құрылымын білумен шектелу емес, меңгерген таным-түсініктерді жүзеге асыра алумен және оның заңдылықтарын орындауға қалыптастыру арқылы орындалады. Білімдендіруде ескерілетін заңдылықтар:

▪ Оқыту арқылы тұлғаның өздігінен әр жақты еңбектеніп дамуына бағдар берумен ынталандыру.

▪ Белсенді іс-әрекетке баулу.

▪ Даму белсенділігіне қажетті мотивтер туғызу.

▪ Оқыту барысында шәкіртке талап қоя білу және оларға сенім білдіре отырып, құрметпен қарау.

▪ Білімді меңгеру барысындағы қиындықты жеңудегі шәкірт қуанышын, ынтасын қолдай білу.

▪ Оқушының шығармашылық нышандарын демеп, оны ілгері жетілдіре түсуін қолдау.

■ Оқыту барысында тұлғаның жас ерекшелігін және дербес өзгешелігін есепке алу.

■ Оқытуда жеке оқушы мен ұжымның белсенділігін көтерудегі ынтымақтастықты сақтауға ықпал ету.

■ Оқытуда ұстаз, отбасы, бұқара көпшіліктің бірыңғай талап қоюына ыждаһаттылықпен қарау.

Оқыту барысында шәкірттің меңгерілген білімін қазына деп білсек, оны ілгері дамытып, өрістетуге бағдар беріп, жөн-жосығын үйрету – оқыту әдісімен сабақтас.

Оқыту әдісі – өте күрделі ұғым, өйткені бұл әрекетті, категорияны айқындайтын мәселенің аумағы да, қамтитын жүйесі де сан салалы. Сондықтан да педагогика ілімінде әдістемеге байланысты нақты тұжырымдалған анықтама боларлық бірыңғай ереже жоқ десе де болады. Әдістеме ғылымының әр саласын зерттеуші ғалымдар бір-біріне жақын пікірлер ұсынып, оқыту, білгізу және оны жүзеге асыру жөнінде білімдендіруді ұйымдастыру әдістерін өз тарапынан қойылған мақсатқа жету тұрғысынан қарастырады.

Әдіс – оқыту барысында ұстаз бен шәкірттің ынтымақтаса еңбектену нәтижесінде қойылған мақсатқа жетуін реттейтін тәсіл. Оқыту әдісінің көмегімен оқушы белгілі деңгейдегі білімді, іскерлік әрекеттің машық, дағдысын игереді, дүниетанымын қалыптастырады, қабілетін өрістетеді. Ал оқыту барысында әдісті таңдайтын және оны нақты әрекетке айналдыратын – оқытушы ұстаз. Сонымен оқыту әдісінің атқаратын қызметі – білімдендірудегі тиісті мақсатқа жету, ал мақсатқа жету оқытушының шеберлігіне, білімдарлығына, оқу процесін тиімді ұйымдастыра білуіне, шәкірттерді ынталандыра алуына байланысты.

Оқыту технологиясының педагогикалық негіздерінде әдістеме мәселесі саласында жеке пәндерді оқытуға байланысты жазылған ғылыми және практикалық зерттеулер өте көп. Бірақ оларда оқыту әдістерін жіктеу (классификация) бір қалыпта емес, ғылым саласынан берілетін білім, тәлім-тәрбие мақсатына үйлесімді әдістерге өз тұрғысынан зейін қоятындықтан, оқыту әдісін бір арнаға келтіре қоюдың да мүмкіндігі шамалы, сол себепті әдістер педагогикалық әдебиеттерде түрлі-түрлі жіктеледі.

Өткен ғасырдың 50-60 жылдарына дейін оқыту әдістерін екі жүйеде қарайтын. Атап айтқанда: 1) Сөздік әдістер тобы – әңгімелесу, әңгіме, түсіндіру, дәріс, кітаппен жұмыс. 2) Көрнекілік әдістер тобы – демонстрация, иллюстрация, бақылау. Бұл әдістерді

пәндердің оқыту ерекшеліктеріне байланысты талдап, нақты тақырыптар жүйесінде деректемелер ұсынылатын.

Жаңа ғасырдың бастауына дейінгі педагогикалық және жеке пән әдістемесі саласындағы зерттеулер мен практикалық тәжірибелерді ескере келіп, оқытудағы әдістеме мына түрғыда жүйеленді:

1. Түсіндірме иллюстративті әдіс.
2. Репродуктивті әдіс.
3. Проблемалы баяндау әдісі.
4. Ішінара іздену немесе эвристикалық әдіс.
5. Зерттеу әдісі.

Оқыту барысында бұл әдістердің әрқайсысының ерекшеліктерін, оларға тән өзгешеліктерді пәннің және болашақ маманның меңгеретін ғылымына үйлестіре алынған деректер келтіре отырып әңгімелейміз.

Оқыту әдістерін жіктеуде мына мәселелер ескеріледі:

1) Әрбір әдіс оқыту процесі (үрдісі) қойып отырған негізгі ой түйінін терең меңгеруге бағытталған дидактикалық принциптерді шешерліктей болуға тиіс.

2) Ұстаздар мен шәкіртердің бірлескен әрекеті таным қабілетін дамытуға және белгілі ой-түсінікті біліп қана қоймай, оны өздігінен пайымдай алуға машықтандыруға жаттықтыруы керек.

3) Қолданылатын әдістің қай-қайсысы болсын оқыту процесін тиімді ұйымдастыруға бағыттталып, шәкірттің ізденіп, әрекеттеніп, еңбектене білуін қамтамасыз етуге тиіс.

Ұстаздың оқыту әдісін таңдай алуы алға қойған мақсатына үйлесімді болса, оның нәтижесінде қойылған талапты өтей алады. Оқыту әдісін таңдағанда ұстанар өлшем (критерий), еске тұтар қағида мынау:

- 1) Таңдаған әдістің оқыту заңдылықтары мен процесіне сәйкестігі.
- 2) Әдістің оқыту технологиясының дидактикалық мақсаттары мен міндеттеріне үйлесімділігі.
- 3) Оқыту әдісінің сабақтың тақырыптық мазмұнын ашуға сәйкестігі.
- 4) Оқыту әдісінің оқушының танымдық мүмкіндігіне де сәйкестігі мен үйлесімі.
- 5) Оқыту әдісін таңдағанда оқытушы өз мүмкіндігін де ескеруі тиіс (тәжірибесі, дүниетанымы, қабілеті, білім деңгейі, ұстанымы, қарым-қатынас жасау әдеті, т.б.).
- 6) Оқыту әдісінің оқу орнының материалдық-техникалық мүмкіндігіне сәйкестігі.

7) Әдістердің оқу орны орналасқан ішкі құрылымы мен экономикалық объектісіне сәйкестігі. Мұнда оқушылардың жалпы білімі, түсінік деңгейіне сәйкес таным дағылары мен іс-әрекетті атқаруға деген ықылас-ынтасын үйлестіруге де мән беру керек.

Оқу әдістері оқушының мүмкіндігіне үйлесімді болса, олардың дербестігіне сәйкес өздігінен ізденуін жетілдіре түсетіндігі ақиқат шындық екендігін естен шығармауға тиістіміз.

Оқыту әдістемесінің жүзеге асуы оқыту технологиясымен бірге оқытуды ұйымдастыруға тікелей тәуелді. Көптеген педагогикалық әдебиеттерде оқытуды ұйымдастыру түріне (формы организации обучения) тек сыртқы көрініс, оқушының саны, реттіліктің жүйесі тұрғысынан қарайды. Шындығында, оқытуды ұйымдастыру – педагогикалық категория ретінде оқытуды ұйымдастыру барысындағы ұстаз бен шәкірттің іс-әрекетін жүзеге асыруда белгіленген тәртіп, жұмыс режимінің орындалуы. Айталық, оқытушы бір топ оқушымен немесе ұжыммен, болмаса жеке оқушымен жұмыс атқарып, оқытып отыр делік. Мұнда оқушының сандық құрамы, оқытудың уақыт мерзімі, қолданылатын оқыту әдісі бірлікте қаралды. Сондықтан оқыту технологиясынан болмай тұтастыққа қарай отырып өтілетін сабақтың типін және оның құрылымын белгілеу оқытушының шығармашылық ізденісі мен тапқырлығына және өтілетін тақырыптың мазмұнына байланысты.

Оқу орындарындағы сабақ және оның типологиясы мен құрылымы – кеңестік кезеңде өте көп жазылған, алуан түрлі пікір сайыстарда тоқталмастан сөз болған тақырып. Сондықтан да сабақтың мазмұны, типтік құбылысы, атқарылатын еңбектің түріне байланысты оның сан түрлі атауға ие болуы да – заңды құбылыс (ойын сабақ, саяхат сабақ, пікірсайыс сабақ, көкпар сабақ, аукцион сабақ, ірі блокты сабақ, театрланған сабақ, т.б.).

10.4. Оқыту технологиясы

Дәстүрлі педагогикада “оқыту технологиясы” қазіргі таңда жалпы қабылданған түсінік болып табылмайды. Бірақ та дәстүрлі оқу процесінде оқытудың дәстүрлі технологиялары қолданылуда және қолдана бермек те .

В.Дальдің түсіндірме сөздігінен “технология – техника ғылымы. Техника – өнер, білім, істей білу, жұмыс тәсілдері және оны іске асыру” деген анықтаманы таба аламыз.

Ал ЮНЕСКО құжаттарында оқыту технологиясы оқытудың барлық процесін анықтау мен қолдану, жүйелі күру әдісі ретінде

қарастырылады. Сонымен қатар оқыту технологиясы техникалық және адамзаттық ресурстар мен олардың өзара қызметін есепке ала отырып білім алуды да қарастырады.

Бір жағынан, оқыту технологиясы – бұл оқу мәліметтерін өзгерту мен ұсыну, өңдеу құралдары мен әдістерінің жиынтығы, ал екінші жағынан, қажетті ақпараттық немесе техникалық құралдарды пайдалана отырып, оқытушының студентке әсер ету тәсілдері туралы ғылым.

Оқыту технологиясы маңызды және процессуалды сипаттамалардың белгілі бір жиынтығымен анықталады, сондықтан білімді ақпараттандыру түсінігін кеңейту және оқыту процесін жүйелі талдау мен жобалауға бағытталған.

Оқыту технологиясына берілген: “оқыту технологиясы – көздеген мақсатқа жетудің тиімділігін қамтамасыз ететін оқытудың әдістері мен құралдарының, формаларының жүйесін ұсынатын, оқыту бағдарламаларында қарастырылған оқытудың мазмұнын тарату тәсілі” деген анықтама көңілге қонымды. Сонымен, оқыту технологиясында оқыту құралдары, тәсілдері және мазмұны бір-бірімен тығыз байланысты. Оқытушының педагогикалық шеберлігі – қойылған педагогикалық мақсатқа және бағдарламаға сай қажетті мазмұнды тандап алуда және де тиімді әдістер мен құралдарды пайдалана білуінде.

Белгілі бір педагогикалық технологияны жасау процесін педагогикалық жобалау деп атауға болады. Оның төмендегідей реттілігі бар:


- оқу бағдарламалары мен оқу жоспарында қарастырылған оқытудың мазмұнын тандап алу;
- оқытушының назар аударуын қажет ететін приоритетті мақсаттарды тандап алу. Жобаланған пәнді оқыту процесінде студенттің қандай кәсіби және жеке қасиеттері қалыптасатынын анықтау;
- басты бір мақсатқа немесе мақсаттар жиынтығына бағытталған технологияларды тандау;
- оқыту технологияларын жасау.

Оқыту технологиясының мазмұны оқу және кәсіби дағды мен іскерлікті қалыптастыруды қамтамасыз ететін оқушыға берілген тапсырмалар жиынтығының, оқу мәліметтерінің құрылымының, жаттығулар мен тапсырмалардың мазмұнына сай болады. Бұл жерде оқу сабақтарын ұйымдастырудың формалары ең маңызды

рөл атқарады. Ұйымдастыру формалары студенттердің білімді, дағдылары мен іскерлікті меңгере алуларына, оқу көлеміне деген қатынастарына, берілген тапсырманы бекітуге арналған бақылау түрлеріне бағытталған.

Оқыту процесі құрамындағы технологиялардың орнын төмендегі кестеден көруге болады.

Оқыту процесі құрылымындағы технологиялардың орны /9/



Мұндағы:

ОИС – оқытушылық іс-әрекеттің субъектісі;

ОҚС – оқу қызметінің субъектісі;

ОТҚ – оқытудың техникалық құралдары.

Жалпы алғанда, оқыту технологиясының нақты жіктемесі жоқ, бірақ екі түсінік қалыптасқан – дәстүрлі және инновациялық. А.Я.Савельев (жоғары білім берудің ФЗИ) білім беру технологиясының келесі жіктемесін ұсынады:

- Қызметтің бағыты бойынша (оқушылар, студенттер, оқытушылар және т.б.);
- оқыту мақсаты бойынша ;
- пәннің түрлері бойынша (гуманитарлық, жаратылыстану, техникалық пәндер, т.б.);
- қолданылатын техникалық құралдар бойынша (аудиокөру, компьютерлік, видеокомпьютерлік және т.б.);
- оқу процесін ұйымдастыру бойынша (жекеше, ұжымдық, аралас);
- әдістемелік тапсырмалар бойынша (бір пәннің технологиясы, құралдары, әдісі).

Өзіміз көріп отырғандай, бұл топтамада оқытудың технологиясы мазмұндалады. Ал оқу процесін ұйымдастыру формаларын, бақылау түрлерін таңдауға, пәндердің мазмұнын құруға келетін болсақ, педагогикалық жобалауды модульдік оқыту мысалында қарастырған дұрыс.

Тиісті ғылым салаларына қарай оқу пәндерінің мазмұны сандық және сапалық параметрлер бойынша әр түрлі болып келеді. Оқу курсы үшін базалық білімдер таңдалып алынады; курстың қолданбалы аспектілері мамандықты ескере отырып жасалады, яғни мамандандыру курстары; сонымен қатар орындалатын оқу тапсырмалары тиісті түрде құрастырылады. Базалық білім курсты оқытуға арналған негізгі педагогикалық мақсаттардың жиынтығы болып табылады.

Оқыту технологиясын жобалау пәннің мазмұнын, оқу процесін ұйымдастыру формаларын, оқыту құралдары мен әдістерін таңдауды жобалау болып табылады. Оқыту – тұлғаның ақыл-ойын дамытып, танымдық дағды қалыптастырып, адамгершілікке негізделген имандылық тәлімдерін бойына сіңіру. Оқыту ұстаздың бағдарлы мақсат көздеп жүзеге асыратын қызметі болса, екінші жағынан, ол – шәкіртке білім, тәрбие беріп, оларды ой еңбегіне, өмірге үйлесімді практикалық іске баулып, қабілетін ұштап, шығарма-шылық ізденіске бейімделуіне жол ашатын күрделі педагогикалық процесс.

Оқыту технологиясының педагогикалық негіздері білімді ала білуге тәрбиелеп, ақыл-ойдың қабілетін дамытып, тұлғаның адами негізде қалыптасуына ықпал етіп, оның ілгері жетіле беруіне бағдар берумен қатар тұлғаның өздігінен іздене білу қажеттігін туғызу жолдарын айқындау болып табылады. Ал таным қабілетінің дамуы, оқушының объективтік дүниені, шындықты танып білу

үшін тиянақты білім алуы оқытудың әдістері мен түрлерін амал-тәсілдерін жетілдірумен шарттас.

Процесс адам баласының іс-әрекетіндегі қозғалыс, тиісті нәтижеге жету жолындағы талпыныс болғандықтан, ол алуан түрлі әрекеттерді бір-бірінен бөлмей тұтастықта қарастырады. Осы орайдан келгенде, оқыту процесін басқару, оның жүйесі мен құрылымын және негізгі заңдылықтарын білу ағарту саласында қызмет атқаратын мұғалімдер үшін басты шарт болып табылады. Өйткені білім – адамзаттың жинақтаған тәжірибесі, табиғат пен қоғамдағы заңдылықтар мен құбылыстарды тану, ұғыну. Ал білімді жеке адамның игілігіне айналдыру үшін оны танып, ойлану кезінде талдап, салыстырып, жіктеп, жинақтап, синтездеу керек. Былайша айтқанда, ойлау операциясының заңдылықтарына сүйену талап етіледі.

Оқыту – тұлғаның дамып, қалыптасуындағы басты құрал. Білімнің ойға қонып, бойға даруы оқытушының басшылығымен жоспарлы бағытта жүйелі түрде жүргізілген іс-әрекеттің нәтижесінде орындалса, шәкірттің оны ынталы қабылдап, ықыласпен орындауы негізінде өзінің мақсатына жетіп жүзеге асады. Олай болса, оқыту – педагогикалық үрдістің (процестің) құрамдас бөлімі. Өйткені шәкіртті тәрбиелеп, білім беріп, оларды өркендетудің мағыналы да мәнді болуының оны ұйымдастыра білу, жүйелі түрде жүргізу, тиісті заңдылықтарды сақтап, негізгі принциптерді тиімді пайдалана білу екендігі бұлардың өзара ықпалдастығын айқындайды. Бұларды бір-бірінен бөлмей тұтастықта қарау оқыту ісінің табысты да, нәтижелі болуына игі ықпал етеді және кепілдік береді. Демек, оқытуды білімдендіруден, тәрбиеден және тұлғаның дамып-өркендеуінен бөліп тастауға келмейтін, бір-бірімен тұтас байланысқан құрамдас бөлімі деп танимыз.

Оқыту технологиясында сабақтың негізгі мақсаты оның сыртқы түрінде немесе атауында емес, оқушының сапалы жұмыс істеп, тиісті мәселенің сыр-сипатын ұғынып, түсінікпен еңбектеніп, өздігінен іздене білудің жолын ашуда. Оқытушының басшылығымен сабақтан бастау алған іс-әрекеттің шығармашылыққа ұласуы оқушының мүмкіншілігіне орай дербестігін дамытуға машықтану дағдысын қалыптастыруды сабақтың әр кезеңінде ескеру керек. Бұл – оқушының ақыл-ойын, қабілетін, іскерлік әрекетін, өзіндік ізденуін жаттықтыруда үнемі назарда болатын заңдылық.

Болашақ ұстаз оқу орындарында жүргізетін пәндеріне байланысты арнайы әдістеме курсынан өтетіндіктен, жеке пәндік әдістемеге тән мәселелерге уақыт бөлмей-ақ, мұғалімнің сабаққа әзірлігі, сабақ жоспары, бақылау мен бағалау және оны есепке алу туралы мына мәселелерге зейін қойғаны жөн.

Оқу жоспарында көрсетілген сағат санына лайықтап, пәндік оқу бағдарламасын басшылыққа алып, тұтас оқу жылына немесе жарты жылға арнап күнтізбелік жоспар жасау – пән оқытушысының басты міндеті. Жұмыс жоспары бойынша өтілетін тақырыптарда оқушы меңгеретін теориялық білім және олар игеруге тиісті практикалық дағды мен жаттығу жолдары, шәкірттің өздігінен атқаратын іс-әрекеттері қоса қамтылуға тиіс. Сондай-ақ, әдістемелік пән секциясымен келісе отырып, пайдаланатын негізгі оқулықтар мен оқу құралдарын белгілеу де артық емес. Мемлекеттік стандарт жүйесіндегі білімді толық қамтамасыз ету басты шарт деп санасақ, оқытушының шығармашылық ізденісі мен өзіндік тағылымдық өнегелік табыстары негізгі талаптарға үйлестіріле жүргізіледі. Демек, оқытушы шығармашылығына ешбір шектеу қойылмайды, қайта мемлекеттік талапты жүзеге асыруға игілікті ықпал ететін қозғаушы күш ретінде пәрменді мазмұнға ие болады.

Оқытушының тиісті тақырып бойынша өткізетін сабақ жоспарында оқушыға берілетін білімнің деңгейі, білімдік көлем, оның сапасы, іскерлік пен меңгеретін дағды және шәкірттің бойында тиянақты қалыптастыратын жаттығу жолдары мен олардың өз бетімен атқаратын жұмысының түрлері де көрсетілгені жөн.

Жоспарлауды және оның жүзеге асуын қамтамасыз етуде ұсынатын басты бағдар оқушыны жаттанды түрдегі іс-әрекетпен шектеліп қалмай, мәселеге өзіндік таным-түсінігін қалыптастыруға машықтандыру болуға тиіс.

Әрбір сабақ өзінің нәтижесімен айқындалады. Осы орайдан оқушының үлгерімін бағалауда назарда болатын басты талап:

1. Оқушының сабақ бойынша жетістігін және олқы жақтары мен кемшілігін көрсетудің нақты дәлел арқылы сипатталғаны жөн.

2. Баға әділетті болып, орынсыз көтермелеуге, әдейі төмендетуге немесе ымырашылдық жасауға мүлде болмайды.

3. Әрбір баға тек білімді есепке алумен шектелмейді, оның тәлім-тәрбиелік мәні бар құрал екендігін ұмытпау керек.

4. Бағаның тәрбиелік сипаты үшін оны жазалаудың жолына айналдыруға болмайды.

5. Бағалауды сабақтың қай кезеңінде болсын жүргізу оқушының ынта-ықыласына әсер ететіндіктен, оны тиімді пайдаланған орынды.

6. Бағалауда оқушыны өз-өзіне сынатудың және өзара бағалаудың мәні зор.

7. Білімдік, тәлім-тәрбиелік нәтижені айқындай түсуде тек ауызша ғана емес, жазбаша, тест түрінде де бағалау тиімді болатын кездер аз емес.

Оқыту технологиясының педагогикалық негізі мұғалімнің басқара білуі мен оқушының іс-әрекетін ұйымдастырып, бағдарлап, ынталандыруына құрылған. Бұл дәстүрлі жолдан бас тарту деген сөз емес, олардың арасындағы айырым мен үйлесімді дұрыс ұғынса, оқыту саласында табысқа жетуге болады. Сапалық нәтижеге ие болу үшін төмендегі салыстырмалы түрдегі кестеге тоқталайық:

I. Ұстаз бен шәкірттің білім жолындағы педагогикалық қарым-қатынас ұстанымы

Оқытудағы дәстүрлі жолдағы ұстаным	Оқытудағы жаңа технологиялық ұстаным
- Шәкіртке тиісті оқу материалын түсіндіріп, дайын материалды меңгерту басты парыз.	- Оқу материалын тек дайын күйінде ғана емес, өздігінше ізденіп, шығармашылықпен игере білуіне, еңбектену білуіне зейін қою.
- Оқушының білуге құлқы болмаса да, ықтиярсыз түрде мәжбүр етіп, іс-әрекетке тарту.	- Оқу материалын тек дайын күйінде ғана емес, өздігінше ізденіп, шығармашылықпен игере білуіне, еңбектену білуіне зейін қою.
- Ұстаз тек өзінің пәні аясында шектеліп, білімнің әр саласына мән беруге құлқы бола бермейді және оны міндетті деп қарамайды.	- Ұстаз, тәлімгер оқытатын пәнінің өмірге үйлесімді, шығармашылық деңгейде болуына ынталанады.
- Ұстаз тиісті бағдарламадағы ұғым-түсініктерді білуді міндеттеп, оны меңгеруді өміршілдікпен талап етеді.	- Ұстаз шәкіртпен ынтымақтасып, тапсырманы бірлесе орындауға баулиды.
- Сабақ барысында бірнеше оқушының ғана білімі бағаланып, олар тиісті баға алады.	- Сабаққа қатысқан оқушының бәрі де біліміне баға береді.

II. Білім алудағы оқытушы мен шәкірттің әрекеті

- Оқытушы бағдарламаны мүлтіксіз жүзеге асыруға тиіс. Көрсетілген білімдік түсінікті өзгерте алмайды, оған тәуелді.	- Оқытушы бағдарламаны орындауға міндетті. Көрсетілген деңгейде пәннің ерекшелігіне үйлесімді өзгерістер енгізіп, оқушының ізде-нісіне мүмкіндік береді.
---	--

- Оқу бағдарламасын оқытушы адал орындағанымен де, шәкірт міндетін өтеуге ынта-ықылассыз, самарқау карауы да ықтимал.	- Оқу бағдарламасын орындауға қызықтыру шәкірттің ақыл-ойын дамытып, бар күш-жігерін сала әрекеттенуге ынталандырады.
- Оқытушы тарапынан берілген түсінікті шәкірттер жайбарақат тындап, белсенділік таныта бермейді. Олардың қандайлық меңгергеніне үнемі мән де беріле бермейді.	- Оқушылардың сабақтағы белсенділігі, еңбектене білуі есепке алынады. Сабақ жоспарына байланысты кері сұрақтар да беріліп шәкірттің өжеттілігі, басқаша ойлай білуі де ескертіледі.

III. Білімді меңгеріп оны жүзеге асыруға негіз болатын ой-түрткі

- Оқытушы оқушыларды үлгеріміне қарай үздік, жақсы, орташа, нашар деп топтастырып, сол орайдан тапсырма беруге ұмтылады.	- Оқушыны үлгеріміне қарай бөлмейді. Қайта бәрінің де меңгере алатындағына сенім білдіріп ынталандырады.
- Оқытуда пайдаланылатын негізгі де басты тәсіл - түсіндіру, көрсету, айтып беру әдістері.	- Ой-түрткіге негіз болатын ізденістерге бағдар беріп, кестелік үлгілер мен бейнелік сызбаларды басшылыққа алады.
- Деректерді тиімді пайдаланып ұқтырады, шығармашылық болмағанымен білгізу жолындағы әдістерді кеңінен пайдаланады.	- Ой-түрткі боларлық негіздерді кеңінен қолданып, оның амалдары мен тәсілдерін білгізуді басшылыққа алады да, өздігінен ізденуге бағдар береді.
- Қойылған мәселені түсінбеген, ойлана білмейтін оқушыны ұнатпайды, тек ақыл айтумен шектеледі.	- Жеке мәселені білмей қалғанына қарамастан, шәкірттің ойлау қабілетін дамытуға барынша қамқорлықпен қарайды.
- Жеке оқушының үлгеріміне баса назар аударылады да, қалғандарының іс-әрекетіне мән берілмей, атүсті қаралады.	- Ұжымдық топтың бірлесіп еңбектенуіне және олардың шығармашылық мәнде болуына зейін қойылады.

IV. Білім мен тәрбие ісінде өзін-өзі ұйымдастыру

- Шәкірттің атқарған ісі мен әрекетін, берген жауабын талдау, бағалауды мұғалім шешеді.	- Шәкірт өзінің іс-әрекетіне, сондай-ақ жеке оқушылар мен ұжым атқарған жұмыстарға өздері талдау беріп, тұжырым жасауға үйретіледі.
- Оқу мекемесінде атқарылған жұмыстардың қай түріне болсын баға беретін - оқытушылар. Мұндай істен оқушылар сырт қалады.	- Атқарылған жұмыстың барлық түріне талдау жасап, баға беретін - оқушылардың өздері.
- Оқушылар ұжымына басшылық жасау көбіне әміршілдік жүйеде жүргізіледі.	- Ұжымдық атқарылған іске оқушылардың өзіндік тұрғыдан талдау жасауына, ынтымақтастық қарым-қатынасты жетілдіруге мән беріледі.

Бұл келтіріп отырған салыстырмалы кесте – жел сөзбен желіктіретін ұран емес, болашақ маманның оқыту, білім беру, тәрбие саласындағы дәстүрлі жолдың өміршең өрнектерін жаңа технологияның ертеңгі ізгі бағыттарымен үйлесімді қолдана алуына жол нұсқайтын бағдар.

Қорыта айтқанда, оқыту технологиясының педагогикалық негіздері оқыту әдістері мен тәрбие құралдарының бір арнадан тоғысуы, сондай-ақ педагогикалық-психологиялық болмыстың білім беру, тәрбиелеу процесін ұйымдастырудың әдістемелік жөн-жосығын меңгеру және оны жүзеге асыру болып табылады. Оқыту процесін айқындауда пайдаланылатын әдістемелік жүйе және адами мүмкіндіктердің өзара ықпалдастығын ескеретін тиімді амалдарды қолдана білу тұтастығы. Осы орайдан оқыту технологиясының негізгі мақсаты бағдардағы мазмұнның жүзеге асу заңдылықтары мен оқыту әдістемелерін ұйымдастыра білуге, тиісті нәтижеге жетуге құрылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Оқыту процесінің жүйесін, құрылысын сипаттаңыз.
2. Оқыту процесінің қызметі және олардың өзара байланысы.
3. Оқыту процесінің заңдылықтары және өзара байланысы.
4. Оқыту әдістері және оны ұйымдастыру жолдары.
5. Білім берудің мазмұнын сипаттаңыз.
6. Оқыту технологиясының атқаратын қызметі.
7. Дәстүрлі оқыту мен оқыту технологиясының өзара үйлесімі.
8. Білім беру теориясының негізін сипаттаңыз.

СОӨЖ-дің тапсырмалары:

1. Оқыту технологиясының мақсаттары мен міндеттерін айқында.
2. Білімдендірудің мазмұнын сипатта.
3. Дидактиканың оқыту процесінде атқаратын қызметін сипатта.
4. Оқыту әдістемесі оқыту технологиясының негізі екендігін дәлелде.
5. Білімді бағалаудың басты сипатын айқында.
6. Өзін-өзі бағалаудың технологиялық мәні неде екендігін дәлелде.
7. Оқытудағы заңдылықтар мен қағидаларды сипатта.

Реферат тақырыптары:

1. Қазіргі оқыту технологиясының басты сипаты.
2. Оқыту технологиясының теориялық негіздері.
3. Оқыту жүйесінде ойынды пайдалану.
4. Оқыту әдістемесінің тиімді жолдары.
5. Оқыту үрдісінің құрылымы мен негізгі сатылары.
6. Дидактика – оқыту мен білімдендірудің теориясы.
7. Оқытудың тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктері.

Әдебиеттер тізімі:**Негізгі:**

1. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы, “Рауан”, 1993.
2. Лернер И.Я. Процесс обучения и его закономерности. – М., 1980.
3. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы, 2002, 384 б.
4. Буланова М.В., Духовнева А.В. и др. Педагогические технологии. – Ростов-на-Дону, 2002, 320 с.
5. Бордовская Н.В., Реан А.А. Педагогика. – С.-Петербург, 2002, 304 с.

Қосымша:

1. Қазақстан мектебі, 2001-2003 жылдар.
2. Харламов И.Ф. Педагогика. – М., 1990.
3. Подласый И.П. Педагогика: Учебник для студентов высших пед. учеб. заведений – М.: Просвещение: Гуманит. Изд. Центр ВЛАДОС, 1996, 432с.
4. Педагогика и психология высшей школы. – Р.-н. – Д., 2002.
5. Педагогика /Под редакцией П.И. Пидкасистого. – М.: Росс.пед. агентство, 1996, 602 с.
6. Слостенин В.А. и др. Педагогика. – М.: Изд.Центр «Академия», 2002.
7. Бордовская Н.В., Реан А.А. Педагогика: Учебник для вузов. – СПб.: Питер, 2001, 304 с.
8. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М., 1989.
9. Педагогическая технология. – Ростов-на – Д., 2002.

11-дәріс. ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАЗМҰНЫ

*Білім – мақсат емес, қару,
Л.Н.Толстой*

Мақсаты: Қазіргі кездегі білім беру мазмұны мәселесі туралы теориялық және практикалық білімдерді сипаттау, олар туралы жалпы мағлұмат беру.

Міндеттері:

1. Білім беру мазмұны ұғымының мәнін, принциптерін анықтау.
2. Білім беру мазмұнының негізгі компоненттерін сипаттау.

Жоспары:

1. Білім беру мазмұнының мәні және принциптері.
2. Білім беру мазмұнының негізгі компоненттері.

Негізгі ұғымдар: білім, білім беру, білім мазмұны, құжат, білім мазмұнының негізгі компоненттері.

11.1. Білім беру мазмұнының мәні

XVIII ғасыр аяғы-XIX ғасырдың басында білім беру мазмұнының ғылыми теориялары қалыптаса бастаған. Алғашында материалдық сипатта, дидактикалық материализм немесе энциклопедизм теориясы деген атпен белгілі болды. Бұл бағытты ұстанғандар білім берудің негізгі мақсаты оқушыларға ғылымның әр түрлі саласынан көлемді білім беру деп ұсынушылар болды. Осы мәселе төңірегінде Я.А.Коменский өз еңбектерінде дидактикалық материализм теориясы тұрғысынан қарастырған. Сол сияқты XIX ғасырдағы көптеген педагог ғалымдар да білім беру мазмұнын құрастыруда материалдық теорияны жақтаған. Қазіргі кездің өзінде оқу жоспары мен оқулықтарға талдау жасауда осы теорияны басшылыққа ұстанып келеміз. Яғни бұл теория өзінің құндылығын жойған жоқ деген қорытынды жасай аламыз. Екінші теория – білім мазмұнының формальды теориясы. Бұл теорияны ұстанушыларға Гераклит, Цицерон, Кант, Песталоцци, Дистервег және тағы басқа ерте кездегі педагог-ойшылдарды жатқызуға болады. Мысалы, Гераклиттің тұжырымы бойынша, “адамды оның көп білімі ақылды етпейді”. Мұны Цицерон да қолдаған. Аталған теорияның негізгі

қағидаларын И.Кант, Песталоцци философиялары күрайды. Олардың тұжырымы бойынша, оқытудың негізгі мақсаты оқушылардың дұрыс ойлау қабілеттерін жақсарту. Бұл туралы А.Дистервег өзінің “Неміс оқытушыларына басшылық” атты еңбегінде өзіндік көзқарасын білдірген. Ол білім беру мазмұнын қарастыру барысында оқушылардың танымдық-қызығушылық іс-әрекеттеріне көңіл бөлу, ақыл-есі, ойлау қабілеттерін ескеру қажеттігіне мән беру керек деген. Формальды оқытуды жақтаушылар да, алғашқылар сияқты, оқытудың субъективтік жағының мәнін жете бағалаған. К.Д.Ушинский алғашқылардың бірі болып екі теорияны да сынға алды. Ол: “Ойды ат үсті дамыту нағыз тиянақты білім бермейді”, – дей отырып, алдымен адамды білім жағынан сусындатып, алған білімдерін игерту қажеттігіне мән берілуі тиіс екендігіне тоқталған. К.Д.Ушинский білім беру мазмұнын таңдау барысында материалдық және формальдық әдістерді бірлікте қарастыру идеясын ұсынған.

Педагогикада білім беру мазмұны жеке тұлғаны қалыптас-тыру мен дамыту барысындағы ғылыми негіз ретінде қарастырылады. Өйткені, жеке тұлға дамуы тәрбие мен оқытуға тығыз байланысты, сондықтан да, алдымен, білім беру мазмұнын анықтап алу қажет екендігі дау тудырмаса керек.

Сонымен, білім беру мазмұны дегеніміз – жеке тұлға қалыптастыру барысындағы адам баласының іс-әрекет тәсілдерін меңгере отырып, жүйелі түрде білім алуы, іскерлік пен дағдысын, таным арқылы көзқарасын қалыптастыру және ақыл-ойы мен сезімін дамыту. Яғни білімді адам деп ақыл-ойы жетілген, әдіс-тәсілдерді меңгерген, қабілетті, өз пікірін дәлелдей алатын, болашақты болжай отырып, шешім қабылдай алатын жеке тұлғаны айтуға болады.

Білім мазмұны – оқу орындарының негізгі мәселелерінің бірі. Ал оның мәні – әрбір ғылыми пәндерден ғылыми білімді игеру, тәжірибеде қолдана білу.

Педагогика ғылымының мазмұны – оның тарихында қалыптасқан рухани мұралар мен құндылықтар әлемі. Білім берудің мазмұны мен оның мәнін ашуда және білім беруді ізгілендіру идеясын жүзеге асыру барысында жеке тұлғаны дамыту мәселесі соңғы он-он бес жыл шамасында күн тәртібінің алдыңғы қатарына шықты. Аталған мәселе И.Я.Лернер, М.Н.Скаткин, В.С.Леднев, Б.М.Бим-Бад және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылып, талданған.

И.Я.Лернер мен М.Н.Скаткин білім беру мазмұнын теориялық тұрғыда білім, іскерлік, дағдыны қалыптастыру жүйесі деп түсіндірген, сонымен қатар шығармашылық іс-әрекет, ерік сезімін меңгеруді ұсынады. Бірқатар шетел педагогтары (АҚШ, Англия, Франция, т.б.) жеке тұлғаға жалпы адамзаттық тәрбие беруді, оқу мазмұнына табиғи құбылыстар мен қоғамдық өмірдегі шынайы құбылыстарды түсіндіруде оқу пәндерін өзара кіріктіруді негізге алуды ұсынған.

Білім мазмұнын анықтауда, жалпыға міндетті білім беруде, оның ғылым мен техниканың және мәдениеттің даму деңгейіне сай болуын қамтамасыз ету мақсатында оқу бағдарламалары мен оқулықтарды жетілдіру аса қажет болуда.

Білім беру мазмұнын іске асыру барысында аға ұрпақтың жинақтаған тәжірибесін болашақ ұрпаққа меңгерту, сонымен қатар әлеуметтік-мәдени тұрғыдан мазмұнын дамыту мақсатында ғылым туралы толық мәлімет беру (білім мазмұнының негізгі теориялары, заңдары, ұғымдары, т.б.); білім мазмұнының ғылыми және практикалық мәнін ашу; білім алушылардың жас және дара ерекшеліктерін ескеру; әр түрлі пәндерді оқытуда берілген мерзіміне, көлеміне қарай беру; білім беру мазмұнын әлемдік тәжірибемен ұштастыру; оқу орнының оқу-әдістемелік және материалдық базасына сай құру қажет.

Білім беру мазмұнының мақсаты қашанда қоғамның қажеттілігін, жеке тұлғаның сұранысы мен қызығушылығын қанағаттандырып отыруы тиіс.

Білім беру мазмұнының сипатын жеке тұлға бойында саналы өзгеріс болған жағдайда көруге болады. Жеке тұлғаның өзгеру динамикасы дегеніміз – субъектінің санасы мен қасиетіндегі елеулі өзгерістер.

Бұл мәселе тұрғысында В.С.Леднев білім алушылардың бірлескен іс-әрекетінің мазмұнына көңіл аудару теориясын негізге алу керек деп санайды. Білім беру мазмұны шынайы педагогикалық өлшем бойынша, негізінен, нақты оқу процесін игерумен байланысты. Жалпы білім беру мазмұнының жобасын құрастырғанда оның ұстанымдары мен технологияларын меңгерту қажеттілік екенін басшылыққа алған дұрыс. Оның негізгі құрылымдық ұстанымын әр түрлі деңгейде қалыптастыру барысында теориялық мазмұнының негізі болып табылатын пәннің оқу материалдарымен, педагогикалық іс-әрекет, білім алушының тұлға ретіндегі бейнесімен сәйкес болуы қадағаланады. Жалпы білім беру мазмұнының ізгілендіру

ұстанымы, ең алдымен, білім алушылардың жалпы адамзаттық мәдениетті белсенді шығармашылық және практикалық тұрғыдан игерулеріне жағдай жасауға тікелей байланысты. Білім алушылардың дүниетанымын қалыптастыруға және қазіргі қоғамдық жағдайды ескере отырып, жеке тұлғаның ізгілік мәдениетінің негізгі компонентін: өмірде өзін-өзі анықтау мәдениеті; экономикалық және еңбек мәдениеті; саяси және құқықтық мәдениеті; интеллектуалдық, адамгершілік, экологиялық, көркемдік және дене мәдениеті, имандылық мәдениеті, отбасы және қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға байланысты.

Жалпы білім беру мазмұны оның негізгі компоненттеріне байланысты, яғни жалпы адамзаттық мәдениетпен кіріктіріледі.

Сонымен, білім мазмұны – ол білім алушылардың оқылатын пәндер бойынша меңгерген білім, білік, дағдылары.

11.2. Білім мазмұнының негізгі компоненттері

Қазіргі өзіміз өмір сүріп отырған демократиялық қоғамда еркін, шығармашылық-танымдық тұрғыдан ойлай алатын адамдарды қалыптастыру міндетіне сай білім беру мазмұнында қолданыста бар үш түрлі тұжырымдама бар. Мысалы, педагогика ғылымының негізінде жастардың бейімделуі мектептің оқу-тәрбие процесінде іске асырылады. Яғни құндылық қасиеттердің жаңа түрлері қалыптас-тырылады, дамытылады. Білім мазмұны өндіріспен байланыстыры-лады, демек білім адамға әсер ететін өндірістік фактор ретінде сипатталады.

И.Ф.Харламов өзінің білім беру мазмұнының тұжырымдамасында білім алушылар меңгеретін білім, дағды, іскерліктерді тұтастықта қарастырады.

Оқыту, үйрету барысында білім алушылар міндетті түрде білім мазмұнының құрамы ретінде дүниетанымдық және адамгершілік, эстетикалық идеяларды түсінуі қажет деп санайды. Әрине, мұнда адамзаттық мәдениеттің барлық құрамы талданбаған, сондықтан да білім, білік, дағдының негізгі сипатын ашпайды. Білім мазмұнының негізгі компоненттері жоғарыда айтылған мәдениет түрлерін қалыптастыруға тікелей байланысты.

Білім беру мазмұнының тұжырымдамасындағы мақсат ізгілік тұрғысынан ойлауға, әлеуметтік тәжірибенің барлық құрылымдық бөліктерінде педагогикалық бейімделуге сай келеді. Білім мен тәжірибені іске асыру барысында аталмыш тұжырымдама шығармашылық-танымдық, іс-әрекеттік және құндылық-эмоционалдық

қатынас тәжірибесін енгізеді. Әрбір осы аталған тәжірибелер білім беру мазмұнының өзіндік түрі ретінде есептеледі. Яғни:

- табиғат, қоғам, техника туралы білім, ойлау және оны іске асыру қабілеті. Осы білімдерді меңгере отырып, білім алушы дүниенің шынайы бейнесін қалыптастыруды танымдық іс-әрекетінде дұрыс әдіспен қамтамасыз етеді;

- белгілі іс-әрекет тәсілдерінің арасында тұлғаның дағдыны, іскерлік білімді игеруі тәжірибені кеңейте түседі;

- шығармашылық ізденушілік әрекет қоғамда пайда болған жаңа мәселелерді шешуде іске асады. Бұрыннан белгілі іс-әрекеттерді қалыптастырудың әдістері алған білімін – іскерлігін қазіргі жағдайда іс-әрекеттің жаңа тәсілдері негізінде өздігінен іске асыруды талап етеді. Әрбір адамның қалыптасуының көрсеткіші ретінде белсенділігі және өзіндік дамуы кішкене кезінен шығармашылық тұрғыда жұмыс істеу барысында қалыптасады, бірақ білім беру мазмұнында оны бағдарламаға енгізу керек. Яғни қоршаған ортаға, алған біліміне байланысты әрбір адамның құндылық дүниесі қалыптасады.

Адамдардың қоршаған дүниеге қарым-қатынас нормасы негізінде өз-өзіне көзқарасы қалыптасады. Адам мінезі қарым-қатынас жасау барысында көрініс береді. Білім беру мазмұнының компоненттері – білім, іскерлік (білік), дағды бірімен-бірі тығыз шартты байланысты. Білімсіз іскерлік те, дағды да қалыптаспайды, яғни олар бір-бірімен кері байланыста қарастырылады. Шығармашылық іс-әрекет те білім мен іскерліктің тәжірибесінен, ал қарым-қатынас білімділік іс-әрекет тәжірибесінен көрінеді. Әлеуметтік тәжірибеде оқу мазмұнын игеру барысында адам қоғамда өздігінен істей алатын және оны өзгерте де алатын дәрежеде болуы шарт. Сондықтан да оқу орнында алған білім жиынтығын өмірде қолдана алулары қажет. Жалпы білім мазмұны, бір жағынан, оқу-танымдық іс-әрекет жадайының, екінші жағынан, іс-әрекетті игерудің құралы болып табылады. Білім беру мазмұнын қалыптастырудың негізгі көзі мәдениет пен әлеуметтік тәжірибе болып саналады.

Адам іс-әрекетінің түрлері қоғамдық сана формалары, қоғамдық қатынас тәжірибелері, рухани құндылығы, материалдық жағдайы, оқу барысындағы танымдық, коммуникативтік, бағдарлы-құндылық, көркемдік іс-әрекетімен сипатталады.

Әрбір халықтың білім алуға күштарлығы білім беру қызметі, қосымша білім беру, саралап оқыту, т.б. арқылы іске асырылады. Біліммен қамтамасыз ету мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа, бағдарламаға сай іске асырылады және ол мемлекеттің

құзырына кіреді. Жалпыға міндетті білім беру стандарты оқу мекемелерінің түріне (мектепке дейінгі, орта мектеп, арнайы, ЖОО, т.б.) байланысты құрастырылады. ЖОО стандартын белгілі бір мамандық бойынша қойылатын талаптар, оқытылатын пәндер және олардың мазмұны, оқу жоспары құрайды.

Білім беру жүйесінің нормативтік құжаттарының негізін оқу жоспары, яғни оқу пәндері мен ретін, мерзімін, бақылау түрін белгілейтін құжат, оқу бағдарламалары – білім берудің бағыты бойынша оның мазмұнын анықтайтын құжат, оқулықтар құрайды.

Білім беру мекемелерінің білім беру мазмұнының принципі мен өлшемі оқу материалының пәндік мазмұнын береді. Білім беру мазмұны жеке тұлғаның қоғамдағы орнын табуға көмектесуге бағытталады. Мұнда оның негізгі компоненттері, атап айтқанда, білім, білік, дағдысы қалыптастырылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Білім мазмұнының мәнін қалай түсінесіз?
2. Білім мазмұнын тарихи тұрғыдан сипаттаңыз.
3. Білім мазмұнын құрастырудың негізгі теорияларын сипаттаңыз.
4. Білім мазмұнына әсер ететін факторларды атаңыз.
5. Білім беру мазмұнының принциптерін атаңыз.
6. Негізгі компоненттерге сипаттама беріңіз.

СӨЖ-дің тақырыптары:

1. Өз мамандықтарыңыз бойынша оқытылатын ғылымдардың өлшемінің кестесін жасаңыз.
2. Өз мамандығыңыз бойынша мемлекеттік стандарт талдаңыз.
3. Базалық пәндер бойынша оқу жоспарын құрыңыз.
4. Ғылыми оқу пәнінің біріне талдау жасаңыз.
5. Мамандық бойынша бір оқулыққа пікір жазыңыз.

Реферат тақырыптары:

1. Қазіргі кездегі жоғары білім беру мазмұнының негізгі мәселелері.
2. Білім мазмұнын таңдау өлшемдері.
3. Мемлекеттік білім стандарты бойынша жалпы білім беру мазмұны.
4. Білім мазмұнын құрастырудың негізгі өлшемі.
5. Білім беру мазмұнын анықтайтын құжаттар.

Әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Педагогика. - Алматы: Абай атындағы Алматы педагогикалық университеті, 2003.
2. Бейсенбаева А.А. Теория и практика гуманизации школьного образования. – Алматы, 1998.
3. Леднев В.С. Содержание образования. - М., 1989.

4. Сериков В.В. Образование и личность. Теория и практика проектирования педагогических систем. - М., 1999.
5. Скаткин М.Н. Проблемы современной дидактики. - М., 1984.
6. Теоретические основы содержания общего среднего образования /Под ред. В.В. Краевского, И.Я. Лернера. - М., 1983.

Қосымша:

1. Педагогика: Учебник /Сост. Л.П.Крившенко, М.Е.Вайндорф-Сысоева и др. - М., 2004.
2. Концепция интеграции науки и образования Республики Казахстан. – Астана, 2003.
3. Харламов И.Ф. Педагогика. - М., 1990.
4. Подласый И.П. Педагогика: Учебник для студентов высших пед. учеб. Заведений. - М.: Просвещение: Гуманит. Изд. Центр ВЛАДОС, 1996, 432с.
5. Педагогика и психология высшей школы. - Р.-н. - Д., 2002.
6. Педагогика /Под редакцией П.И. Пидкасистого. - М.: Росс.пед. агентство, 1996, 602 с.

12-дәріс. БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ БАСҚАРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҮРДІСІ

*Басқаны басқара білген адам - мықты,
ал өзін-өзі басқарған - мықтырақ.
Лао Цзы*

Мақсаты: студенттердің білім мекемелерін басқару туралы ілімдерін қалыптастыру және оларды басқару теориясымен таныстыру.

Міндеттері:

- білім беру жүйесіндегі басқару нысандарын талдау, басқару стратегиясының тиімділігі мен басқарудың негізгі нысанының таңдаумен байланысын көрсету.
- білім жүйесіндегі басқару іс-әрекеттері дағдыларын қалыптастыру.

Жоспары:

1. Білім беру жүйесін басқарудың әдіснамалық негізі.
2. Қарым-қатынас – басқарудың негізгі көзі. Қарым-қатынас түрлері мен құрылымы.

Негізгі ұғымдар: басқару, басқару үрдісі, менеджмент, қарым-қатынас, қарым-қатынас түрлері, құрылымы.

12.1. Білім беру жүйесін басқарудың әдіснамалық негізі

Жалпы алғанда басқару – белгілі бір жағдайда нәтиже шығаруға байланысты топтың, ұжымның, ұйымның және жеке адамның іс-әрекетіне ықпал ету. Яғни шешім қабылдауға бағытталған, белгіленген мақсатқа сәйкес басқару нысанын ұйымдастыру, қадағалау, реттеу, алынған шынайы ақпарат негізінде талдау жасап, нәтижесінің қорытындысын шығару әрекеті деп түсіндіруге болады. Халықаралық тәжірибеде басқарудың міндеттер бойынша, жоспардан тыс, ерекшелікке байланысты, нәтижелер бойынша, т.б. түрлері іске асырылуда. Ал қазіргі заманда жоғары мектепті басқарудың өзіндік ерекшеліктері айқындалуда, өйткені ол – күрделі жүйе. Бұл қазіргі кез келген оқу-білім беру мекемесінің алдына өмірдің өзі қойып отырған міндеттерді жүзеге асыру бойынша барлық жұмыстың басты ұйымдастырушысы ретіндегі

жоғары мектеп басшыларының тікелей басқару іс-әрекетінде көрінуі тиіс. Жоғары мектеп басшылығы мен мүғалімдерден тұратын басқару жүйесі жетекші болып келеді. Жоғары мектепті басқарудың басты мәні педагогтардың оқыту мен тәрбиеде ең жақсы нәтижеге жету мақсатын көздейді. Адамдар жеке істей алмайтынды немесе жекелеп істеу тиімсіз болғанды жұмыла істеу үшін басқару қажеттігі туындайды.

В.Г.Афанасьевтің пайымдауынша: “Басқару – қоғамның, оның кез келген даму сатысындағы, ішкі өзіне тән қасиеті. Бұл қасиеттің жалпылық сипаты бар және ол қоғамның жүйелік табиғатынан, адамдардың қоғамдық, ұжымдық еңбегінен, еңбек пен өмір барысында қарым-қатынас жасау, өзінің материалдық және рухани өмірінің жемісімен алмасу қажеттігінен бастау алады”.

XX-XXI ғасырлар тоғысы – басқару ілімінің қарқынды өсуі мен өзгеру кезеңі. Бұл эволюцияның бастапқысы ретінде басқарудың классикалық мектебінің негізін салушы А.Файольдің еңбектерін атауға болады, ол 1916 жылы басқарудың жалпы принциптерін ұсынған. Дәл осы принциптер ғылыми басқару теорияларының негізіне айналған.

“Басқарудың классикалық теориясы” 1930 жылдарға дейін ең басты орында болған. XX ғасырдың 30-жылдарында басқарушылық ғылым дамуында “басқарушылық қатынастар теориялары” атты жаңа бағыт қалыптасты. Классикалық теория бірлескен іс-әрекет нәтижелілігінің негізгі шарттары не, қашан, қайда және қалай істеу керектігін анықтайтын басқарудың нақты ресми құрылымын, жемісті жұмысын (ең бастысы – материалдық жағынан) қамтамасыз ету деп санаған. Ал адамдар қатынасының теориясы адамның ұйымдағы мінез-құлқын анықтайтын факторларды, мақсаттылық пен жеке тұлғалар арасындағы қатынастарды бірінші орынға қояды. Бұл теория XX ғасырдың 50-60 жылдары Батыста, әсіресе АҚШ-та кең өріс жайған, тәжірибеде оң нәтиже бере алмаған, дегенмен басқарудың демократиялық әдістерін кеңінен енгізу әрекеті де осы теориямен байланысты. “Адамдар қатынасы теориясының” орнына, басқарудың жүйелік теориялары, жағдайлық теориялар, басқарудың рационалистік (ақыл-ой талабына ғана негізделген) және мінез-құлықтың жағымды жақтарын біріктіріп, олардың орнына ұйымдастырушылық даму теориялары келді.

Басқарушылық еңбекті ғылыми ұйымдастырудың жүйесін енгізу бойынша шетелдік ғалымдар И.П.Раченконың еңбегін; мүғалімдердің шығармашылық зерттеушілік және эксперименталды

қызмет-әрекетін ұйымдастыру бойынша, ғылымды практикаға енгізу бойынша Ю.К.Бабанскийдің, Л.И.Гусевтің, В.И.Журавлевтің, В.И.Загвязинскийдің, В.В.Краевскийдің, М.Н.Скаткиннің және т.б. еңбектерін; мамандықты жетілдіру бойынша Я.С.Бенционның, Г.И.Горскаяның, Л.С.Коробкованың, т.б. еңбектерін; мамандықты көтерудің психологиялық-педагогикалық және ақпараттық негізін құру бойынша Г.С.Сухобскаяның, А.И.Пискуновтың, т.б. еңбектерін атап өтуге болады.

Басқарудың қызметтерін тек дидактикалық тұрғыдағы аспектілермен шектеген қате болар еді. Білім беру мектептеріндегі педагогикалық ұжымның жүзеге асыратын тәрбиелік жүйесі де басқаруға келеді.

Қазақстан Республикасында беделді азаматты тәрбиелеу мәселесі ерекше мәнге ие болып отыр, яғни бұл процесс педагогикалық басқарудың ең маңызды мәселесіне айналуда.

Г.И.Щукинаның “басқару дегеніміз – мектеп ішіндегі “психологиялық, ұйымдастырушылық және әдістемелік” сияқты күрделі процестер мен қатынастарды саналы түрде реттеу” деген пікіріне толық қосылуға болады. Дегенмен, басқарудың алдыңғы қатарлы тәжірибесін жинақтап қорыту материалды жинаумен ғана және оны тиісті ғылыми-әдістемелік тұрғыдан бағаламай, тек баяндаумен ғана шектеледі.

К.Я.Вазинаның пікірінше: ”Басқару – нақты бір мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін, қалыптасуға жауап беретін жүйенің қызметі”.

Педагогикалық басқару әлеуметтік мақсатта жүзеге асады, ол адамдардың іс-әрекетін басқару мен олардың бірігуіне қатысты. Алайда ол жалпы әлеуметтік басқарудан өзінің объектілерімен, олардың заңдылықтарымен ерекшеленеді.

Практикалық іс-әрекет ретіндегі педагогикалық басқару – оқушылардың оқуы мен тәрбиесін басқару. Педагогикалық басқару теориясы – мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар жүйесі, ұжымдар мен жеке адамдар жүзеге асыратын тәрбие мен оқыту процестерін басқару туралы білімдер.

“Педагогикалық басқару” ұғымы “білім беруді басқару” ұғымынан кең, өйткені ол тәрбие мен оқытуды жүргізетін басқа мемлекеттік және қоғамдық құрылымдарда (жанұя, қоғамдық ұйымдар, мамандықты көтеру жүйесінің мекемелері, т.б.) қызмет етеді. Шындығында, педагогикалық басқарудың кез келген “адам – адам” жүйесінде орны бар. Бұл жағдайда педагогикалық мақсаттар

басқарудың негізгі түріне бағынады: педагогикалық процесс – субъекті іс-әрекетін басқару.

Педагогикалық басқарудың білім беру жүйесіндегі басты объектісі – өсіп келе жатқан ұрпақтың іс-әрекеті. Басқару субъектісінің қызметтер жиынтығын басшылық дейді.

Білім беру мекемесін басқару іс-әрекетінің басқа мекемелердегі немесе өнеркәсіп орындарындағы басшылықтың жұмысынан едәуір айырмашылығы бар. Білім беру жүйесінің иерархиялық құрылымының әрбір элементінде, министрлік болсын, облыстық, аудандық басқарушы орган (департаменттер, білім беру бөлімдері) немесе мектептер болсын, бәрінде тек педагогикалық қана емес, басқарудың басқа да түрлері кездеседі, мысалы: әкімшілік, шаруашылық, құқықтық. Басқарудың барлық түрлері білім беру жүйесінің шеңберінде бір-бірімен байланысты, олардың бәрі жалпы тәрбиелік және білім беру міндеттерін шешуге бағытталған. Егер білім беру жүйесін қарайтын болсақ, педагогикалық басқару мен басқарудың басқа түрлерінің үлессалмағы мен қатынасы әр түрлі екенін байқауға болады. Мысалы, министрлік, облыстық, аудандық және қалалық білім беру басқармасы деңгейінде кешенді процесс ретіндегі басқару жүйенің арнайы құрылымын құруға, мемлекеттік мекемелер мен адамдардың қызмет-әрекетіне қажетті материалдық, ұйымдастырушылық, кадрлық және басқа да жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған. Жоғары мектеп басшылары, мұғалімдер деңгейіндегі педагогикалық басқару олардың практикалық қызмет-әрекеттерінде педагогикалық талаптарды тікелей жүзеге асыруы ретінде толығырақ көрініс береді. Педагогикалық тұрғыдан басқаруда оның базасы (материалдық базасы, құрал-жабдықтар, оқу-техникалық құралдары, т.б.) маңызды, бірақ бағынушылық мәнге ие.

Жоғары мектепті басқару теориясының объектісі – барлық құрамды элементтерімен алынған жүйе. Практиканың объектісі – жоғары мектептің әр түрлі құрамдық топтарының іс-әрекеті (үжым, факультет, жеке субъект).

Практикалық басқару іс-әрекетінің амал-тәсілдері – басқару әдістері. Басқарудағы ғылыми іс-әрекеттің амал-тәсілдері – ғылымның нақты бір объектісін зерттеуде қолданылатын жолдар, тәсілдер, амалдар: жоғары мектептерді басқару бойынша білім беру органдарының жұмыс тәжірибесін қорытындылап талдау, ғылыми болжамдар жасау, оларды эксперименталды тексеру.

Білім беру жүйесіндегі немесе бөлек топтағы практикалық басқару іс-әрекетінің нәтижесі – тәжірибені көбейту, бұған оқу-тәрбие процесінің қортындылары дәлел бола алады. Басқару теориясының нәтижесі – жаңа заңдар, практикалық іс-әрекетте жүзеге асырылатын заңдар, принциптер, ережелер, тұжырымдар.

Жоғары мектептің негізгі әлеуметтік міндеттеріне сәйкес, болашақ мамандарды тәрбиелеу мен оқытуды жүзеге асырады, осыған байланысты басқарудың барлық бағыттарының ішінде оқу-тәрбие жүйесін басқару бірінші орынға ие бола алады.

Яғни педагогикалық басқару – практикалық іс-әрекет, ол – тәрбие мен оқытуды ұйымдастыру. Педагогикалық басқару теориясы – мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар жүйесі, ұжымдар мен жеке адамдар, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептер жүзеге асыратын педагогикалық жүйені басқару, болашақ мамандарды тәрбиелеу, оқыту және дамыту туралы білімдер жиынтығы.

Жоғары мектеп басшыларының басқарушылық қызметі, оқу-тәрбие жұмысы мен сапасы үшін арнайы жауапкершілік жүктеледі. Оқу-тәрбие жұмыстарымен қатар әдістемелік жұмыстар да басқару арқылы іске асырылады.

Әдістемелік жұмыс – ғылым және озат педагогикалық тәжірибе жетістіктеріне, оқу-тәрбие жұмысының нақты талдауына негізделген, әрбір мұғалімнің, ұстаздың, тәрбиешінің, оқу мекемесі басшысының, білім беру жүйесінің басқа да қызметкерлерінің педагогикалық мамандық дәрежесін және кәсіби шеберлігін көтеруге (педагогтардың кәсіби өз-өзіне білім беруін, өзін-өзі тәрбиелеуін, өзін-өзі жетілдіруін басқару бойынша шараларды да есептегенде), тұтас педагогикалық ұжымның теориялық мүмкіндігін дамыту мен көтеруге және оқушыларға нақты білім берудің, тәрбиелеу мен дамытудың үйлесімді деңгейіне жетуге бағытталған өзара байланысты шаралардың, қызметтердің жүйесі.

Ол оқу-тәрбие процесін басқарудың, педагогтарды жоғары әдістемелік мәдениет пен өз еңбегінің сапасы мен нәтижесіне талабы негізінде тәрбиелеудің маңызды амал-тәсілі болып табылады. Оның стратегиялық бағыттарының бірі – білім беру тәжірибесіндегі оқушылардың танымдық, ойлау әрекетін белсендендіретін, терең білім, білік және дағдыларды қалыптастыратын, ұтымды және нәтижелі әдістерді шығармашылық түрде меңгеру.

Қазіргі жағдайларда қазақстандық жоғары мектептің жаңа моделін жасау жүріп жатқан кезде өткеннің және қазіргі уақыттың жаңашыл педагогтарының тәжірибесін арнайы зерттеу керек: олардың тәжірибесіндегі жаңа білімнің мазмұны қандай (сапасы,

деңгейі), педагогиканың әр түрлі саласы мен тұтас педагогикалық ғылым үшін жаңашыл педагогтардың қосар үлесі қандай? Педагогика әдіснамасының, дидактиканың, тәрбие теориясының, педагогикалық психологияның, жеке әдістемелердің жаңашыл тәжірибешілердің басты назарында болуы керектігін анықтау қажет. Басқару ісін дұрыс атқару үшін басқарушы өзін-өзі басқара алуы қажет. Бұл туралы Қытай данышпаны Лао Цзы: “Басқаны басқара білген адам – мықты, ал өзін-өзі басқарған – мықтырақ”, – деген екен. *Өзін-өзі басқару* – адамның белгілі мақсатқа бағытталған өзіндік сапасын жетілдіру арқылы әрекетінің жеке даралық қызметін ұйымдастыру жүйесі.

Жоғары оқу орындарында өзін-өзі басқару іс-әрекетін ұйымдастыру және ұжымда, қоғамдық ортада өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру аса қажетті.

Қазіргі кезде басқару тиімділігін арттыруда білім, идея, концепция сияқты басқаруға қатысты педагогикалық құндылықтар үлкен маңызға ие болуда.

12.2. Қарым-қатынас - басқарудың негізгі көзі. Қарым-қатынас түрлері мен құрылымы

Қандай да болмасын қызмет саласының негізгі түрі қарым-қатынас арқылы іске асырылады. Оның маңыздылығы – адамдардың бір-біріне ықпал етуі, ақпарат алмасуы. Қарым-қатынас іс-әрекеттің бір түрі іспеттес. Адамдар үшін қарым-қатынас – оның ортадағы мекені.

Қарым-қатынас белсенділігі арқылы адам жолдастарымен, адамдармен қарым-қатынас жасайды. Қарым-қатынас белсенділігінің нәтижесінде жеке адамның бойындағы адамгершілік қасиеттері (қамқорлық, қайырымдылық, ілтипаттық, жауапкершілік сезімі, т.б.) қалыптасады. Яғни қарым-қатынас барысында келесі қасиеттердің болуы шарт:

1. Адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай білу. Тұрақты жақсы көңіл күй.

2. Қоғамдық жұмыстарға белсенділік көрсете білу.

3. Басқа адамды түсіне білу.

4. Өзін басқа адамның орнына қоя білу.

5. Жеке адамдардың негізгі көзқарастарын есте сақтау.

6. Жаңа адамдармен тіл табыса білу.

7. Адамдардың жас ерекшелігін ескере отырып, қарым-қатынас жасау.

8. Кикілжіңге түспеу жолдарын қарастыру немесе дұрыс шеше білу.

9. Басқа адамдардың көзқарастарын есепке ала білу.

10. Адам құндылықтарына сипаттама беру.

Осындай қасиеттер сіздің мінезіңізге сәйкес келсе, онда қарым-қатынас жасау барысында белгілі бір нәтижені көре аласыз.

Қарым-қатынас мазмұны ақпараттық, жеке даралық байланыстар арқылы басқа субъектілермен немесе өзіндік қатынастар арқылы айқындалады. Оның қызметін төмендегі кестеден көруге болады:



Қарым-қатынас заңдылықтарын, оның терең тетігін әлеуметтік-психологиялық аспектіде түсіну педагогикалық практика үшін өте маңызды болып табылады.

А.А.Леонтьев өзінің қарым-қатынас психологиясын зерттеуге арналған еңбегінде жеке адамдар арасындағы вербалды немесе вербалды емес қарым-қатынасты оның индивидтердің когнитивтік белсенділігі негізінде қалыптасуы тұрғысынан қарастырады.

И.А.Зимняяның пікірінше, “педагогикалық қарым-қатынас – оқу әрекеттестігінің, мұғалім мен оқушының ынтымақтастығы формасы. Бұл – жеке және әлеуметтік бағытты әрекеттестік. Педагогикалық тілдесім бір мезгілде қатысымдық, перцептивтік және интерактивтік функцияларды орындайды, ол үшін вербалды, бейнелі, символикалық және кинетикалық құралдар жиынтығын ұштастырады”. Педагогикалық қарым-қатынастың негізгі функцияларын анықтау үшін жалпылай қабылданған жіктелімге сүйенгеніміз дұрыс болады (И.А.Зимняя, А.А.Леонтьев). Педагогикалық қарым-қатынас функцияларын анықтау көбінесе оқытушының өз қызметінде алға қоятын мақсатына байланысты: а) оқу-тәрбие материалдарын оқушының дара ерекшеліктеріне қарай іріктеу, кұру және оқушының жеке тұлғалық үлгісін жобалау секілді конструктивтік қабілеті; ә) оқушыны әр түрлі оқу әрекетіне қатыстырып, ұжымда әр тұлғаның белсенділігін көтеру секілді ұйымдастырушылық қабілеті; б) оқушылармен жақсы қарым-қатынаста болу, оқушылардың даму деңгейіне, талабына сай болу секілді коммуникативтік қабілеті.

Психолог Б.Ф.Ломов қарым-қатынас функцияларын анықтаудың қайнар көзі қатысымдық болатынын көрсететін жіктелімді ұсынады: ақпараттық-қатысымдық, регуляциялық-қатысымдық және аффектілік-қатысымдық. Психологтың пікірінше, бірігіп істелген әрекетте риторикалық негізге сүйену ұйымдастырушылық және конструктивтік функциялардың да қатысымдық екенін көрсетеді. Ұйымдастырушылық функция нақты тілдесім, қарым-қатынас кезінде жүзеге асады, конструктивтік функция қатысымдық кезеңге дейін көрінеді, дегенмен бұл кезеңде де материалды сұрыптау, жүйелеу, ұйымдастыру айтатын сөзіне (тақырыпқа), адресанттың (мұғалімнің) қатысымдық ниетіне және адресатқа (нақты сол сыныптың оқушыларына) арналған сөзіне қатысты болады.

З.С.Смелкова аффектілік-қатысымдық функция педагогикалық тілдесім мазмұнын бере алмайтынын, сондықтан оның дәйексіз екендігін айтады. Оның орнына оқушының жеке қасиеттерін дамытуға, оның эмоциясына, перцептивтік қабілетіне бағытталған

“тәрбиелеуші-қатысымдық” функцияны ұсынады. Педагогикалық қарым-қатынасты талдауда қарым-қатынастың педагогикалық және нақты-қатысымдық бірліктері ұғымдарының шекарасын айырып көрсетуіміз керек. Бұл екеуі бір құбылыс деп түсінеміз, алайда біріншісі екіншісі арқылы жүзеге асатыны белгілі.

Педагогикалық қарым-қатынас процесінде өте маңызды рөлге оқытушы ие болады. Мұғалімнің рөліне С.Т.Шацкий, В.А.Сухомлинский, К.Д.Ушинский және т.б. кеңес педагогикасының классиктері үлкен көңіл бөлді.

Оқытушы мамандығын әр түрлі мінезді, әр түрлі темпераментті адамдар меңгеретіндіктен, қарым-қатынас стилі де әр түрлі болып келеді. Қарым-қатынас стилі ұғымына В.А.Кан-Калик: “Қарым-қатынас стилі деп біз педагог пен оқушының әлеуметтік-психологиялық арақатынасының жеке-типологиялық ерекшеліктерін айтамыз: а) мұғалімнің қатысымдық мүмкіндіктері; ә) педагог пен оқушының өзара қарым-қатынасының қалыптасуы; б) педагогтың шығармашылық тұлғасы; в) оқушы ұжымының ерекшеліктері” деген анықтама береді. Н.Ф.Маслов, Е.М.Крутов сияқты психологтар еңбектерінде қарым-қатынастың “демократиялық” және “авторитарлық” деген екі түрлі стилі көрсетіледі. Қарым-қатынастың кәсіби түрінде стильдің үшінші – “либералдық” түрі анықталады. Оның негізін салған – А.А.Бодалев.

Адамдар арасындағы қарым-қатынасты зерттеп, эксперименттер жүргізген Дж.Л.Морено эмпатияны “бірін-бірі сезіну” деп атаған: 1) үйренушінің жетістіктеріне үлкен әріптесінің, досының тілектестігі, қамқоршылықты, ұстанымы; 2) педагог ретінде өз іс-әрекетіне үнемі қатаң көзқараспен қарап, оқу процесінде қажетіне қарай түзетулер енгізіп отыру”.

Л.В.Путляева қарым-қатынастың әр қилы стиліне байланысты оқушылардың реакциясын анықтады. Мәселен, сенім, еркіндік, топтағы өзара түсіністік, көңілді ахуал оқытушының тілдесімде дұрыс стиль таңдауын көрсетеді.

Маманның коммуникативті мәдениеті жоғары оқу орындарында қалыптастырылады. Жалпы алғанда, “Мәдениет” ұғымы, қарапайым түсінікпен қарағанда, білім мен адамның жүріс-тұрысының жиынтығы.

Сондықтан да маманның коммуникативтік мәдениетіне төмендегідей мәселелерді енгізу керек:

- Адамдармен қарым-қатынас жасаудағы қызығушылық пен алшақтық;
- Кәсіби әріптестермен қарым-қатынастағы өзіндік талпынысы;

- ұйымдастырушылығы, өзіндік кәсіби беделі, өзіндік беделін көтеруге талпыну;
- қарым-қатынас дегеніміз не, қарым-қатынас түрлері, қарым-қатынастың құрылымы мен қызметі, қарым-қатынастың қажеттілігі, қарым-қатынас стилі;
- білім және ақыл-ой;

Ал қарым-қатынаста негізгі құрал – тіл. Адамдар бір-бірімен тіл арқылы түсінісіп, тілдеседі. Олар өздерінің өмірлік серігі, бүкіл тіршілігінің құралы, рухани өмірінің айнасы – тіліне, оның тағдырына бейтарап қарамаған. Қоғамның мәдени дәрежесін көтеру бағытындағы әрбір қадам, алдымен, тіл мәдениетін, жазу, сөйлеу өнерін дұрыс жолға қою оны үздіксіз жетілдіре беру талабынан бастау алады.

Тіл – қоғам өмірінің барлық дәуіріндегі күресі мен дамуының құралы, рухани өмірі мен мәдениетінің тұтқасы, ой, сана тіл арқылы жетілдіріледі. Яғни ол – бүкіл халық немесе бір ұлт қолданатын сөйлесу, түсіну, тілдесу, қарым-қатынас, жазу құралы. Әр тіл – әр халықтың мәдениетінің бейнесі. Сондай-ақ, тілде белгілі бір ұлттың психикасы мен танымының ерекше белгісі аңғарылады. Ұрпақтар сабақтастығы жалғасып, тарих парағы аударылған сайын бұл ерекшеліктер өзгеріп, ұлттың әлеуметтік сипаты түрлене түседі. Адамзат жаралғалы бері тіл ар-ұждан, адамгершілік қасиеттің, қарым-қатынастың айнасы болып келеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Сіз қандай жаңа ұғымдармен таныстыңыз?
2. Білім беруді басқару жүйесін қалай түсінесіз?
3. Дәріс бойынша өз біліміңізге сүйеніңіз, білім беруді басқарудың иерархиялық құрылымын атаңыз.
4. Оқу және тәрбие процесін басқаруды талдаңыз.
5. Сіз қандай да басқару теорияларымен таныстыңыз ба?
6. Дәрістің жалпы жағдайын негізге ала отырып, басқарушы еңбегінің ерекшелігін анықтаңыз.

СӨЖ-дің тапсырмалары:

1. Экономикалық ұсыныстарды талқылай отырып, іскерлік қарым-қатынастың қойылымын құрастыру.
2. Дәріс негізінде экономист мамандарға сауалдар қойып, экономисттің коммуникативтік мәдениетінің үлгісінің тұжырымдамасын ұсыну.
3. "Қазақстан – 2030" стратегиясының орындалу факторларының маңыздылығын тәрбие мен білімді дамыту заңдылықтарымен камтамасыз ету.

Реферат тақырыптары:

1. Мектепті басқару жүйесі.
2. ЖОО-ны басқарудың ерекшелігі.

3. Басқарушы және оған қойылатын талаптар.
4. Басқарушының негізгі қызметі.
5. Басқарушының лидерлік қасиеті.
6. Қарым-қатынас – басқарудың бір түрі.
7. Қарым-қатынас және оның түрлері.
8. Ұжымдағы психологиялық ахуалдың басқаруға әсері.
9. Бүгінгі менеджмент ұғымының мәні.

Әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Галкина Т.П. Социология управления: от группы к команде. – Москва: Финансы и статистика, 2001.
2. Лебедева Н.А. Современный менеджмент в учреждениях образования. - А., 1995, 78с.
3. Симонов В.П. Педагогический менеджмент. – М.: Педагогическое общество России, 1999, 430с.
4. Педагогика /Под ред. В.А. Сластенина. – М.: Академия, 2002, 576с.
5. Закон РК "Об образовании" от 7 июня 1999г. № 389-І // Законодательство об образовании в Республике Казахстан. – Алматы: ЮРИСТ, 2002, 172с.
6. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. - М., 1989.
7. Кукушкин В.С. Введение в педагогическую деятельность. – Ростов-на-Д. "Март", 2002, 224 с.
8. Смирнов В.И. Общая педагогика в тезисах, дефинициях, иллюстрациях. – М.: Педагог. общество России, 2000, 416с.
9. Социологический энциклопедический словарь. – М., 1999.

Қосымша:

1. Леонов Н.И. Психология делового общения. – М. Воронеж: МОДЭК, 2002, 216с.
2. Лобанов А.А. Профессионально-педагогическое общение. – М.
3. Педагогика и психология высшей школы. - Ростов-на-Д., 2001.
4. Столяренко. Педагогика. – Ростов-на-Дону, 2000.
5. Управление развитием школы. – М.: Новая школа, 1995.
6. Пикельная В.Т. Теоретические основы управления. - М.: Высш. шк., 1990, 175 с.
7. Кунц Г., Оденелл С. Управление: системный и ситуационный анализ управленческих функций. – М.: Прогресс, 1991, 495с.

СЕМИНАР САБАҚТАРЫ

№1. Семинар сабағы. Педагогика ғылымының жалпы мәселелері. Педагогика пәні мен міндеттері. Педагогика – ғылым және өнер.

Талқылау сұрақтары:

1. Адам туралы ғылымдар жүйесіндегі педагогиканың орны мен рөлі және оның басқа ғылымдармен байланыстылығы.
2. Педагогиканың ғылым ретіндегі дамуы мен құрылымы.
3. Педагогика ғылымының пәні мен міндеттері.
4. Педагогика ғылымының негізгі категориялары – тәрбие, оқыту, қалыптастыру, білім беру, педагогикалық процесс.
5. Педагогика – өнер. Педагогикаға өнер ретіндегі бұрынғы педагогтардың қозғалыстары.
6. Педагогикалық шеберлік – педагогикалық өнердің негізі.

Семинар сабағының тапсырмасы:

Баяндама дайындау

1. Педагогика-адам, адам-педагогика.
2. Жалпы адами құндылық – адамгершілік тәрбиенің бастауы.
3. Нарық және тәрбие: арман мен шындық.
4. Педагогика ғылымының категорияларының өзара байланыстылығы.
5. Адам: өзіндік мақсат пен өзіндік құндылық.
6. Гуманизм: адамды құрметтеу, сыйлау, басқаның орнына өзін қоя білу.

№2. Семинар сабағы. Жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуы.

Талқылау сұрақтары:

1. Адам, жеке тұлға, даралық ұғымдарын түсіндіріңіз.
2. Жеке тұлға қалыптастыру туралы негізгі теориялар.
3. Жеке адамның өзіндік белсенділігін қалай түсінесіз?

Семинар сабагының тапсырмасы:

1. Өзіңіздің жеке тұлғалық бейнеңізді сипаттаңыз.
2. “Жеке тұлға қалыптастырудағы тәрбиенің рөлі” тақырыбына эссе жазыңыз.

№3. Семинар сабағы. Жеке тұлғаның құндылық дүниесі.***Талқылау сұрақтары:***

1. Құндылық дүниесі ұғымын талдау.
2. Жеке тұлға дүниетанымы.
3. Құндылықтар көрсеткішін сипаттау.

Семинар сабагының тапсырмасы:

1. Өзіңіздің жақсы, жаман, қажетті әдеттеріңізді қағазға түсіріңіз.
2. Жетістікке жету жолына жоспар құрыңыз.

№4. Семинар сабағы. Педагогикалық зерттеу әдістері.***Талқылау сұрақтары:***

1. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық қағидалары.
 - 1.1. Теориялық зерттеу әдістері.
 - 1.2. Эмпирикалық зерттеу әдістері.
 - 1.3. Педагогикалық зерттеуді ұйымдастыру әдістемесі, негізгі кезеңдері.
2. Педагогикалық үрдістің диагностикалық жағдайы.
3. Оқытушының зерттеу мәдениеті.

Семинар сабагының тапсырмасы:

1. Таңдап алған белгілі бір тақырыптың ғылыми аппаратын құрыңыз.
2. “Оқытушының зерттеу мәдениеті” тақырыбына эссе жазыңыз.

№5. Семинар сабағы. Қоғамдық өмір тарихының дамуындағы педагогикалық көзқарастар мен ой-пікірлер.***Талқылау сұрақтары:***

1. ХҮІІ-ХІХ ғасырлардағы білім және педагогикалық ойлар.
2. Я.А.Коменский, К.Д.Ушинский, Дж.Локк, Ж.Ж.Руссо, И.Г.Песталоцци және т.б. педагогтар мен белгілі ағартушылардың педагогикалық ойлары.
3. Қазақстан және әлемдегі білім беру мен педагогикалық ғылымның қазіргі даму беталысы.
4. Қазіргі жағдайдағы білім берудің рөлі.

Семинар сабагының тапсырмасы:

1. Я.А.Коменский, К.Д.Ушинский, Дж.Локк, Ж.Ж.Руссо, И.Г.Песталоцци еңбектері негізінде ғылыми жұмыс дайындаңыздар.

1.1. Өмірбаяны туралы анықтама;

1.2. Автор кезеңіне сипаттама беріңіз;

1.3. Негізгі педагогикалық ойларын сипаттаңыз.

1.4. Автордың педагогикалық ойларын анықтап, еңбектерінің тізімін құрастырыңыз.

2. Я.А.Коменский, К.Д.Ушинский, Дж.Локк, Ж.Ж.Руссо, И.Г.Песталоцци еңбектеріндегі жетекші педагогикалық ойларға салыстырмалы талдау жасаңыз.

№6. Семинар сабағы. Қазақстандағы педагогикалық ойлардың дамуы.

Талқылау сұрақтары:

1. Ежелгі уақыттан Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстандағы педагогикалық ойлардың даму тарихы (Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев және т.б.).

2. 1917-1990 жылдарда Қазақстандағы педагогикалық ғылым мен ұлттық білім берудің дамуы (Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулати, Т.Тәжібаев, Қ.Бержанов, Р.Г.Лемберг, А.Сыдықов және т.б.).

3. Ұлттық мектептердің құрылу тарихы.

Семинар сабагының тапсырмасы:

Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулати еңбектері негізінде ғылыми мақала дайындаңыздар.

1. Өмірбаяны туралы анықтама;

2. Автордың өмір сүру кезеңіне сипаттама беріңіз.

3. Негізгі педагогикалық ойларын сипаттаңыз.

4. Автордың педагогикалық ойларын анықтап, еңбектерінің тізімін құрастырыңыз.

5. ХІХ ғасырда Қазақстандағы педагогика тарихының классиктері Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Х.Дулати еңбектері негізінде сызба құрастырып, қысқаша шығарма жазыңыздар.

Автор	Философиялық нысанасы	Моделдік Тұжырымдама- лық деңгейі	Нақты мақсаттылық деңгейі	Пәндік деңгейі
Ш.Уалиханов				
Ы.Алтынсарин				
А.Құнанбаев				

№7. Семинар сабағы. Жоғары оқу орындарында болашақ маман тұлғасын қалыптастырудың ерекшеліктері.

Талқылау сұрақтары:

1. Қазіргі қоғамдағы маман және оның рөлі.
2. Маман тұлғасын қалыптастырудағы әлеуметтік орта, ұжым және оның рөлі. Кәсіби еңбектің маңыздылығы.
3. Болашақ маманды тәрбиелеу мазмұны, мақсаты мен міндеттерінің өзара байланыстылығы.
4. Өзін-өзі білімдендіру мен өзін-өзі тәрбиелеудің рөлі.

Семинар сабағының тапсырмасы:

1. «Менің кәсіби іс-әрекетім» тақырыбына эссе жазыңыз.
2. Педагогикалық бейнені дамытуға жаттығу таңдаңыз.
3. Психологиялық өзін-өзі реттеу жұмысына жаттығу дайындаңыз.
4. Педагогикалық шеберлік деңгейін анықтауда тест тапсырмасын дайындаңыз.
5. «Қазіргі таңдағы маман дайындау моделі» тақырыбына дөңгелек үстел жобасын дайындаңыз.

№ 8. Семинар сабағы. Педагогикалық үрдісте тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру.

Талқылау сұрақтары:

1. Тәрбие процесінің мәні, қозғаушы күші, негізгі заңдылықтары.
2. Тәрбиенің негізгі принциптері.
3. Тәрбие жұмысын ұйымдастырушылар.
4. Тәрбие жұмыстарының негізгі бағыттары.

Семинар сабағының тапсырмасы:

1. Сабақтан тыс тәрбие түрлерінің мазмұнын құрастырыңыз.
2. Сабақтан тыс тәрбие іс-шараларының біріне жоспар құрыңыз.

№9. Семинар сабағы. Жоғары мектептегі тәрбие бағыттары.

Талқылау сұрақтары:

1. Еңбек тәрбиесі және оның мазмұны.
2. Дене тәрбиесі, атқаратын қызметі.
3. Эстетикалық тәрбие.
4. Экологиялық тәрбие.

Семинар сабағының тапсырмасы:

1. Тәрбие бағыттарына арналған 2-3 авторефераттарды талдаңыз.
2. Патриоттық тәрбиені өз тәжірибеңізге байланыстыра отырып, сипаттаңыз.

№10. Семинар сабағы. Адамгершілік тәрбиесінің тарихи генезисі.

Талқылау сұрақтары:

1. Адамгершілік ұғымының мәні.
2. Адамгершілік тәрбиесінің бүгінгі таңда зерттелу деңгейі.
3. Жастарды адамгершілікке тәрбиелеу жолдары (тәрбие құралы, мазмұны, түрі).

Семинар сабағының тапсырмасы:

1. Адамгершілік тәрбиесі туралы білімді тексеруге байланысты тест тапсырмаларын құрастырыңыз.
2. Мәселеге байланысты мақала жазыңыз.
3. Отандық ғалымдардың еңбектеріндегі анықтамаларды салыстырыңыз.
4. Адамгершілік ұғымына өзіндік тұрғыдан анықтама беріңіз.

№ 11. Семинар сабағы. Имандылық тәрбиесінің мазмұны.

Талқылау сұрақтары:

1. Имандылық ұғымының қалыптасуы.
2. Орта ғасырлық ғұламалардың имандылық туралы ой пікірлері.
3. Абай, Ыбырай, Шәкәрім мұраларындағы имандылық туралы идеялар.

Семинар сабағының тапсырмасы:

1. Имандылық ұғымының генезисін айқындаңыз.
2. Имандылық тәрбиесінің негізін құрайтын тарихи дерек көздерін анықтаңыз.
3. Дәріс бойынша берілген әдебиеттерді талдаңыз.

№ 12. Семинар сабағы. Отбасы тәрбиесінің бала тәрбиесіндегі маңызы.

Талқылау сұрақтары:

1. Отбасы ұғымының мәні және теориялық негізі.
2. Отбасы мүшелерінің бала тәрбиесіндегі алатын орны.
3. Отбасы тәрбиесінің бүгінгі күнде зерттелу деңгейі.

Семинар сабағының тапсырмасы:

1. А.С.Макаренконың “Ата-аналарға арналған кітабын” оқып шығыңыз, ондағы педагогикалық ойлардың өзектілігін дәлелдеңіз.
2. В.А.Сухомлинскийдің “Ата-ана педагогикасы” кітабы бойынша реферат жасаңыз.
3. Өзіңіздің балалық шағыңызға талдау жасай отырып, «отбасы – адам дамуының ерекше факторы» деген шағын шығарма жазыңыз.
4. Отбасының дәстүрлерін бейнелейтін мақал-мәтелдерді тауып, жазыңыз; олардың қайсысын қазіргі жағдайларда қолдануға болады, ал қайсысын ескірген деп айтуға болады?
5. Отбасы тәрбиесінің мәселелері бойынша жаңа педагогикалық басылымдар (кітаптар, мақалалар) туралы ақпарат дайындаңыз.
6. Отбасы тәрбиесінің белгілі бір мәселелері бойынша әдебиеттер тізімін жасаңыз.
7. Әдебиет көздерінен оқытушы мен оқушы арақатынасы мәселелері бойынша педагогикалық ситуацияларды табыңыз (немесе өзіңіз құрастырыңыз).

№13. Семинар сабағы. Педагогикалық үрдісте оқытуды ұйымдастыру.

Талқылау сұрақтары:

1. Оқыту түрлері және оны білім мазмұнына сай таңдау.
2. Оқыту әдістері мен құралдары.
3. Оқытуды ұйымдастыру формалары.

Семинар сабағының тапсырмасы:

1. Оқыту функциясына кесте құрыңыз.
2. Белсенді оқыту әдістерінің біріне жоспар жасаңыз.

№14. Семинар сабағы. Білім беру жүйесін талдау.

Талқылау сұрақтары:

1. Білім берудің құрылымы.
2. Білім беру жүйесінің реформалануы.
3. Білім мазмұнына қойылатын талаптар.
4. Білім мазмұнын анықтайтын құжаттар.

Семинар сабағының тапсырмасы:

1. Білім беру саясатының қағидалары.
2. Білім беруді жоспарлау.
3. Пән мазмұны оның құрылымы.

№15. Семинар сабағы. Кәсіби қарым-қатынастағы мәдениет пен этика.

Талқылау сұрақтары:

1. Маманның коммуникативтік мәдениеті.
2. Қарым-қатынас іс-әрекет түрі ретінде. Қарым-қатынас және оның типологиясы.
3. Іскерлік қарым-қатынас және оның түрлері мен формасы.
4. Кәсіби қарым-қатынас мәдениеті.
5. Іскерлік этикасы және оның ерекшеліктері.

Семинар сабағының тапсырмасы:

1. "Қарым-қатынас" тақырыбына сөзжұмбақ құрастырыңыз.
2. Жоғары мектепті басқару үлгісін жасаңыз.
3. Басқарушыға қойылатын талаптарды көрсетіңіз.

Тест тапсырмалары:

1. Білім берудің негізгі компоненттері:

- А. Білім , іскерлік, дағды
- Ә. Оқыту, ұйымдастыру, талқылау
- Б. Білім, білік, жаттықтыру
- В. Тәрбие, оқыту, жалпылау

2. Оқытудың тиімді жүйесін құрастырумен айналысатын, оқу процесінің жобасын жасайтын педагогика ғылымының бағыты:

- А. Тәрбие теориясы
- Ә. Дидактика
- Б. Басқару теориясы
- В. Әдістеме

3. Оқу пәндерінің тізімін, олардың оқу жылында аптаға бөлінетін жылдық сағат санын анықтайтын құжат:

- А. Оқу жоспары
- Ә. Тәрбие жоспары
- Б. Сынып журналы
- В. Жұмыс бағдарламасы

4. Белгілі бір оқу пәнін сипаттайтын құжат:

- А. Оқу жоспары
- Ә. Оқулық
- Б. Оқу бағдарламасы
- В. Күнтізбелік жоспар

5. Жоғары мектептегі оқытуды ұйымдастырудың жетекші формасы:

- А. Жиналыс
- Ә. Конференция
- Б. Пікір сайыс
- В. Дәріс

6. Дидактикалық тапсырмаларды шешуді ұйымдастыруға байланысты оқушы мен оқытушының қарым-қатынасы:

- А. Оқыту әдістері
- Ә. Оқыту түрі
- Б. Сабақ
- В. Жиналыс

7. Класс-сабақ жүйесін жасаған педагог:
А. А.С.Макаренко
Ә. В.А.Сухомлинский
Б. Я.А. Коменский
В. Ы. Алтынсарин
8. Мұғалімнің сұрақ қоюы арқылы жаңа білімді меңгеруге көмектесетін оқыту әдісі:
А. Әңгімелесу
Ә. Дәріс
Б. Дебат
В. Бақылау
9. Сызба, кестелер оқытудың мынадай принципіне жатады:
А. Ғылыми
Ә. Көрнекілік
Б. Жүйелілік
В. Тарихи
10. Үжымда жеке адамды тәрбиелеудің бірізді педагогикалық теориясын жасаған:
А. А.С.Макаренко
Ә. В.А.Сухомлинский
Б. Я.А.Коменский
В. К.Д.Ушинский
11. Ата-аналар, сіздер үшін кітабының авторы:
А. В.А.Сухомлинский
Ә. Я.А.Коменский
Б. К.Д.Ушинский
В. С.Макаренко
12. Білім беру жүйесін басқарудың құрылымы:
А. Аудандық, облыстық департамент
Ә. Мектеп, ЖОО, министрлік
Б. Мектеп, қалалық, облыстық департамент, министрлік
В. Мектеп, колледж, ЖОО
13. Балаларды қорғаудағы халықаралық құжат:
А. БҰҰ-ның балалар құқығы жайлы конвенциясы

- Ә. «Білім туралы заң»
- Б. «Конституция»
- В. Білім беру тұжырымдамалары

14. Педагогика алғашқыда мына ғылым саласынан дамыды:

- А. Тарих
- Ә. Психология
- Б. Әлеуметтану
- В. Философия

15. Педагогика - ...

- А. Оқыту туралы ғылым
- Ә. Баланың психологиялық ерекшелігін зерттейтін ғылым
- Б. Адам тәрбиесі туралы ғылым
- В. Табиғи құбылыстарды зерттейтін ғылым

16. Қазіргі оқыту теориясының әдіснамалық негізі:

- А. Таным теориясы
- Ә. Іс-әрекет теориясы
- Б. Басқару теориясы
- В. Тәрбие теориясы

17. Процеске мына жүйе жатады:

- А. Адам-қоғам
- Ә. Адам-адам
- Б. Қоғамдық ортаның дамуы
- В. Отбасы және қоғам

18. Тұлға - ...

- А. Индивид
- Ә. Адамның өзіндік бейнесі
- Б. Мінез-құлықтық сипаты
- В. Адамның қоғамдағы мәні

19. Жеке тұлғаны қоғамдық ортаға бейімдеу:

- А. Бейімделу
- Ә. Тәрбиелеу
- Б. Әлеуметтендіру
- В. Қалыптасу

20. Педагогикалық қызметтің міндеттері:

- А. Жан-жақты үйлесімді дамуға жағдай жасау
- Ә. Экономикалық білімін жетілдіру
- Б. Бала психологиясына түзету енгізу
- В. Әлеуметтік жағдайын жақсарту

21. Педагог әрекетінің объектісі:

- А. Білім беру жүйесі
- Ә. Басқару процесі
- Б. Әлеуметтік институттар
- В. Педагогикалық процесс.

22. «Жеңілден – қиынға, белгіліден – белгісізге, қарапайымнан – күрделіге» деген оқыту принципі:

- А. Тарихилық
- Ә. Жүйелілік және бірізділік
- Б. Ғылымилық
- В. Көрнекілік

23. Я.А.Коменский пікірінше, «Дидактиканың алтын ережесі»:

- А. Көрнекілік
- Ә. Тарихилық
- Б. Жүйелілік және бірізділік
- В. Ғылымилық

24. Тұтас педагогикалық процестің құрамына кіретіндер:

- А. Әдіс-тәсілдер, мазмұн, құрал, оқытушы, оқушы, ата-ана, әкімшілік
- Ә. Директор, мұғалім, оқушы, ата-ана
- Б. Мұғалім, оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары, оқушы, мақсат, мазмұн, оқу түрлері
- В. Мұғалім, оқушы, мақсат, мазмұн, оқу түрлері, құралдары, әдістері, тәсілдері

25. Тұтас педагогикалық процестің қалыптасуына әсер етуші қозғаушы күш:

- А. Қарама-қайшылық
- Ә. Оқушылар
- Б. Оқытушылар
- В. Тарихи құбылыс

26. Педагогикалық процестің негізгі компоненттеріне жатпайды:

- А. Сабақ жүргізу
- Ә. Оқытушы-оқушы іс-әрекеті
- Б. Оқытушыларды даярлау
- В. Оқыту мазмұны

27. Тұтас педагогикалық процестің теориясын Қазақстанда қалыптастырушы:

- А. Ы. Алтынсарин
- Ә. Т. Тәжібаев
- Б. М. Жұмабаев
- В. Н. Д. Хмель

28. Дидактика - ...

А. Оқыту мен білім берудің теориясын қарастыратын педагогиканың бөлімі

- Ә. Тәрбие теориясын қарастыратын бөлім
- Б. Басқару теориясын қарастыратын бөлім
- В. Әдіснамалық негізін қарастыратын бөлім

29. Ы. Алтынсарин қай жерде, қай жылы мектеп ашқан?

- А. 1864ж. Торғайда
- Ә. 1847ж. Орынборда
- Б. 1841ж. Омбыда
- В. 1860 ж. Ақмолада

30. Қазақ тіліндегі алғашқы «Педагогика» оқулығының авторы:

- А. М. Жұмабаев
- Ә. Ы. Алтынсарин
- Б. А. Байтұрсынов
- В. М. Дулатов

31. «Коллективтің күдіретті күші» кітабының авторы:

- А. К. Д. Ушинский
- Ә. М. Жұмабаев
- Б. В. А. Сухомлинский
- В. А. С. Макаренко

32. Педагогиканың негізгі бөлімдерін айтыңыз:

А. Педагогиканың жалпы мәселелері, дидактика, тәрбие теориясы, білім беру жүйесін басқару

Ә. Мектеп педагогикасы, жоғары мектеп педагогикасы

Б. Оқыту теориясы, басқару теориясы, дефектология

В. Тәрбие теориясы, отбасы тәрбиесі, мектеп педагогикасы

33. «Ұлы дидактиканы» жазған:

А. Р.Г.Лемберг

Ә. Н.Д.Хмель

Б. К.Д.Ушинский

В. Я.А.Коменский

34. Дидактиканың категориясы емес:

А. Әлеуметтендіру

Ә. Оқыту

Б. Оқыту технологиясы

В. Оқыту түрі

35. Педагогика ғылымының салалары:

А. Педагогика тарихы, сурдопедагогика, тифлопедагогика

Ә. Жалпы педагогика, салыстырмалы педагогика, жас ерекшелік психологиясы

Б. Жалпы педагогика, жас ерекшелік педагогикасы, әлеуметтік педагогика, педагогика тарихы

В. Жеке пәндерді оқыту әдістемесі, әлеуметтік педагогика, логопедия

36. Адамгершілік тәрбиесі:

А. Жалпы адам құндылықтарын игеру

Ә. Отбасын құруға даярлау

Б. Қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу

В. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру

37. Тәрбие – ...

А. Білім, білік, дағдыны сіңіру

Ә. Оқу дағдыларын қалыптастыру

Б. Ата-анаға мақсатты әсер ету

В. Тұлғаның дамуына мақсатты түрде әсер ету процесі мен оның нәтижесі

38. Дефектологияның салалары:

- А. Логопедия, психология, физиология
- Ә. Тифло, сурдо, олигофренопедагогика, логопедия
- Б. Олигофренопедагогика, сурдопедагогика, физиология
- В. Тифло, сурдо, олигофренопедагогика, психология

39. Білім беру жүйесін қамсыздандыруға қатысатындар:

- А. Тек қана психологтар
- Ә. Білім беру жүйесін басқарушылар
- Б. Психологтар мен әлеуметтік педагогтар
- В. Психологтар, педагогтар, арнайы педагогтар, дефектологтар және т.б.

40. Педагогтардың негізгі әлеуметтік қызметі:

- А. Аға ұрпақтың тәжірибесін беру
- Ә. Әлеуметтендіру
- Б. Балаларды оқыту
- В. Балаларды тәрбиелеу

41. Кәсіби педагогикалық бағыт:

- А. Тұлғаны педагогикалық процеске бағыттауға байланысты нақты мотивтер бірлігі
- Ә. Педагогикалық технологияны іске асыру
- Б. Педагогикалық процесте жетістікке жетуді қамтамасыз ететін қасиеттер жиынтығы
- В. Педагогикалық процеске қызығушылықтың басымдығы

42. Педагогикалық шеберлік – бұл:

- А. Педагогикалық қабілеттіліктің даму деңгейінің жоғарылығы
- Ә. Дәріс оқу әдісі
- Б. Кәсіби педагогикалық техниканы меңгерудің жоғарғы дәрежесі
- В. Кәсіби педагогикалық іс-әрекетті жоғары деңгейде қамтамасыз ететін қасиеттер жиынтығы

43. Жабық анкета - ...

- А. Аты-жөні жазылмайтын құжат
- Ә. Жауап берушінің алдын ала дайындалған жауаптарды таңдауы
- Б. Жауаптың еркіндігі
- В. Жауап беру қажет емес деп танылу

44. Болашақ мұғалімді даярлауда қай оқу блогына көп көңіл бөлінеді?

- А. Жалпы мәдени
- Ә. Әлеуметтік-гуманитарлық
- Б. Педагогикалық-психологиялық
- В. Пәндік

45. Студенттердің ЖОО-да оқуының негізі

- А. Дәріс тыңдау
- Ә. Оқытушымен бірге жасаған жұмысы
- Б. Семинар сабағындағы жұмысы
- В. Өзіндік жұмысы

ҰҒЫМДЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕ СӨЗДІК

Андрогогика – ересек адамдармен жұмыс істеу жолдары, мазмұны.

Акселерация (латын тілінде "акселерацио" – ускорение деген мағынаны білдіреді) – бұл балалық шақ пен жеткіншек жасындағы физикалық пен психикалық дамудың жылдамдауы.

Басқару-шешім қабылдауға бағытталған, белгіленген мақсатқа сәйкес ұйымдастыру, қадағалау, реттеу, алынған ақпарат негізінде талдау жасап, нәтижесінің қорытындысын шығару әрекеті.

Апперцепция (лат.*perceptio* – қабылдау) – адам психикасының дүниені қабылдау процесі, сыртқы дүниенің әсер етуіне, басынан кешкен тәжірибесіне, біліміне, мақсат-мүддесіне, әдет-ғұрпына байланысты болатын адам психикасындағы маңызды қасиеттердің бірі. Бұл адамның сыртқы әсерді қабылдау кезіндегі психикалық күйіне де байланысты.

Әдіс (метод – грек сөзі *methodos* – теория, ілім, зерттеу жолы) – көздеген мақсатқа жетудің ыңғайланған тәсілдері, тәртіпке келтірілген қызмет жүйесі. Ғылыми негізделген әдістерді саналы түрде қолдану – жаңа мағлұматтар алудың аса маңызды шарты. Тәрбие және оқыту әдістерін жасап, топтастыру – тәлім-тәрбиедегі негізгі міндеттердің бірі. Тәлімдік әдістерге байқау және қателік, жобалау әдісі, рейтинг әдісі, басқару әдісі және басқалар жатады.

Әдіснама (методология – грек сөзі *methodos* – зерттеу жолы, теория, ілім және ... *логия*) – 1) ғылыми таным әдісі; 2) ғылымда қолданылатын негізгі принциптер. Педагогика теориясына лайықты танымның ұстанымы, әдісі, нысаны мен таным амалдары арқылы педагогикалық болмысты өзгеріске түсіру. Мұндай анықтамадан екі ғылыми мәселенің бірігуін байқауға болады. Бірінші, зерттеу жұмысының бағытына лайықты жағдай жасап, педагогикалық болмысты танудың кешенді құралдарын айқындау. Екінші, ұстаным, әдіс, құрал, жүргізу амалдары арқылы педагогикалық шындыққа жету тәсілдерін қолдану. Зерттеуші педагогтың нәтижеге жетуі

оның ғылыми құрал-жабдықтармен қарулануымен қатар, түрлі тәсілдерді әдіснама қорынан таңдап алуына байланысты; 3) дүниенің, қоғамның объективтік заңдылықтары мен құбылыстарын практика және теория жүзінде игеруге және өзгертуге бағытталған таным принциптерінің жиынтығы. Әдіснама – әдістер туралы ілім, әдістер теориясы. Зерттеліп отырған объекті жөніндегі мәліметтерді және ғылыми жаңалықтарды бір ізге келтіру тәсілдерінің жүйесі, ғылыми әдістің негізгі мақсаты – объективтік ақиқатты ашу. Зерттеудің нәтижесі де, оған апаратын жол да, әдіс те ақиқат болуы қажет. Әдіснаманың негізіне белгілі бір білімдер (ұғымдар мен заңдар) жүйесі жатады.

Білім мазмұны – жас ұрпақтың өркениетті, демократиялық қоғамда өмір сүруі үшін оған қазіргі кезеңдегі білім жүйесі мен дүниетанымды игерту. Білім мазмұны жаңа ақпарат ағымын саналы түсіну, оны бағалай білу, кез келген жағдайда шығармашылық шешім қабылдау, рухани адамгершілік қағидаларын игерту бағыттарын белгілейді.

Білім беру технологиясы – оқу процесін жоспарлау, оқушылардан тест алу және білім беру жүйесі ретінде мектеп іс-әрекетін басқару үшін жүйелі тәсіл мен ілеспелі тәжірибелік білім жиынтығын құру.

Білім беру тұжырымдамалары – әр түрлі оқу орындарындағы базалық оқу пәндерінің мазмұны мен оқылу ұзақтығы туралы көзқарастар жүйесі, білім беру бағдарламаларының мақсаттарын, міндеттерін, ұйымдастырылуын түсінудің белгілі бір әдісі.

Дефектологиялық педагогика зағиптардың (тифлопедагогика), ауыр еститіндердің (сурдопедагогика), ойлауы төмендердің (олигофренопедагогика) тәрбиелерімен айналысады.

Дидактика - педагогиканың маңызды саласы. Дидактика (*didaktikos*-оқытушы, *didasko*-оқушы) ұғымы, грек тілінен аударғанда оқыту немесе үйрету дегенді білдіреді. Дидактика – білім беру мен оқыту мәселелерін зерттейтін ғылым саласы.

Дүниетаным - адамның табиғат, қоғамдық өмір туралы білімдерінің жүйесі.

Жеке тұлға - қоғам мүшесі ретінде, өзіндік өмір сүру бейнесіне сай жеке құқыққа, танымдық қасиетке ие, өздігінен іздену арқылы білім мен іскерлігін жетілдіріп, ұдайы даму үстінде болатын жан.

Кәсіп (профессия) – лат. *professio, profiteor*) – адамның білімі туралы тиісті құжаттармен расталған кәсібінің, еңбек қызметінің негізгі түрі.

Кәсіптік білім – бұл кәсіптік өз тағдырын өзі шешуде студенттердің бойындағы жеке қасиеттерін, қабілетін, мүмкіншілігін дамыту.

Кәсіптік білім беру – бұл әр түрлі мамандықтар және сол мамандықтардың адамға қоятын талаптары жөнінде оқушыларды біліммен қаруландыру. Кәсіптік білім берудің негізгі принципі – оны өмірмен байланыстыру негізінде қалыптастыру.

Кәсіби дайындық – белгілі кәсіп бойынша арнаулы білім, дағды, шеберлік, еңбек тәжірибесін қалыптастыру. Кәсіби дайындық адамның кәсіби біліктілігінің күрделілігі мен әзірлік деңгейіне қарай жоғары, арнайы, орта немесе төмен (кәсіптік-техникалық) түрлерге бөлінеді.

Кәсіптік білік – алынған білім негізінде атқарылуға тиіс әрекеттің ерекшеліктерін меңгере отырып, оны пайдалана білу әрекеттерінің жиынтығы. Кәсіптік мәні бар әрекеттер мен білімдер үнемі жаттығу нәтижесінде дағдыға айналады.

Кәсіптік тәрбие – кәсіптік әрекетті жүзеге асыру тәжірибесін беру.

Конвенция – арнаулы мәселе жөніндегі халықаралық шарт.

Креативтілік (лат. *creatio* – жасау) – адамның шығармашылық дарын деңгейі, шығармашылық қабілеті.

Кісілік – жеке тұлғаның кемеліне келіп, адами құлқы қалыптасып, адамгершілікпен атқарған іс-әрекетінің көрінісі.

Көзқарас дүниетанымның құрамдас бөлігі болып табылады. Дүниеге көзқарастың өзі – адамның дүниедегі орны жайындағы түсініктердің жиынтығы.

Қарым-қатынас белсенділігі арқылы адам жолдастарымен, адамдармен қарым-қатынас жасайды.

Қарым-қатынас белсенділігінің нәтижесінде жеке адамның бойындағы адамгершілік қасиеттері (қамқорлық, қайырымдылық, ілтипаттылық, жауапкершілік сезімі, т.б.) қалыптасады.

Қарама-қайшылық (противоречие) – 1) логикада – екі пікірдің біреуін шын, екіншісінің міндетті түрде жалған болуы, яғни екеуі де бір уақытта ақиқат немесе жалған бола алмайды; 2) қайшылығы бар өзара әрекетті суреттеу.

Құзыр, білік (компетенция) – 1) жалпы алғанда – қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау; 2) тіл мен психолінгвистикада – тілдің базалық, абстрактілі ережелерін меңгеру.

Салыстырмалы педагогика әр түрлі елдердегі білім беруді талдаумен айналысады.

Субъект-субъектілі қатынас – оқытушы мен оқушының сабақ барысындағы белсенді іс-әрекеті. Мысалы, оқушы берілген тапсырманы шығармашылықпен орындап, өз әрекетін дәлелдей алады.

Таным белсенділігі барысында адамның ақыл-ой қабілеті, білімді өз бетімен меңгеру белсенділігі дамиды, заттың мәнін, ғылыми ұғымдарды терең түсінуге, іздену нәтижесінде пайда болған сұрақтарға жауаптарын табады.

Тәрбие – жеке тұлғаны қалыптастыру жолында мақсатты және ұйымдасқан түрде жүзеге асырылатын процесс.

Технология сөзі, грек тілінен аударғанда, "техне" – өнер, іскерлік, шеберлік және "логос" – ұғым, білім, ғылым, заң деген мағынаны білдіреді, яғни технологияны шеберлік, маманның іскерлігі туралы ілім деп анықтауға болады.

Идеал – 1) бір нәрсенің негізгі сипатын абстрактілі елестету; 2) аңсаған, армандаған мақсатқа жақындау. Көбінесе бұл мақсатқа жету мүмкін емес деп түсіндіріледі. Идеал тұлға теориясында жиі кездеседі (мыс., идеалды "Мен").

Иерархия (грек. *hierarchia*; *hieros* – қадірлі, *arhe* – билік) – маңызына қарай белгілі бір ретпен жасалған кез келген заттар, оқиғалар, адамдар, тұжырымдамалар және т.б. жүйелері.

Педагогика – қоғам мен табиғаттың теңдесуін, өмірге қанағаттандыруда толық белсенді шығармашылық танытуына, рухани байлығына көмек беруді, адамды тәрбиелеуді зерттейтін ғылым.

Пенитенциарлық педагогика бас бостандықтары шектеулі адамдардың тәрбиесі мәселелерін оқытады.

Педагогикалық технология – оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру тәсілдерінің жиынтығы немесе мұғалімнің нақты іс-әрекетіне байланысты және алдына қойған мақсаттарына жетуге бағытталған белгілі ретпен орындалатын іс-шаралар. Педагогикалық технология – оқытудың арнайы формаларын, әдістері мен тәсілдерін айқындайтын педагогикалық нұсқаулардың жиынтығы. Педагогикалық технология – бұл педагогикалық процесті ұйымдастырудың әдістемелік аспабы (Б.Т.Лихачев), оқу процесін іске асырудың мазмұндық техникасы, практика жүзінде іске асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы (В.П.Беспалько).

Педагогикалық шеберлік – ол мұғалімнің шығармашылығында, адамды оқытып, тәрбиелеп, дамыту өнерін үнемі жетілдіруінде

көрініс табатын педагогикалық іс-әрекеттің ең жоғарғы деңгейі. Педагогикалық шеберлік – педагогикалық қызметтің жоғары деңгейде меңгерілуі; педагогтың оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін пәрменді басқарып, мақсаткерлік педагогикалық әсер мен өзара әрекеттестікті жүзеге асыруына мүмкіндік беретін арнаулы білімдерінің, біліктері мен машықтарының, тұлғалық кәсіптік маңызды қасиеттерінің кешені.

Педагогикалық процесс – оқушылардың мәдени байлықтарды меңгеруге және оларды еңбекке және қоғамдық өмірге дайындаудағы бірлескен іс-әрекеттері, бұл ұстаздардың белсенді араласуымен және басшылығымен жүзеге асады.

Педагогикалық жүйе – дара тұлғаны қалыптастыруға бағытталған, белгілі бір мақсатқа жету жолындағы арнайы педагогикалық ықпалды ұйымдастыруға қажетті өзара байланысқан әдістердің, құралдардың жиынтығы.

Педагогикалық шығармашылық – оқу-тәрбие процесінің үнемі өзгеріп тұратын жағдайында балалармен қарым-қатынаста оқытушының оңтайлы және ұтымды педагогикалық шешімдер тауып, жүзеге асыруы. Педагогикалық шығармашылық педагогтың терең әрі жан-жақты білімділігін, теориялық және әдістемелік қағидаларды педагогикалық іс-әрекетке ұштастыру шеберлігін, мол тәжірибесін жаңа жағдайда қолдана білетіндігін және педагогикалық кемел шеберлігін көрсетеді.

Оқыту – оқушыны білімдендіру, тәрбиелеу, дамыту мақсатына бағытталған алдын ала жоспарланған іс-әрекет.


Оқу бағдарламасы – әрбір оқу пәні бойынша меңгерілуге тиісті білімнің, шеберлік пен дағдылардың мазмұны мен көлемін айқындайтын құжат.

Өзін-өзі тәрбиелеу – адамның белгілі мақсатқа бағытталған, өз сапасын жетілдіру арқылы кемшіліктерінен арылу әрекеті.

Этнопедагогика – әр ұлттық мәдениеттің бет-бейнесін көрсететін және сол ұлттық мәдениеттің мәнін түсіндіріп, іс-әрекеттегі қолданыстарын үйрететін пән.

Тест тапсырмаларының жауаптары

Рет саны	Дұрыс жауап	Рет саны	Дұрыс жауап
1	А	24	В
2	Ә	25	А
3	А	26	Б
4	Б	27	В
5	В	28	А
6	А	29	А
7	Б	30	А
8	А	31	Б
9	Ә	32	А
10	А	33	В
11	В	34	А
12	Б	35	Б
13	А	36	А
14	В	37	В
15	Б	38	Ә
16	А	39	В
17	Ә	40	А
18	В	41	А
19	Б	42	В
20	А	43	Ә
21	В	44	В
22	Ә	45	В
23	А		

Педагогика пәні

Педагогика


Сызба 2

Педагогиканың құрылымы



Өзін-өзі білімдендіру әдістері

Өзін-өзі тәрбиелеу үрдісі





Білім беру жүйесінің мәні



Біз оқулықта оқытудың белсенді әдістерінің бар екендігін атап қана өткенбіз, қосымшада соның бір түрінің теориясы мен практикасын ұсынамыз.

Белсенді оқыту әдісі ретіндегі іскерлік-рөлдік ойындар

Ойын - оқытушылық іс-әрекетті ұйымдастыру барысында оған қатысушылардың өз тәжірибесі арқылы білім, дағды қалыптастыру мүмкіндіктерінің жүйелі түрі, яғни ережелермен анықталған жарысушылардың жеңіске жетуін немесе жеңілуін айқындайтын оқытушылық іс-әрекет.

Ойынның негізгі элементтері:

- Оқытудың мақсаты;
- Ереже (нақты анықталған);
- Жарысушылық;
- Ойынға қатысушылардың қарым-қатынасы;
- Аяқталу кезі (уақыт көлемі, ұпай, жинақтаған балл көлемі, т.б.);
- Нәтиже (жеңілгендер мен жеңгендер).

Ойынды не үшін пайдаланады?

- Тәжірибе арқылы оқыту;
- Мәтінді нақты үлгілендіру;
- Түрткінің жоғарғы деңгейі (қатысушыларды белсендендіру, ойыннан қуаныш табу, жарысушылық);
- Әркімнің қатысуына мүмкіндіктің болуы;
- Қатысушылардың рөліне мән беру;
- Олар бір-бірінен үйренеді;
- Оқыту жеделдетіледі;
- Ойын нәтижесінде оқытушылық тұрғыдан бәрі жеңіске жетеді;
- Өздеріне қауіпсіз жағдайда ойынға қатысушылар еркіндікті сезінеді;
- Ойын әркімнің ішкі жан дүниесіне үңілуге мүмкіндік туғызады және іс-әрекетін талдайды, басқалардың көзқарасын байқайды;
- Дағдының дамуына көмектеседі;
- Сабақ мазмұнын жақсы түсінуге, есте сақтауға көмектеседі;
- Ұсынылған тұжырымдар, қағидалар, құралдар күшейтіледі;

- Қатысушылардың тез, кенеттен, шығармашылық түрғыдан, сезімдер арқылы шешімге келулерін, іс-әрекет етулерін қамтамасыз етеді;

- Шынайы өмірдегі қымбат заттарды (ақша, зат, адам ресурсы, құралдар) қолданбастан, өзіндік нәтиже мен шешімге келудің құны мен беделін терең түсінуге итермелейді.

Егер:

- ойын оқытудың мақсатына сай болмаса;
- қатысушылардың қызығушылығы болмаса;
- тренер ойынмен дұрыс таныс және ойнатуға даяр болмаса;
- ойынды талдауға уақыт жетпесе, онда ойын дұрыс ойнамайды, күтілген нәтиже алынбайды.

Мұндағы оқытушының интерактивтік оқытудағы функциясы төмендегідей:

- өзінің терең сезімі мен маңызды іс-әрекетіне қарай тек нағыз достыққа тең келетін сенімділік, жақындық ахуалын тудыру;
- студенттердің интеллектуалдық, танымдық белсенділігін жетілдіретін амалдарды қолдану;
- студенттердің қатысымдық қажетін ескеру және оны қанағаттандыратын сабақтарды ұйымдастыру;
- түсіністікке негізделген сөйлесім нобайын ұсыну.

Р.С.Немов, И.Е.Нелисованың жүргізген әлеуметтік-психологиялық зерттеулеріне қарағанда, жоғарыдағы заңдылықтарды сақтаған жағдайда оқу топтарының ұжым ретінде, студенттердің тұлға ретінде даму процесі жүреді. Бұл өз кезегінде кейбір студенттердің жағымсыз жақтарын бейтараптандырады, жалпы тонусты көтереді, студенттерді өз бетінше еңбектенуге ынталандырады және оқу процесін жандандырады. Алғашқы кезеңде әркім өзінің жеке жетістіктеріне мүдделі. Келесі кезеңде үйренуші топты өзінің мақсатына жетудің құралы ретінде пайдаланады. Үшінші кезеңде әр студент өзара әрекеттестік арқылы ортақ мақсатқа жетуге болатынын түсінеді. Сонымен қатар жеке студенттің ішкі әлемін байытуға, оның өзімшілдік, менмендіктен құтылуына мүмкіндік береді.

Ойын түріндегі сабақтар достық көңіл жағдайында өтеді, студенттер өздерін еркін ұстайды, бірін-бірі сынамайды, яғни басымдық, үстемдік, біреуден біреудің артықшылық белгілері мойындалмайды. Оқытуда рецептивті әрекеттен гөрі перцептивті әрекет, дедукциядан гөрі индукция басым болады, танымдық процестер эвристикалық тетіктер арқылы, интуиция мен логиканың байланысы арқылы жүреді. Сондай-ақ, интерактивті тілдесім

ықпалдастық, диалогтық тілдесімге, кооперациялық прагматика, сыпайылық, эмпатия қағидаларына сүйенеді.

Іскерлік ойын ежелгі адамдардың магиялық түсінігі негізінде, аңшылардың салт жораларына байланысты би билеу өнерлеріне қатысты, сонымен қатар оқыту қызметін атқару мақсатында дамыды. Іскерлік ойын түрлеріне XVII ғ. әскери ойындарды, I Петр әскери амал-әрекеттерін жатқызуға болады. Ең алғашқы ұйымдас-тырылған өндірістік ойын 1932 ж. Ленинградта тәжірибеден өтті, бірақ қоғамдық-тарихи себептерге байланысты КСРО-да ұмыт болып, 1957 ж. АҚШ-та ЭЕМ-ді (ЭВМ) қолдануға байланысты қайта жаңғырды. Бүгінде іскерлік ойын шетелдерде оқу процесінде көп қолданылады. Кеңестік педагогика ғылымында іскерлік ойын мәселесі 60-жылдардан бастап белсенді түрде талқыланды. Қазіргі уақытта іскерлік ойын біліктілікті арттыратын институттарда, ғылыми-әдістемелік конференцияларда, жоғары және орта арнаулы оқу орындарында жиі қолданылады.

1.1. Іскерлік және рөлдік ойындардың мәні мен қағидасы

Іскерлік немесе рөлдік ойын біртұтас әрекет ретінде сипатталатын қарым-қатынас жүйесінің бейнесі, маманның болашақ кәсіптік әрекетінің пәндік және қоғамдық мазмұнының қалыптасу формасы ретінде көрініс табады.

Іскерлік, рөлдік ойындарда таңбалық құралдар (тіл, сөйлеу, графика, кесте, құжаттар) көмегімен шынайы мәндік негізге сәйкес кәсіби орта қалыптасады. Сонымен қоса мұнда біркелкі, әрі уақыт аясына сай жоспарланған жағдаяттар туындайды. Мысалы, емтихан тапсыру бір ойын сабағы ретінде көрініс берсе, ал ұйымдастырудың дамуы, перспективті талдауы жеке ойын сабағы болып табылады. Іскерлік ойын педагогикалық процесс бола тұра, пәндік және қоғамдық аспектіде болашақ еңбек контекстінің қалыптасу түрі де бола алады. Онда жалпы нысанадағы кәсіптік әрекеттің, топтық оқу әрекетінің біртұтас бейнесі көрініс табады. Іскерлік ойында оқушылар оқу және кәсіптік элемент ретінде саналатын квазипрофессионалдық қызмет атқарады. Білім мен біліктілік абстрактілі түрде емес, кәсіптік мәтін құрамында, кәсіптік еңбекпен игеріледі. Оқушылар кәсіптік біліммен қатар арнайы біліктілікті – адамдармен қарым-қатынас жасау, басқарушылық, ұжымдастық, жетекшілік және бағынушылық қасиеттерін игереді. Іскерлік ойын тұлғалық қасиеттерді қалыптастырады, қамдау процесті жылдамдатады. Ойын процесі кезінде:

- кәсіптік әсер нормасы;

- қоғамдық әсер нормасы, яғни ұжымдық қарым-қатынас анықталады. Мұнда әрбір қатысушы тұлға әріптестерімен қарым-қатынас нәтижесінде өзін тану үшін белсенді түрде қызмет атқарады. Іскерлік ойын жайында отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттердің ауқымды теориялық талдауы оның жоспарлануы мен жүргізілуінің педагогикалық-психологиялық қағидаларын жүйелеуге мүмкіншілік береді.

Іскерлік ойынның педагогикалық-психологиялық қағидалары (А.А.Вербицкий бойынша)

- Кәсіптік әрекет формасы және ойынды модельдеу қағидасы;
- Бірлестік әрекет қағидасы;
- Диалогтық қарым-қатынас қағидасы;
- Қосжоспарлылық қағидасы;
- Өндірістің нақтылы талаптары мен қозғалысының имитациялық бейнелеу қағидасы;
- Имитациялық модель мазмұнының мәселелік және іскерлік ойында сипатталу процесінің қағидасы.

Өндірістің талаптары мен қозғалысын, маманның әрекеттері мен қарым-қатынасын модельдей отыра, іскерлік ойын практикалық ойлауды дамытудың, алған білімді қолданыста іске асырудың белсенділігін арттырады. Бірлескен әрекет нормасы мен ережесі, имитация(еліктеушілік) тілі мен байланысы ойын процесі кезінде немесе алдын ала жоспарланады. Іскерлік ойын диалогтық қарым-қатынас мерзімінде жүргізіледі. Екі жақты мақсатқа негізделген жоспарлы әрекет болып саналады.

1.2. Іскерлік ойынды ұйымдастыру

Оқу процесінде алға қойған мақсаттарға жету үшін іскерлік ойынға 5 түрлі психологиялық-педагогикалық талаптар қойылады:

- жағдаятты жасанды модельдеу принципі;
- іскерлік ойын мәнінің проблемалылығы мен жариялану принципі;
- біртұтас әрекеттегі рөлдік қарым-қатынас принципі;
- диалогтық байланыс принципі;
- іскерлік ойын әрекетіндегі екі жоспарлылық принципі;

1. Жағдаятты жасанды бейнелеу принципі екі модель ұсынады:

- а) өндірістің жасанды моделі;
- б) кәсіптік әрекеттің ойындық моделі.

Бұл екі модель болашақ еңбектің пәндік және қоғамдық контекстінің қалыптасуына ықпал етеді.

2. Ойын мазмұны мен жариялылығының мәселелік принципі ойын тапсырмаларының жүйесі түрінде қалыптасқан, оның пәндік материалдарына енгізілген оқу материалдарын анықтайды. Онда проблемалық ситуациядан шығудың бір түрі болып саналатын ситуацияның ойын барысындағы қарама-қайшы әрекеттері сақталады.

3. Бірлескен әрекеттегі рөлдік қатынас принципі рөлдік қатынас арқылы мамандардың жасанды өндірістік қызметіне негізделеді, ойын мамандардың ойлау әрекетіне жататын, психологиялық процесті күшейтетін жалпы әрі негізгі субъект-субъектілік қатынасты ұсынады.

4. Диалогтық қатынас принципі және әріптестердің қарым-қатынасы проблемалық ситуацияны шешу және ойластыру шарты болып саналады. Ойынға қатысушылар бір-біріне сұрақтар қояды. Бірлесіп ортақ шешімге келуге талпынады. Диалогтық талқылау мен ұстанған бағыттағы келісімнің, қызығушылықтың негізінде туатын ақпараттан адамдар түрлі әсер алады.

5. Ойындық-оқу процесінің қос жоспарлылық принципі жеке тұлғаның ішкі беріктігі мен шығармашылық даралығының қалыптасуына мүмкіндік береді. Маманның білім алуы мен дамуына бағытталған салмақты әрекеті ойластырылмаған ойын түрлерінде жарияланады. Өзара шарттастырылған бұл принцип іскерлік ойынның белгілі бір тұжырымдамасын түзеді және ол талдау кезінде қалай көрінсе, тарату кезінде солай көрінуге тиіс. Байқауға алмау немесе жеткіліксіз еңбек ету іскерлік ойынды нәтижесінде жоққа шығарады. А.А.Вербицкий жасаған модельде 1-бөлім екі топқа бөлінген, бірақ бұл ойынның өзіндік мәні мен қарым-қатынас принципіне ешқандай өзгерістер енгізген болып саналмайды..

Іскерлік ойын қойылымы. Іскерлік ойынның қойылымы ретінде ойыншылар мен ұйымдастырушылардың әрекеті мен мінезін сипаттайтын пәндік мазмұнның вербалды немесе таңбалық бейнесін түсінуге болады. Ойынның кезеңі мен құбылысы блоксхемамен суреттеледі. Қойылымның басты элементі – ойын процесі дамуының келбеті мен динамикасын анықтайтын құбылысқа ену әдісі.

Бұл әдістің үш түрі бар: ұғымдандыру (детерминированный), кенеттен (спонтанный), аралас (смешанный).

Рөлдік қатынастың графикалық моделі қатысушының сандық немесе сапалық құрамын көрсетеді, олардың қарым-қатынасы мен ойыншылардың мекендік орналасу орны жүргізушілер мен

ойыншыларға үлкен көмек көрсетеді. Ойыншылардың қызметі мен рөлдерінің құрамында ойын кезінде бейнеленетін, кәсіби әрекет үзіндісіне тән жеке қоғамдық кәсіби қарым-қатынастар сипатталуы қажет. Кейде жағдайды нақтылы сипаттау үшін қосымша рөлдер енгізеді (Скептик, энтузиаст, т.б.). Ұйымдастырудың кәсіптік деңгейі жоғарылаған сайын рөлдер жиынтығы сәтті бола түседі. Ойыншылардың нақтылы қызметін анықтау ұйымдастырудың ең ауыр кезеңі болып саналады. Ойынның ережелерін сақтамаудан ойынның сипаты бұзылады.

- Ойынның технологиясына, құрылымына, ұйымдастырушы-ойыншының қызметі мен рөліне, бағалау жүйесіне қатысты ереженің шегі болады.

- Ережелер саны 5-10-нан аспауға тиіс, дәрісханада плакатпен, техникалық жабдықтар көмегімен таныстырылуы тиіс.

- Ереже сипаты ойынның шынайы және іскер контекстінің қалыптасуын қамтамасыз етуі қажет.

- Ережелер ойыншылардың қолдануына және алға қойған мақсаттарына сай болуы тиіс.

Іскерлік ойынның контекстік ойын элементінің құрылымдық тәсілін іске асыру

Ойын үлгісінің элементі	Конструктивтік тәсіл
Ойынның мақсаты	- Ойын мақсатын қалыптастыру
Ойынның сценарийі	- «катастрофа»- құрылымы - мінез-құлық шиеленістерінің тапсырмасы - ойын уақытының аз болуы немесе көпке созылуы, берілген уақыттан бұрын аяқталуы - импровизациялық ойынның жүзеге асырылуы
Топтама рөлдер (қызметі) және ойынның қызметі	- Қызығушылығына қарама-қарсы образға ену - Екі рөл атқару (ойын процесінде рөлдердің ауысуы) - Портрет (образ) рөлінің құрылуы - Дамығу рөлдерінің рендері (түстері) - Ойындағы «икс» кейіпкеріне кіріспе - Ойыншылардың ойын міндеттемелерінің құрылысымен таныстыру
Ойын ережесі	- Ойын ережесімен таныстыру
Іскерлік құжаттардың жинағы	- «Орама» ойын құжаттары - Таным белгілерін, символдарын, эмблемаларын құру - Сызбаны қолдана отырып, ойын материалдарын безендіру
Бағалау жүйесі	Қорытынды бағалардың көрсетілуі, балдардың, критерийлердің жүйесі

Мектеп басшысы

(ойын үлгісі)

Ойынға кірісу барысында, алдымен, алынған мектептің іс-әрекетімен таныстыру мақсатталады. Бұл мектепті қалай тығырықтан алып шығу жолдары қарастырылады. Мектеп басшысы қызметіне кірісушіге осы мектептердің жайы туралы мәлімет-хабар беріледі.

Аудандық оқу бөлімі осы мектептің қызметіне мынадай баға береді: мектептегі еңбек тәртібінің жайы жақсы емес. Кейбір мұғалімдер мөлшерден тыс артық жұмыс істеп, бүкіл “педагогикалық” ауыртпалықты көтеріп жүр, ал кейбіреулері тікелей өз міндетін немқұрайлы атқарып, негізгі жұмыстарды істеуден тыс қалып жүр. Мысалы, физика пәнінің мұғалімі радиотехника үйірмесіне жетекшілік етеді, мектептің вокалды-аспаптық ансамблінің аппаратурасын іске қосады, мектепте өтетін бірде-бір шарадан бас тартпайды, соған қарамастан кәсіподақ комитетінің мүшесі бола тұра, “сен дұрыс жұмыс істемейсің” деген әркімнен кінәлі сөздер естиді. Ал әдебиет пәнінің мұғалімі өз міндетінен басқа бірде-бір жұмысты мойындамайды. Оған сыныптан тыс жұмыс жөнінде айтсаң, үлкен дауға қаласың.

Сынып жетекшісі таңертең балалар оқып жатқанда мектепке келу тәртібін қадағалаумен шектеледі, балалар сабақтан босағанда оның жұмыс уақыты да аяқталады. Еңбек пәнінің мұғалімі кез келген сылтаумен сабақты қысқарту, не өткізбеу жақтарын іздейді. Балалардың өндірістік еңбегі дұрыс жолға қойылмаған.

Денешынықтыру пәнінің мұғалімі тек спорт жүлдегерлерімен ғана айналысады. Мектеп кітапханасы тиісті дәрежеде жұмыс істемейді. Лаборанттардың көпшілігі әрекетсіздіктен зерігеді. Техникалық қызметкерлер ставкамен 2-3 сағат жұмыс істейді. Онымен қоймай жұмысты тастап кетем деп қорқытады.

Мектепте міндетті қызметтер ретке келтірілмеген, іске деген жауапкершілік жоқ. Директордың орынбасарлары, дәлдеп айтқанда, тек орындаушыларға айналып кеткен. Демек, бұл мектепте мәселені тек директор шешіп отырған. Мектепте химия, биология факультативтері қызықты өтеді. Өйткені, информатика және есептеу техникасынан үйірме ұйымдастырылған. Осы ұйымдастырылған үйірмелерді “ғылыми қоғам” деңгейіне өсіру мүмкіндігі бар. Мектеп оқушыларына ынталы басшы керек. Оқушылар құрамына тек оқу озаттары ғана кіреді. Еңбек пен спортта өздерін жақсы көрсеткен оқушылар қоғамдық жұмыстарға тартылмайды.

Ал енді сабақты өту барысына тоқталайық:

Сабаққа мектеп макеті сызылған, басшының негізгі міндеттері мен ұстанатын принциптері жазылған плакаттар ілінді. Сабақ соңында командаға бөлініп, мектеп басшысының моделі жасалды. Командаларға сұрақтар беріліп, жауап берілді.

I. Тыңдаушыларға тақырыптың өзектілігін және ойынның мақсатын хабарлау. Рөлдерді бөлу. Тыңдаушылардың ішінен 3 адамды директорлық рөлге таңдап алу және оларға жеке тапсырмалар беру.

№ 1. Мектеп директорының алғашқы жұмыс күнін жоспарлауы тапсырылады.

№ 2. Жаңа мектеп басшысының алғашқы пед.кеңесте сөйлейтін сөзін жоспарлауы керек болады.

№ 3. Педагогикалық жағдайларға талдау жасап, басқарушылық шешім қабылдай білу тапсырылады.

II. Ойынға әзірлік. Бағалаушы топты тағайындау. 3 мектеп басшысына берілетін тапсырма мазмұны бағалаушы топқа беріледі.

III. Ойынды өткізу. Мектеп жөніндегі “мәліметті” оқу. Содан кейін рөлдерді ойнауға кірісу.

Бірінші директордың рөлін орындаушы тыңдаушылар алдында өзінің алғашқы жұмыс күнінің жоспарын хабарлайды.

Екінші директордың рөлін орындаушы өзінің алғашқы пед. кеңесте сөйлейтін сөзін баяндайды. Отырған тыңдаушылар пед. кеңес мүшелері рөлін атқарады, тыңдайды, сұрақ қояды, пікірталасқа түседі. Үшінші директордың рөлін орындаушы келушілерді қабылдап, олардың сұрақтарына жауап қайтарып, шешімін айтады. Мұнда тыңдаушылар бұрынғы директордың, сынып жетекшісінің, оқу ісі жөніндегі меңгерушінің, т.б. рөлдерін орындайды.

IV. Бағалаушы топтың сөйлеуі.

V. Топтық пікірталас.

VI. Ойынның қорытындысын шығару.

Мұғалімнің ойынға қатысушылардың белсенділігін, бағалаушы топтың қабылдаған шешімдерінің дұрыстығын атап өтуі.

VII. Ойынның жүру уақыты. Ұйымдастыру бөліміне – 10-15 минут, әрбір басшының әзірленіп ойнауына – 45 минут, бағалаушы топтың сөйлеуіне – 20-25 минут, топтың пікір алмасуына – 30 минут, қорытындыға – 5 минут.

№1 Мектеп директоры рөлін орындаушыға тапсырма

Сізді мектеп директоры қызметіне ұсынды, иә болмаса сайлау арқылы директорлық қызметке өттіңіз, бірақ ұжыммен таныс

емессіз. Сізге берілген мәліметте мектептегі оқу-тәрбие үрдісінің жайы мен педагогикалық ұжымның жағдайы суреттелген.

Олар:

- Осы күні сіз өз алдыңызға қандай мақсат қоясыз?
- Сіздің қандай мәлімет алуыңыз керек?
- Кімдермен сөйлесіп, кездесуіңіз қажет?
- Мектеп бойынша қандай құжат, материалды қарауыңыз керек?
- Жаңа ұжыммен танысуды неден бастаған жөн, қандай мәселелерді қозғау керек және 1-күнді немен аяқтау керек?

Директорлық жұмыс жоспарын құру (әзірленуге – 20-25 минут, жазбаша).

№2 Мектеп директоры рөлін орындаушыға тапсырма

Сіз осы мектептің директоры қызметіне сайланып, тағайындалдыңыз делік. Ұжым сізді жете білмейді. Мынадай жоспар бойынша пед. кеңесте сөйлейтін сөзіңіздің тезисін әзірлеңіз (жазбаша):

- Мамандығыңыз (пән бойынша), мұғалімдік, меңгерушілік, еңбек стажыңыз.
- Бұл қызметке келуге қандай мотивтер еліктетті?
- Өзіңіздің жаңа міндетіңізге қандай көзқарастасыз? (өкілеттілік, құқықтық).
- Педагогикалық ұжымнан нені күтесіз?
- Мектептің болашағын қалай елестетесіз (оқу-тәрбие үрдісін жетілдірудің бағыттары мен педагогикалық қоғамдық өмір).

Әзірленуге – 25 минут.

№3 Мектеп директоры рөлін орындаушыға тапсырма

Сіз директор болып тағайындалдыңыз. Ертеңнен бастап жұмысыңызды орындауға кірісіңіз. Сізге әлеуметтік-психологиялық жүйе басқаруға сенім білдіріп отыр.

Сіздің алдыңызда жүздеген шешімін күткен мәселе тұр. Алайда мұның бәрі сізді кез келген мәселені әділ шешіп, қырағы болудан, оңтайлы шешім қабылдаудан аластатпайды. Болашақтағы сіздің қызмет белсенділігіңіз бен беделіңіз алғашқы күндердегі дұрыс іс-әрекеттерге байланысты болады.

Көп нәрсе, мысалы, өзіңізге-өзіңіздің сенуіңізге, бағалай білуіңізге, адамдармен тіл тауып, олармен қарым-қатынас жасауыңызға, фактілер мен құбылыстарға көзқарастарыңызға, ұсыныс пен арызды дұрыс қарап, шешім қабылдай білуіңізге, т.б. байланысты болмақ.

Қызметтің алғашқы күні:

- мұғалімнің үстінен ұжымдық арыз түссе;
- бұрынғы мектеп директоры жұмыстан шығуға арыз берсе;
- әйел мұғалімнің біреуі кішкентай баласының барлығына байланысты сынып жетекшілігінен босатуды сұраса ;
- оқу меңгерушісі келіп, бұрынғы директор туралы қолайсыз сипаттама берсе;
- бір пән мұғалімі ескертпестен жұмысқа шықпай, сыныптағы сабағы өтпей қалса ;
- сізге жасы үлкен мұғалім келіп, зейнеткерлікке шығар алдында дұрыс жүктеме алғысы келетіндігін айтса, т.б.

Осы көрсетілген жайларға сай іс-әрекеттерге қысқаша жоспар жасау.

20 минут, хабарлама – 10 минут.